

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

*Пірәлиева Гүлзия Жайлауқызы*

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ**

*Оқу құралы*

Алматы, 2007

ББК 83.3 Каз  
П 95

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған.

*Пікір жазған:*

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы А.С. Ісімақова.

**Пірәлиева Г.**

**П 95 XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ**  
Оқу құралы. Алматы, 2007 . –бет.

**ISBN 9965-835-40-3**

Әдебиеттанушы Гүлзия Пірәлиеваның бұл еңбегінде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Алаш зиялыларының тек әдебиетке қатысты ғылыми зерттеу еңбектері мен сын мақалалары бүгінгі көзқарас тұрғысынан талданады. Бұл зерттеудің жаңалығы – ақтандақтар арқылы рухани игілікке айналған әдеби мұраларымыздың көркемдік құндылықтарын теориялық тұрғыдан талдап, таныту болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында оқылатын «Әдебиет теориясы» және «Әдебиеттануға кіріспе» пәндеріне қосымша оқу құралы ретінде қолданылатын бұл еңбек студенттер мен аспиранттарға, оқытушылар мен зерттеушілерге, жалпы әдебиет құмар оқырмандарға арналады.

4603000000  
П -----  
00(05)-07

ББК 83.3 Каз

**ISBN 9965-835-40-3**

© Пірәлиева Г., 2007.

© Абай атындағы Қазақ

Ұлттық педагогикалық университеті, 2008.

## КІРІСПЕ

Әдебиеттің даму процесін, оның өткен кезеңдері мен жекелеген ақын, жазушылардың шығармашылығын зерттейтін қазақ әдебиетінің тарихы ХІХ ғасырдағы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен бастау алады. Оның «Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті, оның озық өкілдері Жанақ, Шөже, Орынбай сияқты эпикалық ақындардың шығармашылығы жайлы тұңғыш рет ғылыми ой-пікірлер айтылды. ХІХ ғасырда қазақ әдебиетін зерттеген В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Е.Алекторов, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин сияқты орыс ғалымдары мен поляк революционері А.Янушкевичтің еңбектерінде қазақ поэзиясы жоғары бағаланды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының әдебиетті зерттеушілік жұмыстары ел арасындағы халықтың бай рухани қазынасы фольклорлық және әдеби мұраларды жинау мен жариялау, жүйелеу, зерттеу істерімен тікелей байланысты.

Әсіресе, әдебиет тарихының мәселелері сол кезеңде мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, Қ.Кеменгерұлы, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б сынды ұлт зиялыларының әдеби сын мақалалары мен зерттеу еңбектерінде қамтылды. Атап айтсақ, Ә.Бөкейханұлы 1905 жылы ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы тұңғыш рет ұлттық әдебиеттануында ғылыми мақала жазып, «Семипалатинский листок» газетінде жариялады. 1913 жылы А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны», 1914 жылы М.Дулатов «Абай» атты зерттеу мақалаларында Абайдың ақындық талантына жоғары баға беріп, оның қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтап берді. 1915 жылы Ә.Бөкейханұлының «Қазақ» газетінде Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанын талдаған зерттеуі, М.Жұмабайұлының «Сана» журналында «Ақан сері» деген мақаласы, 1923 жылы Ж.Аймауытұлының «Лениншіл жас» журналында «Мағжанның ақындығы туралы» атты ғылыми мақаласы жарияланып, қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында тұңғыш рет жеке шығармашылық тұлғалардың суреткерлік ерекшеліктері егжей-тегжейлі талданды.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде үлкен ғылыми құбылыс болған М.Әуезовтің 1927 жылы жарияланған «Әдебиет тарихы» атты оқулығы сол кезеңдегі әдебиет ғылымының қалыптасу және дамуына өзіндік үлес қосқан зерттеу болды. Халық ауыз әдебиетін жүйелеумен

бірге қазақ әдебиеті тарихына «зар заман ақындары» деген жаңа бір ғылыми саланың негізін қалаған құнды еңбекте XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің өкілдері шығармаларына ғылыми талдау жасалып, «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты тарауда Абайдан кейінгі XX ғасыр басындағы әдеби үрдіске тарихи сипаттама беріледі. Қазақ әдебиеті тарихын дұрыс жүйелеуге игі ықпалын тигізген бұл еңбекке кейінгі буын әдебиетшілер үнемі сүйеніп отырды. Көрнекті ғалым Бейсенбай Кенжебаев өз зерттеулерінде осы бағытқа сүйене отырып, қазақ әдебиеті тарихын: ежелгі әдебиет, қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, қазақ кеңес әдебиеті деп жүйелеуді ұсынған еді. Соңғы кезге дейін қазақ әдебиетін дәуірлеу негізіне осы тұжырымдама алынып жүр.

Міне, осы жайлардың бәрі біз ұсынып отырған оқулығымыздың өзегі болып табылады. Жеке зерттеушілердің ғылыми шығармашылық өнері, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымы саласындағы мақалалар қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қайта зерделеніп, жаңаша пайымдалды.

Жалған жаланың кесірінен жетпіс жыл әдеби айналымнан шығып қалған бұл зерттеулер мен XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді, ұлттық сананы оятуға әсер еткен ғылыми-публицистикалық еңбектер қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа беттерін ашуға мүмкіндіктер тудырды.

Еліміздің егемендік алып, рухани еркіндікке ие болғалы ұлттық әдебиеттің даму ерекшеліктерін жаңаша көзқараспен, әділ бағалау үшін қазақ әдебиеті тарихы қайта қаралып, ақталған Алаш азаматтарының шығармаларын, көп томдық таңдамалыларын, бұрын тыйым салынған фольклор мен ауыз әдебиеті туындыларын іздеп, тауып, жариялау жұмыстары жан-жақты жүргізіліп жатқаны белгілі.

Осы орайда біз сол жинақталған әдеби мұраларымыздың ішкі табиғатына тереңірек үңіліп, өзіндік жаңалығын, бағыт-бағдарын, көркемдік құндылықтарын теориялық тұрғыдан талдауға мән бердік.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қазақ сөз өнері, оның ішінде әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми-теориялық ой-пікірлері, кәсіби көркем сынды дамытудағы сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын жүйелеп, бір ізге салу осы оқулықтың басты мақсаты болып табылады. Олардың еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының өркендеп, өсу кезеңіндегі даму ерекшеліктерін қарастыруға үлкен септігін тигізумен қатар ұлттық ғылымның өзіндік тамыры, әдеби-терминдік құндылықтары, көркемдік деңгейі, ғылыми тілінің де жұтаң

емес, керісінше әлемдік теориялық контекстен әсте кем еместігін дәлелдейтіндей еңбектер екендіктерін талдап берулерімен құнды. Мәселен, А.Байтұрсынұлының әдеби ұғым-терминдерді қалыптастырудағы теориялық тұжырымдарының одан кейін ғылыми айналымға түскен ресей ғалымдары Б.Томашевский мен М.Бахтиннің концепцияларына сәйкес келуі біздің ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін тың жаңалық еді.

Шынында да ғылыми ұстанымы бар, ғылыми стилі жүйеленген, әдебиеттану ғылымының өз категорияларымен сөйлеген бұл теориялық еңбек бүгінде дүниежүзілік рухани құндылықтар қатарында әлемдік контексте зерттеле бастады. А.Байтұрсынұлымен бірге саяси репрессияға ұшыраған Ә.Бөкейханұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Әуезов, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы т.б. сынды қазақ зиялыларының әдебиеттануға қатысты еңбектері мен әдеби мұраларының көркем мәтіндеріне аналитикалық, теориялық талдаулар жасалған шағын зерттеулері ұлттық әдебиеттанудағы ғылыми стильдің кәсіби қалыптасуына әсерін тигізгені ақиқат.

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ

Жоспары:

1. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы .
2. А.Байтұрсынұлының әдеби-сын еңбектері.
3. «Қазақтың бас ақыны» - абайтану саласындағы алғашқы зерттеу.
4. «Әдебиеттанушы» - тұңғыш теориялық еңбек.

**Өмірбаяны:** Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937) қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек (Торғай уезінің Тосын болысының N 50 ауылы) деген жерде дүниеге келген.

Ахмет Байтұрсынұлы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде бес жыл, кейін Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған төрт жылдық мұғалімдер мектебінде оқыған.

**Еңбектері:** «Қырық мысал», «Маса», «Оқу құралы», «Тіл - құрал», 1-2 жылдық, «Баяншы», «Тіл - құрал» 1-тіл танытқыш кітап, «Тіл-құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері), 3-тіл танытқыш кітап, «Тіл жұмсар», «Әліпби. Жаңа құрал», Шығармалары, «Ақ жол», «Тіл тағылымы», «Әдебиет танытқыш» т.б.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып, дамуына дәнекер болған іргелі ғылыми еңбектердің авторы, әдебиет теориясының басты терминдері мен түсініктерін ең алғаш анықтап берген Ахмет Байтұрсынұлы екені елге аян. Оның 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің ең алдымен ауызға ілігуі де заңдылық.

«Әдебиет танытқыш» деген атауының өзі айтып отырғанындай бұл еңбек әдебиеттің-сөз өнері, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екендіктерін А.Байтұрсынұлы осы екі атаумен ұғындырып, түсіндіріп кетті.

Екі үлкен бөлімнен тұратын бұл еңбекте сөз өнерінің барлық тектері мен жанрлық түрлері, олардың анықтамалары мен әдеби түсініктері, көркемдік категориялары, пән сөздері, қазақша баламалары негізделді.

Айталық, «Андату» деген кіріспе негізіндегі тарауында «...адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен», – дей келе, сол өнердің өзі екі

түрлі болатынын, яғни тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, адамның жан қоштау керегінен шыққан өнерді көрнек өнері деп бөледі. Осынау адамға қажетті көп өнердің ішінен көрнек өнерін бөліп алып, оның өзін бес тарауға, атап айтсақ, сәулет, сымбат, кескін, әуез, сөз өнері деп тарқата талдап, олардың өзге ғылымдардан ерекшеліктерін ескеріп, айырмашылықтарын айқындап береді. Ал, «Сөз өнері» деген тарауда әдебиетке ғылыми тұрғыдан анықтама бере отырып, көркем сөздің тектері мен түрлерінің көркемдік міндеттерін: «адамның жан қоштау керегінен шыққан», – деп межелейді. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша-асыл сөз, арабша-әдебиет, европаша-литература»<sup>1</sup>.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерінің адам санасының үш негізіне (ақылға, қиялға, көңілге) тірелетінін, ал оларды халыққа ұғынықты етіп жеткізу, яғни «ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарату» тілдің міндеті екендігін ерекше атап ескертеді. Мүддесін тілмен айтып жеткізу тым қиындығы, оған асқан шеберлік пен табанды маңдай тер төгілуі тиіс екендігін автор сөз өнерінің үздік шеберлері Абай, Пушкин, Толстойлардың шығармашылық тәжірибелерінен көптеген мысалдар келтіре отырып, өз ойын дәлелдейді.

Сөз өнерінен жасалып шығатын шығарма сөздің 1) тақырып, 2) жоспар 3) мазмұн 4) түрден құралатынын, олардың жасалу жолдары мен атқаратын міндеттері нақты көркем мәтіндер арқылы айқындалады. Ал, мазмұн түрлерін 1) әуезе, 2) әліптеу, 3) байымдау деп бөледі.

«Сөз өнерінің ғылымы» деген бірінші бөлімде сөз өнеріне жұмсалатын басты құрал-сөз, оны ғылыми тілде (А.Байтұрсынұлының пайымдауынша Г.П) тіл (я лұғат) деп атайды. Осы сөз, тілден түзелген шығарма тілі негізінен екі түрлі, бірі-айрықша өң беріліп айтылатын ақын тілі және соншалықты өң берілмей, жай айтылған сөзден тұратын – әншейін тіл. Және осы тарауда шығарманың екі жағы, яғни 1) ішкі пікір жағы, 2) тысқы тіл жағы да ескеріледі. Сөз өнерінің ғылымы (әдебиеттану ғылымы) сондықтан да екіге бөлінеді: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. Оған автор мынадай теориялық түсінік береді: «Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының

---

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1.. Алматы. Алаш. 2003. 408 б.

жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы, шығарманың тіл, өңі жағынан тіл, я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі болып көрінеді» (176 б).

Әдебиеттанушы ғалым А.Исақова: «... «Әдебиет танытқышта» әлемдік әдеби терминдерінің қазақша баламалары көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар әдеби түсінік ретінде айқындалады»<sup>1</sup>.

Ал, сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу-тіл қисыны деп аталады. Шығарма сөздің өңді, көрнекті болуы үшін сөз талғау болуы және оның шарттары болуы тиіс. А.Байтұрсынұлы сөздің әуезді, ұнамды болуы үшін бес түрлі шарт қояды. Олар: «сөз дұрыстығы», «тіл тазалығы», «тіл (лұғат) анықтығы», «тіл дәлдігі», «тіл көрнектілігі».

Негізі, «тіл көрнекі болуы үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. «Ол үшін үш тапқа бөлінген 1) көріктеу, 2) меңзеу, 3) әсерлеу сияқты әдістер түрі қажет. Осының ішінен таралатын көрнекілеудің өзі бірнеше түрге бөлінеді: тенеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу (лептеу). Осы әсерлеудің өзі: 1) арнау, 2) қайталақтау, 3) шендестіру, 4) дамыту, 5) түйдектеу 6) бүкпелеу, 7) кекесіндеу деп бөлінсе, бір ғана арнаудың өзі тағы да үш түрлі болады: 1) сұрай арнау, 2) зарлай арнау, 3) жарлай арнау. Осы орайда академик Зейнолла Қабдоловтың мына пікірін келтіре кеткен мақұл:

«Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында «Арнау» деген бір-ақ түр; шауып шықса бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді.

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайлов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық»<sup>2</sup>.

---

<sup>1</sup> Осы басылымнан. Исақова А. «Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы». (Алғысөз). 26-б.

<sup>2</sup> Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары // Көзқарас. Алматы, Рауан. 1996. 72-б.

Әсерлеудің екінші түріне қайталақтау жатады. Ол – нәрсенің өзіне яки ғаламына көбірек назар салғызу үшін қолданылады. Қайталақтаудың бір түрі-еспелеу, оның аты мезгеп отырғандай, алдыңғы пікірдің аяғын соңғы пікірге қатыстырып қайта айтатын кезде пайдаланылады. Әсерлеудің өзге түрлері: шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу. Міне, бұлардың бәрі сөз өнерінің көрікті, әуезді болып шығуы жолында қызмет атқаратын әдебиеттің көркемдік категориялары.

А.Байтұрсынұлы бұл еңбегінде тілдің әуезділігіне, оның екі түрі-сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігіне,әуезділіктің жалпы шарттарына да қатты көңіл бөледі. Сондай-ақ, өрнекті сөйлемдердің тоғыз түріне де тоқтала кетеді. Олардың сөз өнеріндегі атқаратын көркемдік міндеттері де нақты мысалдар арқылы зерттеледі. Атап айтсақ, себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты, жалғасынқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы оралым болып есептелінеді.

«Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлкен бір үлесі-қазақ поэзиясының көркемдік әлемін талдауы, оған өлең сөз теориясына қатысты пән сөздерін анықтауы, өленді сөйлемдердің өзге жанрлық түрлерден ерекшеліктерін айқындап беруі десек артық айтқандық емес. Өлең шығарудың жолдарын өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ тұлғалары, бунақ буындары, өлең ағындары, тармақ кезеңдері, тармақ ұйқастығы тарапынан қарап, талдаған теорик ғалым әдебиеттану ғылымына қатысты көптеген құнды пікірлер, тың талдаулар, соны сараптапалар жасағаны сөзсіз. Бұл жөнінде белгілі маман, академик Зәки Ахметовтің білдірген пікірі А.Байтұрсынұлы еңбегіне берілген жоғары баға екендігі сөзсіз: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метофора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, оралым, қайшы оралым деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады»<sup>1</sup>. Осы орайда қазақ өлең

---

<sup>1</sup> Ахметов З. Бүкіл қазақ Ахаң деген // Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001. 64-б.

құрылысының теориясының негізін қалаған, поэзия поэтикасына қатысты басты терминдерді қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлы деп айтуға толық құқығымыз бар деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын тұңғыш рет теориялық тұрғыдан талдаған төл әдебиеттануымыздағы құнды зерттеу.

XX ғасыр басында баспа бетін көріп, әдеби айналымға ене бастаған Абайдың поэтикалық мұрасы қазақ әдебиетіндегі сөз өнерінің бар асылын, нәрі мен сөлін бойына жинаған, оны бал арадай сіңіріп, өңдеп, жаңғыртып, жасандырып теңіздей терең мағыналы етіп халқына қайта қайтарған ерекше бір рухани құбылыс болғаны белгілі.

Оның шығармашылығы кейінгі ұрпақ үшін екі бірдей көркемдік құндылыққа ие. Ол, біріншіден, тек қазақ емес бүкіл түркі тектес халықтардың, қала берді Батыс пен Шығыстың, әлемдік әдебиет пен мәдениеттің мол қайнар бұлағынан еркін сусындап, соның сөлін ана тілінде сөйлетті, өз өлеңдері арқылы қорытынды, құнды ой айта білді.

Екіншіден, сөз бен ойдың шыңына жетіп, поэзияның парасатты падишасына айналған Абайдан соң қазақ әдебиетінің өткен тарихына, ХҮШ-ХІХ ғасырдағы әдеби дәстүрге көп жалтақтаудың қажеті шамалы болып қалды. Өйткені, өзіне дейінгі бүткіл бір халықтың ұлттық санасы мен рухын, жаны мен тәнін, ойы мен сөзін, тарихи жадын, бары мен нарын бір өзінің шығармашылығымен үлкен өркениетке, рухани биікке жеткізген Абай поэзиясы, философиясы осынау ауыр жүк пен жауапкершілікті көтеріп тұр.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деп Абайды алғаш тани сала, құлай сүйюі, осындай жоғары баға беруі де тектен-тек емес. Ол осы мақаласымен Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтап, алар өзіндік бағасын да беріп қойған еді. Ахмет Байтұрсынұлы сияқты көзі тірісінде-ақ бүкіл халықтың «рухани көсемі», «ұлттың ұстазы» атанған дара тұлғаны табындырған Абай кім, оның өлеңдеріндегі әрбір жолды, ойды оқыған оқырманның отқа түскен көбелектей бөгеліп қалатыны неліктен? Оған біз Ахмет Байтұрсынұлының әдеби бағасы, эстетикалық көзқарасы, Абайды тануы арқылы барлау жасамақпыз.

Абайтанушы, ф.ғ.к., әдебиетші-сыншы Тұрсынжан Шапай: «Абай өмірі, Абай тұлғасының ақиқаты мен трагедиясын Әуезовтің шын мәнінде қаншалық терең түсінгеніне ұлы жазушының өз қолымен төрт қайтара жазған Абай өмірбаяны куә (1933, 1940, 1944, 1950 ж.ж.).

«Абай жолындағы» Абай – Әуезовтің өз Абайы. Ұлы адам, кеменгер ақын туралы жеке концепциясы.

«Абай жолындағы» Абай-Абай өзі арман еткен идеал. Ақыл, қайрат, білімді теңгеріп ұстаған «толық» Абай»<sup>1</sup>, – деген пікіріне сүйенер болсақ, әр ұрпақтың ұлыны тануы өз ой-өрісіне, сол кезеңнің рухани сұранысына сай болса керек (6 б.). Алайда, Әуезовтің Абайы көркем әрі тарихи тұлға. Ахмет Байтұрсынұлының таныған Абайы халықтың, қазақтың Абайы және «Қазақтың бас ақыны». Бұл көркем шығарма емес, зерттеу.

Сондықтан мұнда әрбір сөз салмақты, дәлелді, нақты, ғылыми негізді тұжырымдар. А.Байтұрсынұлы сөзінің «біссіміллесін да»: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын жоқ», – деп кесіп айтады. Неге? Себебі: «...Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азын түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды», – деп түсіндіреді<sup>2</sup>. «Мен бір жұмбақ адаммын» дейтін Абайдың өзі ғана емес сөзі де жұмбақ, қойнауы тереңге кеткен құпия қалтарысы қатпар-қатпар құбылыс екен. 1914 жылы осындай құпиялық танытқан дарынның туындылары әлі кез-келген адамға сырын ішке бүгіп оңайлықпен ашыла қоймайтын жұмбақ бір әлем емес пе?! Өзгені қайдам, бүкіл саналы ғұмырын абайтануға арнаған көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлының үнемі айтып жүретініндей. ...Әлде де көп тұстары шешу бермей жатқан жай бар... Кейде Абай шығармаларындағы ой орманына, ондағы кейбір ақтаңдақ тұстарға алдын ала даярлықсыз тәуекел қайығына мінудің өзі қиын», – деуінде де бір шындық жатса керек. (11 б.).

А.Байтұрсынұлының ғасыр басында әрі оның шығармашылығына тереңдеп, түгендеп бармаған кезеңде олай айтуы заңды деп ойлауға мәжбүрсіз. «Өйткені, Абайдың өзі «ауыр ойды арқалап ауырған жан» болуы себепті шығармаларының ақындық қуаты мен ондағы ой қабаттарының оңайлықпен алынбайтынын сезгендей»<sup>3</sup>.

А.Байтұрсынұлы Абай өлеңдеріндегі құпиялықтың сырын оның өмірі мен өнеріндегі ерекшеліктерден, ешкімге бой алдырмас алғырлықтан, табиғи зеректік пен қоса ешкімнің бағына бұйыра

---

<sup>1</sup> Шапай Т. Шын жүрек-бір жүрек. Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. Алматы. Жазушы. 200-256 б., 6-б.

<sup>2</sup> Осы басылымнан. 154-б.

<sup>3</sup> Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы. Астана, Білге. 2002. 11-б.

бермейтін сұңғыла білімділік, терең ойшылдықтан іздейді». Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады» (155 б.).

Шынында да үй салғанда іргетасы мықты болмаса бір жел соққанда шаңырағыңыз шайқалып кетуі мүмкін, сол секілді не жазса да тереңнен толғап, түбірімен қазып, ең бастысы тарихын біліп, тамырын басып жазбаса және оны үлкен білімдарлықпен, кәсіби шеберлікпен меңгеріп барып жазбаса өзге түгіл өзін де мойындата алмасы мәлім. Міне, ғалымның айтуынша Абайдың жұмбақтығы өзгеден өресінің жоғары екендігінде, білімінің түпсіз тереңдігінде. Сондықтан зерттеуші «Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» – дейді (155 б.). Абайдың өзі айтқандай «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» демей ме? Сөйтіп, сөз өнеріне қойылар көркемдік талап пен философиялық-эстетикалық құндылықтарды анықтамай ма, ақын?! Осы ретте А.Байтұрсынұлы Абайдың өзге ақындардан неге оқ бойы озық екендігін, кәсіби шеберлігінің биіктігін ғылыми тұрғыдан негіздеп береді: «Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз» (160 б.). Оны ақынның өзі де өлеңдері арқылы дәлелдейді.

«...Өзің жалғыз, надан көп  
Ұқтырарсың сен не деп...».

\* \* \*

«...Халқым надан болған соң  
Қайда барып оңайын...  
...Адам деген атым бар,  
Адам қылмас халқым бар», –

деп төңірегіндегі тоғышарлардан түңілген талант «моласындай бақсының-Жалғыз қалдым,тап шыным» – демей не десін?!

Оқығаны мен тоқығаны көп дара дарын,қазақтың ең даласындағы жалғыз білімді қазақ: «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық» екені ақиқат (155 б.). Себебі: «...Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған» (155 б.). Енді ол оқшаулықтың сырына үңілер болсақ, Абайдың тегі мықты, аталары шетінен би-болыс болған, нағашылары сөзге ұста болған. Өзі үш жыл

мұсылманша, үш ай орысша оқыған, әжесі Зере мен анасы Ұлжанның көмегімен ауыз әдебиетінен еркін сусындап өскен. Жиырма жасында ел алдында сөйлеп шешен атанып, би болған. Оған туа бітті зеректік пен алғырлықты, ақындық қасиетті қосыңыз. Ахмет одан әрі Абайдың орыс әдебиетіне бет бұруына әсер еткен Михаэлис пен Гросстың еңбектеріне ерекше жоғары баға береді: «Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған екен. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлкі, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге көмілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылықпай туп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екендігін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» (157 б.). Ахмет Байтұрсынұлы ұлы ақынның өлеңге деген көзқарасының өзгергенін, оған бұрынғыдай жеңіл емес, үлкен жауапкершілікпен қарайтынын, сөз өнерінің құдіреті кез-келген еңбекке теңгермейтін тегеурінді құрал болғандығын өз өлеңдерінің мағынасын келтіре отырып айтады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан...өлең жазуға түскен», – деп шығармашылық жолға біржола беріліп түскенін ескертеді.

Міне, осы орайда Абай шығармашылығының өз замандас ақындардан шоқтығы неге биіктігінің сыры да ашылады. Ахмет Абай оқыған орыс ақын-жазушыларының, әлем ойшылдарының есімдерін атайды: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков, Достоевский, Спенсер, Льюс, Дрепер. т.б. Осындай әлем мойындаған Шығыс және Батыстың ұлы ойшылдарының шығармаларымен сол кезде жақсы таныс болған Абайдың «әр нәрсенің асылын танығаны, білгені» ақиқат. Сондықтан зерттеуші: «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен ...Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген», – деп ақындық кәсіби шеберлігінің сырын ашады (160 б.). Стилдік даралық қасиетін көрсетеді. Ақын поэзиясының көркемдік әлеміне, шеберлік қырларына А.Байтұрсынұлы: «...Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, мазмұнды болуына білім керек. Абай да үшеуі де болған», – деп

жоғары баға береді (158 б.). Өзі айқындап беріп отырған қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын Абай осындай даналығымен, қаламгерлік қасиетімен алып отырғанын айтады. Сондай-ақ, Абайдың өзге де өнегелік қасиеттері, тұлғалық, қайраткерлік қызметтерін де атап көрсетеді. «Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған, Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады» (158 б.).

Әдебиеттің өз заңдылығы, көркемдік шарттары бар екендігін, олардың ақын поэзиясында қалай орын алып, өрістегенін, қандай өрнектермен бейнеленгенін зерттеуші-теоретик ғалым көркемдік шеберлік категориялары арқылы көрсетеді: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық» (158 б.).

Осылай ақынның көркемдік әлеміне терең бойлап, жан-жақсы зерттеу жүргізген ғалым оның олқылықтарын да атап көрсетеді: «...Жалғыз-ақ міні бар: ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оны оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді» (158 б.). Ал бұл сынға Абайдың поэтикалық әлемін екі тілде бірдей зерттеген көрнекті теорик ғалым, академик Зәки Ахметов «Абайдың ақындық әлемі»<sup>1</sup> деген монографиялық еңбегінің басы бүтін бір мақаласы – «Өлең өрнектерін» арнап, сыпайы түрде мынадай пікір айтады: «...Абай өлеңдерінің «міні бар» деп қадап айтылғандықтан бұл сөздердің мәнісін, әбден байыбына барып, анықтап алған жөн. Он бір буынды өлеңнің тармағында бастапқы бунақ бірде төрт буынды болып, ал бірде үш буынды болып келе береді. Сондықтан тармақтың ырғақтық өрнегі бірде төрт буын, үш буын, төрт буын болып келсе, бірде үш буын, төрт буын, төрт буын болып келеді. Мысалы:

Өлең сөздің (патшасы) сөз сарасы,  
Қиыннан (қиыстырар) ер данасы, –

дегенде, алғашқы тармақ төрт буынды бунақтан, ал кейінгі тармақ үш буынды бунақтан басталады. А.Байтұрсынұлының айтып отырғаны – осы. Ол жаңағы өлеңнің сөздерін:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыстырар қиыннан ер данасы, –

---

<sup>1</sup> Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Астана. 2002. 207-209 б.

Айтқанда «сөздердің мағынасы жақсы келеді» деп санайды.

Алайда, он бір буынды өлеңде төрт және үш буынды бунақтар осылай еркін алмасып келуі тек Абайдың өлеңдерінде ғана емес, басқа ақындардың өлеңдерінде де кездесе береді. Сондықтан мұны өленді айтуға ауырлық келтіреді деп санаған А.Байтұрсынов: «Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды» деп «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде тағы атап көрсеткен..... – дей келе: «...Сонымен Абай өлеңдерінің А.Байтұрсынов көрсеткен өзгешелігін кемшілігі демей, өлең сөз өрнектеріндегі айырмасы деуге лайық. Қазақ әдебиетінде жазба поэзия дәстүрлерін кеңінен орнықтыру мақсаты тұрғысынан қарап бағаласақ, айырмасы және артықшылығы да десек те болар». (207-209 б.б.) – деп дәйекті жауап береді. Біз қазақ әдебиеттану ғылымында өлең сөздің теориясын жасаған, абайтану ғылымының берік бір қабырғасын қалаған академик ғалымның, осы саланың үздік маманының пікіріне сүйенеміз. Қалай десек те Абай шығармалары біз үшін мінсіз мүсіндей. Абайдың өмірі де өнері де қазақ рухындағы өшпес мәңгі көркемдік құбылыс. Ол кемшілігімен де, жетістігімен де құнды.

А.Байтұрсынұлы бастап берген абайтану ғылымындағы бүгінгі жаңа көзқарасқа, үнемі ізденістегі дәстүрлі тағлымға сүйенер болсақ, ақын шығармашылығындағы оңайлықпен ашыла қоймайтын құпиялықтың сырын М.Мырзахметұлы ұсынып отырған үш бағыт арқылы табуға болатын сияқты.

Олар: «Алдымен Абай мұрасын танып білу, түсініп оқу үшін жастарға керегі – Абай ғұмыр кешкен заманның саяси-әлеуметтік болмысы мен дәуір ерекшелігін, қазақ елінің отарлану тарихын, сырттан ендірілген ел билеу жүйесіндегі талас-тартыстың әлеуметтік тамырын білу .

Абайдағы:

– Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың, –

деген образды оймен берілген ақын пікіріне патша отаршылдары ендірген болыстық сатылы сайлау тарихын білмеген кісінің тіс батыруы да қиын.

Екінші қиыншылық, Абай шығармаларында қолданыс тапқан сөз қорында жатыр, өйткені, онда алты мыңнан астам сөз қоры бар.

Бұлардың бәрі Абай замандастарына оңай ұғылып, танымалы болған сөздер болса да, заман, уақыт өзгеруге орай бұл сөздердің мән-мағынасы өзгеріп, кейбірі ескіріп, көне терминдік сөздерге айналуында жатыр.

Үшінші бір қиындық, Абай-қазақтың басқа ақындарынан өзгеше, ойшыл табиғаты мүлде дара жатқан ақын. Абайдың философиялық, әлеуметтік ойлары өлеңдері мен қара сөздерінде қатқабат келіп, астарласып жатады. Көбіне өлеңдеріндегі күрделі ой толғаныстары өлең шеңберіне сыймаған тұста кейінірек жазылған қара сөздерінде жалғастық тауып таратылып отырады. Бұл ерекшелікті сезінбей қалған кісі, яғни, өлең мен қара сөздің арасындағы ой-пікірдегі жалғастықты қуалай отырып жүйесін таппаған адам, әрине, Абай шығармаларының табиғатын толық танып біле алмайды»<sup>1</sup>.

Міне, мұның бәрі Абайды танудағы талпыныстар. Қазақ әдебиетіндегі Абайды тану бүкіл бір халықтың рухын, жанын, сезімін, ой-парасатын ұғыну деген сөз. Абайды тану-ақиқатты тану, сөз өнерінің өрнегін, бар болмыс - бітімін тану, өмірді, өнерді тану деген сөз. Олай болса «Қазақтың бас ақынын» тану әлемдік деңгейдегі даналықты, кеменгерлікті, шеберлікті, сұлулықты, тәңірлікті тану деген сөз.

Қазақ әдебиетінде соны сүрлеу, жаңа бағыт ұстанған Абай болса оны одан әрі жалғастырған екінші тұлға Ахметтің өзі).

Талантты талант қана таниды. Ұлттық әдебиетте Абайдың ақындық әлемін, оның қыр-сырын Ахмет қандай жарқыратып ашса, Ахметтің әдебиет қисындарына жетік екендігін танытқан Абай болғаны белгілі. Екі тұлға бір-бірін айтпай таныды, бір-бірін ашты, Абайды алғаш ашқан Ахмет, Ахметті зерттеуші ретінде тұңғыш танытқан Абай мұрасы десек артық айтқандық емес.

Абай осынау рухани биіктікке, кәсіби шеберлікке оңайлықпен жеткен жоқ. Ол үзбей іздену, оқу-тоқу, барысында жетті. Оған көз жеткізу үшін алғаш рет Ахмет Байтұрсынұовтың осы мақаласы арқылы мәлім болған Абай оқыған еңбектер тізімінің толыққан түрімен таныстыра кеткен мақұл:

Шығыс поэзиясы, тарихы, философиясы (парсы, араб тіліндегі түпнұсқа бойынша) - М.Қашғари, Ю.Баласағун, Кабус-нама, Қ.Жалайыр, Фирдоуси, М.Ибн Кайс, Навои, Х.Баршынлегі, Низами, Авиценна, Саади, Жами, эль-Фараби, Омар Хайям, Әбіл-ғазы, Ибн эль-Асир, Рашид-ад Дин, Мухамед Хайдар, Ахмет Яссауи, Суфа

---

<sup>1</sup> Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы. Астана. Білге. 2002. 10-б.

Аллаяр, Сүлеймен Бақырғани, Табари, Хафиз, Бабур, Рабғузи, Рудаки, Шамси (27).

Антикалық авторлардан (орысша аударылған еңбектер) - Сократ, Платон, Аристотель, Сенека, Гомер (Бес автор).

Батыс философтары, жазушы, педагогтары, ғалымдарынан М.Монтень, Г.Бокль, Г.Спенсер, Б.Спиноза, И.Гете, Г.Гейне, Дж.Байрон, И.Шиллер, Ч.Дарвин, К.Льюис, Д.Дрепер, А. Мицкевич, А.Лесаж, А.Дюма, В.Ирвинг, Ф.Купер, Д.Стюарт, Г.Гегель, Ф.Лонго, Ф.Брет - Гарт, Г.Лонгфелло, Г.Б.Стоу, Д.Милль, А.Бальф, И.Кант, Ф.Шеллинг.(26).

Орыс ақын-жазушылары, сыншыларынан А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, И.А.Крылов, В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, И.Писарев, И.А.Бунин, А.Дельвиг, Я.Полонский (14) т.б оқыған. Мұндай бай кітапхананы, мол кітапты қазірдің өзінде оқыған, ұлы ақындай терең меңгерген кісі кемде-кем шығар. Сондықтан осындай бай білім бұлағынан сусындаған, өзі де бір естігенін сол заматта қағып алатын зерек болған бір туар талантты, аса дарынды тұлғаның шығармашылығы да сөз жоқ шешуі қиын жұмбақ, кілтін кез-келгенге аштырмайтын құнды ойлар қазынасы болғаны хақ.

Осы шағын мақаласында «Қазақтың бас ақыны» атанған Абайдың бүкіл поэтикалық әлемін, оның өлең өнеріндегі даралық қасиетін, стилдік ерекшелігін, көркемдік шеберлігін ғылыми нақты дәлелдермен айқындап берген және ұлттық әдебиеттану ғылымындағы жеке тұлғаны танудағы тұңғыш сала-абайтанудың тұсауын кесіп, сара жолын салған А.Байтұрсынұлы ақын шығармашылығы әлі талай ұрпақтың рухани қажеттілігін өтейтінін, оның қай ғасырда да үлкен сұранысқа ие екендігін көсемдікпен көре білгендігін танытты. Ахмет Байтұрсынұлы ақынның ішкі сырына тереңдей алғандығынан, оның әрбір сөзінің табиғатын тани білгендіктен Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп мойындатып кетті.

Көрнекті ғалым, әдебиеттанушы, теоретик А.Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттегі психологизм табиғатын танытуда да көптеген ғылыми эстетикалық құнды ой-пікірлер білдірген ғалым. А.Байтұрсынұлы өзінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теориялық «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбегінде көркем сөз өнеріндегі әдеби психологизмнің табиғатын, оның болмыс-бітімін, оған тән психологиялық бейнелеу тәсілдерін дәл қазіргі ғылыми тілде орныққан теориялық терминдермен бермесе де, ұлттық ойлау

танымымызға, қабылдау жүйемізге лайықтап, ұғынықты «пән сөздерімен» бере білген.

Адамтану ғылымын таза сөз өнері тұрғысынан қарастырып, адамға тән табиғи психологиялық процестерді, соған қатысты «пән сөздерін» алғаш ғылыми айналымға енгізген қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы мен М.Жұмабайұлы еді. Олар: А.Байтұрсынұлының «Әдебиеттанытқыш» (1926), Ш.Құдайбердіұлының «Тіршілік – жан туралы» (1919) (сын-пікір) рецензия мақаласы, «Үш анық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты» және Ж.Аймауытұлының «Психология», «Жан жүйе және өнер таңдау» атты еңбектері (1926), М.Жұмабайұлын «Педагогика» (1927) т.б. (оның көпшілігі психология пәніне арналған) атты ғылыми зерттеу жұмыстары. Оларда адамның сезімдік құбылыстары жан-жақты сөз болады. Олай болса, сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, эстетикалық танымды танытатын әдеби психологизм жүйесін, психологиялық талдау өнерін қазақ әдебиеттану ғылымы да кеңінен қарастырып, әр түрлі деңгейде зерттеп келеді деп айтуға әбден болады.

Адам табиғатын зерттеу, адамтану мәселесі қай кезеңде де әлеуметтік мәселелерді шешудің басында тұрды. Сондықтан да қай қоғамда да жеке адамның тағдырын тілге тиек ете отырып, сол кезеңнің қоғамдық құрылысын, сол кезеңнің рухани қажеттілігін зерттеуге тырысатын жазушылар ол жұмбақтың шешуін тек адам психикасының құрылысынан іздейді.

Бұл пікірге сүйенер болсақ, психологиялық прозаның танылып, бағалану, зерттелу кезеңі де тап осы XIX ғасырдың соңына сәйкес келсе керек.

А.Байтұрсынұлы адамтану ғылымын, яғни сөз өнерін осы психологизм категориясымен тікелей байланыстыра қарастырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін А.Байтұрсынұлының өз сөзіне сүйенейік: «нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту... сөз өнері болады (қазақша – асыл сөз)», - деген анықтамасында айтылғандай адамдардың психологиялық жайы, жағдайы, көңіл-күйі, түр-түсі, ісі, әрекеті, яғни портреті, психологиялық сыртқы қимыл-көріністері, сөз бен ойлау жүйесі т.б. бәрі де – көркем шығармадағы әдеби психологизмнің зерттейтін нысаны.

Демек әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым, яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген.

Сондай-ақ адамтану ғылымы адам санасын үш негізге тірей отырып, соларды талдап, таразылау арқылы жасалатындығын айтады. Оның пән сөздерін әдеби талдауда қолданған бірден-бір ғалым да – А.Байтұрсынұлы.

Сөз өнерін жан-жақты зерттеп, ондағы жанрлардың әрқайсысына өзіне тән ұғым-түсінік бере білген А.Байтұрсынұлы психологиялық прозаның да жанрлық, стильдік ерекшеліктерін айқындайтын теориялық тұжырымдарын «Әуезе яки әңгіме түрлі сөздер», «Толғау түрлері» атты тарауларда нақтылаған.

Адам өмірі сөз болған жерде оның табиғи жаратылысы, оған тән сезім-эмоциялар міндетті түрде суреттелері хақ. Психологиялық прозаның жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне сай кейіпкерлердің психологиялық үдерістері әр алуан тәсілде динамикалық түрде зерттеліп, зерделенеді.

Сондықтан көркем шығармадағы кейіпкерлерге үздіксіз психологиялық талдау жасалынбаса «адамның ойына оң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді» (А.Байтұрсынұлы).

Осы орайда А.Байтұрсынұлының әлемдік деңгейдегі әйгілі теоретик ғалым ресейлік әдебиеттанушы М.М.Бахтиннің ғылыми ойларымен пікірлес екендігін ерекше атап өткен жөн. А.Байтұрсынұлы көрсетіп отырған психологизм жүйесіндегі екі үлкен арна – аналитикалық принципті құрайтын ішкі сезім құбылыстары мен тысқы динамикалық принципті танытатын сыртқы психологиялық қимыл көріністері жөніндегі теориялық тұжырымдары М.Бахтиннің ойларымен төркіндес екендігі бізді таңдандырады. Айталық, М.Бахтин жоғарыда келтірілген А.Байтұрсынұлының анықтап берген екі түрлі саласын былайша береді: «Психологическая жизнь дана человеку двояко: 1) в себе самом человек непосредственно во внутр опыте наблюдает течение различных душевных переживаний – представлений, чувств, желаний; 2) у других людей и у животных человек может наблюдать только внешние выражения психологической жизни в различных реакциях чужого организма на раздражения»<sup>1</sup>.

Міне, екі рухани әлемі ұқсас ғалымдардың ой-пікірлері де бір жерден шығып отыр.

Жеке адамның жұмбақ жаратылысын, оның құпия қалтарысы мол ішкі табиғатын, көңіл күйіне байланысты мың құбылатын сан алуан сезімдік аффектілерді бейнелейтін психологиялық прозада

---

<sup>1</sup> Бахтин М. Тетрология. М., Лабиринт. 1998. С.608.

кеңінен көрінетін күрделі көркемдік тәсілдер әлгі екі ғалым көрсетіп берген көркемдік бейнелеу құралдары арқылы жасалатыны бүгінде ақиқатқа айналып отыр. Атап айтсақ, көркем шығармадағы әдеби психологизм жүйесін құрайтын бейнелеу құралдары – монолог, ішкі монолог, ішкі диалог, ойлау, қиялдау, еске алу, елестету, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылау, талдау, түс көру, сандырақтау, сөз бен істің, ой мен сезімнің сәйкессіздіктері, өң мен түс, өмір мен өлім, есті мен ессіздік т.б. арасындағы қақтығыстар т.б. А.Байтұрсынұлы мензеп отырған ішкі ғаламды бейнелейді.

Ал динамикалық принципті, яғни тысқы ғаламды құрайтын сезім құбылыстарының сыртқы белгілері – бейвербалды ишараттар, ым, ымдау, ишара, емеурін, өзге де қимыл көріністері.

Міне, психологиялық прозада осынау психологиялық талдау тәсілдері молынан және бар құнарымен көркемдік-бейнелегіш қызметтерімен қолданылып, ерекшелінеді.

Психологиялық прозаның көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жоғарыда аталған екі түрлі бейнелеу тәсілдері арқылы жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды.

Көптеген ірілі-ұсақты психологиялық бейнелеу құралдарын санамағанда ең басты деген үш негізгі әдіске тоқталайық, олар: бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» («прямой») түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни ішкі сөз, қағытпа (репликалар) түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау болса, екіншісі – психиканы берудегі сыртқы психологиялық сыртқы қимыл көріністері секілді көркемдік, психологиялық деталдарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану болып табылады. Үшіншіге осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау жатады. Дәл осындай теориялық тұжырымды А.Байтұрсынұлы дарынды сөзде былай деп береді: «Ақындар ғалымдар сияқты уақиғасын яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды... Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғарымында суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды. Сөйтіп шығарған сөзі, көркем сөзі шығарма болады» дей келе, оларды: «1. Әуезеленіп айтылуына қарай. 2. Толғанып айтылуына қарай. 3. Ғаламдап айтылуына қарай» деп үшке бөледі.

«Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы<sup>1</sup> ғаламда болған істі әңгіме қылады».

«Ақын әуезе түрінде сөйлегенде уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып баяндап, уақиғаға көз салған адамша, хатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету тысқарғы түрде айту болады»<sup>2</sup>.

А.Байтұрсынұлы орыс әдебиеттану ғылымында қалыптасқан психологиялық бейнелеу тәсілін қазақ ұлттық сөз өнерінде дәйекті түрде қолдана білген.

Сөйлеу, ойлау жүйесі арқылы ішкі сезімді суреттеу – тура тәсіл (ішкергі ғалам) болса, екіншісі – жанама (тысқарғы ғалам), яғни кейіпкердің психикасы мен санасындағы процестер тікелей бейнеленбей, тек сыртқы іс–әрекет, дене–кескіндегі мимикалық қозғалыстар, сыртқы көріністер арқылы айшықталады.

Жазушы кейіпкерінің ойы мен сезімін оқырманына жеткізудің тағы бір тәсілі – оның жан дүниесінде жүріп жатқан психологиялық процестің атын атап, түсін түстеу арқылы беру болып табылады.

Адамның үнемі қозғалыста болатын жан құбылыстарын зерттейтін жантану ғылымының да негізгі ұстанған нысанасы – психологиялық талдау жасау, яғни «жан талдау».

Әсіресе, жеке адамның санасындағы, ойлау жүйесіндегі сан алуан сезімдік, психологиялық, философиялық құбылыстарды, сана қозғалысының пластикасын беру мен жан диалектикасын тереңдеп ашу үшін жазушылар – монологқа, сана ағымына, түс көру тәсіліне және де психологиялық сыртқы детальдарға іс–әрекеттегі, денедегі, дауыс ырғағындағы, портреттегі физиологиялық, физиономиялық, сезімдік құбылыстар) да көп көңіл бөлді. Ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіріп өскен қазақ қаламгерлері өз менталитетімізге тән көркемдік тәсілдерге жаны жақын болды.

Біз қазақ әдебиетіндегі кең мағынадағы психологизм мәселесін, оның ішінде психологиялық бейнелеу құралдарының алғашқы нышандарын ауыз әдебиеті үлгілерінен, әсіресе фольклорлық жанр – эпостан байқаймыз. Адамзатқа тән табиғи психологиялық сезім құбылыстарын көңіл-күй сәттері (қуану, ашыну, ызалану, мазалану,

---

<sup>1</sup> Ескерту: тысқарғы деудің мәнісі адамда екі ғалам болады – ішкі ғалам, тысқарғы ғалам. Ішкі ғалам – ішкі монолог, ішкі диалог, ой толғау, сана ағымы, бір сөзбен айтқанда (қазіргі терминологияда), аналитикалық талдау принципі. Тысқарғы ғалам – ишара, емеурін сезімнің сыртқы құбылыстары. Бұл психологиялық талдаудың динамикалық принципі.

<sup>2</sup> Осы басылымнан. 122-б.

толқу, жылау т.б.) арқылы айшықтау, оларды авторлық психологиялық баяндау арқылы беру батырлық эпосқа да тән қасиет. Бүгіндері психологиялық талдау өнерінің ең күрделі де интеллектуалдық биік деңгейін көрсететін көркемдік құралдар (түс көру, қимыл көріністері, заттық әлем) фольклорлық жанрларда да өз қызметін лайықты атқарғандығына куә боламыз. Эпос жанрында кейіпкердің іс-әрекетіне, оның қоғамдағы, ел қорғаудағы қызметін қызықтап баяндаудан әлдеқайда күрделі де құпия қалтарыстары мол, мың сан қабатты қайшылыққа толы адам табиғатын асқан шыншылдықпен нанымды суреттеу бар.

Адамның жан дүниесін, ішкі сезімдік құбылыстарын, белгілі бір іс-әрекеттерге себеп тигізетін психологиялық процестерді, соның салдарынан сыртқа сезілер физиологиялық және физиономикалық өзгерістерді дәл және барынша шынайы суреттеу психологиялық прозаның көркемдік, стильдік, жанрлық ерекшелігін көрсетсе керек.

Тегінде, әдебиеттегі кең мағынадағы психологизм принципі, психологиялық талдау өнері, адамның жан дүниесін бейнелеу шеберліктің шыңына жеткен көркем шығармаға ғана тән құбылыс.

Негізі, көркем туындыда ғана емес, нақты өмірде де қайшылығы мол, өзге түгілі өзі де күтпеген әрекеттерге жиі баратын, сөзі мен ісі, ойы мен әрекеті қайшыласып жататын адамзаттың рухани әлемі шынында да жұмбақ.

Енді бір-екі ауыз сөз ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ахметтану саласы жөнінде айта кеткен жөн сияқты. Негізі, ахметтану ғылымы ХХ ғасыр басында басталған. Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісінде-ақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған еді. 1923 жылы қазақ топырағында, қала берді бүкіл шығыс халықтарында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үрдіс-Ахмет Байтұрсынұлының елу жасқа толған мерейтойының өткізілуі оның ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпы халықтың мойындауы-тын. Мүшелтойда сөз алған М.Әуезов, М.Дулатов, С.Сәдуақасұлы, Е.Омаров, С.Сейфуллин, Т.Шонановтың орыс түркітанушылары Е.Поливанов пен А.Самойловичтің Ахмет Байтұрсынұлының көп қырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ғылымының алғашқы іргетасын қалады. Ұлы ұлт ұстазының шығармашылық, қайраткерлік тұлғасы, оның тарихи орны мен болмысы сол кезеңде-ақ анықталған-ды. Ғасыр басында іргесі қалана бастаған ахметтану ғылымы сталиндік репрессияның салдарынан араға жетпіс жыл салып қайта қолға алынып, жан-жақты зерттеле бастады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы дара тұлғаның тарихи орнын анықтап берген ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектері енді ғана ғылыми айналымға енді.

Дегенмен заманның зымыян қыспағына қарамай орайы келгенде ахметтану ғылымы саласында жасқанбай сөз айтуға жараған жүректі қайраткерлеріміз болған. Мәселен, профессор Шора Сарыбаевтың 1960 жылы жарық көрген «Қазақ тіл білімінің көрсеткіші» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының инициалымен (А.Б) оның еңбектерінің тізімі берілгені үшін кітабы таралмай жатып өртеліп, өзі бөлім бастығы қызметінен босатылған. Ал, ленинградтық ғалым, түркітанушы, академик А.Н.Кононовтың 1974 жылы шыққан («Библиографический словарь отечественных тюркологов до октябрьский период») деген еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлына кітаптың бір бетін арнап, оның қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін,ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткенін, оның осы мәліметтеріне сүйенген профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздықованың 1977 жылы кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына орай Тіл білімі институтында өткен ғылыми-теориялық конференцияда осы ғылымды қалыптастырудағы А.Байтұрсынұлының еңбектеріне қысқаша шолу жасағаны да үлкен ерліктің үлгісі. 1988 жылы ресми түрде ақталғанда комиссия құрамында болып, оның алғашқы еңбектерін жариялатуға белсене араласқан академик Ә.Т.Қайдаров пен профессор Р.Сыздықова,Т.Қордабаев сынды ғалымдардың болғаны бүгінде ерекше құрметпен аталады.

Міне, содан бері ахметтану ғылымы әр түрлі сала бойынша зерттеліп келеді. Осы орайда академик З.Ахметов «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болатынын айта келіп, поэзия тілінің бейнелігін танытатын теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау (З.Қабдолов сұрай арнау,зарлай арнау,жарлай арнауды да А.Байтұрсынұлы ендіргенін айтады Г.П),қайталақтау,дамыту,бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде ұсынғанын атап көрсетеді. Және: «...Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым « деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды»деп әлемдік әдебиеттану ғылымында бар әдеби

терминдердің қазақша баламасын тауып, ұлттық ұғымға лайықтап қисынды «пән сөздерін» қалыптастырғанын жоғары бағалайды<sup>1</sup>.

Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылғанын, әдеби формалардың дамуы, өнер мен өнер арасындағы диалектикалық байланыс, творчество психологиясы, ақындық, талант табиғаты, шабыт стихиясы туралы айтылған көптеген қызықты ойлар, құнарлы пікірлер, байсалды тұжырымдардың әлемдік эстетика, орыс сыны принциптерімен терең астарласып, жалғастық тауып, бүгінгі күнге, ұзақ болашаққа қызмет етер салмағы барлығын академик Р.Нұрғали да атап көрсетеді<sup>2</sup>.

Қазақ әдебиет теориясының негізгі терминдерін ендірген ұлы ғалымның «Әдебиет танытқыштағы» басты ғылыми тұжырымдарын тоғыз тармаққа бөліп қарастырған белгілі ғалым Айгүл Ісімақова әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар, оның ешқандай саясатқа, идеологияға байланысты еместігін, оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі соцреализмнің салқынынан екендігін, А.Байтұрсынұлының әдебиетті тек сөз өнері деп қана қарайтындығын ғылыми дәлелдермен орынды атап көрсетеді. Сондай-ақ зерттеуші әдебиет теориясының көп сөзділіктен, құрғақ баяндаушылықтан ада таза әдебиеттің өз категорияларымен сөйлеуді қажет ететін нақты ғылым екендігін алға тартады. «Әдебиет танытқыштағы» бұрындары қарастырылмаған діндар дәуір жанрларының «мінәжат», «намыс толғау» деген атаулары мен «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» сынды әдеби «пән сөздерінің» қазақ тілінде алғаш ғылыми айналымға түсіп, ұғым қалыптастыруын да назардан тыс қалдырмайды.

Әсіресе, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» - асыл сөздің, яғни әдебиеттің көркемдік заңдылықтарын, өзіне тән табиғи белгі-шарттарын әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категориялары арқылы айшықтау керектігін А.Байтұрсынұлы бір ғана сөзбен былай түйіндейді: «Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен түзеді». Оны А.Ісімақова бүгінгі әлемдік әдебиеттану ғылымында мойындалған әдеби категориялармен салыстырып, ғылыми түсініктеме беріп, интерпретациялайды. 1970

---

<sup>1</sup> Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахан» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001. 64-б.

<sup>2</sup> Нұрғали Р. Алып бәйтерек. Ахмет Байтұрсынұлы. «Ақ жол». // Құрастырушы. Р.Нұрғали. Алматы. Жалын. 1991. 7-б.

жылдары белгілі бола бастаған М.Бахтиннің «романизация стилия», «речевые жанры», «романдық стиль-повесть, әңгіме мен басқа жанрларға үстемдік етеді» деген тұжырымдарын А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың 20-жылдары-ақ айтып, дәйектегенін тілге тиек етеді<sup>1</sup>.

«Әдебиет танытқышта» қарастырылатын әдеби тектердің (эпос-эуезе, лирика-толғау, драма-айтыс) жанрлық түрлерін (роман-ұлы әңгіме, повесть-ұзақ әңгіме, әңгіме-ұсақ әңгіме) анықтап берген А.Байтұрсынұлы әдебиеттану ғылымында соңғы жылдары ғана арнайы көңіл бөлініп, зерттеле бастаған уақыт пен кеңістік мәселесін жанрлық түрлерде «айтылу аудандарына «қарай қарастырылатынын», әдеби туындыны сөз өнеріне тән өз категориялары арқылы талдаудың үздік үлгісін танытқан « Әдебиет танытқыш «шын мәнінде өзінің ғылыми мақсатын орындаған теориялық зерттеу екендігін дәлелдейді. Ол жөнінде А.Ісімақова: «А.Байтұрсынұлының еңбектерінен сыпайылық (корректность) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет»<sup>2</sup>, - дейді.

Әйгілі ғалым, академик В.В.Виноградовтың «бір немесе бірнеше ғылыми термин жасаған адамға ескерткіш қоюға болады», - деген сөзіне сүйенер болсақ, Байтұрсынұлының тек лингвистикалық терминдерден жалпы саны - 310, оның ішінде күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқаны - 118, қолданылмайтыны - 119 деген («А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. Құрастырған Ш.Жалмақаповтың және терминолог, филология ғылымдарының докторы Спандир Ақаевтың (Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тәсілдік сипаттары»)деген баяндамасында келтірілген: «300-ге жуық грамматика, 200-ден аса әдебиет ұғымдарын біріктіруі мүмкін» деген болжамына сүйенсек, ұлы тұлғаның шынында да бір емес бірнеше ескерткішке ие екендігіне күмәнданбаймыз<sup>3</sup>.

---

<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. . «Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы». (Алғысөз). Алматы. Алаш. 2003. 29-б.

<sup>2</sup> Сонда. 31-б.

<sup>3</sup> Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тәсілдік сипаттары. Ұлттық рухтың ұлы тілі. Ғылыми мақалалар жинағы. (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). Алматы, Ғылым. 1999. 568 б.

Өзгені былай қойғанда бүкіл түркітанудағы тұңғыш грамматика, синтаксис, терминология мен әдістеме, тіл ашар, тіл танытқыш, тіл жұмсар, жаңа жазу, жаңа әліппе, тұңғыш емле, тұңғыш фонетика т.б. ғылым салаларындағы терминдер жүйесін атамағанның өзінде «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздерінің өзі бір кісіге кенде түсіп жатпаған қыруар еңбек екендігі ақиқат. Ахмет Байтұрсынұлының бұрын қазақ құлағы естімеген жаңа сөздерді (зат есім, есімдік, септік, етістік, бастауыш, анықтауыш, демеулік, бейнелеу, кейіптеу, бернелеу, заман хат т.б) ұсынуының немесе мағыналарын ауыстырып, байырғы сөздерді (жалғау, жұрнақ, жақша, ұяң дыбыс, қатаң дыбыс, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, шумақ, тармақ, бунақ, асыл сөз, көсем сөз т.т.) пайдалануы өзге бір әңгіменің еншісі екендігі сөзсіз.

Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғанын көргенде таңданбасқа болмайтынына куә боласың.

Ал, А.Байтұрсынұлының қазақ тілінде ғылыми-теориялық терминдер жүйесін жасап, оның қазақша баламасын тауып, қалыптастырудағы еңбегін зерттеп жүрген ізденуші Айсұлу Ойсылбайдың «Әдебиет танытқыштағы» терминдерді интернационалдық және орысша атауларымен салыстыра отырып, ұлт тіліндегі 35 пән сөздерін түзегенін де ескерусіз қалдыруға болмайды: азапты тартыс-драма, айқындау-эпитет, айтыс-тартыс-драма, айшықтау-фигура, аңдату-пролог, ауыстыру-метафора, әуез-музыка, әуезе-эпос, әурешілік-комедия, әлектеніс-трагедия, сөз өнері әдебиет-литература, әліптеме-портрет, пейзаж, бас қатырғыш-головоломка, дамыту-градация, ділмар сөз-афоризм, ескірген сөз-архаизм, жаңа сөздер-неологизм, жергілікті сөздер-диалект, кейіп-тип, кейіпкер-герой, кескін-живопись, көсемсөз-публицистика, қорыту-эпилог, мазмұндау-сюжет, машық-стиль, оралым-синтаксический период, путыршы-футурист, сәулет-архитектура, сымбат-скульптура, толғау-лирика, ұзақ сөз-повесть, ұлы әңгіме-роман, ұсақ әңгіме-рассказ, шендестіру, түйістіру-антитеза, шығарманың түрі-жанр т.б.

Ал, әдебиетші Дандай Ысқақ Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» алғаш рет ауыз әдебиеті үлгілері іштей жүйеленіп, оның негізгі жиырмаға жуық жанрлық түрлері (ертегі, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс, терме, толғау, тақпақ, мақал-мәтел, той бастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата, бесік жыры т.б) анықталғандығын және ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан талданғандығын, бұл пікірлердің кейін М.Әуезовтің

«Әдебиет тарихы», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (орыс тілінде) атты еңбектерінде жалғасып, дамытылғаны жөнінде дәйекті ойлар айтады<sup>1</sup>.

Сондай-ақ, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теориялық еңбекте ауыз әдебиетінің екі түрі-сауықтама (ермектеме оны іштей - ертегі, ертегісымақ, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш) және зауықтама (ертегі жыр, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме) анықталған. Ал, сарындаманы – салт сөзі (мысалдар, ділмәр сөз, тақпақ, мақал, мәтел,), ғұрып сөзі (тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата), қалып сөзі (жын шақыру, дерт көшіру, бесік жыры) деп бөліп қарастырады.

Жазба әдебиеттің тарихын-діндар мен ділмәр деп екі дәуірге бөліп қарастырған А.Байтұрсынұлы діндар дәуірді бейнелейтін араб, парсы үлгісіндегі діншіл әдебиеттің – қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме сияқты жанрлық түрлерін келтірсе, ділмәр дәуірге орыс әдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні жатқызады.

Мәселен, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ізденушісі Ұлан Еркінбаев А.Байтұрсынұлының «Әдебиеттанытқышын» сол кезендері жарық көрген (1925) Б.В.Томашевскийдің «Теория литературы. Поэтика» атты зерттеуімен салыстырып, жанаша пайымдаулар жасап, тың талдау, соны пікірлер айтады.

«Как видно из приведенных выше примеров трактовки основных критериев произведения достаточно близка. Томашевского «художественная конструкция» определяет сущность художественного произведения; у Байтұрсынова «системно, логично, стильно и образно выразить» - это, по мысли ученого, основные составляющие любого произведения в целом»<sup>2</sup>, - дейді.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» бүгінгі әлемдік әдебиеттану ғылымында осындай салыстырулар арқылы таныту енді ғана қолға алынып келеді. Бұл ахметтану ғылымының келешегі зор екендігін аңғартады. Ең бастысы осындай орыс тілі арқылы өзге елге

---

<sup>1</sup> Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. Астана, Фолиант. 2004. 31-б.

<sup>2</sup> Еркінбаев У.О. «Теоретические представления А.Байтұрсынова о литературном произведении». Этносоциальные и культурологические проблемы центральной Азии и Сибири» (сборник научных статей посвященных 170-летию Чокана Валиханова) Новосибирск, 2005. С. 58.

таныла бастаған ахметтану ғылымы өзінің теориялық тұжырымдарының негізділігімен, пән сөздерін классификациялаудағы мәселелерінің өзектілігімен, сөз өнерін әдебиеттанудың өз категорияларымен танудың талғамды талабын қоя білгендігімен құнды.

Ұлтты қалыптастырып, дамытатын қашанда тілі, ділі, тарихы, дәстүр-салты, этносы, рухы, әдебиеті мен мәдениеті. Сондықтан да тілді жаңартатын, дамытатын термин сөздерді тек қазақ тіліндегі пән сөздермен толықтыруды мақсат тұтқан тіл реформаторы А.Байтұрсынұлы мүмкіндігінше барлық әдеби ұғым атаулының тамаша дәл баламаларын табуға тырысқан. Жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз сөзінен жасауға тырысқан. Онысы және онды болған, ол пән сөздері әлі күнге дейін өз құндылығын жоймай қазіргідей ана тіліміздегі терминдер жүйесін жасау кезеңде бағасы артып,кеңінен қолдану аясы өсіп отырғанына куә болудамыз.

Оның жоғалып кеткен «Қазақ тілінің теориясы» (Ғ.Мүсіреповтің проф.Т.Кәкішевпен әңгімесіндегі: «Қолжазба кәдімгі ғылыми еңбек. Төрт жүз беттен астам. Бұл оның соңғы жазған кітабы болатын, - деген ғылыми деректі (Жалын, 1988 ж. 5 санында) және М.Әуезовтің «Ақаңның елу жылдық тойы» дейтін мақаласында айтылған «Мәдениет тарихы» деген еңбектері бар екендігін, егер олар бүгінде ғылыми айналымда болғанда ұлттық руханиятымыз қаншама құнды ғылыми-теориялық ойлармен, тың терминдік атаулармен байытылары сөзсіз еді.

Бір халықтың бүткіл рухани құндылықтарын жүйелеп берген ахметтану ғылымы шағын шолу,зерттеулермен шектелмесі хақ. Оны сан алуан қырынан жан-жақты зерделеу келешектің еншісінде.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. А.Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі әдеби-ғылыми тұжырымдарды жүйелеп, конспект жазу.
2. «Әдебиеттанытқыштағы» әдеби ұғымдар жүйесі, оның М.М.Бахтиннің көзқарастарымен үндестігі. (А.Ісмақованың еңбектерін оқу).
3. Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ғылыми стилді қалыптастырудағы А.Байтұрсынұлының еңбегі.
4. «Қазақ» газетіндегі әдеби-сын мақалаларын оқып, талдау.

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Жоспары:

1. Ә.Бөкейхановтың 20-30 жылдар аралығында жазған әдеби-сын мақалалары.
2. Алаш әдебиеті және Ә.Бөкейханов шығармашылығы.
3. Әдебиеттегі ақтаңдақтардың қазіргі әдебиет тарихын жазудағы рөлі.

**Өмірбаяны:** Көрнекті қоғам қайраткері, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көшбастаушыларының бірі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында өмірге келіп, 1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген Әлихан Бөкейханов 1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша ақталған.

**Еңбектері:** «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» (Шәкерім), «Сын», «Қара қыпшақ Қобыланды», т.б.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әдеби-эстетикалық көзқарас А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезовтардың еңбектерінде байқалып, таза ғылыми-әдеби мақсаттағы зерттеу дәрежесінде болды.

Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің: Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін «Қобыланды», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын<sup>1</sup>, - деген сөзіне сүйенер болсақ, оның ірі

---

<sup>1</sup> Бөкейханов Ә. Алаштың Әлиханы. Шығармалар. Алматы, Қазақстан. 1994. 8-б.

қайраткер ретінде қалыптасуына көмектескен ұлттық рух пен халықтың ой маржандары екендігі сөзсіз».

Белгілі қоғам және қалам қайраткері Ә.Бөкейханов ең біріншіден халық мұраларын әдебиеттанудың негізгі бір саласы ретінде жинау, жүйелеу жұмыстарын басты міндет етіп қойып, елді рухани тұрғыдан ағарту мақсатын көздеді. Екіншіден, Ә.Бөкейханов қазақ әдебиеті орыс әдебиетінен көп үйренуі, жаңаша ой жаңғыртуы, өскен елдің өркениетіне жетуі тиіс деген идеяны ұстанып, осы бағытта табанды еңбек етті. Үшіншіден, ол әдебиеттің, әдеби процестің өз заңдылығын ескере отырып, фольклордың да, авторлық әдебиеттің де нәтижесін елдің рухани игілігіне айналдыруды мұрат тұтты. Сондықтан да ол өзінің «Рухани мәдениет қарауылынан» деген мақаласында былай деп жазады: «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу» (? б.). Бұл мақсат тек қана Ә.Бөкейхановтың ғана емес, сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының бәрінің де арман-ойы-тын.

Оның «Мұсылман сиезі», «Григорий Николаевич Потанин» (екі мақала), «Түрк, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» (Шәкерім), «Сын», «Қара Қыпшақ Қобыланды», т.б. атты әдеби-көркем сын мақалаларында өзінің әдебиеттен жақсы хабардар екендігін, әдебиет заңдылығын жақсы білетіндігін, сын айтып, теориялық ой-пікір айтуға білімі де жететіндігін танытады.

1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінде Абайдың екі өлеңінің жарық көруі қазақ әдебиетіндегі үлкен рухани құбылыс болғаны белгілі. Өйткені, бұрын ел арасында өлеңі таралып, әндері айтылып жүргенімен Абайдың шығармалары баспасөзде жарияланып, көпшілік қауымға танылуы бірінші рет еді. Ол екі өлең: – «Жазды күн шілде болғанда» және «Күлембайға» деп аталады. Тұңғыш рет баспасөз бетінде жарияланған өлеңдерді «кісіден үйреніп жаздым» деп, Көкбай Жантайұлы ұсынған. Бұл ғылыми дерек «Дала уәлаты» газетін зерттеуші-ғалым Қайыржан Бекхожиннің зерттеуінде де бар. Ұлы ақынның өлеңдері ең біріншіден, қазақ оқығандарының назарын аударып, өзінің бай мазмұнымен, бұрынғы жыр шумақтарына ұқсамайтын көркемдік ерекшелігімен көрінді. Және осы басылым арқылы қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану ғылымының тұсауы кесіліп, ұлы ақын творчестволық тұлға ретінде таныла бастады. Оның алғашқы қадамын жасаған да осы – Әлихан Бөкейханов еді.

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін орыс тілі арқылы әлем халқына алғаш танытқан Ә.Бөкейхановтың «Абай Құнанбаев

азанамасының» (некролог) рухани құндылығы жөнінде абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы: «Абайтану тарихында Абайдың ақындық өнер мен ислам дініне қарым-қатынасы жайлы аса күрделі мәселеге де тұңғыш рет Әлихан Бөкейханов тарапынан білікті пікір айтылуы сол кезең үшін айтарлықтай жаңалық болумен бірге бүгінгі ұрпақ үшін де мән-мағынасын сақтап отырған танымдық мәні бар пікір деп білеміз, – дей келе – Ә.Бөкейханов Абайдың ақындық кітапханасының Еуропалық саласына алғаш рет жетерліктей дәрежеде мән бере отырып алғаш рет пікір айтқан автор еді»<sup>1</sup>, - дейді.

Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты бастаушы жаңашыл, ойшыл ақынның өмірі мен өнерін тұңғыш рет толық мағлұматымен, жүйелі таныстырған Ә.Бөкейхановтың бұл еңбегін зерттеуші абайтану тарихындағы ең үздік еңбек ретінде қарастырады.

«Дала уәлатының» 1889 жылғы 16.06.24 санында Ә.Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген бүркеніш атпен хаты жарияланады. Онда автор Шортанбай, Шернияз, Құнанбайлардың қазақтың ескі билерінің сөзі мен өлеңдерін жариялау керек деген ұсыныс жасайды. Сондай-ақ осы мақала-хатында Ә.Бөкейханов Абайдан өзге де ел арасында белгілі, бірақ көпшілік оқырман тани бермейтін талантты ақын-жыраулардың шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, оларды жүйелеп, жариялау, халыққа таныстырып отыру керек деген келелі мәселе көтереді. Оны кезінде бірі қолдап, бірі қолдамағанымен өркениетті әрбір халық өзінің тарихи өмірінің көркем шежіресі болған әдеби-мәдени мұрасын жинау, жариялау және олардың көркемдігін зерттеуді қай кезде де күн тәртібінен түспейтін келелі мәселе деп қарайтыны белгілі.

1915 жылы «Қазақ» газетінің 126-129-сандарында жарияланған «Қара қыпшақ Қобыланды» атты мақаласы Қыр баласының (Әлихан Бөкейхановтың) өзі көтерген мәселені іс жүзіне асыруға деген талабын, табандылығын танытады. Автордың өзі оның жанрын «сын» деп атайды. Бөкейханов бұл мақаласын Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінен бастайды да, одан әрі бірден «Қобыланды» жырының бүкіл сюжетін осы алғашқы бөлікте қысқаша түрде баяндап береді. Өзі жеті бөліктен тұратын сын мақаланың келесі бөлігі Қобыландының тарихта болған, болмағандығы, болса оны растайтын қандай тарихи құжат-деректер бар, батырдың өмір сүрген кезеңі қай кез еді деген мазмұнды сауалдарға ғылыми жауап іздейді,

---

<sup>1</sup> Абай мұрасының орыс тілінде танылуы. Абайтану тарихы. М.Мырзахмет. Алматы, Ана тілі. 1994. 47-б.

автор. Ол жөніндегі өз ойларын, естіп-біліп жүрген тарихи мәліметтерін жыр жолдарындағы деректермен салыстыра отырып, зерттеу жүргізеді, өз ойымен, пікірімен, болжамдарымен бөліседі. Айталық: «Жыр басында Көбікті қалмақ еді, енді хан болып тұр. Ноғай жұртының ханы жайында «Көкетай асы» деген бір жыр бар. Мұны Шоқан орысша жазған. «Қобыланды» жырындағы Көбікті хан осы Көкетай хан болмасын. Бұл Көкетай жыры – тау қырғыз айтатын «Манас» жырының бір тарауы.

«...Көбікті мінген тарлан ат,  
Жамандатқыр сол көк ат  
Немесе:  
Айналайын Қарлыға,  
Жер суына бір түсер,  
Бұл пенденің барлығы  
Қайысқан болат сынғандай,  
Асқан көңіл тынғандай...».

Жаңағы «Манас» тарауы. Ал, енді «Көкетай асы» жырында Көкетай ханның мінгені шатырдай боз ат. Көкетай ханның қызының аты да – Қарлығаш.

Жоғарыда жазғанымнан анық болар: «Қобыландыда» ақын қосқан, тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді», - деп өз пікірін тұжырымдайды<sup>1</sup>. Мұнда автор қазақ пен қырғыз халықтарының тарихын да, әдебиетін де, мәдени мұраларын да жақсы білетінін жырдың бірнеше нұсқаларын дара салыстырып, өзіндік болжам жасауы арқылы меңзеп отыр.

Ал, үшінші бөлікте автор тарихи шығармаға тән жанрлық ерекшеліктерді, оларға қойылар талаптарды ғылыми-теориялық тұрғыдан талдайды. Өйткені, тарихи шығарма кейіпкердің өмір тарихын ғана емес, оның өмір сүрген кезеңін, сол кездегі қоғамдық, саяси ахуалды, тұрмыс-тіршілік заңын, салт-дәстүрді, сол кездегі адамдардың психологиясы мен киім киістеріне дейінгі өмірлік әрі көркемдік шындықты шынайы бейнелеуі керек деген тұжырымды ұстана отырып, талдау жасайды. Оны нағыз көркем шығармаға лайық көркемдік талап деп түсіндіреді: «...Жақсы, көркем жырда сол

---

<sup>1</sup> Қара қыпшақ Қобыланды. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, Қазақстан. 1994. 302-б.

уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лайық. Тарихтың сарын жолы екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Шәкәрім шежіресінің де малданғаны осы жол: Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі де сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінді. Анық тарих – осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады», – деп тарихи шығарманың жанрлық табиғатын, көркемдік шарт – ерекшелігін таныған теориялық талапты кәсіби маман ретінде айқындап көрсетеді<sup>1</sup>. Жазбаша әдебиет жоқ болғандықтан ауызша таралған және әр жыршының қажет-қажет емес қосындыларын осы мақалада Ә.Бөкейханов қатты қынжылып, өткір сынға алады.

Шәкәрім шежіресінен мысал ала отырып, ондағы тарихи кезең, кейіпкердің тұрмыс жайы, қайғысы мен қуанышы, көңіл-күйі мен киім үлгісі, жалпы жан дүниесі жан-жақты әрі нанымды бейнеленгеніне жоғары баға береді. Мысалы:

«... Дыңғырлап арба кетеді,  
Аттар пыс-пыс етеді.  
Ғаскердің ата-анасы,  
Және жастау баласы  
Етегіне жабысып,  
Жапарым-ай деседі,  
Сары бұлт айналған  
Сәнді шәһар қасында  
Қарға шулап қонады;  
Соғысшының қатыны  
Кимешегі басында,  
Өрмек тоқып болады,  
Қарғаның үнін есітіп,  
Қызарып күн батқанда  
Өрмекті қатын жияды.  
Байым өлді-ау деп ойлап,  
Төсекке барып жатқанда,  
Жаңбырдай жасын құяды.

---

<sup>1</sup> Қара қыпшақ Қобыланды. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, Қазақстан. 1994. 302-б.

Міне, мәдениет тарихын пайдаланатын жыр сөзі. Бес ауыз өлеңде жұрт салты айнаға түскендей көрініп тұр, - деп тарихи туындыға қойылар көркемдік шарт пен акынның шеберлігін қиюластыра қарастырады<sup>1</sup>. Көркемдік шындық пен өмірлік шындықтың біртұтастығын тұрмыстық детальдар, заттық әлем арқылы нанымды бейнелеуге болатынына нақты мысалдар мен дәлелді ойлар айтады. Алайда, бұл жерде автор Қобыланды жырының тек халық арасында ауызша таралып келгенін және оның бірнеше нұсқасы бар екендігін, олардағы көркемдік қасиеттердің әртүрлі деңгейде жырланатынын, сондықтан оған Шәкәрім сынды ұлы акынның жеке шығармасынан байқалған биік көркемдік талапты қоюға болмайтыны жөніндегі ой-ескертпелерін тереңдеп талдап жатпайды. Дегенмен, көркем шығармадан оқушының күтетіні әмәнда жоғары эстетикалық талғам емес пе?

«... «Қобыланды» кейінгі айтушының тепкісін көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан. Ана қазақ ішінде белгілі «Сал-сал», «Зарқұм» қиссаларының жолына «Қобыландыны» да сілтеп, қадірін жойған. Сөйтіп, Қобыланды батырды қисыны жоқ бос сөзбен орынсыз мақтаған», - деп бір жырдың тарихы арқылы жалпы әдеби мұраның көркем мәтініне өте жауапкершілікпен қарауды, оны өз құнарынан айырмауды, мүмкіндігінше бастапқы нұсқаны таза сақтауды қатаң түрде ескерте отырып, жоғарыдағыдай орынсыз жөндеуді өткір сынға алады<sup>2</sup>. Сондай-ақ осы мақаласында Ә.Бөкейханов «Қобыланды батыр» жырының кейінгі жыршыларының батыр өмір сүрген кезең шындығын бейнелер тұрмыстық заттарды ескермей тым жаңаландырып жібергенін бірнеше мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Мысалы, «...Солдат, сухарь, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер . «Мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған», – дей келіп, «... «Қара қыпшақ Қобыландыны» қайта басқанда, жақсы қылып басам деген адам мына беттерді қарасын: 3-7, 34-36, 38, 40, 42, 46-48, 53, 55, 57-61, 66-68, 73, 81, 82», - деп келешекке бағыт-бағдар сілтейді<sup>3</sup>. Бұл сөз жоқ Ә.Бөкейхановтың қазақ халқының сан ғасырлар бойы сақталып келген ұлттық

---

<sup>1</sup> Қара қыпшақ Қобыланды. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, Қазақстан. 1994. 302-б.

<sup>2</sup> Сонда. 303-б.

<sup>3</sup> Сонда. 303-б.

мұраларын әркім өз білгенінше жөндей соң түпнұсқа қалпында келесі ұрпаққа жеткізу мәселесіне көп көңіл бөлгенін танытады. Сондықтан да әзірге қолда бар, ел арасындағы әдеби мұраларды әлі де болса мұқият жинап, оларды қағазға түсіріп, жүйелеп, жинақтап, жариялауды және арнаулы мекемелердегі архив қорларына өткізу тәрізді толғақты мәселелерді орынды көтерген.

Сын мақаланың 4-ші бөлігінде автор бүтіндей жырдың поэтикалық қуатына, көркемдік ерекшелігіне, халыққа ұлттық рух берер тарихи желісіне, адамға алуан түрлі сезім сыйлар эстетикалық әсеріне т.б. тоқтала келіп, жанр, стиль, сюжет, композиция, бейнелеу құралдары т.б. сияқты әдебиеттанудың өз категориялары жөніндегі теориялық ойларын ортаға салады. Эпостық жырдың кең ауқымды мазмұндық, мағыналық, көркемдік қасиеттері сақталғанымен, әр жыршының өз тарапынан қосқан сөз қолданыстарындағы кемшіліктерге, мағынасыз, көріксіз сөз тіркестеріне наразылығын білдіріп, батыл сындар айтады. Ә.Бөкейханов жырдағы көркемдігі, бейнелеуі жоғары жақсы жолдардың «ең алғаш шығарған ақынның сөздері» екендігін жиі ескерте келіп, былай дейді: «... Қобыландыдағы» – заманына ұйқаспайтын жырларды, қазақ жұртының мәдениет тарихына ешбір пайдасы жоқ өлеңдерді әлгі «Сал-сал», «Зарқұм» дағы құл және надан ақындар қосқан»<sup>1</sup>.

Ал, 5-ші бөлікте жыр жолдарындағы көркемдік жетістіктер мен кемшіліктерді қатар ала отырып, салыстырып, нақты мысалдар арқылы өз ойын тұжырымдап отырады: «Абай сынындағыдай тілге жеңіл, жүрекке жылы, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген көркем жыр жолдары деп отызға жуық беттегі өлең кестелерін көрсетсе, елуге жуық өлең жолдарын «кемшіліктері көп, алдағы уақытта түзетілуі тиіс», – деп санамалап көрсетеді<sup>2</sup>. Бұл сөз жоқ зерттеушінің әр өлең жолындағы поэтикалық әлемді жоғары эстетикалық көзқараспен талдағанын, оларға үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарағанын көрсетеді. Әрине, ғылымның өзі инемен құдық қазғандай болса, Ә.Бөкейхановтың осы шағын сын мақаласының өзінде іргелі бір ойлардың, терең ғылыми тұжырымдардың топтасуы, әдеби мұраға, оның көркемдік әлеміне қатысты тың әрі құнды пікірлердің айтылуы зерттеушінің әдебиет қисындарынан жақсы хабардар екендігін танытады. Ә.Бөкейханов «Қобыланды» жырының осынау көптеген

---

<sup>1</sup> Қара қыпшақ Қобыланды. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, Қазақстан. 1994. 307-б.

<sup>2</sup> Сонда. 308-б.

олқылықтарына қарамай баспадан жарық көрісімен тез тарап кеткендігін қуана хабарлай отырып, мынадай ескерту жасауды да ұмытпайды: «... біздің қазақта оқушы бар болғаны. Кітап бастырушы қазақ мәтбуғатын көркейтем десе (бұл жұртқа қызмет қылам деген ерге міндет), қолға не түсті соны баса бермей, жақсы көркем қылып басуды көздеу керек. «Қобыланды» кітабы осы күнде қазақ арасында жайылып келе жатқан қазақ емласына қарамастан, өзге бұрынғы ескі жолмен басылған. Қазақ ішіне көп таралатын кітаптардың қазақ емласымен басылуы біздің рухани мәдениет жолына жақсы болар еді, – деп сол кездегі баспа ісіндегі олқылықтарға да тоқтала отырып, келешекте ескерер кемшіліктерді де еске сала кетеді<sup>1</sup>. Өркениетті елдердегі баспа ісінде басылымның ішкі және тысқы беттерінің жоғары сапалы қағазға басылуына, ондағы әріптердің оқушының қабылдауына жақсы әсер ететініне, әсіресе сауатты басылуына аса көп мән беретінін үлгі ете отырып, қазақтың өз ана тіліндегі баспасы болмай, тілдің осылай шұбарланып, ғаріптің өрескел бұзылуына қынжылыс білдіреді. Бұл да болса халық мәдениетінің, сауатының ашылып келе жатқандығын айқындайтын ғылыми және тарихи дерек көзі.

Ал 7-ші бөлігінде зерттеуші кітаптың мұқабасында басылған батыр суретінің де, оның серігі Тайбурылдың суреті де затына аты сай еместігін, тіпті оны орыс тілді кітаптардан жиендік жасап, көшіріп алған деген өткір сын айтады. Оған автордың: «Кітаптағы ат орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты, шабандығы өгіздің сәл-ақ алдында, жал-құйрығы құшақ айғыр. Жырдағы шын Тайбурыл азбан. Кітапта суреті салынған боз айғырдың бірде-бір мүшесі, жылқылығынан басқа, Тайбурылға ұқсамайды, – деумен қатар мұның қайдан алынғанын нақты дерек арқылы әшкерелеп те береді: «Орыстың үш батырын салған Васнецов шебердің картинасы бар. Бұл ашық хаттың сыртында басылып, 5 тиынға сатылады. Осы орыс батырларының суретіне қарасақ, Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр Добрына Никитичтікі, Қобыланды батыр өзі – Алеша Попович, күн салып қарауы Илья Муромец көрінеді.

Бұл менің жоруым рас болса, Қобыландыны басқан басқарма адасқан. Бұл – ұят. Мұны мәдени жұрттарда ұрлық дейді», – деп әдеби жиендіктің, рухани ұрлықтың жақсы нәтиже бермесін ескертеді (312 б.).

---

<sup>1</sup> Сонда. 310-б.

Сондай-ақ, осы тарауда зерттеуші тағы бір тосын ұлттық әдебиетке өте қажет мәселені көтереді. Ол жыр жолдарында молынан кездесетін топонимика мәселесі. Автор жырдағы аталған жер-су аттарының қай беттерде берілгенін сандық көрсеткіштер арқылы бере отырып, олардың нақтылығын тексеру керектігін ескертеді. Және: «...Қобыланды қайта басқаша мұндағы жер су һәм кісі аттары әліпби тәртібімен кітаптың аяғына басса һәм олар шыққанда кітаптың қайсы бетінде сөз бар екені көрсетілсе, бірінші – кітап тәрбиелі болар еді, екінші – бұл жырдан қазақ тарихына жем іздеген адамдарға онай болар еді. Европада мұндай кітаптар сол ретпен басылады. Ана географическое общество басқан Шоқан кітабы осылай басылған», – деген ойы арқылы кітап басып, шығаруда полиграфиялық сауаттылықты үйренуге, сілтеме берудің әдісін қолдану қажеттігін және тарихи жырлардағы тарихи елді мекендердің атын дұрыс жазу арқылы тарихшы-мамандарға көп ғылыми мәліметтер бере алатынымызды ескертеді<sup>1</sup>.

Ә.Бөкейханов қазақ тілінде тұңғыш басылған «Қобыланды» жырының көркемдік сапасына ғана емес, оның полиграфиялық безендірілуіне де ондағы әрбір суреттің табиғилығы мен жырда бейнеленген кейіпкер кескінінің нанымдылығына да аса жауапкершілікпен қарап, жоғары талап қоя білген. Бұрындары сын мақалаларда мұндай жоғары деңгейдегі теориялық талдаулар байқала қоймайтын. Ә.Бөкейхановтың бұл мақаласындағы әдеби-көркемдік, сыни көзқарастың құндылығы – ана тілімізде жарық көрген ең алғашқы эпикалық жырдың барлық көркемдік, әшекейлік, мазмұндық, тарихилық, сюжеттік, эстетикалық сапаларына егжей-тегжейлі ғылыми-теориялық талдау жасалғандығында деуге әбден болады. Бұл еңбек өзі шығын болса да үлкен бір ғылыми зерттеудің жүгін көтерген қазақ әдебиеті тарихындағы көркем мәтінді әдебиеттанудың өз категориялары арқылы зерделеген алғашқы ғылыми зерттеулердің бірі екендігінде сөз жоқ.

Ендігі бір назар аударарлық еңбектің бірі – Әлихан Бөкейхановтың Е.П.Михаэлис қайтыс болғанда жазылған мақаласы. Абай досының үлкен азаматтығын, күрескерлік жолын үлгі ете баяндаған Бөкейхановтың : «Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше менің көзімді ашқан, маған жанашырлық қылған Михаэлис еді деп айтып отырушы еді («Айқап», 1913, 44 саны)

---

<sup>1</sup> Қара қыпшақ Қобыланды. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, Қазақстан. 1994. 312-б.

деген сөздерін жадымызда сақтауды ескертуі-ұлы ақынның әрбір сөзінің кейінгі ұрпақ үшін ұлағат, құнды тарихи және ғылыми мәні бар мәлімет екендігін ұқтырады.

Көрнекті қоғам қайраткері, көсемсөзші, әдебиетші Ә.Бөкейхановтың әдеби-эстетикалық көзқарастары біздің назарға түсе қоймаған өзге де еңбектерінде айтылған болар. Алайда, теңіздің дәмі тамшыдан танылады дегендей, біз талдаған азғана дүниенің өзінен зерттеушінің телегей теңіз білімі, көркем мәтінді әдебиеттану ғылымының категориялары арқылы теориялық тұрғыдан талдаудың үздік үлгісін танытарлық тәжірибесі бар екендігі аңғарылып, өзінің жаңаша ойлау үрдісімен, тың ғылыми тұжырымдарымен оқырмандарын ойландырады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ә.Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығын толық қамтитын курстық жұмыс жазу.

2. Ә.Бөкейхановтың әдеби-сын зерттеулерінің қазіргі әдебиеттанудағы рөлі қандай?

3. «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырын талдаудағы зерттеушінің ұстанған әдіс-тәсілдері қандай?

4. Ә.Бөкейхановтың шығармашылығын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне көзқарас.

## **Ж. АЙМАУЫТОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ**

Жоспары:

1. XX ғасыр басындағы қазақ сыны және Ж.Аймауытов.

2. 20-30-шы жылдардағы әдеби айтыстар және Ж.Аймауытовтың көркем сын мақалалары.

3. «Психология» оқулығындағы әдеби талдауларға қатысты ғылыми жүйе.

4. Ел арасындағы әдеби мұраларды жинаудағы Ж.Аймауытовтың қаламгерлік, қоғамдық еңбектері.

**Өмірбаяны:** XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері, әдебиетші-сыншы, жазушы, сыншы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист Ж Аймауытов 1889 жылы, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жүсіпбек Аймауытов атындағы ауылда дүниеге келген.

1914 жылы Павлодарда орысша-қазақша екі кластық мектепті, 1918 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген.

Ж.Аймауытов әлем әдебиетінен В.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон т.б шығармаларын, «Интернационал» әнінің мәтінін, бірнеше ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударған. Педагогика, психология, әдістемелік, эстетикалық тәрбие туралы кітаптар жазды. Эстетика, сын, әдебиеттану саласында да бірнеше зерттеу еңбектер жазды.

1918-19 жылдары М.Әуезовпен бірге Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген бүркеншік атпен ұлы ақын Абайдың шығармашылығы жөнінде бірнеше ғылыми зерттеу еңбектерін жазды.

**Әдеби-сын еңбектері:** «Абайдан кейінгі ақындар» (1918, 3-ші санында), «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, 2-ші санында), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923), «Аударма туралы» (1925), «Әдебиет мәселесі», «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», «Көркем әдебиет туралы», «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы», «Мәшһүр аға» т.б.

Сондай-ақ театр, музыка, мәдениет мәселелері жөніндегі мақалалары да баршылық.

Жүсіпбек Аймауытов оқырман көпшілікке «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1928) романдары мен «Күнкейдің жазығы» (1928) повесімен қазақ сөз өнеріндегі психологиялық прозаның көшбастаушысы, талантты жазушы, ал, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесаларымен дарынды драматург ретінде жақсы танымал. Алайда, оның білгір әдебиеттанушы, әділ сыншы екенін екінің бірі біле бермейді. Сондықтан да біз Ж.Аймауытовтың әдебиетші ғалым, сыншы екеніне көз жеткізетін еңбектеріне арнайы тоқталуды жөн санап отырмыз.

XX ғасыр басындағы әдеби процесс негізінен екі бағытта өріс алғаны белгілі. Бірі – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б бастаған көркемдік құндылықтарды мұрат тұтқан демократиялық бағыттағы әдебиетшілер мен жазушылар болса, бірі – таптық көзқарасты ұстанған саяси бағыттағы С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов, т.б сынды әдебиетшілер болды. Міне, осынау үлкен екіұдай көзқарастағы ақын-жазушылар арасындағы әдеби айтыстар бертінге дейін болғанымен уақыт-сыншы көркемдік құндылықтарды ғана қадір тұтқан қаламгерлердің шығармаларын ұрпақтар үлесіне қалдырғанын анықтап отыр. Оның бірден-бір дәлелі

олардың (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б) күні бүгінге дейін көркемдік-танымдық құндылықтарын жоймаған әдеби мұралары.

Соның бірі Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың бір туар перзенті, зиялысы, қоғам қайраткері, талантты қаламгері, әдебиетші-ғалымы.

XX ғасыр басындағы өзге де зиялы қауым өкілдері секілді Ж.Аймауытовтың да оқу-ағарту, ел мен жер, ұлт пен ұрпақ т.б келешегін көксеген қоғамдық-саяси және мәдени-әдеби өмірдегі ең көкейкесті, зәру мәселелерді баспасөз беттерінде жиі қозғап отырғаны белгілі. Ж.Аймауытовтың әдеби өмірге етене енуі 1918 жыл. Оның қазақ әдебиеттануы саласындағы алғашқы еңбектері осы жылдың 4-ақпанында жазушының редакторлық етуімен Семей қаласында айына екі рет араб графикасымен шыға бастаған «Абай» журналынан бастау алса керек. «Жүсіпбек» деп қол қойылған «Абай» журналы жөніндегі» Бас мақаласында ол ұлы ақынның өмірі мен өнерін, қоғамдық қызметін, телегей-теңіз білім-парасатын, ақындық дарыны мен Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген түрлік, поэтикалық т.б. жаңалықтарын жан-жақты баян етсе, оны М.Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдың өнері һәм қызметі» (Абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық шығармашылық зерттеу мақала. «Абай» журналының 1918 жылғы 2 санының 1-3 беттерінде жарияланған. Мақала соңында «Екеу» (Ж.Аймауытов, М.Әуезов) деп қол қойылған. Бұл М.Әуезовтің де еңбегі ретінде (М.Әуезов. Шығ. елу томдық тол. жинағы. Алматы: Ғылым, 1997. 62-67-бб. енген.) және «Абайдан соңғы ақындар» атты ғылыми-танымдық мақалаларында (Бұл мақала жоғарыда көрсетілген «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаланың жалғасы. «Абай» журналының 1918 жылғы 5 санында «Екеу» деген атпен жарияланған. Бұл М.Әуезовтің жоғарыда аталған шығ. 50 томдық толық жинағына енген. Алматы, 1997. 90-96-бб.) одан әрі тереңдей талдап, теориялық тұрғыдан тұжырымдай түседі. Соңғы екі мақаланы М.Әуезовпен бірлесе жазғанымен Ж.Аймауытовтың мақаланы жазып, жариялауда еңбегі зор екендігін ескерусіз қалдыруға болмайды деп есептейміз. Қазақ әдебиетіндегі абайтану саласының да көшбастаушысы бола білген автор ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын, оның өскен ортасы мен ақындық айналасын біршама зерттегені, осы салаға біраз еңбек сіңіргені байқалады.

«Абайдың өнері һәм қызметі» деген мақалада не бәрі 60 жыл ғана өмір сүрген ақын турасында «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-

аджаһаны өртеуге құдай жіберген хақаһаттың ұшқыны Абай туды», – деп, жүрек жарды қуанышпен бүкіл әлемге жар салады<sup>1</sup>. Алайда, өскен ортасы, көрген үлгісі, тоңмойын надандық толқыны көкірегі ояу ақынның жүрегіне жара салып, айықпас дерт дарытқанын:

«...Өткен өмір – қу соқпақ,  
Қыдырады талайды.  
Кім алдады, кім таппақ,  
Салды соны санайды.  
Нені тапсаң, оны тап.  
Жарамайды керекке.  
Өңкей уды жиып ап,  
Себеді сорлы жүрекке,  
Адасқан күшік сықылды,  
Ұлып жұртқа қайтқан ой,  
Өкінді, жолын бекінді,  
Әуре болма, оны қой<sup>2</sup>, –

деген өлең жолдары арқылы ашып, Абайдың надандықпен жалғыз алыскандығын көрсетеді.

Қазақтың жалпақ, қарапайым сөзіне әр, мағынасына нәр беріп отырған Абайдың өлең құрастырудағы қиыннан қиыстырар шеберлігі, тың түрлік, құрылымдық, тәсілдік, көркемдік ізденістері жөнінде де әдебиеттанушы ретінде ғылыми тұжырымдар жасай білгендігі даусыз. Осынау соны стилдік ерекшеліктерді, ішкі рухани әрі бай поэтикалық қуатты дәл тани білген Ж.Аймауытов пен М.Әуезов Абайдың қандай жанрлық түрлерде еңбек етіп, оларға енгізген жаңалықтарын, тың түрлік ізденістерін былайша анықтап береді: «Абайдың ақындық өнері, тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ашы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира), хәм керемет переводшиктік.

Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер басқа ақындардан табыла бермейтін Абайға ғана хас сипат...»<sup>3</sup>.

---

<sup>1</sup> Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым. Т.5. 1999. 122-б.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда. 122-б.

Тума таланттарға ғана тән осындай жан-жақтылық, тереңдік Абайдың адами және ақындық табиғатын танытады. Ж.Аймауытов осы қасиеттерді зерттеуші ретінде ғылыми тұрғыдан талдай отырып, ой қорытады.

Классикалық көркемдік стильді қалыптастырудағы Абайдың өлең өрісіндегі өнегесін айқындау мақсатымен нақтылы талдаулар жасайды. Поэзия поэтикасы, көркемдік стиль мәселелерінің Ж.Аймауытов зерттеуінде ғылыми-теориялық деңгейі жағынан құнды, талдап-бағалау жағынан маңызды екендігіне әрбір жаңа ой-тұжырымдары арқылы көз жеткізе түсеміз.

Өз халқына шын жаны ашыған адам ғана ашына сөйлеп, ащы жаза алса керек. Абайдың мін көргіштігінің сыры да осында болғаны мәлім. Ж.Аймауытовтың талдап отырған өлең жолдары Абайдың сыншылдығын көрсетеді:

«...Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,  
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмассың  
Терең ойдың телміріп, соңына ермей...»<sup>1</sup>.

Міне, осы өлең жолдарында ақын мінді көру үшін, тану үшін ойдың адамы болу керектігін, ақымаққа күнде той екендігін астарлап жеткізеді. Ақынның әрбір сөзі астарлы, тереңнен толғап, философиялық ой түйетіндігін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Абай творчествосының танымдық, көркемдік мәнін, негізгі тақырыптық арналары мен көркемдік ерекшеліктерін, поэтикалық әлемін жан-жақты сөз етеді: «...Сол сөздердің бәрі терең ойға салып толғап жазылған. Ахлақ, адамшылық, дін, халықтың мінезі неше түрлі хақиқаттар туралы жазылған сөздері Абайда пәлсапа қуаты барлығына үлкен дәлел»<sup>2</sup>.

Ж.Аймауытов Абайдың данышпандық белгісі мен кәсіби шеберлігінің сырын ғылыми-теориялық тұрғыдан ашады: «...Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып, ымдасып кететіндігі. Жылдың төрт уақытын қазақтың өмірімен үйлестіріп жазғандары оқып отырғанда сол уақыттарды көзіңмен көріп, денеңмен сезініп отырғандай суретін алдына әкеліп елестетеді. «...Сөзімде жаз бар шыбынсыз», – дегенін

---

<sup>1</sup> Сонда. 123-б.

<sup>2</sup> Сонда. 123-б.

өзінің ақындығына көзі жеткендігімен айтқан»<sup>1</sup>, – деген дәлелді сөздері Абайдың суретшілігіне, шеберлігіне берген жоғары әрі әділ бағасы. Абайтану ғылымының бастауы болған бұл зерттеулер күні бүгінге дейін өзінің көркемдік құндылығы мен теориялық бағасын жойған жоқ. Абай өлеңдерінің көбі ертеректе айтылып, халықтың надандығынан кеңінен таралмай қалғандығына қапаланған авторлар мақала соңында: «Абайдың істеп кеткен қызметі әдебиетімізге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгергі қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақысты, өрнекті болуына лайық», – деп, оның әдебиеттегі өзінің лайықты тарихи орнын, қазақтың кара өлеңінің поэтикалық әлемі мен көркемдік қуатының қалыптасып, өрістеуіне қосқан қомақты үлесін алғашқы зерттеушілердің бірі болып айқындап береді<sup>2</sup>.

Осы шағын мақалада Абайдың аудармашылық, пәлсафашылдық, түршілдік қасиеттеріне жеке-жеке тоқталып, әрқайсысына ғылыми тұрғыдан теориялық талдаулар жасаған қос әдебиетші ғалым: «оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу еместігін, Абай жырына «шаншып алма ащы тіл, ызалы күлкі, кекесін де» тән екендігін, ақын тілінің «қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш. Өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келетіні», ...бұрынғы ақындармен салыстырғанда «қазақ тілін түрлеп, керекке жаратып, түзеген Абай» екендігін ескерте келіп: «Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыннан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шығарды. Өлеңшілдікке өзгеше түр кіргізді. Бұл күнде ақындар Абайдың көп түріне түр қоспақ түгілі, әлі сол түрлерді сіңіріп ала алған жоқ. Көптің бетін бұрып алғандығы – ақындық екпіннің күштілігі. Абайдың өлеңімен пайдаланып, еліктеу әлі қызған жоқ, бірақ мұнан да артық қозып, бірталай заманға шейін бармақ. Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады<sup>3</sup>.

Міне, осы екі ауыз сөзі арқылы авторлар Абайдың бүкіл ақындық әлемін, оның әдебиет әлеміндегі мәңгілік орнын, Абай дәуірін

---

<sup>1</sup> Сонда. 123-б.

<sup>2</sup> Сонда. 126-б.

<sup>3</sup> Сонда. 125-б.

тұңғыш рет анықтап, танытты. Бұл еңбектің ұлттық әдебиеттану ғылымындағы құндылығы осында болса керек.

Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің абайтануға қосқан тағы бір еңбектері – «Абайдан соңғы ақындар» атты мақала.

Бұл мақалада авторлар өз кезеңіндегі өлең жазушылардың күрт көбейіп отырғандығының үш себебін сөз етеді. Бірі – Абай, екінші – «Қазақ» газетасы, үшінші жалпы жұрттың ғылымға бет алуы деп есептейді. Алайда, бұл өлеңшілердің көбеюінен әдебиеттің өсіп, поэзияның көркемдік әлемінің көркейіп тұрмағандығын, оны олардың алдында үлкен мектеп болып тұрған Абайдың шығармашылығымен салыстыра отырып, нақты дәлелдермен талдайды. Олар бұл мәселені көтермей тұра поэзияға, жалпы сөз өнеріне қойылар көркемдік шарт пен талапты анықтап алады: «...Өлең бір мақсатта жұмсалатын құрал болу керек емес. Жалпы еркін, азығы талғаусыз өнер болуы керек. Өлеңге қойылатын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нағыз тіл. Осы айтылған шарттарды түгел сіміріп, төрт табанды, сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ», - дей келе «ақын мен өлеңшінің айырмашылықтарын, Абайдан өзге ақындардың көбінің өлеңі – шеберлеп айтқан кара сөз екендігін, олардың сыршыл әрі тілдерінің шебер, кестелі еместігін өткір сынға ала отырып, келешек ақындардың Абайды алдына поэзияның пірі тұтып, сол талғамнан, сол биіктен көрінсе ғана қазақ поэзиясының көсегесі көгеретінін білдіреді<sup>1</sup>.

Автор бірнеше ақындар өлеңдерінің сыртқы түрі мен қалпына қарап, оларды бірнеше жікке бөліп, қарастырады:

«... 1-ші топқа: Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт хәм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүрегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

---

<sup>1</sup> Сонда. 127-б.

Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе-жортақтатып, құба-жондатып келетін Ғұмар Қарашев», - дей келіп одан әрі олардың әр қайсысының шығармашылық қасиетіне жеке-жеке талдау жасайды<sup>1</sup>. Әр ақынның стильдік және көркемдік ерекшеліктері айқындалады. Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұтта орыс ақындарына еліктеушілік басым екендігін, олардың өлеңдеріндегі ішкі мазмұнға сыртқы кестенің үйлесіп жататынын, ал «аса еліктегіш емес, ақындық беті күшті, түр тапқыш» Міржақыптың кенеттен келген оқиғаны тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап тапқыш, жүйрік қиялды екендігін нақты көркем мәтіндерді зерттеп, саралау арқылы айқындайды.

Авторлар енді А.Байтұрсыновтың ақындық әлеміне де тереңдей тоқталып өтеді. «...Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана айналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімін, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі», - деп, оның бүкіл шығармашылығының поэтикалық әлемін, қаламгерлік қасиетін, даралық шеберлігін, көркемдік ерекшелігін аз сөзбен ашып көрсетіп береді.

Халықшыл ақындардың ішінен Сәбит Дөнентаевты бөле отырып, оның ақындық қабілетін былайша айқындайды: «Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді. Аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде көңілге тақ еткізе түсетін тапқыштық, салыстырғыштық, сыншылдық, аса терең болмаса да, төрт тағандап түсетін нығыздық бар»<sup>2</sup>.

«Екеудің» ендігі бір ерекше тоқталған ақыны, Абайдың тікелей шәкірті әрі бауыры болған – Шәкәрім. Шәкәрімнің ақындық өнерін өзгелерге өнеге қыла отырып, онда да олқылықтың бар екендігін, онда кәсіби шеберліктің жетіспей жатқандығын ескертеді: «...Бірақ терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып

---

<sup>1</sup> Сонда. 129-б.

<sup>2</sup> Сонда. 130-б.

әкетіп, оқушыны тез жалықтыратын қалпы бар. Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұнамды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді»<sup>1</sup>.

Авторлар ақынның шеберлігін шындау барысындағы көркемдік ізденістеріне, түрлік талпыныстарына да тоқталады.

Бұдан соң да авторлар Бекет Өтетілеуов, Ғұмар Қарашев, сынды ақындардың шығармашылығындағы стилдік, көркемдік өрнектері мен міндерін салыстыра отырып мынадай қорытынды жасайды: «... Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қиқым-сиқымды балаларға алдап сатып, тыға беретін. Әдебиетке қызмет қылуды әркім-ақ тілейтін шығар; бірақ қолдан келмейтін нәрсенмен қызмет қыл деп әдебиет қыстамайды; өлеңнен өзге ертегі, жұмбақ, тақпақ, қара сөзбен қызмет етуге болады. Шамасы келетін де, келмейтін де өлеңге жұмылғандық – бәрі бірдей не тойшы болғандық, не қойшы болғандық»<sup>2</sup>.

Бұл әдебиетші ғалымдардың ақындық қабілет пен шеберлікке көркемдік талаптың қатаң екендігін, «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, оған әркімнің таласы болғанымен» талантсыздың табан тірер табалдырығы еместігін қатаң ескертеді.

Ендігі ерекше тоқталатын Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан көлемді зерттеу еңбегі – «Мағжанның ақындығы туралы» (Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндама) атты мақала. Бұл еңбек Мағжан секілді күрделі ақынның шығармашылығы сирек кездесетін көркемдік құбылыс екендігін, оның ақындық әлемін тереңдей зерттеу келешек ұрпақтың үлесінде екендігін қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш сөз еткен зерттеу.

Мағжанды байшыл, ұлтшыл, кертартпа ақын деген жалған жалалардан арашалап, сол солақай сындарға дұрыс баға беру мақсатында жасалған баяндама күні бүгінге дейін өзінің өткір ойларын, көркемдік-эстетикалық құндылықтарын жоймағандығын дәлелдеп отыр. Бұл, сөз жоқ шын талант қана талантты танып, мойындай білетіндігін, олардың ұсақтықтан, пендешіліктен жоғары болатынын аңғартса керек. Ж.Аймауытовтың: «...Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек», – деуі шын мәніндегі

---

<sup>1</sup> Сонда. 130-б.

<sup>2</sup> Сонда. 131-б.

кеменгерлікті, қарапайымдылықты танытса керек<sup>1</sup>. Солай жаза отырып, Мағжанның ақындық әлемін, адами болмыс-бітімін, өзгелерге ұқсамайтын стилдік өрнегін, көркемдік ерекшелігін кәсіби әдебиеттанушы ретінде жан-жақты талдап, таныта білгендігін бүгін айтпасқа да мойындамасқа болмас. Және Жүсіпбектің өз замандасының өмір мен өнердегі тағдырына деген жауапкершілігі де назар аудартпай қоймайды. Мәселен, ол: «...Кеңінен толғамай, шұғылдан істелген жұмыс өңсіз, үстірт болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, ноқатын, тәститін қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек (материал керек), ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу (изучать ету) керек,» - деген болатын<sup>2</sup>.

Әлемдік рухани өмірде жиі орын алатын ортақ олқылықтың бірі – дарындарды дер кезінде бағаламау жөніндегі Ж.Аймауытовтың пікірі өте әділ екендігін де байқаймыз: «Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. Алтынның қолда барда қадірі жоқ. Замандастар, тұтастар әділ болуы қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбіне ақынды жақтаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін. Біз де сол көптің біріміз»<sup>3</sup>.

Мұндай мойындау, ащы да болса осылай ағынан жарылып ақиқатты айтуға үлкен жүрек, биік парасат, кісілік керек. Ж.Аймауытов айтып отырған ақиқат адамзат жаратылғалы бері жан сырқатымыз болып сыралғы серігімізге айналып келеді. Өмір мен өнердегі білім мен тәжірибесі теңесіп, парасаттылық пен кеменгерліктен кенделік көрмесе де кейбір үлгі тұтар тұлғаларымыз бен таланттыларымыздың кейде пендешілігі ұстап баспасөз бетінде бірінің бетін бірі аймандай етіп айқасқа түсіп, жылдар бойы жинаған абыройынан әп-сәтте айрылып, аласарып жатқанда осындай арыстарымыздың әлгіндей қарапайым сөздерін мың қайтара оқыса ғой шіркін дейсіз. Сондай сәттерде ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының (оның ішінде де тек талантты тұлғалардың) бірін-бірі бағалауы, танып, табынулары мен өз ұлтына, ана тіліне, сөз өнеріне деген қалтқысыз адалдықтары, жауапкершіліктері бізге үлгі болса дейсіз.

---

<sup>1</sup> Сонда. 144-б.

<sup>2</sup> Сонда. 144-б.

<sup>3</sup> Сонда. 144-б.

Осындай ойлы, талғамы мен талдауы, бағасы мен сыны да жоғары дәрежеде көрінген баяндаманы да қарапайымдылықпен «Мағжан сөздері туралы пікір алысу деп қана қарау керек деген Ж.Аймауытовтың баяндамасын біз бүгінде бір монографиялық зерттеуге бергісіз құнды еңбек», – деп батыл айта аламыз. Өйткені, Мағжан поэзиясының поэтикалық қуатын сол кезеңнің рухымен сезініп, қатты сын толқынына тойтарыс берердей шабытпен, кәсіби білгірлікпен жазылған ащы шындық ғылыми негіздегі нақты дәлел. Теориялық тұжырым, бізді еріксіз осындай ойға тірейді.

Ж.Аймауытов Мағжан поэзиясы жайлы сыр шерте отырып, сол кезеңнің рухани әлеміндегі бүкіл көкейкесті мәселелерді де қозғап отырады. Осы орайда, ол – «Әдебиет сынмен көркейді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын күзеп жіберсе, көрікті болып жүткініп шығады. Әдебиетке де сондай күтім, сондай сын керек. Өсіресе әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек буыны қатады, ер жетеді, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады»<sup>1</sup> – дейді. Шынында да әділ сын, шын жанашыр сөз ғана барымызды бағалап, жоғымызды жоқтай алмақ. Сондықтан да автор ақын поэзиясын зерттеуде таза ғылыми-теориялық талдауды ұстанады. Осыдан келіп «Маркс не дейді?» деген үлкен тарау туады. Мұнда автор Маркстың ...сананы, пікірді тұрмыс билейді» деген сөзін басшылыққа ала отырып, кез-келген адам өз заманының, ортасының жемісі екендігін еске салады. Осы орайда көптеген ғылыми-теориялық салыстырулар арқылы өз қорытындысын жасайды. «...Өзгелерден гөрі әлеуметтің мұнын баса жоқтайтын ақын болу керек. Өйткені ақын қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді»<sup>2</sup>, – деп ақын образын, яғни лирикалық кейіпкердің шығармашылық тұлғасын жасайды. Луначарскийдің көп пікіріне сүйене отырып, ақын атаулының табиғатын ашады, оның мақсат-мүддесін, портретін, кәсіби міндетін, адамзат алдындағы парызын т.б пайымдайды. Міне, осы талап тұрғысынан Мағжанның табын, шыққан ортасын, заманын талдайды. Мәселен, Мағжанның Үпіндегі татар медресесі Ғалияда оқуы түрікшілдік, исламшылдық

---

<sup>1</sup> Сонда. 145-б.

<sup>2</sup> Сонда. 146-б.

рухта тәрбиелесе, патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты еріксіз елдің ұлтшылдық сезімін тудырды, орыстың учительский семинариясында оқып, орыс әдебиетімен сусындауы, дарашыл ақындарды дәріптеуінен идеализмге ұрынуы т.б бәрі оны ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болуына алып келді... Олай болып шықпаса мүмкін емес. Ж.Аймауытовтың ғылыми әдістемесі әйгілі француз жазушысы, әлемдік ғылыми ортада жақсы танымал зерттеуші Умберто Эконың «Поэтика Джойса» деген (Санкт-Петербург) еңбегінде Джойстың жас кезінде қандай ортада өскен, қандай кітап оқығаны, қандай білім алғаны т.б. жөнінде айта келіп, оның жазушының сана-сезімін қалыптастырудағы, жазу техникалары мен баяндау тәсілдерін менгерудегі ықпалдарын айта келіп: «Однако в эти годы намечаются три главные линии влияния, которые мы обнаружим во всех творчестве Джойса и в его концепциях искусства... Эти три влияния будут неизменно сказываться на всем дальнейшем развитии Джойса. Хотя горы прочитанных книг, разнообразие интересы, внимание Джойса к великим проблемам современной культуры (от глубинной психологии до физической теории относительности) позволят ему открыть новые аспекты вселенной (и в этом смысле очевидным образом повлияют на определение его поэтики), но отряжутся они скорее на его памяти, нежели на его *forma mentis* при обретенный багаж познаний совокупность новых данных все это будет расплавлено и растворено в свете культурного и морального наследия, накопленного в юности», – деген сөзі Ж.Аймауытовтың Мағжан шығармаларындағы түрікшілдіктің, жан бейнелегендіктің ескішілдіктің ұрығы қайда жатқандығынан хабардар етеді<sup>1</sup>. Оның бұл тәркінін зерттеуші заман ағымынан іздейді<sup>2</sup>.

Біріншіден дейді автор: «Ақын қандай әлеумет ортасында туып, қандай ортада жүріп тәрбие алды? Қандай тұқымнан, қандай топтан жаралды? Оның пікірі де сол әлеуметінің құрылысына байланысады. Әлеумет құрылысының негізі не? Негізі – адамның тіршілік ететін кәсібі, шаруа түрі». Екіншілен, «Адамның пікірі қай уақыт та өзгереді. Әлеумет құрылысы, әлеумет ортасы өзгерсе», - дей келе мынадай қорытынды тұжырым айтады: «Олай болса, әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының

---

<sup>1</sup> Умберто Эко. Поэтика Джойса. Перевод с итальянского Андрея Кавалы. Симпозиум. 2003. С. 17.

<sup>2</sup> Сонда. 146-б.

тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жок» (146 б.).

Сондықтан да Мағжан шығармашылығы өз кезеңіндегі қоғамдық, саяси, әдеби, жалпы руханият кеңістігіндегі ең ізгі көзқарастарды танытады. XX ғасыр басындағы өнер мен өмір, символизм мен реализм, классикалық әлем мен бүгінгі әлем бәрі де Мағжан шығармашылығындағы көркемдік әлемге тән құбылыс болды. Олардың бәрі ақын шығармашылық тұғырнамасын танытты. Міне, осынау дарашылдықтың сырын Ж.Аймауытов өзі де талантты тұлға әрі сол кезеңнің ұрпағы ретінде дәл танып, теориялық тұрғыдан дәлелдеп дәйектейді. Аймауытовтың бұл зерттеуінің құндылығының өзі ақын шығармашылығы жөнінде үнемі жаңсақ пікірлер айтып, жалған паймдауларға ұрынып жүрген жалпы оқырмандардың, әсіресе жастардың ғылыми нақты дәлелді пікір қалыптастыруына, адасушылықтан айығуға жөн сілтеуінде болса керек.

Сондай-ақ бұл мақала сол өтпелі кезеңдегі мәдениет пен әдебиеттегі шығармашылық психологиялық құбылыстарды зерттеуімен де бағалы.

«...Кез-келген шығармада ақынның өзі көрінбесе де ойы сезілері ақиқат, автор өз шығармасына өзі қожа. Ақынның қасиеті – заманға жаңғырық, әлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) қалдырып отыруында?»<sup>1</sup> (152-б.). Мағжан да өзге ақындар секілді өз заманының жыршысы, қателігі болса да, жақсылығы болса да сол заманның қолтаңбасы. Өйткені, ақынның сөзі әлеуметіне байлаулы, ақын әлеуметтің жасап шығарған адамы.

Ж.Аймауытов Мағжанның әр өлеңінің өзегін осылай жете зерделей отырып, оның тақырып арналарын анықтап, қандай бағытта нені көксеп жазды деген сауалдарға жауап іздейді. Әр кезеңнің талабы ақын жүрегіне салмақ салып, өз сөзін айтуға мәжбүр етіп отырады. Адамзаттың өзінен бастап оның әрбір әдеби мұрасы сол кезеңнің рухани шежіресі. Ақынның кемшілігі де, артықшылығы да міне, осы тұста айқын көрініп отырады. Сыншылардың Мағжанды біржақты сынаулары оның түпкі сырына, тамырына бармай бетінен, өлеңдерін үзік-үзік алып, үстірт қарастырғандықтан деп білуіміз керек. Ал, Ж.Аймауытов болса, әр өлеңнің қай кезеңде, қандай жағдай да, қандай көңіл-күйде өмірге келген деген сауалдар төңірегінде кеңірек толғанады. Оған мына сөздер дәлел: «...Азамат, анау қазақ қаным десең,» - деп азаматты елін қорғауға шақырды. Осы бағытпен келе

---

<sup>1</sup> Сонда. 152-б.

жатқан Мағжанның маңдайына «Октябрь төңкерісі тақ ете түсті. Ұлт ұранын көтерген ...Алашорда», алашордашылар қашыпты, пысыпты. Саясат майданынан табаны ауды. Мағжан бұрынғы сенімнен, бұрынғы жолынан айрылып, дағдарып қалды»<sup>1</sup>, - дейді. Міне, осындай тоқырау үстінде жаңа жол іздеген ақынның қолына түскен алданышы түрікшілдік бола кетті. «...Бара-бара Мағжанға түрікшілдік те тар ауданды көрінеді, ол күншығыстың – Азияның ақыны болып, Европамен, Батыспен араздасады...». Бұл пікірге ауғаннан бері Мағжаннан «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Ақсақ Темір», «Түркістан», «Жер жүзін топан басса екен», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы» сықылды өлеңдерді көреміз»<sup>2</sup>. Әр өлеңнің өз тарихы, мұңы, тағдыры бар екендігін айтады. Ал, ақынның сарыуайымшылдыққа, пессимизмге берілуінің себебін төңкеріс пен 1921 жылғы ашаршылықты қазақ көтере алмай жоғалып кете ме деген қауіптен кейінгі туған өлеңдерінде өрнек алғандығын айтады: «...Бұл жағынан қарасақ, ...Мағжаным, уайымшылысың деп кінә қоюға болады. Бірақ оның табиғаты сондай нәзік, болмашы нәрсе оны жабықтырады, болмашы нәрсе қуантады, оның сезімді жүрегі, ұшқыр қиялы ұжмақ сынды сәулетті (идеальный) өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмысқа, сұр өмірге қанағат етпейді », - дей келе әдебиет тарихын зерттеушілерге мәлім болғандай осындай екі дәуір алмасқан аласапыран кезеңіндегі ақындарда мұң-зардың, торығудың сарыны болатыны заңды, табиғи құбылыс екендігін ескертеді<sup>3</sup>. Және: «...Міне осындай көшпелі дәуір басталарда, адам көзін сүзіп, жабыққан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр...»<sup>4</sup>, - деп ақын жырында байқалған жаңа сарынның сырын ашады. Мағжанның даланы, елді, еркіндікті аңсаған жырлары – көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсірді.

Қазақ әдебиетіндегі романтизм дәуірінің аяқтануына көп көмек көрсеткен Мағжан сол кезеңдерде қазақ зиялылары ұлттың келешек қамы үшін деп қолға алған ел арасындағы әдеби мұраларды жинауға бір кісідей атсалысып, Ақан сері, Базар жырау, Шәңгерейлердің т.б шығармаларымен сусындайды. Міне, осы тұста Мағжан шығармаларында ескі заманды аңсау аңғарылып, «Ертегі», «Қорқыт», «Баян» т.б секілді романтизмге толы туындылары туады. Дегенмен

---

<sup>1</sup> Сонда. 153-б.

<sup>2</sup> Сонда. 153-б.

<sup>3</sup> Сонда. 157-б.

<sup>4</sup> Сонда. 157-б.

ақындық қуаты мен білім-парасаты мол Мағжан елдің келешегі білімде екендігін мойындап, Абай, Ахмет, Міржақыптардың жолын қуып халықты өнер-білімге шақырады. «Мағжан сондықтан мәдениетшіл романтик болды.» - дейді Ж.Аймауытов.

Сондай-ақ Ж.Аймауытов Мағжан өлеңдеріндегі көп сарындардың орын алу себебі де еліктеушіліктен екендігін нақты дәлелдер арқылы анықтап береді: «...Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм), романтизм болады»<sup>1</sup>.

Бұл сарындардың бәрі Мағжанның қазақ поэзиясына алып келген әдеби жаналығы, түрлік, көркемдік құбылыстары еді. Оларды қазақтың кара өлеңіне қосу үшін ақын көптеген көркемдік ізденістерді бастан кешірді. Ол жөнінде Аймауытов былай дейді: «...Жазу жолында бейнешілдердің негізгі әдісі – ишарамен, бейнемен түсін бояп, көлеңкелеп жазу, олар төңіректегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір ұйқастық іздейді. Сөздің ішкі маңызында көбінесе, сыртқы ұйқасына, тізіліміне, ырғағына көбірек назар салады...», - дей келе осы тұрғыдан ізденген Мағжанның шығармаларында астарлап бейнелеу, үнді, әуезді, зарлы күйдің көп орын алып, дыбыстардың құрылуы сурет туғызатынын т.б түрлік ізденістерді атап көрсетеді<sup>2</sup>.

М.Жұмабаевтың ақындық шеберлігін, оның поэтикалық әлемін жан-жақты зерттеген әдебиетші: «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ...»<sup>3</sup>, - деп, ақынның қазақтың кара өлеңіне қосқан қомақты үлесін айқындап береді.

Мағжан еліктегіш ақын дегендерге зерттеуші: «Ол еліктесе, сыртқы түріне, тамаша еліктейді, ішкі мазмұны, ішкі сыры өзінікі болып отырады»<sup>4</sup> - деп ғылыми негізге сүйене отырып, тұжырымды тойтарыс береді.

Және Ж.Аймауытов Мағжан творчествосының тақырыптық арналарын, мазмұндық сарынын жүйелеумен қатар осы еңбегінде поэзияның поэтикалық күш-қуатын, стилдік ерекшеліктердің де аражігін айқындауға көп мән береді.

---

<sup>1</sup> Сонда. 159-б.

<sup>2</sup> Сонда. 159-б.

<sup>3</sup> Сонда. 160-б.

<sup>4</sup> Сонда. 163-б.

«...Мағжан – сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті... Бұл – Мағжанның ақындық келбеті, табиғаты»<sup>1</sup>. Автор Мағжан не жазса да жанымен, жүрегімен жазатынын, сондықтан да оның жырлары жүрекке жетіп жататынын, ол ешқашан құрғақ, жабайы жырды жаза алмайтын тума талант екендігін кестелі көркем дүниелері арқылы дәлелдеп жазады. Мағжан поэзиясының көркемдік әлемін тереңдей талдап, жан-жақты зерделей білген Ж.Аймауытов: «...бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қапырығы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады»<sup>2</sup>, - деп ой қорытады.

Сондай-ақ, Мағжанның өзінен кейінгілерге берер үлгі-өнегесі бар, өзіндік өнер мектебі қалыптасқан дара ақын екендігі жөнінде қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет ой қозғаған Ж.Аймауытов былай дейді: «...Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, соңынан шәкірт ереді, әдебиет жүзінде жаңа жол (школ) ашады... Осы күнгі өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің не сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды. Кім өлең жазса, Мағжан сөзінен бірдемені алмай қоймайды... Бұл сөздерімнің бәріне дәлел келтіріп, әр ақынның өлеңдерін жазуыма болады»<sup>3</sup>.

Сөз өнерін қадір тұтқан ақын үшін мұнан артық бағаның (өзі көзі тірісінде) қажеті де шамалы. Замандастардың мойындауы, бардың бағасын біліп, бағалауы, тума таланттардың бірінің-біріне деген адалдықтары осындай-ақ болар. Мағжан поэзиясының көркемдік әлемін тереңдей талдауға білім-дәреже жетпейді деп арық сөйлеп семіз шыққан Ж.Аймауытов осы шағын еңбегі арқылы шын жанашырлықтың, таза талантқа деген қалтқысыз құрмет пен табынудың, танудың биік үлгісін көрсете білді.

Шынында да Ж.Аймауытовтай М.Жұмабаевтың парасатты поэзиясының поэтикасы мен стилдік ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіне қосқан қомақты үлесін, қазақ өлеңін құбылтып, өркендетудегі өзіндік қолтаңбасын айқындап берген әдебиет зерттеушісі сирек десек артық айтқандық емес. Осы шағын мақаласымен-ақ қазақ әдебиетіндегі мағжантану ғылымының тұсауын кесіп, іргетасын қалап кеткен Ж.Аймауытов тарапынан Мағжан шығармашылығы ғана емес өзіне қауіп төніп тұрған қиын-қыстау кезде еш жасқанбай ерлікке баруын

---

<sup>1</sup> Сонда. 168-б.

<sup>2</sup> Сонда. 168-б.

<sup>3</sup> Сонда. 170-б.

шын жанашырлық, нағыз талантқа деген ұлы қамқорлық екендігін естен шығармаған жөн.

Қысқа әрі нұсқа, нақты әрі дәлелді сөйлеудің де тамаша үлгісін көрсете білген Ж.Аймауытов М.Жұмабаевтың қазақ әдебиетіндегі өзінің лайықты тарихи орнын да осы мақаласында анықтап, рухани ескерткіш орнатты. Қазақтың сөз өнері әлемінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп (школ) ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан. Мағжан тыңнан 8-9 жаңа өлшеу туғызды, бәрін бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары бел», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де», «Өлім әлдиле», «Күншығыс», тағы басқа өлеңдері Абай өлшеуішінде жоқ.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, атап айтар болсақ, орыстың символизмін (бейнешілдігін) алғашқылардың бірі болып қазаққа алып келді, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты.

«...Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын. Әлі де болса оның ақындығы, еңбегі алдында. Ол – күшті ақын. Күшті ақын өмірінде талай өзгеріске жолығады. Пікір жүзінде жаңалықтар табады. Мағжан да өзгеруге мүмкін»<sup>1</sup>.

Бұдан артық баға, одан артық талдау, таныту болмас. Ж.Аймауытов Мағжанның бүкіл кемшілігін көрсете отырып, оның ұлы ақын екендігін мойындата білген әдебиетші, жан-жағынан жала жауып, жалмағысы келген жалақорларға әрі оны оны терең тануға әлі білімі де, тәжірибесі де жете қоймаған ақ пен қараны ажырата алмай бірде жауы, бірде жанкүйерлері болып жүрген жастарға Мағжанның қандай ақын екендігіне көз жеткіздірген де осы мақаласы екендігі белгілі. Міне, бұл еңбектің бүгінгі қазақ әдебиетінің тарихы, мағжантанудағы маңызының зор екендігі осында болса керек.

Ж.Аймауытов өз заманының өкілі болғандықтан зиялы қайраткер ретінде қоғамның рухани өміріне көз жұмып қарай алмаған. Ол қоғамдағы болып жатқан барлық өзгерістер мен құбылыстарға қырағылықпен көз салып, өз пікірін білдіріп қана қоймай, белсене атсалысып та отырған. XX ғасыр басындағы қоғамдық жаңа құрылыс, ондағы әрбір әлеуметтік, рухани өмірдегі өзгерістер жайлы, атап айтқанда жер, саясат, тіл, әдебиет, өнер, мектеп т.б толып жатқан

---

<sup>1</sup> Сонда. 171-б.

мәселелер жайындағы көптеген еңбектері соның дәлелі. Соның бірі – «Әдебиет мәселесі» (Талқыға) деген мақаласы. Онда автор әлеуметтің зор құралы болып табылатын әдебиеттің арғы-бергі тарихын қопара отырып, ендігі әдебиеттің бағыты, рухы қандай болуы керек деген мәселе төңірегінде бірнеше сауалдар тастай отырып, ой қозғайды. «Бұл сұраулардың әрбіріне бірер мақала жазып, толық тексеру керек, тарихи, ғылыми негіз беру керек, белгілі пікір ұсынып, оны талқыға беру керек дей келіп: «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндікті тілейді Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, арғы-бергісін, жақсы-жаман жағын түгел тексеретін, көз алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғалым иесі де болу керек», – деген пікір айтады<sup>1</sup>.

Ал, «Көркем әдебиетті саралау» деген мақаласында әдебиеттің, сөз өнерінің жалпы адамзатқа берер тағлым-тәлімі, сезімдік әсері, тәрбие құралы боларлықтай құны жайлы көкейкесті мәселе қозғай келе қазақ әдебиетіндегі жақсы мен кері сарындар жайлы ой қозғайды. Әдебиеттегі жаман мен жақсыны, көркем әдебиетті, таза поэзиялық шығармалар мен өлеңсымақтарды сынай отырып, оларды жаңаша көзқараспен саралайды. Баспасөз беттерінде жарық көрген өлеңдерді, әсіресе адамға ешқандай эстетикалық ләззат, рухани әсер бермейтін шалдыр-шатпақ өлең шумақтарын өткір сынға алады. Мысалы:

«Мен – жалшылардың зеңбірегімін,  
Олай да, бұлай да атамын» –

деген сияқты таптықты алға тартып, ешқандай мән-мағынасы не көркемдігі жоқ сөз тізбектерінен тез арада арылудың жолын қарастырады. Оларды бақылап, сынап, жөнге салудың жолын қарастырмаған жазушыларға, сыншыларға мынадай ұсыныс-талап қояды: «...Өлең мен жарамазан, өнер мен жаман-жасқай араласып, әдебиетті коқытып жібермес үшін газет-журналдар баспа бетіне түскен сөздерді саралап, қылшықтап, тазалап отырғаны жөн болар еді. Жалаң өлең емес, қара сөзбен жазылған әңгімелер де тексерілген жөн. Жақсы сөз қайсы! Неліктен жақсы! Жаман неліктен жаман! Бұл – ескерілетін

---

<sup>1</sup> Сонда. 204-б.

нәрсе»<sup>1</sup>. Міне, осы талапты әрбір қолына қалам алған адамның алдына үлкен міндет, жауапкершілік етіп қояды.

Ж.Аймауытов өзі де сынға белсене араласа отырып, әріптестерінің де белсенді болуын талап етеді.

Сондай-ақ, XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз бетіндегі әдебиет мәселелері төңірегіндегі қызу пікірталастар тудырып, әдеби мұраларды жинауға деген жанашырлық танытуда және өз замандастарының шығармашылығы жайында жылы лебіз білдіруде т.б Ж.Аймауытовтың белсенділік танытқанына куә боламыз. Осы орайда оның сұлтанмахмұттануға қосқан үлесі қомақты екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен, «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар» және «Торайғырұлының жиналған сөздері» атты Ашық хат жазып, үндеу тастауы соның айғағы болса керек.

Бірінші хатында Қазақстан оқу комиссариатының әдебиетті дамытуға, оқушылардың ақыл-сезіміне сусын бергелі қазақ ақындарының сөздерін жинап, бастыруға кірісіп отырғандығын, осы орайда С.Торайғырұлының сөздерін жинап, бастырып, реттеудің өзіне жүктелгендігін айта келіп, бес тармақтан тұратын ұсыныс, тілек жазады. Онда Сұлтанмахмұт өмірін, өлеңдерін, жазған хаттарын, газетте жарияланған мақалаларын т.б бәрін түгелдей атай отырып, осындай игілікті істі көбейтіп, жақсы ақындардың ел арасындағы таралымдарын жинап алу жөніндегі пікірін ортаға салады. Осы жөніндегі өркениетті елдердің істерін үлгі етіп алға тартады. Ал, екінші Ашық хатта осы аз ғана мерзім ішінде жиналған ақын шығармаларының, оның ішінде ұзын өлеңдері, яғни поэмаларының бесеуін, уақыт өлеңдерінің 42 екенін, қара өлеңдері, яғни қара сөз, мақалалары мен жазған хаттары жиналғандығы жөнінде есеп бере отырып, әлі де ел ішінде 20-дан астам өлеңдері, «Қамар сұлу» деген романы болғандығын, соны іздеуге атсалысуларын сұрайды. Сөйтіп, осы екі хаттың нәтижесінде С.Торайғырұлының көптеген әдеби мұраларының жиналуына септігін тигізеді.

«Сұлтанмахмұт Торайғырұлы» атты көлемді зерттеу мақаласында алдындағы ашық хат арқылы жинаған ақынның мол мұрасына, оның өзінің өмір-шежіресіне, шығармаларына тоқталып, жан-жақты ғылыми талдау жасайды.

«Сұлтанмахмұт Торайғырұлы» атты жеті беттік тағы бір көлемді мақаласында ақын өмірінің соңына дейінгі өмірбаянынан,

---

<sup>1</sup> Сонда. 206-б.

шығармашылық жолынан толық мәлімет беріледі. Онда өмір деректері шығармаларындағы көркем деректермен салыстырыла баяндалады.

Өйткені зерттеуші ақынның өмірбаянын жетік білмей оның дүниетанымына, шығармаларының ішкі әлеміне ену мүмкін еместігін жақсы білген.

«Әдебиет мұралары» атты мақаласында да автор С.Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп т.б секілді сөз өнері өкілдерінің ел ішінде жиналмай жатқан әдеби мұраларын жинау жөнінде оқу комиссариатының атына 4 бірдей ірі, нақты ұсыныс жасай отырып, оны жинап, бастырудың жолдарын көрсетеді.

Сондай-ақ, осындай мазмұнды еңбектің бірі – «Мәшһүр аға!» атты хат. Мұнда Ж.Аймауытов Мәшһүр Жүсіпке бірнеше тақырыптарды ұсына отырып, солар жөнінде әңгіме, жыр жазыңыз деп қолқа салады. Әр жылдары жазған өлеңдеріңізді, қолжазбаларыңызды жинап жіберіңіз, баспадан шығарайық, сөйтіп елге мұра етіп қалдырайық деп ұсыныс жасайды. Орта жүздің шежіресін жасасаңыз ол да халыққа қажет дейді.

Міне, осындай мазмұндас мақаланың бірі – тағы да «Әдебиет мұралары» (Ұсыныс ретінде) деп аталады. Мұнда да автор осы күнге дейін ел арасында ауызша таралып жүрген әдебиет мұраларын жинауды тез қолға алмаса олардың енді ұзақ жасай алмайтынын айтып, оларды біржолға жоғалтып аламыз деп қауіп айтады. Әсіресе, көпті көрген шежіреші қарттардың қатары сиреп бара жатқанын, соның бірі 70-ке келген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екендігін, оның айтыстарды, шежірені, хан, би, батыр, шешен, жұмбақ, қара өлең, тақпақ, жар-жар, беташар, ай, жыл, күн аттары, ескі тұрмыс суреттері, ырым-жырымдарды жақсы білетіндігін айта отырып, сондай жандардың бар білгендерін жинап, бастырудың қажет екенін дәлелдейді. Сөйтіп, төрт тармақтан тұратын ұсыныс жасайды. Негізі, әдебиетке де, театр өнеріне де рухани азық, нәр беріп отырған осы ел аузындағы ескі әдеби мұралар екендігін Ж.Аймауытов әр мақаласында жан-жақты түсіндіріп отырған. Өзі де қазақ халқының ғасырларға ұласқан рухани мол мұрасын жинауға үлкен үлес қосқан, әрі соның жанашыры болған қазақтың бірден-бір қайраткер ұлы, қаламгері болды.

«Көркем әдебиет туралы» (Айтыс ретінде) деген мақаласында сол кездері баспасөз беттерінде болып жатқан әдеби айтыстарға байсалды түрде байыптаулар жасай отырып, салиқалы сөз айтады.

XX ғасыр басында мерзімді баспасөздерде ақын-жазушылардың шығармашылығы жөніндегі әдеби айтыстардан гөрі олардың таптық

көзқарастарын анықтау ретіндегі жөнсіз, бітпес, бос даурықпа айтыстар орын алғаны әдебиет тарихынан белгілі. Осынау даудың аяғы бір-біріне саяси жала жауып, өз іштерінен жау іздеуге жалғасқан әдеби айтысқа әсіресе, Сәбит, Әбдірахман, Қошке т.б сынды әдебиетшілердің сөз сайыстарына арнайы тоқталады.

Қазақ әдебиетінде үлкен пікірталас тудырған нағыздық (реализм) пен төңкерісші сарындамалық (романтизм) бағыттарының себеп-салдарына, олардың ұлттық әдебиеттануда туу, орнығу жайларына сауатты түрде теориялық тұжырымдар тұрғысынан түсінік береді. Ол әдебиеттің бағытына реңк беретін маңызды себепкерлердің (фактор) 6 түрін атай отырып, олардың әрқайсысын әдебиетші-маман ретінде нақты дәлелдермен жүйелеп береді.

«Мәдениеті марқайған ел – асарын асап, жасарын жасаған ел, нешелер дәуірді басынан кешіріп, ой көзін өсірген ел; қиядан қияға, тереңнен тереңге, жаңа пікір, жаңа өнер, жаңа тұрмыс табуға құлаш сермеген ел – табиғат сырын дендеп білген, табиғатты жеңген ел... Мұндай елдің қиялынан да ақылы күшті болады. Міне, мұндай елдерде биттей де қатып-піскен, кемеліне келген нағыздық (реализм) түрін көбірек қолданады<sup>1</sup>, - дей келе, қазақ әдебиетінде орын алған романтизмнің түп-тамырын халықтың таным-түсінігінен іздейді. Мәселен, ...Мәдениеті көпей ел дүниені, табиғатты білім жолымен, ақылмен өлшеп танымайды: жорумен, аңыз қылумен таниды; ...Мұндай елдің ақылынан қиялы басым келеді. Қазақ міне, әлі осындай ел...

...Қазақ кешегі заманға шейін хандарға, билерге, батырларға, болыстарға бағынып, соларды – «жақсыларды» – жыр қылып келіп отыр... Әлеумет құрылысы мұндай болудың, бір адамға бағынудың әсері халықтың жан әлеміне (психологиясына) да терең із қалдырады... Әлеумет құрылысы қандай болса, халықтың ой-жүйесі де, жан қалпы да соған ылайықтанып, икемденіп, қалыптанады. Жаңа жұртшылық әлі қалыптана алмай жатыр. Бұрын жеке адамға бағынған дарашылдық пікір үстем болса, енді көпшілдік, тапшылдық пікір туып отыр... Мұның бәрі әдебиетке әсер еткен, етіп отыр, етпек. Әдебиетке тағы да әсер етуші себепкерлер бар, - дей келеді де, өзінің түсіндіріп отырған 5-ші себебіне тоқталады: «...Әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине, оны ешкім ойлап шығармайды Тұрмыс туғызады. Алайда, ескі бағыт, ескі ұғым жуырда арыла

---

<sup>1</sup> Сонда. 248-б.

қоймайды. Тұрмыс жаңа түрге түсіп, жаңа тәрбие орнаған сайын, барып-барып қалады...

Әдебиет бағытына тағы бір әсер етер фактор – ой-қиял таласы, - дей келе, автор көркем сөз өнерінде әр кезеңде өркендер бағыт-бағдарлардың, жаңа сарындардың басым болуын адамның жан әлеміндегі сезімдік құбылыстармен байланыстырады<sup>1</sup>. Заман, талап, тұрмыс, сана өзгергенмен адамның жаратылысы, табиғаты, оларға тән табиғи сезімдік құбылыстар сол қалпында болатынын айта келіп; өз кезеңінде үстемдік алған әдеби бағыттарға баға береді: «Атам заманнан адам баласының тарихында ақыл-қиял, сезім таласы қалмай келе жатыр. Бір заманда қиял-сезім үске шығып, әдебиетке санашылдық (идеализм), сарындамашылдық (романтизм), күйректік (сентиментализм) бағыттарын туғызса, кей заманда ақыл жеңіп, натурализм, реализм, материализм бағыттарын туғызып отырған. Адамда ақыл, қиял, сезім (көңіл) деген сипаттар бар. Бір дәуірдің жазушылары (ойшылары) біржола ақылдан немесе қиялдан безіп кете алмайды. Адам әр алуан болып жаратылады. Біреудің ақылы басым, біреудің қиялы, біреудің сезімі басым болады. Сондықтан әдебиетте нағыздық (реализм) бағыты басталды-ақ, сарындамашылдық (романтизм) бағыт пышақ кескендей токталады деп ұғу дұрыс емес. Екі бағыт араласып жүріп отырады: тек біреуі басым болғандықтан пәлен бағытта деп айтылады, - деп түсіндіре келе, мынадай ғылыми тұжырым жасайды: «...Сондықтан қазақ әдебиетінің бұл күнгі бағыты көбінесе, сарындамалық, қала берсе, нағыздық бағытта болуға тиісті, осы күнгі азды-көпті әдебиет табыстарымыз осыны көрсетеді (мысал келтіріп жатуға орын тар), бұл бағытты ешкім кесіп-пішіп бермейді. Ешкім мына бағытты алсын деп күштей алмайды, оны тұрмыс, тарих ағымы өзі белгілейді. Сыншының міндеті: барды бар, жоқты жоқ деу; бұлай болса тәуір болар еді деп, түзеу, жөн сілтеу, жазушыға жәрдемдесу»<sup>2</sup>.

«Турасын айтып туғанына жақпаса» да сыншының міндеті – әділ сөйлеу, дұрыс бағалау, елді адастырмау, жазушыға дұрыс бағыт беру. Ж.Аймауытов сол кездің өзінде сыншы міндетін дұрыс анықтап берген екен.

Автор: «Не нәрсе өмірден гөрі жақсы болса, не нәрсе өмір шындығынан да артық шындыққа ұқсаса, сол – өнер, – деген Воронскийдің сөзін келтіре отырып, сөз өнерінің құдіреті ...өнердің

---

<sup>1</sup> Сонда. 249-б.

<sup>2</sup> Сонда. 250-б.

тұрмысқа, тұрмысты ұғуға, жан әлемін тәрбиелеуге пайдасы болуға тиіс», – деген пікір айтады (250-б.).

Және кеңес үкіметі орнап, еңбекші тапты жақтағандықтан, сүйгендіктен «...Әдебиет тез күшейіп кетеді деу тым ұшқары, тым желпілдеткен сөз болуға мүмкін», - деп Сәбиттерге (С.Мұқанов) қатты тойтарыс соққы береді. Осы орайда үкіметті тартып алудан, оны ұстап тұрудан өнер-білім табу анағұрлым қиын деген Воронскийдің пікірімен келісетіндігін, шынында да сөз өнерін кезеңдік науқаншылықпен салыстыруға әсте болмайтынын қатаң ескертеді.

Барлық көшпелі дәуірлерде сын көсем сөз (публицистика) рухымен суарылады; кейде сын емес, нағыз көсем сөздің өзі болады деген Плехановтың сөзі дәл қазіргі ауыспалы кезеңдегі қазақ әдебиетінің хал-ахуалын да анықтайтындай.

Сөз өнері өкілдерінің шығармаларын тек таптық деңгейде қарастырып, талдау, соны ғана талап ету олардың міндетін тым жабайы көрсеткендік, ақынның өнерін де, өрісін де тым тарылтқандық болады. Зерттеуші өз қатарластарының баспасөздегі аса солшыл, тапшыл пікірлеріне табанды түрде тойтарыс беруге тырысады: «...Шын жүректен, табиғатынан қайнап шықпаған сөзде жан болмайды, ондай сөз ақындыққа жатпайды, бей намаздың намазы болып шығады. Міне, осы себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз жуырда аяқтана алмайды», - деп мәселені төтесінен қойып, оның нақты да дәлелді себеп-салдарын жетесі барға жете түсіндіріп береді<sup>1</sup>.

Төңкерістен соң қалам ұстағандар өздерін төңкерістің бел баласы деп санап жүргенін, оның мүлдем қате екендігін, заман құбылысына қарай сананың, адамның ақыл-ойының, жан әлемінің тез құбыла қоймайтынын, ол ұзақ уақытты, психологиялық процесті қажет ететін табиғи, тарихи, рухани қажеттілік екендігін түсіндіре отырып, мынадай ой қорытады: «...Бүгінгі төңкеріс туғызған жазушыларымызда еңбекші таптың дүние тынысын, жан дүниесін, тілеген арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам эзір білінбейді», – деп, ақиқатты ашып айтады. Оның тіпті мүмкін еместігін, жаңа адамның қалыптасуын, оның сана-сезімдерінің өзгеруін зерттеу бір-екі жылдың үлесіндегі мәселе еместігін Ж.Аймауытов суреткер ретінде түсіндіріп кетеді. Заманына қарай түлкі болып, тез қалыптасқыш қаламгерлерден жақсы, тұщымды туынды шыға қоймайтынын да баса көрсетеді. Осы орайда Сәбит

---

<sup>1</sup> Сонда. 252-б.

Мұқановтың солақай сын пікірлеріне қатты шүйлігеді: «...Сәбит интеллигент жазушыларды табансыз, пікірсіз, жанын қорғағыш, пайдасыз деп тауып отырса, 96 еңбекші тап әдебиетін қара күшпен, интеллигентсіз-ақ соғып шығарамыз деп отырса, өнерлі жұрттың сыншылары не дейді», – деп озық орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі көшпелі дәуірдегі жағдайды салыстырып, ой толғайды. Олардың тапшылдықтан, ұлтшылдықтан жоғары тұрған рухани деңгейіне қызығушылықпен қарап: «...Міне, көргенді ел жазушыларына, ақындарына осылай қарайды екен, сыпайы келеді екен. Қаламынан пайда күтіп, бағалайды екен, сонда барып әдебиет көркейеді», – деп шамалайды екен.

«Үйірге жаңа түскен сәуірше бірін-бірін сауырламайды, мүйіздемейді екен, сынаса өзін емес, сөзін сынайды екен», – деп өзге елдің өнеге алар ісін үлгі етіп, рухани кеңістіктегі түсінушілікті, сыйласушылықты, бағалаушылықты, сөз өнері күдіреті алдындағы адалдықты, жауапкершілікті уағыздайды<sup>1</sup>.

Алайда, Абай айтпақшы, қазақтың қанына біткен күншілдік сол биіктен табылуға мүмкіндік бермейтін іштарлықты, бақталастықты, тудырып қана қоймай бір-бірін көз алдында жау етіп ұстатқызып жіберетін жауыздыққа дейін баратынын осы ХХ ғасыр басындағы әдеби айтыстардың астарынан анық аңғарасыз. Өйткені, М.Жұмабаевтың ұлтшыл, байшыл болуының себебі оны мадақтаған бір ауыз сөздің жариялануынан туындаса, А.Байтұрсынұлының артынан шам алып түсу оның 50 жылдық мерей тойында айтылған бір-екі ауыз жылы лебізден басталғанының өзі айнымас айғақ екенін дәлелдейді. Мұны сол дәуірді зерттеушілер (Т.Кәкішев, Т.Қожакеев, Д.Ысқақов, Ж.Смағұлов, Т.Бейісқұлов т.б) тарихи деректермен дәлелдеп бергені белгілі. Бұл бұлтартпас ақиқат. Бір өкініштісі, әлі күнге дейін осы дерттен айығудың қиындығы.

Және автор Сәбиттің еңбекші тап ақын-жазушыларын қолдан, техникамен, яғни оқытып, үйрету, еліктеу арқылы тәрбиелеуге болады деген пікіріне қатты соққы береді.

«Сәбит әдебиетті техникаға тіркеп, Жәңгір хан тұсындағы талантсыз Байтоқ жыраудың шоқбұт өлеңімен дәлелдемек болған. Бұл тым о жар батылдық, бірлі-жарым жаман өлеңмен де, жақсы өлеңмен де бір дәуірдегі әдебиетке баға беру шетін пікір. Өткендегі әдебиеттен жақсы мысалдар көрсетуге болады. Қобыланды, Тарғындарды шығарған Марабай ақындардың сөзі кімнен кем? Сол Жәңгір

---

<sup>1</sup> Сонда. 254-б.

тұсындағы Махамбет батырдың Баймағамбет төреге айтқаны әуелі осы күнгі асқан ақыныңнан табылар ма екен? Бұл өзі таласуға да тұрмайтын сөз еді, тек солақайлау болған соң айтып отырмыз»<sup>1</sup>, – деп Сәбиттің біржақтылығын бетке басады.

Сондай-ақ, Сәбиттің жаратылыста акын болып туады деген пікірге қарсы екендігін, ақындыққа арналған мида бір бөлшек болады деген Аристотельден қалған «зейін қисыны» («Теория способностей») пікірінің Герберт тұсынан бері мансұқ етілгенін, оның ойларының білім жолына қайшы екендігін бірнеше мысалдар келтіре отырып дәлелдеп шығады.

«...Сүйегінде, жаратылысында ақындығы жоқ болса, май құйсаң да ақын болмайды... Әдебиетті, өнерді оқығанның өнерлісі, оқымағанның самар оттары жасайды», - деп тұжырымдайды өз ойын.

Әдебиет мәселесіне арналған ендігі бір мақаланың бірі – «Өз жайымнан мағлұмат» деген еңбегі. Ол 1928 жылы қаңтар айында Шымкент қаласында С.Сәдуақасовтың қалам қайраткерлерінің өмірі, еңбектері туралы мағлұматтар жинау мақсатымен қойылған анкеталық сауалдарға жауап ретінде жазылған мақаласы.

Жинақтап айтар болсақ, жоғарыда талданған мақалалар, зерттеу еңбектер арқылы қазақтың біртуар қалам және қоғам қайраткері, сөз зергері, әдебиетші-ғалымы Ж.Аймауытовтың өз дәуірінің әрбір үніне, жылт еткен жаңалығына жауапкершілікпен қарап, ұлт пен ұрпақ, тіл мен дін, әдебиет пен өнер т.б әлеуметтік мәселелердің бәріне белсене атсалысып, пікірін білдіріп отырғанының куәсі болдық.

Қазақ әдебиеттану ғылымында жүсіпбектану саласында ХХ ғасыр басында мерзімді баспасөз беттерінде және арнайы жазылған ғылыми еңбектерде, оқулықтарда (Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері», 1929 ж.), (С.Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1932 ж.) Ж.Аймауытовты тек ұлтшыл-алашордашылдық тұрғыдан сынау өріс алды. Ал, өзі саяси репрессияға ұшырап, шығармалары рухани өмірден аластатылған кеңестік дәуірде жазушының шығармашылығы жөнінде ешқандай пікір болмады, тіпті есімі аталмай өше бастаған еді. Тек ҚКП Орталық Комитетінің «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» (1988) қаулысынан соң ғана қазақтың рухани өміріне өң кіріп, өшкендер жанып, өміршең өлмес мұралар ел игілігіне айналды. Олардың артынша Алаш ардагерлерінің көбі (атап айтсақ Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, С.Сәдуақасов, М.Дулатов,

---

<sup>1</sup> Сонда. 255-б.

Ж.Ақбаев, К.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев т.б.) ақталды

Ж.Аймауытов ақталған соң-ақ оның шығармаларына сусап отырған оқырман жүсіпбектануға жаппай әрі белсене ерекше бір ынтазарлықпен бет бұрды.Күнделікті мерзімді баспасөз беттеріндегі жазушы өмірі мен өнерін таныстыру барысындағы газеттік, журналдық мақалалардан өзге салмақты сөз айтар,терең талдаулары басым зерделі зерттеулер де көріне бастады. Айталық, М.Қаратаев, С.Қирабаев, М.Қозыбаев, Ш.Елеукенов, З.Ақышев, Б.Кұндақбаев, Т.Қожакеев, Қ.Керейқұлов, Р.Тұрысбеков, Б.Майтанов, Д.Ысқақ, Б.Байғалиев, А.Ісімақова, Д.Қамзабекұлы, Қ.Әбдікова, Т.Ж.Әбдіқадырова, С.Дәуітов, Д.Досжан, Р.Досжанова, т.б ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері осы жүсіпбектануға қосылған елеулі үлес.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ж. Аймауытовтың абайтану саласындағы еңбектерін ата.
2. Бүгінгі жүсіпбектануда қандай құнды еңбектер бар? Авторлары мен зерттеулері туралы толық мәліметтер.
3. «Мағжанның ақындығы» атты мақаласы зерттеу ме, әлде баяндама ма?
4. Аталған мақалада автор қандай зерттеу тәсілін қолданған?

### **М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ**

Жоспары:

1. Әдебиеттегі ақтандақтар мәселесі және М.Жұмабаевтың шығармашылығы.
2. М.Жұмабаевтың әдебиетке қатысты көркем сын мақалалары.
3. Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы мағжантанушылардың зерттеулері.

**Өмірбаяны:** Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, «Мағжан» совхозында дүниеге келген.

1912-1915 жылдары Мағжан Жұмабаев «Қазақ» газетінің редакторы, түрколог, қоғам қайраткері, көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлынан және Шығыс мәдениетімен де Батыс мәдениетімен

де жан-жақты, терең сусындаған аса дарын иесі Міржақып (Мир-Якуб) Дулатовтан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір қырына көтеріледі. Мағжанға еуропалық білім алуға, орыс тілін үйреніп, мәдениетімен қанығуға олар көп себін тигізген.

1924-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев Мәскеуде В.Брюсов басқаратын Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүріп, орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетімен терең танысады.

1929 жылы Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен 10 жылға сотталып, 1938 жылы атылады.

**Еңбектері:** «Педагогика» (Орынбор, 1922), «Сауатты бол» (Ташкент, 1923); «Алтын хакім Абайға» (1912); «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әубәкір ақсақал Диваев» т.б. мақалалары, «Қазақтың көңіл күйі», «Шолпан», «Өлеңдері», «Шығармалары», «Таңдамалы», «Шығармалары» 3-т., т.б.

Жан-жақты білімді, қазақ поэзиясын терең білегін талантты ақынға Абай шығармалары ерекше бір рухани құбылыс болды. Өзіне етене таныс Батыс және Шығыс классиктерінің сөз саптауынан алабөтен, әрбір сөзінің астарында қатпар-қатпар қайғы мен зар, мұң мен шер, тұңғыық терең ой жатқан Абайдың әдеби тілді түрлендірудегі қайталанбас талантына баспадан 1909 жылы шыққан өлеңдер жинағынан оқып, табынған Мағжан Абайға арнап: «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген 6 шумақ, 24 тармақтан тұратын өлең жазады. Сөйтіп, ақын Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын анықтап, талантын мойындайды. Мағжанның бұл өлеңі қазақ поэзиясында ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы абайтануға жасалған сәтті қадам еді.

XX ғасырдың 20-30 жылдар аралығындағы әдеби процеске белсене ат салысқан атақты ақын Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы алғаш рет Орынборда жарық көрген «Педагогика» атты ғылыми зерттеу еңбегінің өзі сөз өнеріне тікелей қатысты. Мұнда ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне байланысты айтылған ғылыми тұжырымдардың бәрі төл әдебиетіміздегі туындылардың көркем мәтінін талдау арқылы түйінделеді. Әсіресе, адамның жан тілі (психология), ішкі сезім көріністері, жан сырының дене қозғалысы арқылы сыртқа білінуі т.б. сияқты психологиялық бейнелеу құралдары жөніндегі теориялық ойлары қазақ әдебиеттану ғылымында бұрын-соңды арнайы әңгіме болмаған мәселелер. Әсіресе, М.Жұмабаевтың әдебиеттану ғылымына қатысты еңбектерінің өзі бір арнайы зерттеуге лайық танымды дүниелер.

Айталық, «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубәкір ақсақал Диваев», т.б. сынды әдеби зерттеу мақалалардағы ортақ ой – халық арасында ауызша таралып, қағазға түспеген ән-жырларды, әдеби мұраларды жинау, жүйелеу, жариялау мәселелері. Жалпы әдебиеттану ғылымында жеке шығармашылық тұлғаның тағдырын, өмірбаянын жете білмей оның зертханасын, шығармашылық психологиясын, көркемдік жүйесін терең тани мүмкін емесі белгілі. Сондықтан да ел арасындағы таланттарды табу, олардың ортасы мен шығармаларын өз ауыздарынан немесе оны көзі көрген кісілерден жазып алу, жариялау жұмыстары қай кезде де жүргізіліп отырады. Міне, осындай мәдени мұраларды жинау, ел арасына сапарға шығып, халықтың інжу-маржандарын қағазға түсіру үшін арнайы ұйымдастырылған жұмыстарға ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары да белсене араласқаны белгілі.

Айталық, осындай сапарларда жиналған әдеби мұралар мен жеке ақын-жыраулардың өмірі мен өнердегі тарихи мәліметтерді ғылыми тұрғыдан жүйелеп, бір ізге түсіруде М.Жұмабаев үлкен еңбек сіңірді.

Зерттеуші ғалым, әсіресе, ақын-жыраулардың өлеңдері мен қара сөздерінің көркем мәтіндеріне, ондағы сөздік қор мен тілдік қолданыстарына ерекше мән беріп, олардың тұрақты (канондық) мәтінін қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойды. Өзі зерттеген Ақан сері, Базар жырау, Бернияз Күлеев, т.б. шығармаларының толық мәтінін жинап, жариялауға зор үлес қосты.

Бұл еңбектерде әдеби мұралардың жанрлық түрлері, стилдік ерекшеліктері, жеке ақындардың шығармашылық зертханасы, тілдік қолданыстары, қаламгерлік қасиеттері, әдеби тілдің тазалығы т.б. сияқты әдебиеттану ғылымының күрделі мәселелері қарастырылады. Мәселен, бұрындары әдеби мұралары жиналмаған Ақан серінің жырларын ел арасына барып, жинап, оның өмір дерегінен бастап, әрбір ән-жырларының шығу тарихы, сол кездегі ақынның көңіл-күйі, хал-жағдайы, өмір кезеңдері, жалпы шығармашылық-психологиялық ахуалы жайында кеңірек ғылыми мәліметтер келтіреді.

«Ақан сері» деп аталатын ғылыми зерттеуі негізінен үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жалпы ақынның өмір сүрген кезеңі, ортасы, мекені, ол жөніндегі ел арасындағы аңыз-әңгімелер жайына зерттеуші тарапынан шолу жасалады. Мақалаға кіріспес бұрын автор Ақан серінің көзін көріп, сөзін естіген, жырын жаттап, соны жазып берген тірі архив көздеріне, яғни ел ақсақалдарына деген алғысын жеткізеді. Мырзалыұлы Баялы, Шыңғысұлы Қоқыш, Бозайұлы

Ысмағұл, Самыратұлы Қазы т.б. сынды қариялардың білгендерін жазып алып, сол төңіректе ой толғайды, өлеңдеріне сараптама жасайды. «Ақанның өмірі» деген бөлімшеде оның оқып, сауат ашуынан бастап, серілік құрып ән шығарып, жыр жаза бастағанын, өмірінде кездескен қилы-қилы тағдырға байланысты туған жыр толғауы жайында толық ғылыми деректер келтіріледі. Ал, «Сөздері» (шығармашылығы деген мағынада – Г.П) деген бөлімде ақынның қолда бар жырларына талдау жасалады. Біздіңше, автор Ақан серінің «...сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді» мақсат тұтқан секілді. Алайда ақынның жырлары түгел жиналмағандықтан, 3-4 жүз жол өлеңімен шектеліп, сол бойынша оның ақындығын шолуға тура келген. Мағжанның өзі де ақын болғандықтан Ақан сері өлеңдеріндегі кемшіліктерді бірден байқайды, әсіресе ол тіл тазалығының сын көтермейтінін, өзге елден енген сөздердің көптігін қатты сынға алады. Алайда, оған кінәлі ақын емес сол кездегі тіл шұбарлығы, қазақ арасына орыс, араб, парсы сөздерінің көп енгендігінің кесірі екендігін дәлелдейді: «...Ақан – заманның баласы... Біреуі – Бұқардан ишандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, учительдердің қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген орыс албастысы. Ол дәуір – осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі»<sup>1</sup>, - деп сол кездегі қоғамдық құрылысты, өзге елдерден енген сөздердің әсерін қатты сынға алады.

Негізі адамзат тарихында әр халық өздерінің рухани қазынасын қалыптастырып, жетілдіру жолында өзге елдермен әдеби байланыссыз өмір сүре алмасы хақ. Оның олқылығы-тілді шұбарлауда көрінсе, жетістігі-жалпы дүние-танымды кеңейтеді. Мысалы, ол дәуір халфелердің:

Фараухун уә райханун әнфісәк сәні,  
Болғанда хуснун уәе абиз тәнің, – деп,  
тілмаштардың:  
Көйлегің сексен теңге серо-бурый,  
Дамбалың московский материя, – деп,  
учительдердің:  
Милая, тебя вижу, қырандаймын,

---

<sup>1</sup> Жұмабаев М. Ақан сері мақаласы. Шығармалар. 2, 3 томдық. Алматы, Білім. 337-б.

Без ответ, все таки, ұрынбаймын, –

деп қыздарға хат жазатын дәуірлері заманның ақын өлеңдеріне болған әсерін нақты өз мәтіндері арқылы нақтылайды:

Көптен-көп поклон айттым, скажия,  
Сырымды кімге айтамын, сізден зия.  
Именной, искренный, ескеріңіз,  
Хорошенько, сестра, сватия... (338-б.).

«...Мынау шұбар тіл үшін, әрине, Ақанға рақмет айтарлық ештеңе жоқ. Бірақ Ақан – мың сол тарғыл тілді өлеңдерін адам ұғып оқыса, тегінде суреттеуге шебер»<sup>1</sup>, - деп таланттың даралығын, сол шұбар тілдің өзін тігісін жатқыза өрнектеп, көркемдік өлшеммен, ақындық шеберлікпен бере білгендігін атап көрсетеді. Бұл жерде М.Жұмабаев Ақан серінің туындылары шығыс классиктерінде кеңінен орын алған адамгершілік, махаббат сезімін жырлаған поэзиялық шығармаларға таза еліктеуден туғандығын, ақынның Аллаға адамзатқа ғашықтықты байлық пен билік сияқты пендешіліктен жоғары тұратын кастерлі сезім ретінде жырлауды мақсат тұтатындығына терең мән беріп, талдайды.

Сондай-ақ автор ақынның өлеңдерін талдағанда өзінің пікірін жалпы шолып қана атап өтпейді. Әрбір ой-пікіріне жауапкершілікпен қарап, нақты мысалмен дәлел келтіріп отырады. Әрбір сөздің қолданысы, оның мағыналық мәні, ондағы әрбір буын, ырғақ, ұйқастың қолдану тәжірибесі жайлы терең теориялық тұжырымдар қазақ поэзиясы, өлең қисыны хақында сол күнге дейін әдебиеттану ғылымының күрделі мәселесі ретінде қарастырылмаған-ды. Енді зерттеушінің зерделі ойына құлақ түрелік: «...Онан соң, Ақанның өлең ұйқастыруына да молдалықтың шарапаты тимей қалған емес, сол жолда Ақанға, әсіресе, әсер қылған – атышулы Мұхаммадия болған. Мұсылманша оқығандар біледі, Мұхаммадияның өлеңдері ылғи ұйқас қуып кетеді. Мысалы, бір өлең «я»-ға ұйқастырылса, сол өлең бір-екі бетке созылса да «я»-ға ұйқастырылады да отырады. Ақан өлең ұйқастарында көбінесе осы Мұхаммадияның жолына түскен. Бұлай ұзақ ұйқастырудың өлеңнің сырт сұлулығына пайдасы болғанмен, лайықты сөз табылмай қалып, мағынасы аз сөздер әжептәуір орын

---

<sup>1</sup> Сонда. 339-б.

алады. Бірақ, өлең ұйқастыру ауданының кеңеюі көзінен қарағанда Ақанның бұл тәжірибесін онша мінеуге болмайды»<sup>1</sup>.

Автор мұндағы ұйқас қуушылық, аллитерацияға деген ерекше қызығушылық ең бастысы ана тілдің сөзін басқа тілмен шұбарлау сияқты келеңсіз, көзсіз еліктеудің жақсылыққа апармайтынын қатаң ескертеді. Алайда, осында бір аңғарар жай – автор ақынның шығармашылығындағы ақауларды атын атап, түсін түстеп тізіп айта отырып, қарға қарғаның көзін шұқымайды дегендей іштей бір жанашырлықпен қарап, қадам аттаған сайын өзі ақтап алып отырады. Және кемшілікпен қатар ол олқылықтың да қазақ әдебиетіне, оның ішінде өлең сөздің өрісін, ондағы ұйқастардың түрлерін көбейтуге әсері болғандығын айтады. Сонша тарғыл тіл де шын талантқа тұсау бола алмайтынын, ішкі рухани қуаттан, білімнен, ана сүтімен сіңген туған тілдің құдіретін тұншықтыра алмайтынын, оның бір кезеңдік еліктеуде туған талпыныс екенін дәлелдейді. Дегенмен Мағжанның бұл мақаласымен бір кезеңде жазылған А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуіндегі мына ескертпені ұмытпаған жөн. Тіл жанашыры А.Байтұрсыновтың: «...Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал»<sup>2</sup>, - деген сөзін күні бүгінге дейін ескеріп, әсіресе қоғамтанушы ғалымдарға жиі-жиі құлаққағыс етсе артықтығы болмайды. Өйткені, бүгінгі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мәдениеттанушы, әлеуметтанушы т.б. мамандардың мақалаларындағы өзге елден енген пән сөздерінен, ұғым-түсініктерден көз сүрінеді.

Сондай-ақ, осы еңбекте Мағжан Ақанның шығармашылығын мазмұндық жағынан бес түрге бөліп қарастырады: 1. Сықақ. 2. Ғашықтық. 3. Айтыс һәм мақтау. 4. Сопылық. 5. Қазақ қайғысы туралы өлеңдер. Осы түрлерге жататын өлеңдерді талдай келе автор басқа өлең түрлеріне қарағанда ғашықтық өлеңдерінде шын шеберліктің шыңы көрінетінін, мұнда тіл мен мазмұн анықтығын ерекше бөліп атайды. Ақынның махаббат лирикаларының теңдесі жоқ талантты және еуропалық лирика деңгейінде екендігін, бұл өлеңдердегі стилдік ізденістердің танымдық, суреткерлік, бейнелегіштік қасиеттердің құндылығын ерекше атап көрсетеді. Ғашықтық өлеңдерінде Ақанның

---

<sup>1</sup> Сонда. 339-б.

<sup>2</sup> Байтұрсыновтың А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы. Алаш. 2003. 180-б.

әрбір сөзінен ақындық исі аңқып тұрғандай, ұсатусыз, суретсіз сөз жоқ деуге болғандай:

«...Оралдың мен ақ иық сыр андағы.  
Сен сәулем – қызыл түлкі қыр андағы.  
Қия тас қиынына кетсең-дағы,  
Қамшылап қанатымды бұрам-дағы», -

десе, ғашықтық өлеңдерінің ішіндегі ең құнарлы өлеңі деп бағаланған «Ақ көйлектен» үзінді келтіреді:

«...Етегі ақ көйлектің ілмеленген,  
Қастарың харіф мәттей сүрмеленген.  
Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа,  
Іш-бауырым ғашық отпен тілмеленген», -

деген өлең жолдарын келтіре отырып, осы күнге дейін Ақан туралы айтылып келген жеңіл пікірге жаңа ой қосып, қазақ әдебиетіндегі ақынның тарихи орнын анықтап береді. Тағдыры күрделі ақынның даралық сипатын жоғары бағалап, ғылыми құнды пікірлер айтады. Және Мағжанның өзі де махаббаттың майталман жыршысы болғандықтан да Ақан серінің ғашықтық жырларын тереңінен түсініп, шынайы шабытпен өрнекті өлең жолдарындай жүрекпен жазады, зерттеуін. Ақан серінің өлең құру шеберлігін, ой-танымындағы тың көріністерді, жаңалыққа деген құштарлығын, ізденіс іздерін зерттеуші егжей-тегжейлі тереңдей талдап, жазады. Мысалы, «Мынау («Ақ көйлекті» айтып отыр. Г.П.) өлеңдеріне қарағанда, ғашықтыққа Ақанның көзқарасы мен жай бозбаланың көзқарасы арасында артық айырма жоқ сықылды. Алайда Ақан ғашықтыққа тереңірек қараған адам. ...Бұл – Ақан өмірінен белгілі – бір. Екінші, мынау өлеңдерінде ишара бар:

Кісідей өкпелеген мойның бұрмай,  
Білдің бе кемшілік деп ғашықтықты.  
...Обалың, айнымасам, маған емес,  
Жаратқан жақсы қылып құдайыңа, -

деп, ғашықтық дерт арқылы да өмірдің үлкен мәселелерін айтуға, символдық суреттеулермен тұспалдап тың ойлар, көркем образдар жасауға болатынын дәлелдейді<sup>1</sup>. Адамзаттың барлық сезімі бір тәңірге ғана арналады деген философиялық негіздегі сопылық поэзиямен кезінде Ақан серінің де сырқаттанғанын ескере отырып, оның қиялдағы емес, өмірдегі махаббат сезімін жырлағанын нақты өлең мәтіндері арқылы талдап, дәйекті дәлелдейді.

Мағжан Ақанның айтыс және сопылық өлеңдерінің қолына түспегенін, оларды оқып, таныспағандықтан ештеңе айта алмайтынын айта отырып, қазақ қайғысы туралы өлеңдерінде таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас теру жағынан басқа өлеңдеріне қарағанда әлдеқайда төмен екендігін айтады: «...Ол өз өмірімен ереуіл жасаған, өз дәуіріне қарсылығын көрсеткен ақын. Және өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің қарсымен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек, - дей келіп, таза өнерді мойындаған адам ғана қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығып, тіршіліктегі пендешіліктен өзінің өресі жоғары екендігін мойындата алады. Табиғи талант өмірге таза келіп, таза кетеді. Алайда, қоғамнан тыс адамның болуы мүмкін де емес. Ақан сері де сол өзі өмір сүрген қоғамның құрбаны болған талант. Талантты танып, түсінбеушіліктің, бағаламаушылықтың салдарынан «жынды» атанған дарынның қайғылы өмір тарихы жайлы зерттеуші мынадай түйін түйеді: «...Біздің міндетіміз – өткенді аударып, ішінен көрнектілерін аршып ала білу, кешегі миы қазақтың «Ескісіз жаңа болмайды» деген мәтелін киімнің қолтығына ғана қамап қоймай, балапан әдебиетімізге де қабыстыру»<sup>2</sup> («Ақан сері» «Сана» журналының 1-санында жарық көрген. «Ақан сері сөздері» де «Сана» журналының 1924 жылдың 2-3 сандарында жарық көрген).

М.Жұмабаевтың Ақан сері туралы зерттеу еңбегіндегі айшықты ойлар араға бір ғасыр салса да сол сөлі мен нәрінен арылмаған, көнеруді білместей көркем, терең ойлы екенін Мұзафар Әлімбаев былай бағалайды: «...Мағжан зерттемесінен кейінгілер өз шығармашылығына нәр алғаны – әдеби бұлтартпас факты. Авторлары кезінде аузы барып атамаса да, атай алмаса да, Ақан сері жайында кейініректеу жазылған талай шығармалардың – поэма, повесть, роман, трагедияның – бәрінің түп-қазығы, төркіні Мағжанның осыншама

---

<sup>1</sup> Сонда. 342-б.

<sup>2</sup> Сонда. 348-б.

толғанып, терең саралап, төгіліп жазған зерттемесінде екенін бүкпесіз айту – әділдік<sup>1</sup>.

М.Жұмабаевтың әдебиеттануға арналған тағы бір зерттеу еңбегі – «Бернияз Күлеевтің шығармашылығы туралы». Мұнда автор өзінің замандасы әрі әріптесі, жаңадан жақсы жырларымен танылып келе жатқан талантты ақынның өмірбаяны, қызметі, не бәрі 20-ақ жасқа келген қысқа өмірінде жазған отты, жалынды жырлары туралы ғылыми мәлімет беріледі. Ол Бернияз Күлеевтің ақындық табиғатын былай береді: «...Ұшқын бетінде жарыққа шыққан жас Бернияз әдебиетіміздің сол табиғи жолымен шықты. Бірақ екпін тым күшті еді. Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалған еді. Екпіні зор еді» (349-б.).

Жарқырап келген екпінімен елді елең еткізген ақынның өзі көзі тірісінде де аз жарияланып, тек 1922 жылдарда «Еңбекші қазақ», «Өртеңде» бірнеше өлеңдері мен «Қызыл Қазақстанда» бір поэмасы басылып, Бернияздың ақын болып қалыптасып қалғандығын, өлең құрылысы мен жалпы өлең қисынын меңгеріп, шеберлігі шыңдалғанын айтып, осындай отты, талантты ақыннан тосыннан айрылып қалғанына қапалық танытады.

Әдеби мұраны жинауға өзі де белсене атсалысқан М.Жұмабаев сол ұлттық рухани дүниелерді жинаушыларды да кеңінен насихаттаған. Осындай мақсатта жазылған мақаланың бірі – «Әубәкір ақсақал Диваев». Ақын халық мұрасын жинаушы Диваевтың еңбегін жоғары бағалап, әсіресе екі ел арасындағы әдеби байланыстарды нығайтудағы еңбегін ерекше атап көрсетеді: «Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жорасы... Ол күндерде қазақ-қырғыз тілінде газет, журнал жоқ болғандықтан, Әубәкір жинаған әдебиет орыс тіліне аударылып, орыстың газет-журналдарында бастырып отырған».

М.Жұмабаевтың әдебиетке деген адал көзқарасын, оның әрбір мұрасына деген жанашырлығын танытатын тағы бір шағын мақаласы – «Базар жырау». Тегінде талантты танып, бағалай, таныта білу де ұлылықтың бір белгісі болса керек. Базар жыраудың қолда бар 4-5-ақ өлеңімен қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихи орнын анықтап берген М.Жұмабаев екені бүгінде тарихтан белгілі болып отыр. «Теңіз тамшыдан танылады» дегендей осы аз ғана өлеңін талдау арқылы «сөзге жүйрік, ойлы ақын» Базар жырау әдеби айналымға енді.

---

<sup>1</sup> Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады (Қазақ әдебиеті қайраткерлері шығармашылығына арналған зерттеулер, эссе, естеліктер). Алматы, Қазақ университеті. 1992. 39-б.

Ақынның қиялға бай, сөзге шешен, тілі өткір екендігін әрбір өлең жолдарындағы сөз саптаулары арқылы дәлелдеген зерттеуші талантты дер кезінде таныта білу деген қағиданы да еске салатындай.

Мәселен, өлім босағасында тұрып Базар жыраудың айтқан ұзақ өлеңінің ішінде мынадай шабытты ой, шешен сөз, тың теңеулер бар:

«...Дүние, бір толқыттың, бір қорқыттың,  
Айрылып аждаһадай ақыр жұттың.  
Болғанда бізге жолдас сертің қайда?  
Достықты құшақтасқан неге ұмыттың...  
Құлаштап дүние сені қармансақ та,  
Кері келгенге ұқсайды-ау Қорқыттың...».

Міне, осы өлең мәтіні Базардың терең ойлы ақын екендігін дәлелдесе керек-ті. Базардай қазақы сөзге шебер ақынның ұмытылып кетпеуіне жанашырлық пен жауапкершілік танытқан автор бұл мақаласында әдебиетті дәуірлеуге деген өз көзқарасын білдіре кетеді: «...Осы күні біздің оқушыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі ақындарды ғана көреді. Әдебиетті білсе де, ақындарды білмейді», – дей келе ол ақындардың туындыларының кітап болып басылмағандығын, ел арасында насихатталып, баспасөзде сын жазылмайтынын айтады. Және Абайға дейінгі ақын-жыраулардың өмір деректері мен шығармаларының ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, жиналмағандығы мен баспа бетін көрмегендігі болмаса олардың ақындық шеберліктері мен сөз өнерін жасаудағы білім деңгейлері жоғары екендігін ескертеді.

Айталық: «...Әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендеген емес», – деп орынды ой қозғайды.

Өз ойын нақты тарихи мәліметтер арқылы дәлелдеуге тырысатын зерттеуші: «...Шынында, сол өткен ақындардың көбінен жаңа ақындар әлі озып кете алды ма? Өзгені қоя тұрайық, жұрт келемеж қылатын Шайхысламұлы Жүсіпбектің «Қыз Жібегіндей» кім не нәрсе жазды? Ол ойланатын әңгіме», – деп ХХ ғасыр басындағы әдеби процестегі көкейкесті әрі күрделі мәселені күн тәртібіне қояды. Сол кезеңдегі әдебиетке деген біржакты, тапшыл көзқарасты, яғни ескі әдебиеттің бәрі байшыл, ұлтшыл әдебиет деген даулы пікірлерді осылай қатты сынға алады.

М.Жұмабаевтың жоғарыда аталған еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес. Әдебиет тарихы, әдеби мұра, оны жинаушылардың ерен еңбегін бағалау және жеке ақын-жыраулардың өмір деректері мен шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан танып, зерттеп, ғылыми жүйеге түсіру т.б. жөніндегі теориялық тұжырымдары, ойлы пікірлері сөз жоқ бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін құнды.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. М.Жұмабаевтың өмірі мен еңбектері жайлы жазылған зерттеулерден конспект жазу.
2. Автордың Ақан сері туралы мақаласындағы ойлардың қазіргі қазақ тіліне қатысы жайлы ойланып көріңіз.
3. М.Жұмабаевтың 20-30-шы жылдардағы әдеби айтыстарға, тапшыл көзқарастағы әдебиетке деген сыншыл көзқарасын талдау.
4. Ақын шығармашылығындағы символизм, реализм бағыттарының көрінісі турасында ой толғау.

### **С.СӘДУАҚАСҰЛЫ – РУХАНИЯТ ЖАНАШЫРЫ**

Жоспары:

1. С.Сәдуақасұлының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.
2. С.Сәдуақасұлының әдеби-сын мұралары, олардың зерттелуі.
3. «Киргизская литература» атты зерттеуінің ұлттық әдебиеттану ғылымын насихаттаудағы алатын орны.

**Өмірбаяны:** С.Сәдуақасұлы 1900 жылы бұрынғы Ақмола облысы, Шарлақ уезі, Қарай болысы, Жарқын ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ұялы-Жарқын ауылы) дүниеге келген. Ол 1912-1915 жылдары 2-класты Полтавка орыс-қырғыз (қазақ) училищесінде, 1916-1918 жылдары Омбы ауыл-шаруашылығы училищесінде, 1918 жылы Омбы политехникалық институты жанындағы кооперация курсына, Омбы ауылшаруашылығы институтының кооперация факультетінде оқыған. 1928-1932 жылдар аралығында Мәскеу теміржол құрылысы инженерлері институтын жасанды құрылыс мамандығы бойынша бітіреді.

Белгілі қоғам қайраткері, зерттеуші ғалым С.Сәдуақасұлы 1933 жылы қайтыс болған.

**Еңбектері:** «Жастарға жаңа жол» (Орынбор, 1921), «Кооперация һәм қазақ шаруасы» (Орынбор, 1924), «Жастармен әңгіме» (Орынбор, 1925), «Ұлт театры туралы» (Қызылорда, 1926), «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (Қызылорда, 1927), «Киргизская литература» (Историко-критический очерк), «Из истории киргизов» (казахов) (Омбы, 1918), т.б. өзі көзі тірісінде баспа көрген еңбектері.

С.Сәдуақасұлының «Сәрсенбек» (аяқталмаған романы), «Салмақбай», «Сағындық», «Күміс қоңырау», «Күлпаш», «Өртен», «Аптономия», «Мақамбет» т.б. көркем әңгімелері бар.

Көрнекті қоғам әрі қалам қайраткері С.Сәдуақасұлының әдебиеттануға, жалпы әдебиет, руханият мәселелеріне арналған мақалалары мен зерттеулері де баршылық. Олардың ішінен «Әдебиет әңгімелері», «Бейімбеттің зерттеулері», «Әдебиетті қалай сынау керек» атты еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қомақты үлес қосқан іргелі зерттеулер. «Киргизская литература» (Историко-критический очерк) және «Из истории киргизов» (казахов) деген орыс тілінде жазылған зерттеулері өзге тілді оқырмандарға қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен әдебиеті, мәдениеті жайлы мол ғылыми мәлімет беретін құнды еңбектер.

Негізі, С.Сәдуақасұлы өз заманындағы барлық көкейкесті мәселелерге белсене атсалысып, ұлттың рухани өміріне шын жанашырлық танытып отырған зиялылардың бірі. Оның С.Мұқановтың «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Көркем әдебиет туралы» мақаласына берген салиқалы да сауатты жауабы әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған еңбек. Белгілі қоғам және әдебиет қайраткері С.Сәдуақасұлының «Әдебиет әңгімелері» (Айтыс ретінде) деген мақаласында әр түрлі деңгейде болса да әдебиет туралы мерзімді баспасөзде жиі пікір туып, айтыс, әңгіме болғанының өзі әдеби-эстетикалық көзқарастың, жалпы руханияттың өскендігін көрсетеді. Табиғатында сөз өнеріне құмар қазақ халқының әдебиет туралы әңгімеге белсене араласуын жақсы нышанға балаған автор: «Меніңше, айтыс үшін уайым жеуге болмайды. Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де, айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр»<sup>1</sup>, – дейді.

---

<sup>1</sup> Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы, Алаш. 2003. 251-б.

Автордың бұл ой толғауы ХХ ғасыр басында туып, қалыптасып, тіпті профессионалдық биік деңгейге жеткен сынды әлі де жетілдіру керек деген мәселені қозғайды. Қазақ халқының рухани өміріне, әдебиет пен мәдениет тарихына т.б. қатысты көкейкесті мәселелердің баспасөздерде мольнан басылып, сол кезеңнің көркемдік ой өрісіне, талғам-талабына сай дәрежеде өркен жайған әдеби айтыстар мен сындар көбіне саяси идеология өлшеміне салынғаны белгілі. Алайда, Алаш ардагерлерінің, атап айтқанда Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Қожанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлының әрбір мақала, зерттеулерінде сөз өнерінің қағидалары мен көркемдік мәселелері әдебиеттанудың өз категориялары арқылы кәсіби шеберлік шеңберінде рухани құндылық ретінде қарастырылды. Және бір көңіл бөлер жәйт – ол еңбектердің көлемі шағын болғанымен айтар ойы терең, ғылыми концепциясы нақты, артық сөз, баяндаулары жоқ, керісінше теориялық талдаулары мол болды. Жоғарыда аталған ұлт зиялыларының еңбектерінде зерттеуге нысана етілген шығарманың бүкіл көркемдік ерекшелігі, стилдік, жанрлық сипаты анықталды. Соның бірден-бір дәлелі – С.Сәдуақасұлының әдебиетке, көркем сынға қатысты зерттеу жұмыстары.

С.Сәдуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» деген мақаласында жазушылардың санын онға әрең жеткізе отырып, олардың шығармашылықтары жөнінде баспасөзде әділ пікір, шын сынның жоқтығын ашына жазады. Осы орайда Ғаббас Тоғжановтың Мағжан туралы кітабынан оның жақсы жырлары туралы емес, керісінше жеке басына тән «байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы адасқан» Мағжанды ғана көріп көңілі қалғанын, сынды олай емес, «барын бар, жоғын жоқ деу керек екендігін» ескертеді. «Ең атақты, ең даулы ақынымыз туралы да сыншылар әлі күнге дейін әділ пікірін айтқан жоқ, – дей келе: «басқалар туралы жым-жырт десе де болады. Бұдан табандай бір жыл бұрын Жүсіпбектің «Қартқожасы» шықты. Ләм деген кісі жоқ. Бұдан бес жыл бұрын басылған Мұхтардың «Қорғансыздың күнін» жұрттың көбі осы күні ұмытып кетті. Анда-санда Сәкен дегенде Нәзірдің «жыны ұстап қояды. Бәлки, оның да пайдасы бар шығар. Өзгелер туралы ол да жоқ», – деген пікірдің жаны бар. Шынында да әдебиет тарихынан байқағанымыздай әділ пікірге деген зәрулік қай заманда да болғанға ұқсайды. Осындай әділ сөз, шын сынға бүгінгі ақын-жазушылардың да зәру екендігі белгілі. Таразының екі басы тәрізді бұл кезеңде де екі жақты пікірдің болғандығы, яғни көркем

шығарманы таптық тұрғыдан және көркемдік шарт талабынан талдау жасалғаны ақиқат. Әсіресе, сол кездегі солақай саясаттың салдарынан болар, әдебиеттің нақты өз материалынан гөрі оның авторлары, олардың жеке бастағы кемшіліктері және қалай жазды деген көркем әдебиеттің талабы емес, нені жазды деген сауалдар төңірегіндегі әңгіме көп сөз болғаны өтірік емес. Бұл, бәлкім әдеби сын, әдеби пікірталастың алғашқы нышандары үшін кешірімді де болар. Бұл әдеби пікірталастардың көркем сынның, әдеби ойлардың тууына, қалыптасуына, тәжірибе жинақтауға, кәсіби әдеби талғамның өсуіне өзіндік үлесін қосқаны да белгілі.

Дегенмен, әдеби сынның міндеті – өнер туындысының көркемдігін тану, оның оқырманға, оның жанына қалай әсер еткенін, қандай ой салғанын, қандай эстетикалық әсер мен тәрбие бергенін анықтау. Көркем шығарманың рухани құндылығын әдебиеттің өз категориялары арқылы танып, жүйелеген және әдебиетті таптық, саяси құрал емес, жеке бір көркемдік әлем деп танығанда ғана шынайы сын туатындығын, Мұхтар, Жүсіпбек сынды саңлақ суреткерлердің шеберліктері сонда ғана танылмағын ескертеді, зерттеуші. XX ғасыр басындағы әдеби сында әділ, шынайы пікірдің жоқтығы, таланттарды танытарлық, олардың еңбегін бағаларлық талғамның төмендігі де өткір сынға алынады. Егер сын жазушы авторды ұнатпаса, оның туындысын тек таптық тұрғыдан талдап, тұқыртып тастаудың таптырмас құралы етіп ала қоятындығын да қынжыла айтады. Ол кездегі сынның ең басты кемшілігі – жазушының жеке басындағы кемшіліктерді теру мен оның көркем шығармасындағы әдебиеттің көркемдік шарттарын жүйелеген поэтикалық әлемді тануға талпынбайтындығында болса керек.

Осы зерттеу еңбегінде автор «Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ, болмаймыз ба, - деп сауал тастай отырып, қашанда әдебиеттің үлкен бір саласы, көкейкесті мәселесі болған әдеби мұраның зерттелуіне, оның келешегіне деген алаңдаушылығын да аңғартады: «... Біздің көбіміз (мен біз дегенде коммунист сыншыларды айтам) бұл мәселеге әлі үстірт қарап жүрміз. Мысалы, Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» дейді.

Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?!

Қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда жаңа қайдан өспекші? Сондықтан біз

ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады»<sup>1</sup>.

Міне, бұл ойын зерттеуші Абай мұралары арқылы нақты мысал келтіре отырып дәлелдейді. Көркем туынды жасаған кеменгердің мұрасы мәңгілік екендігін ескерте отырып, халықтың сан ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа ұластырып, ұмытылмай келе жатқан мол рухани байлықты зерттеу, жүйелеу, жинау т.б. барысындағы сол кезеңдерде белең алған сыңаржақ пікірлерге батыл қарсылық көрсетеді. Әдеби мұраның қанша ғасыр өтсе де ескірмеуі – шығармада шынайы көркемдік, адамзат рухани ләззат аларлық ой мен тілдің байлығы, сөз өнерінің құнарлығы бой көрсетуінен дейді зерттеуші. Сондай-ақ, жеке ақын-жыраулардың өмірін, шығармашылық тағдырын жете білмей, олардың шығармашылық табиғатын тану қиынға соғарын, сондықтан Абайға дейінгі телегей теңіздей мол мәдени мұраларды оларды танытын, шығармаларын жатқа айтатын көненің көздері, яғни тірі архив иелері бар кезінде тез арада ел арасынан жинап, жүйелеп, баспадан шығару шараларын шұғыл қолға алмасақ ертең үлкен өкінішке қалатынымызды қатаң ескертеді. Оларды қалай жинау жөніндегі өзінің пікірін ортаға салады. Автор Мұхтар мен Жүсіпбектің көне әдеби мұраны және жеке ақындардың өмірі мен өнері жайлы тарихи мәліметтерді мұқият жинау жөніндегі озық пікірлері мен батыл әрекеттерін, оны мемлекеттік тұрғыдан шешу жөніндегі өнегелі істерін, нақты шешімдерін жоғары бағалайды. Және олардың Абай, Сұлтанмахмұт, т.б. шығармалары мен өзге де әдеби мұраларды жүйелеудегі жаңашыл көзқарастарын қолдайды.

Және «жаңалықты орнату үшін ескіні білу, болғанды білу – оның әр жағында міндетті нәрсенің бірі. Өткенді білмей қазіргіні түсіну мүмкін емес. Қазіргі тұрмыс – болашақтың негізі<sup>2</sup>. Шынында да тарихты, халықтың сан ғасырлар бойы рухани азығы, көркем шежіресі болған ауыз әдебиетін танып, білмей қазіргі әдеби процесті, оның хал-ахуалы мен бағыт-бағдарын білу мүмкін емес. Бұл жайды зерттеуші осы еңбегінде жан-жақты зерттеп, дұрыс бағыттар сілтейді.

Осы ретте «Мұхтардың, Жүсіпбектің де жазғандарына өмір тану, тұрмысты ұғыну ретінен қарағанда оларға рахмет айтпасақ, лағынат оқитын орнымыз жоқ»<sup>3</sup>, - дейді автор. С.Сәдуақасұлы М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, С.Сейфуллиннің жаңа өмірді тез

---

<sup>1</sup> Сонда. 252-б.

<sup>2</sup> Сонда. 254-б.

<sup>3</sup> Сонда. 254-б.

танып, оны көркем шежіреге айналдырудағы шеберліктерін бағалай келе, кемшіліктерін де атап көрсетеді. Әсіресе, С.Сейфуллин мен Б.Майлиннің шығармашылықтарындағы кейбір кемшіліктерді орынды атай отырып, оларды көркем мәтіндегі нақты дәлелдермен дәйектейді.

Осы ретте ескерер бір жайт – автордың «Бейімбеттің өлеңдері» атты жеке мақаласында да жазушы-ақынның поэзиялық туындыларының поэтикалық әлемі, көркемдік қуаты, өлең шумақтарын құрудағы шеберлік өлшемдерін кәсіби зерттеуші ретінде талдайды. Бұл еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби мәтінді әдебиеттану ғылымының өзіне тиесілі көркемдік категориялары, теориялық шарттары арқылы талдаудың алғашқы баспалдақтары болып табылады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі өріс алған көркемдік бағыттарды жете қадағалап отырған С.Сәдуақасұлы сол кездегі әдеби-көркем сынының эстетикалық, тәрбиелік қасиеттерін, теориялық анықтамасын ғылыми түрде дәйектеп береді: «Қазақ әдебиеті» балалық күйінен асып, есеюге бет қойды. Соңғы жылдардың ішінде бұрын естілмеген жазушылар шықты. Олардың көбін біз әлі де білмейміз. Арқалық батырды жазған Жұмат, Құралай сұлуды жазған Иса, Жетісудан шыққан Илияс Жансүгірұлы – бұның бәрі болашағы үлкен адамдар. Ал оларды оқырманға танытатын сын және сыншылар». Шынында да таланттарды танитын да, табатын да, оларды тәрбиелейтін де таза сын, әділ пікір, жанашырлық ой. Ең бастысы, әдеби шығарманың көркемдігін, оның авторының таланты мен кәсіби шеберлігін тап басып, дәл диагноз қоятын сыншының асқан білгірлігі мен талғампаздығы, әділдігі, әдебиет алдындағы ар тазалығы, жауапкершілігі.

Зерттеуші ғасыр басындағы жазба әдебиеттің қалыптасуына тікелей әсер еткен әдеби сынның қажеттілігі жөнінде дәйекті пікір айтады: «Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы. Көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы қазақ елінің ұлт теңдігі, еңбекші табының үстемдігі болсын»<sup>1</sup>.

С.Сәдуақасұлының ендігі бір еңбегі– «Бейімбеттің өлеңдері» деп аталады. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке ақынның шығармашылық шеберханасын, оның поэзиясын жан-жақты талдаған ғылыми мақалада өлең сөздің қисындары, мазмұн мен пішін

---

<sup>1</sup> Сонда. 263-б.

мәселелері, теңеу, эпитет, әсірелеу тәрізді бейнелеу құралдарын ұқсатып қолдану шеберліктері арнайы сөз болады. Б.Майлиннің өлең құрылысындағы жаңашылдық, ойды диалогқа құру, мазмұнды жеткізудің қарапайым ұстанымдарына жүгінуін, сұлу сөз, ұйқас қуып кету сияқты кемшіліктерден кенде екендіктерін нақты көркем мәтіндерді талдау барысында дәлелдейді. Талғам танымы мен білімдарлық, кәсіби шеберлік автордың көркемдікті тани білетін көрегенділігіне байланысты екендігін ескерсек, Смағұл шын талантты оның шығармашылық табиғатынан танытынын көрсетеді. Мәселен, оны біз зерттеушінің: «Бейімбеттің бір тәуір мінезі: таныс емес нәрсесіне ұмтылмайды. Жоқтан бар қып, күшеніп қызармайды...», - деген бағалауынан байқаймыз<sup>1</sup>. Мұнда автор ақынның шығармашылық мүмкіндігін, талантын танытады.

Шынында, ақын өз табиғатынан шыққан нәрсесін, білгенін, байқағанын, сезініп, жүректен өткізгенін жазғанда ғана шынайы шығарма тудыра алары хақ. Таза талант қана осындай биік тұғырдан көріне алады. Зерттеуші Б.Майлиннің 15 жыл көлемінде жазған өлеңдерінің өсу динамикасын, шеберлікті шыңдаудағы стилдік ізденістерін, көркемдік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан талдау арқылы дәйекті түрде дәлелдеп береді. Және мерзімді баспасөз бетіндегі бір-екілі өлеңге жол-жөнекей жазыла салған пікір емес, бұл зерттеушінің Б.Майлиннің бүкіл шығармашылығын қадағалай оқып, біліп жүрген және сол маңайда өзіндік пікірі қалыптасқан оқырман ретіндегі ойлы дүниесі екендігінде дау жоқ. Осы орайда автор: «...сыншылардың көбі кейде ақындарымыздың затын сынамай, атын сынап жүр», - дей келе, «Бейімбетті толық білу үшін, оның ақындығын толық сипаттау үшін оның өлеңін түгел оқып шығу керек», - деп сыншы атаулыға жоғары талап пен жауапкершілік жүктейді. Сонда ғана сыншы ақынның шығармашылық табиғатын танып, көркемдік әлеміне еніп, шеберлік сырына қаныға алады. Және оның туындылары туралы пікір айтуға моральдық құқыққа ие болады.

С.Сәдуақасұлының әдебиеттану ғылымының категорияларынан хабардар екендігін мына жолдардан танып, білеміз: «Бейімбеттің өлеңдерін бас-басына жеке талдап алғанда ақынның әдейі жолда басып кеткен ізі сықылды. Бейімбет бір басқан ізін қайта баспайды. Бейімбет ілгері өрлеп, өсіп келе жатқан ақын», - деп ақынның шығармашылық болмыс-бітімін, даралық қасиетін жете танып, әділ

---

<sup>1</sup> Сонда. 264-б.

бағасын береді<sup>1</sup>. Ақын мен оның шығармашылығы арасындағы айырманың жоқтығын, бұл екі болмыстың біртұтас әлем екендігін көрсетеді. Ақынның көтеріп отырған мәселелері, тақырыптары дәл сол кезеңнің рухани айнасы, көркем шежіресі екендігін айтады. Бұл мақаланы көрнекті қазақ ақыны Б.Майлиннің қаламгерлік қасиетін, көркемдік әлемін, стилдік ізденістерін, жаңашылдық, кәсіби шеберлігін тұтас жүйеде талдаған ұлттық әдебиеттану ғылымындағы бірден-бір ғылыми зерттеу жұмысы деп таныған дұрыс.

С.Сәдуақасұлының әдебиетке қатысты құнды еңбегінің бірі – «Әдебиеттерді қалай сынау керек» деген мақаласы. Мұнда зерттеуші қазақ әдебиетіндегі сын саласын қалай дамыту керек, оның өткірлігі мен ұшқырлығын дамыту үшін қандай шаралар қолдану керек деген сауалдар төңірегінде ой толғайды. Осы орайда көптеген ұсыныстар мен пікірлерін, ұйымдастыру шаралары жөніндегі ойларын ортаға салады. Мәселен, ол үшін алдымен, «Әдебиет – халықтың мәдениеттік тіршілігінде өте көрнекті нәрсе. Сондықтан әдебиеттердің онды болып шығуы сөзсіз керек болады», - дей келе, «Бізде осы күні аз болса да, жеке сыншылар бар. Бірақ, сыншы үйірмесі жоқ. Әдебиетке дұрыс сын бере білетін, жазушыларға дұрыс бағыт көрсететін – үйірме сыны. Міне осы үйірменің жұмысын жандандырса қазақ әдебиетінде сын жанры жанданар еді»<sup>2</sup>, - деген тың ой тастайды. Және күнделікті баспасөз беттерінде жаңа кітаптардың жарық көргені және олардың белгілі бір мекемеде белгілі бір мерзімде талқыланатыны жөнінде хабарландырулар жариялау арқылы оған оқырмандарды, әсіресе сыншы, әдебиетшілерді кеңінен тартып, араластыру арқылы сынды жанды пікірталасқа ұластыруға болатыны жөніндегі пікірін де білдіреді. «Бұл секілді қызметпен біз тек әдебиеттің бағытын түзеп қоймаймыз, әлеумет арасына әдебиет құмарлық туғызамыз, әдебиеттеріміздің өрісін кеңейтеміз»<sup>3</sup>, - дейді.

Тегінде сын бар жерде әдебиет, оқырман, шығарма және оларға деген сүйіспеншілік болады. А.С.Пушкиннің өнерге деген өлердей ғашықтық жоқ жерде сын да жоқ деген сөзіне сүйенер болсақ, сөз өнеріне деген сүйіспеншілік қана сын мен әдебиетті қалыптастыра алады екен. Олардың бәрі көркем шығармаларды әдебиеттану ғылымының шарттары бойынша теориялық талдау арқылы жүзеге асырылатыны хақ.

---

<sup>1</sup> Сонда. 263-б.

<sup>2</sup> Сонда. 266-б.

<sup>3</sup> Сонда. 266-б.

Міне, осынау зерттеу еңбектері арқылы ұлттық әдебиеттану ғылымы мен оның үлкен бір саласы – әдеби сынның кәсіби деңгейде қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан С.Сәдуақасұлының көркем әдебиет туралы ғылыми-сыншылық пікірлері мен әдеби-эстетикалық көзқарастары осындай.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы С.Сәдуақасұлының бұрындары белгісіз болып келген «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») деген жаңа зерттеуі жайлы филология ғылымдарының докторы Д.Қамзабекұлы былай деп жазады: «С.Сәдуақасұлының қазірше бізге белгілі болып отырған алғашқы «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») атты әдеби-сын еңбегі 1918 жылы қазан айының соңында жазылып, 1919 жылы Омбыда шығып тұрған «Трудовая Сибирь» журналының 1-санында жарияланды. Жанрын автор «тарихи-сынни әліптеме» («историко-критический очерк») деп белгілеген бұл еңбек – хронологиялық тұрғыдан қарағанда, әдебиетімізге мейлінше толық талдау жасаған орыс тіліндегі мақалалардың бірі. Оның мазмұнын шартты түрде былайша жіктеуге болады: 1) әдебиеттің қазақ өміріндегі орны; 2) суырып салма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі; 3) жазба әдебиетінің қалыптасуы; 4) қазіргі (18-жылдардағы) әдебиет; 5) қосымша: сол кездегі қазақ баспасөзі туралы ақпар-дерек<sup>1</sup>.

С.Сәдуақасұлы бұл еңбегінде қазақ әдебиетінің жазбаша дәуірі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталатынын, оның негізін қалаушылар қатарына бірінші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын, сонан соң Абайды атайды. Және Абай өлеңдерінің мән-мазмұнына кеңірек тоқталып, ақынның қазақ поэзиясын биік кәсіби деңгейге көтергенін ерекше атап өтеді.

Ал, «Мәдениет тәрбиесі» деген мақаласында қазақ зиялысының өз қандастарына деген жан айғайы, әсіресе олардың рухани құндылықтан тұрмыстық, материалдық жағдайларды жоғары қоятынын қынжыла айтады. Мәселен, «...Қара қазақ үйіне сыйлайтын қонақ келгенде тоқты сояды. Газет алдыруға жарты тоқтының құнын да қимайды. Бұны қара қазақ, әрине, надандығының арқасында істейді. Надан емес, оқыған қазақ та кейі ауылдағы ағасының сарынына түсіп кететіні бар. Бес-он тиынды кейде орынсыз жұмсап жібереді де, театрға дегенде ақша да, уақыт та табылмай қалады. Бұ да біздің

---

<sup>1</sup> Қамзабекұлы Д. Танымдық зерттеулер, мақалалар. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы, Алаш. 2003. 12-б. Сәдуақасұлы С. (1900-1933). Алғисөз.

надандығымызға жатады»<sup>1</sup>, - деген тағлымды сөздері дәл бүгінде тәрбиелік мәнін жойған жоқ. Біздің рухани өмірді жандандыруға деген енжарлығымыз шынында сын көтермейді.

Автор одан әрі қазақ тілінде жарыққа шыққан кітаптар жөніндегі ойын ортаға салады: «Соларды біз оқимыз ба? (Бейне бір бізге айтып отырғандай Г.П.) Көпшіліктің алдында неше кітапқа сын бердік. Бұл сұрауларға жөнді жауап бере алмаймыз. Қазақша баспасөз бетінде айтылған пікірлерді қазақ жігіттері жөнді құнттамайды. Айтылған сөз айтылған жерінде қала береді. Бұ да біздің мәдениетіміздің кемшілігінен», – деп әдебиетші мамандардың өз ісіне деген енжарлығын, қағылез еместігін, жауапкершілігі мен мәдениетінің төмендігін, сынды қабылдай алмайтындығын өлтіре шенейді. Сөйтіп осы шағын ғана мақаланың өзінде бірнеше зерттеу жұмысына негіз боларлық іргелі ғылыми тұжырымдарды анықтап береді: «Біз әлі ірі мәселелерді көптің алдына салып, баспасөз бетінде пікір салыстыруға төселгеніміз жоқ. Піш-піш әңгіменің туатыны да осындайдан. Бұл туралы да бізге мәдениет тәрбиесі керек. Мәдениет тәрбиесі – жаңа жұртшылықтың ұйытқысы. Мұнсыз біз саяси партия жасай алмаймыз»<sup>2</sup>.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының руханият жөніндегі пікірлерін бүгіндері қайта ақтара отырып, парақтар болсақ, көпке ортақ ұлттық рухани құндылықтар төңірегіндегі пікірталастарды көбіне жеке басқа, тапқа, тақырыпқа тұсаулаудың кесірінен шынайы көркемдікті танымау тәрізді теріс көзқарас, әдейі тосқауылдардың қойылатындығын байқаймыз. Әйтсе де, бұл әдеби айтыстар қай кезде де тіл, әдебиет, өнер, мәдениет т.б. төңірегіндегі көкейкесті мәселелердің күн тәртібінен түспейтіндігін дәлелдейді.

С.Сәдуақасұлы ұлт театры жөнінде де қомақты ой қозғаған белгілі қоғам қайраткері. Оның «Баянды еңбек күтеміз», «Қазақша пьессаға бәйге», «Алтын сақина» ойыны туралы», «Бәйбіше тоқал», «театр», «пьесса», «артист» деген кішігірім тараулардан тұратын көлемді еңбегі – «Ұлт театры және Алғашқы тәжірибелер», «Ұлт театрына бір жыл» деген зерттеулері ұлттық театр өнерінің туып, қалыптасу кезеңдерін және оның жанрларына жан-жақты теориялық тұжырымдар жасаумен бірге жеке театр ойындарына талдаулар жасайды. Айталық, «Баянды еңбек күтеміз» деген мақалада автор январьдың 13-күні ұлт театрының ашылу күніне арнап қойылған

---

<sup>1</sup> Сонда. 267-б.

<sup>2</sup> Сонда. 268-б.

ойындарындағы ойнаушылардың келешегінен үміт күтуге болатынын және олардың кемшілігі көп бола тұра ғылым жөнінен тексеріп, толық сын беруге жарайтын кәдеге келіп отыр»<sup>1</sup>, – деген ойды айтады. Ал, «Қазақша пьесаға бәйге» деген мақаласында қазақша тұрмыс ретінен, саясат дүниесінен, я тарихтан алынып жазылған пьесаға бәйге жарияланғаны, жүлде алғандары баспасөзде жарияланып, 1000 сомнан 500 сомға дейін бәйге және толық қаламақысымен алатынын хабарлайды. Мұндай ынталандыру жұмыстары сол кезеңдерде жиі қолға алынғаны байқалады. Жеке кісінің роман жазушыларға берген бәйгесі де соның бір куәсі. Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» мен М.Әуезовтің «Бәйбіше, тоқал» пьесалары жөніндегі сын мақаласында автор көңіл қуантарлық жақсы жақтарын айта келіп, жазушылардың жазғандарына артистердің, режиссерлердің өз тарапынан қажетті жерінде қимыл-қозғалыс, күлдіргі сөздер т.б. қосымша ендіруге құқылы екендіктерін ескере отырып, ойнаушылардың киімдерінде, жүрістерінде, сөйлеген сөздерінде әлі де жетілдіру, шеберлендіру, ширату жағының кемшін түсіп жатқандығын қатаң ескертеді. Оған пьессадан шағын эпизодтарды мысалға ала отырып, талдау жасайды. Және зерттеуші осы мақаласында жазушы мен режиссердің, артистің әрқайсысының міндеттерін де айқындап береді. Мысалы, «Алтын сақина» ойыны туралы» деген мақалада: «Міне, бұларды түгел, анық қылып көрсету үшін әртіс ойнаған әдебиеттегі адамның, тыңдаған халықтың мінезін (психологиясын) жақсы білу керек. Әртіс білмесе, режиссор болсын қозғалыс ретінде әдебиетке бағына берді, «әдебиеттегі айтылмаған қозғалысты қосумен жазушыға күнәлі боламыз», – дуді қалдыру керек. Жазушының бұл жағын әдебиетте айтпай кететін себебі: «Бұл – артистің өз міндеті. Шын әртіс халыққа бір әсер бермейтін түрде бір рет болса да бас шайқауы, үн шығаруы, аяқ басуы тиіс емес. Режиссор ойынға керек болатын жүріс-тұрыстың бәрін әуелі өзі дұрыс бөлек-бөлек суреттеп алып, сол суреттерді әртістерге үйрете білуі, үйретумен қатар жалғастыра білуі өте қажетті»<sup>2</sup>, – деп драмадағы әр маманның өзіне тиесілі шаруасы болатынын, көркем әдебиеттегі драманы театрға, сахнаға шығару үшін көптеген өз бетінше ізденіс жасау керектігін көрсетіп береді. Әдебиеттанушы С.Сәдуақасұлы «Бәйбіше тоқал» атты мақаласында: «М.Әуезовтің «Бәйбіше, тоқал» пьесасындағы әрбір образға тоқталып, олардың ойынындағы жетістіктер мен

---

<sup>1</sup> Сонда. 269-б.

<sup>2</sup> Сонда. 272-б.

кемшіліктерді қатар қойып талдай келе, мынадай тұжырымдар жасайды: «Мұхтар Әуезұлы – әдемі, кестелі сөздің ұстасы. Мұхтардың тілі орамды, сөйлемдері маңызды. Бірақ Мұхтар әлі пьесе жазудың техникесіне шебер емес. Пьеседе қозғалыс-қимыл тым аз. Кейбір жерлерінде екі кісі жарты сағаттай қимылдамастан сөйлесіп тұрады. Мұндай ұзақ көріністер әртісті де, қараушыны да тез қажытады»<sup>1</sup>, – дейді. Сондай-ақ, пьеседе кездесетін артық кейіпкер – инструкторды да қатты сынға алады.

Ендігі бір ерекше тоқталатын еңбек – «Ұлт театры туралы» атты көлемді мақаласы. Мұнда автор театр деген сөздің шығу тегінен бастап, оның жанрлық түрлеріне дейін талдаулар жасап, жанадан қалыптасып келе жатқан ұлттық театр өкілдерінің кәсіби сауатын ашып, шеберліктерін шыңдарлық мектептің әліпбиін үйретеді. Айталық, «Театр» деген алғашқы тарауда театрға «өмірдің ойыны, тұрмыстың ойыны» деп анықтама бере келе оған ұлттық ұғым тұрғысынан түсініктеме бере кетеді. Европа елдеріндегі театрлардың алар орнын бір-бірімен салыстыра отырып, оған жету үшін тек қана еңбектенудің, ізденудің қажеттілігін баса айтады. «Пьеса» деген тарауында сол күндері театр сахнасына шыққан пьесалардың сыртқы көркемдігі мен ішкі маңыздылығы қандай деген сауалдар төңірегінде ой толғайды. Автор мұнда көбіне пьеса жазушылардың шығармаларын, олардың пьеса тудырудағы шеберліктері мен кемшіліктері жөнінде салыстыра отырып, талдаулар жасайды. Бір-екі мысал келтіре кетейік.

«Қандай жаман дененің ішінде бір тамшы жақсылық бар, қандай жақсының өзінде бір осалдығы бар. Әрбір адамды жеке адам ететін – әркімнің жеке өзіне ғана біткен бір тамшысы. Міне, соны Жүсіпбек көбінесе таба алмайды. Жүсіпбек пьесаларының осы жағын жөндеу керек», – десе, Қошкелі жайында былай дейді: «Қошмағамбет Жүсіпбектен анағұрлым тереңірек. Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ. Тегінде Қошмағамбет қолынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін»<sup>2</sup>, – дейді. Ал, Мұхтар Әуезов жайлы пікірі өте жоғары: «Еңлік-Кебек – сөзсіз, ірі пьеса. Ішіндегі маңызы мен сыртқы сұлулығы бірдей істелген пьеса. Бұл пьеса тарихи білім көзінен қарағанда да мағынасы бар», – дей келе оның бір ғана кемшілігін ерекше атап көрсетеді. «Ол – тым ұзақтығы, көріністердің санының көптігі дейді. Сәкен Сейфуллиннің («Қызыл сұңқарлар», «Бақыт

---

<sup>1</sup> Сонда. 272-б.

<sup>2</sup> Сонда. 277-б.

жолында») пьесаларында үстірт кететін жерлер бар», – дей келе мынадай ой қорытынды жасайды. ...Бізге де әдемілік, көркемдік керек, шеберлік, шындық керек... Абай мен Мағжанның сөз шеберлігін үйренуге коммунист жазушылар арланбау керек... Осы күнгі қазақ тұрмысы жазушыларға қаймағы бұзылмаған байлық деуге болады» (Қазақ жастарының тұрмысы, әйел теңдігі, төңкеріс заманындағы оқиғалар, 16-шы жыл, шәкірт өмірі, мұғалім тұрмысы, ұлт мәселесі, бай-кедей арасы – осының бәрі жазушыны күтіп отыр), – деп тақырыпқа дейін бағыт-бағдар береді<sup>1</sup>.

«Артист» деген тарауда сахнада ойнаушы артистерге баға беріледі, олардың кәсіби шеберліктеріне мінездеме жасалады, актерлік тәжірибелері талданып, шығармашылық ізденістері мен ерекшеліктері салыстырылады. Бізде ойнаушылар бар, бірақ әлі төселген жоқ, көптен шығып, өз жолын анықтаған жоқ», – дей келіп, Парижде ән салып қазақ халқын дүние жүзіне танытқан талантты әнші Әміре Қашаубаевтың әншілігімен қабат артистігін де мақтайды. «...Әміре «Ағаш аяқ» деген өлеңді айтқанда шын артист болып кетеді. Қандай салмақты отырған адам «Ағаш аяқты» естігенде еріксіз күліп жібереді. Күлдіретін сонда «Ағаш аяқтың» өлеңі емес, Әміренің өнері. Оның жыламсыраған даусы, қыржиган беті, жұмылған көздері – қысқасын айтқанда, Әміренің артистігі.

Қара қазақтың ішінен шыққан Иса ақынды алайық. Иса баяғының суырып салма ақындары сықылды. Өлеңді айтқанда сағатында ойдан шығарады. Иса – шын ақын. Бірақ Исаның едәуір артистігі де бар. Иса өлең айтқанда құр ұйқастыруға тырыспайды, айту тәртібінің өзін бір түрлі өлеңнің мазмұнына қарай өзгертіп отырады. Біресе ақырын, біресе айғайлап кету, біресе күліп, біресе ашуланып кетуінің бәрі Исаның артистігіне жатады», – дей келіп, Қалибектің кемпір де, шал да болып ойнай білетінін айтады. Осы жерде автор мынадай орынды ой сала кетеді: «Бұрын Еуропаның түзелген театрларын көрген білімді кісілердің айтысына қарағанда, бұл ешбір артистен кем ойнамаған. Осы сықылды елдің ішінде жүрген, теңіздің терең түбінде көрінбей жатқан асылдар, әрине толып жатыр. Олардың көбін біз білмейміз», – дей келе оларды білмек үшін бәйге жариялау керектігін, оларды іздеу, табу, театрға әкелу, жинау жолдарын қарастыру керек. Және: «Қазақстанның ұлт театры қазақ ұлтының бел баласы болуы керек. Жалпы адамшылық мәдениетінің базарына біреуден ұрланды емес, өз өнерімізбен, өз еңбегімізбен тапқан

---

<sup>1</sup> Сонда. 277-б.

бойымызды апаралық. Сонда ғана халықтан ұялмаймыз»<sup>1</sup>, – деп түйін түйеді.

«Ұлт театрына бір жыл» деген мақаласында осы аралықта қанша пьеса жазылып, сахналанғаны, бәйге қорытындысы, оларды қаржыландыруға жіберілген қаржы, әлі театрға арнап салынған үйдің жоқтығы, оны салу үшін 2-3 жүз мың сомның керектігі т.б. толып жатқан көкейкесті мәселелер айтылады.

«Қазақстанда баспасөздің міндеті» деген мақалада С.Сәдуақасұлы өзі басқаратын «Еңбекші қазақ» газетінің төрт жылда жеткен жетістіктері, тиражының молайғаны, тілшілерінің көбейгені, жалпы қазақ баспасөзінің зәру мәселелері жан-жақты айтыла келіп, оның белді бір жанры – сын мәселесі төңірегінде біршама толғақты ой толғайды. «Сын – мидың жануы. Сын ойларды қосып, адамның пікірін қайрап отырады. Сынсыз жазылған сөз қайралмаған пышақ сықылды. Сондықтан бізге сын керек»<sup>2</sup>, – дей келе Мағжанның өлеңдері жайлы, ондағы кеткен кемшіліктер турасында айтады. Ұлтшыл ақынға қарсы екенбіз деп коммунист ақындардың оларды жұтып қоюы, өлеңдерін баспасөзге бермеудің дұрыс еместігін, осы жолда орыс әдебиетіндегі жақсы істерді үлгі етеді. Осы орайда аудармаға көп сүйеніп, сенуге болмайтынын, әсіресе мектептерге қазақ тұрмысынан, қазаққа таныс тұрмыстан жазылған сөздер керек.

Сөздің кестесі, сөйлесу ыңғайы – бәрі қазақтың миы ұғатындай болсын. Сондықтан біздің өзімізден шыққан жазушыларды іске асырып, қатасы болса түзетіп, соларды баулу керек... Қазақстанда баспасөздің өсуі – жалпы жұрттың өсуге бет қойғандығының белгісі»<sup>3</sup>, – деп тұжырым жасайды.

Жалпы, белгілі қоғам және қалам қайраткері С.Сәдуақасұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялысы ретінде сол кездегі мәдениет, әдебиет, өнер мәселесінің зәру тақырыптарына белсене араласқан, ұлттың рухани келешегі үшін аянбай күресе білген Алаш азаматы екендігін осы шағын шолуда жақсы таныдық деп ойлаймыз. Оның қайсыбір мақаласындағы әрбір абзац, әрбір жолға жігі назар салар болсақ, жеке-жеке зерттеу еңбекке жүк боларлық тың ойлары, салмақты тұжырымдары бар екендігіне көз жеткізе түссесіз. Олардың тағы бір ерекше тоқталар құнды тұстары – бұдан бір ғасыр бұрын

---

<sup>1</sup> Сонда. 281-б.

<sup>2</sup> Сонда. 292-б.

<sup>3</sup> Сонда. 293-б.

жазылған, бұрын көтерілген келелі мәселе бола тұра тап қазіргідей зәрулігімен, көкейкестілігімен көкейге қонады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. С.Сәдуақасұлының әдебиетке қатысты еңбектерімен тереңірек танысып, конспектілеу.
2. Автордың бейімбеттану саласына қосқан үлесі мен рөлін анықтау.
3. С.Сәдуақасұлының әдеби-көркем сындағы атқарған еңбектері жайлы курстық жұмыс жазу.

## **X. ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ**

Жоспары:

1. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет тарихы және Х.Досмұхамедұлы.
2. «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» атты оқулықтың құндылығы.
3. Х.Досмұхамедұлының әдеби-сын мақалалары.

**Өмірбаяны:** Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы 24-сәуірде дүниеге келген. Туған жері Атырау облысы, Қызылқоға ауданы.

Халел Досмұхамедұлы сауатын ауыл молдасынан ашып, Санкт-Петербургтегі Императорлық Әскери-Медициналық Академияны бітірген.

**Еңбектері:** Халел Досмұхамедұлының – «Как бороться с чумой среди киргизского населения», «Табиғат тану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Қазақ тілінің сингармонизм заңы», «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» атты зерттеу еңбектері бар. Ал, жеке ақындар шығармашылығы мен олардың әдеби мұралары жөнінде – «Абай. Таңдамалы өлеңдері», Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» жыры, Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет», ел әдебиетінен «Аламан», «Мұрат ақынның сөздері» деген еңбектері жарияланған т.б.

Мамандығы әскери дәрігер бола тұра көрнекті ұлт зиялысы Х.Досмұхамедұлы тіл мен әдебиетке, әсіресе әдебиеттану ғылымына белсене атсалысты. Оның бірден-бір дәлелі 1923 жылы Ташкентте ұлт зиялылары бірігіп, «Талап» атты қоғам құрған-ды. Оның бағдарламасында қазақ-қырғыз халқының әдеби тілін, ғылым атауларын (терминология), емлесін, сәулет өнерін, тарихты зерттеу,

қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселелерін реттеу т.б. сияқты зәру жұмыстарды тез арада қолға алып, жүзеге асыруды жоспарлаған еді («Сана» журналы, 1923, 1 саны).

Міне, осынау халық мүддесі жолында аянбай еңбек еткен тұлғалар қатарында Х.Досмұхамедұлы да тіл мен әдебиет, әдебиеттану саласында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Х.Досмұхамедұлының «Шолпан» журналының 1923 жылғы 67 санында жарияланған «Диуани лұғат ат түрік» атты мақаласында туған халқын әдеби, тілдік жағынан аса құнды көне жәдігермен таныстыруды ойға алады. Терминология, алфавит, емле хақындағы талас мәселелерге ғалым өз пікірін білдіріп, баспасөз бетінде үнемі үн қатып отырды. Нәзір Төрекұлұлының «Жат сөздер» деп аталатын кітабына жазған сын мақаласындағы ойлары бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ («Қызыл Қазақстан», 1926, 11-14 сандарда), 1923 жылы «Шолпан» журналының бірнеше санында жарияланған зерттеу мақалаларының негізінде 1924 жылы Ташкенттен «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген атпен жеке кітап бастырып шығарды.

Бұл ХХ ғасыр басында жазылғанымен де әлі күнге дейін тіл біліміне қатысты күрделі мәселелерді көтерген, терминология мен үндестік заңы жөнінде құнды пікірлер айтылған зерттеу еңбектің бірі. Осы еңбектің құнын құлдыратпай, керісінше уақыт озған сайын маңызын арттыра түскен өткір ойларына көз жеткізу үшін автордың пікіріне құлақ түрелік: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады», – десе, енді бірде сол білімділердің кейде халыққа тигізер зияны жөнінде өткір сын да айтады: «Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады», – деп көпшілікке таныс емес терминдерді оңды-солды пайдаланып, айтар ойларын қиындатып алатын олқылықты зерттеуші орынды сынады.

Әсіресе, халық арасына тез әрі кеңінен тарайтын әдеби тілдің таза әрі түсінікті болуына зерттеуші үлкен жауапкершілікпен қарайды: «Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сінбейді, сондықтан жер жүзіндегі жұрттың көбі әдебиет тілін қара тілге жақын қылып елге түсінікті қылуға тырысады, – дей келе сол әдебиет тілінің дұрыс қалыптасып, таралуына тікелей себепкер, ...әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп екендігін ескерте келіп, ...Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып,

гүлдендіреді. Ал, мектеп пен баспадан қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды», - деген ғылыми тұжырым жасайды<sup>1</sup>.

Ғалым тілдің дыбыс жүйесіне қатысты өзекті заңдылықты зерттеу барысында, ең алдымен оның тәжірибелік мәніне назар аударады. Ол сингармонизм заңын, яғни дыбыс үндестігі түркі тілдес халықтардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми байламмен дәлелдеп, басқа жұртпен көп араласқан Стамбул түріктері, ноғай, өзбектер бұл айрықша қасиетін жоғалтып алғандығын айтады.

Қазақ тіліне мәдениет пен ғылымның күрт өсуіне орай жаңа ұғымдарды бейнелейтін термин сөздердің ене бастағандығын айта келіп, бұл оның фонетикалық (дыбыстық) құрылымына өз бедерін салмай қоймайтындығын көрсетеді. Сондықтан зерттеуші ана тілінің дыбыс үндестігінен туатын әдемі әуезін сақтап қалу мәселесін күн тәртібіне қояды. Тілдің ежелден келе жатқан заңдылығын жойып алмау үшін бірнеше түрлі шартты бөліп көрсетеді:

1. «Европа тілдерінен термин алғанда өте сақтықпен қарау, ала қалған жағдайда тілдің өз заңына сәйкес көндіріп қолдану.

2. Европаның басқа тілдерінен термин қабылдауда орыс тілінің бізге дәнекер болып келгенін айта отырып, сол терминдерді орыстардың өз тілінің заңдылығына сәйкес өзгертіп алғанына назар аударады. Сондықтан да терминді алған кезде оның түп-тегін тексеріп, соған орай жақындатып қолдану қажет дейді.

3. Басқа тілден енген сөздерге қосымшаны үндестік заңына бағындырып қолдану керектігін ұсынады»<sup>2</sup>.

Міне, осынау ғылыми тұжырымдар әлі күнге дейін маңызын жоймай келеді. «Осынау пікірлерге жете мән беріп, ескермегендіктен кейінгі уақытта тіліміздің дыбыстық заңдылықтары бұзылғаны ащы шындық», - дейді бүгінгі тілші мамандар, алғы сөздің авторлары. Ал, тілші-мамандарымыз орыс және интернационалдық сөздерді қолдануда тіліміздің өз ерекшелігін емес, орыс тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ереже қағидаларына сүйеніп, соны басшылыққа алып келеді. Осы жайды дәл қазіргі күн мәселесі тұрғысынан зерттеген жөн секілді.

Сондай-ақ Халел Досмұхамедұлы ерте кезден-ақ ел арасындағы әдеби мұраларды мұқият жинауға, әсіресе Батыс Қазақстанның, Орал аймағындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жүйелеп, ғылыми негізде кітап

---

<sup>1</sup> Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы, Ана тілі. 1991. 91-б.

<sup>2</sup> Сонда. 10-б.

етіп бастырып шығаруға көп үлес қосты. Соның нәтижесінде «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Аламан» (1926), «Исатай-Махамбет» (1925) атты кітаптарының алғысөзі мен түсініктерін жазып, бастырып шығарады.

Белгілі қоғам қайраткері, ғалым Х.Досмұхамедұлының зерттеушілігі, терең білімдарлығы әсіресе, «Шернияз шешен» (1925), «Бұхарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана» (1927), «Самарқанд қаласындағы Тіллә-қари мен Ширдар медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі» (1928) атты еңбектерінде жан-жақты танылады. Мұнда фольклорлық аңыздар мен тарихи, этнографиялық деректерді молынан қамти отырып, халқымыздың көне тарихын әдеби мұралардағы көркем шежірелермен байланыстыра зерттеуге негіз салады.

Х.Досмұхамедұлының фольклортанудағы елеулі еңбегінің бірі – «Қазақ халық әдебиеті» (1928). Бұл еңбекте ол ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерін жіктеуді мақсат тұтады. Қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі кезеңдерде баспасөзде жарияланған материалдарды һәм Потанин, Радлов, Диваев басқа да орыс фольклористерінің еңбектерімен таныстығы оның ауыз әдебиетінің түрі мен жанларын топтап саралауына, біршама толық, ғылыми түрде жүйелі жіктелуіне себебін тигізді. Ғалым фольклорды тек жалаң сөз өнері деп танып қоймаған, оны әдет-ғұрып, наным-сеніммен тығыз байланысты екендігін, этнографиялық мәліметтерден бөле жармай қарау керектігін ескертеді. Оның қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет ғылыми тұрғыда саралаған ырым, дем салу, үшкіру, бал ашу, түс жору сияқты жанрлық түрлері ұзақ уақыт фольклоршылардың, ауыз әдебиетін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келді. Бұған 30-шы жылдардан бастап қоғамдық ғылымдарды жайлаған тұрпайы социологиялық танымның, ескілік атаулының жолын кескен идеологиялық шабуылдардың ықпалы тиді. Бүгінгі таңда көне мұраға деген көзқарас түбегейлі өзгерді, бір кезде іштен тебілген жанрларды, халыққа тән дүниеліліктерді алааламай, тұтастай жинау қажеттігі күн тәртібіне қайта қойылып отыр. Ұзақ уақыт белгілі себептермен ғылыми айналымға түспеген аталған еңбектің өз кезеңі тұрғысынан ғана бағалы емес, әлі де фольклористер үшін басшылыққа алынатын тұстары баршылық. Зерттеушінің «Сана» журналында (1924, № 2-3) «Аруақтармен айтысу» деген ауыз әдебиетінің сирек кездесетін үлгісін

жарияласа, кейін айтыстың осы бір ең ежелгі түрінің шығу тегі хақында өзінің теориялық тұжырымдарын жасайды<sup>1</sup>.

Әдебиеттану ғылымының тағы бір сүбелі тармағының бірі – оқу орындарына арналған оқу құралдарын жазу, елімізге арнайы мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарын ашу. Міне, осынау ең күрделі де халық үшін маңызды міндеттерді атқаруда Х.Досмұхамедұлының еңбегі орасан зор.

Ол 1924 жылы Россия академиясының Орталық өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланды. Халел 1926 жылдан бастап проректор болып қызмет атқарған Қазақ педагогика институты – халқымыздың ең алғашқы шаңырақ көтерген жоғары оқу орны еді. Сол кезде бұл институтты университетке айналдыруға дайындық жүргізіліп жатты. Қазақ білімпаздары университеттің ашылуына айрықша үміт артып, ана тілінде жүретін ұлттық мамандар даярлайтын ғылыми-ағарту ошағына айналдыруға күш салды.

Т.Жүргенұлы, С.Сәдуақасұлы бастаған қайраткерлер ұлттық жоғары оқу орнының қажеттігін дәлелдеп, сөз сөйлейді (Год работы Казахского высшего педагогического института, Ташкент, 1928). Алайда, ұлттық университет ашу мәселесі көптеген қарсылықтарға тап болады.

1929 жылы қазан айында Ташкенттегі пединституттың негізінде Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік университетін ашуға мүмкіндік туды (қазіргі ҚазПУ). Халел осы оқу орнын ұйымдастыруға белсене араласады, оның бірінші проректоры болып тағайындалады. 1927 жылы оған доцент, 1929 жылы профессор атағы беріледі. Педагогтік қызметімен бірге Қазақ АССР Халық денсаулығын сақтау комитетінде жоспарлау-ұйымдастыру басқармасының меңгерушісі міндетін қатар атқарады.

Шығармашылық өнермен айналысуға мүмкіндігі туған, Ташкенттегі өмір кезеңінде ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау, жер-жерде көптеп ашыла бастаған қазақ мектептеріне ұлттық тілде оқулықтар даярлау т.б. сияқты жұмыстарға белсене араласты.

Ана тіліндегі жаратылыстану ғылымының негізін қалаған ғалым оқулық жазудағы олқылықтарының себебін былай түсіндіреді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл-құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу деген өте қиын болды. Қазақ тілі ғылым жолына

---

<sup>1</sup> Сонда. 11-б.

шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына лайықты ат қою бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе. Сондықтан алғашқы жазылған кітаптарда әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан гөрі ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керек дейміз (Жануарлар. Қызылорда-Мәскеу, 1928. Бірінші басылымы 1922 жылы Ташкентте 35000 данамен жарық көрген).

Ол «Табиғат тану» (1922), «Оқушылардың саулығын сақтау» (Ташкент, 1925, 23-б.), «Адамның тән тірлігі» (Қызылорда-Мәскеу, 1927, 303-б., тиражы 5000 дана), «Адамның тән тіршілігі» (қазақша-орысша жаратылыстану сөздігі, бірінші басылымы 1927 жылы Қызылорда-Мәскеуде басылған), «Сүйектілер туралы» (1928, 228-б.) атты еңбектердің авторы.

Халел басқарған қырғыз-қазақ білім комиссиясы 20-жылдары қазақ еліне ғылым мен білім тарату жолында игілікті жұмыстар атқарды. Сол кезде комиссия қазақ даласында көшпелі және тұрақты мектеп-интернаттар ашу, оқу құралдарын шығару, мұғалімдер даярлауға және сан-салалы ғылым түрлерінің дамуына мұрындық болды.

«Қазақ халық әдебиеті» деп аталатын зерттеу еңбегі негізінен қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқылған баяндамасынан тұрады. Бұл еңбек қазақ халық әдебиеті үлгілерін қырық бес жыл бойы ерінбей-жалықпай жинаған Әубәкір Ахмеджанұлы Диваевқа арналған. Зерттеу кішігірім 4 бөлімнен тұрады.

1. Алғы сөз. Мұнда автор халық ауыз әдебиеті туралы сол күнге дейін жүйелі жинақталып, бір ізге түскен ғылыми ойлардың, арнайы оқу құралдарының жоқтығын айта келіп, сол олқылықтың орнын толтыру үшін ықшам түрдегі, сығымдалған жалпы түсінік беретін «...халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын очеркін» жазып шығуды мақсат тұтқан.

«Біз бұл очеркімізде тек қазақ халық әдебиетінің болмыс-бітімін хатқа түсіріп, қолдан келгенше жүйелі де айқын классификациялап, әрбір бөлімнің мазмұнын ашып, бастау-бұлақтарын анықтап және оның қазақ, орыс тілдеріндегі бар үлгілерін көрсетуді мақсат тұтып

отырмаз», - дейді де, осы еңбекте қарастырылмаған келешекте зерттелуі тиіс, көкейде жүрген мәселелерді де анықтап, айтып өтеді<sup>1</sup>.

«...Біз халық әдебиетінің қазіргі европаланған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы рөліне (орнына) және осы жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне оның ықпалын талдамаймыз.

Халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін (ғылыми терминдерін) қалыптастырудағы мәні, қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тірлігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын (мінез-құлқын) танып-білудегі орны сияқты мәселелерді де назардан тыс қалдырып отырмыз.

Сонымен бірге біз қазақ халық әдебиетінің болашағы турасында ешбір артық-ауыс топшылаулар да жасамаймыз.

Бұл аталған мәселелердің бәрі соншалықты маңызды да мәнді, сондықтан да олардың әрқайсысы ұзақ тер төгіп, арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптар.

Шынында да бұл мәселелер күрделі терең талдауды қажет ететіндіктен ел қажетіне дер кезінде жараған осы шағын очерк талай еңбектердің шаруасын бір өзі атқарғаны көрініп тұр. Қазақ халқының ауыз әдебиетін алғашқылардың бірі болып классификациялау, фольклорлық жанрлардың бәріне дерлік ұғым-түсінік беру, жанрларды анықтау, кезеңдерін белгілеу т.б. сияқты құнды ғылыми талдаулар жасау ғалымның зерттеушілік қабілетін, терең білімдарлығын танытады.

II. «Халық әдебиетінің мазмұны» деген тарауда автор: «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады», - деп, шілдехана, бесік жырынан бастап, ғашықтық әдебиет, үйлену той жырлары (жар-жар, той бастар, беташар, қоштасу жырлары, көрісу жырлары сәлем, сәлемдеме жырлары, жерлеу жырлары) деп бірнеше жанрлық түрлерді анықтап береді. Олардың бәріне нақты көркем мәтіндер арқылы мысал келтіре отырып, олардың теориялық түсінігін, жанрлық ерекшеліктерін, стилдік өзгешеліктерін айқындайды.

Халық поэзиясында айрықша орын алатын мақтау жырлары (одалар), жұбату, сатира, ирония және эпиграмма, әзіл (шутка), күлкі сөздер (комическая литература), бата мен алғыс, қарғыс, болжал өлеңдер (предсказывательные песни), билік сөз (замечательные приговоры судей, биев), насихат, зар заман, толғау, қыздырушы сөз

---

<sup>1</sup> Сонда. 14-б.

аталатын үгітшіл әдебиет, ғұмырнамалық (биографический) және өмірбаяндық (автобиографический), өлім алдындағы өсиет өлеңдер, емшілік халық әдебиеті, өлікпен сөйлесу, түс жору, перілік хикаялар, әпсаналар (легенды), аңыздар (предания), шежіре т.б. сияқты жанрлық түрлерді жүйелеп, олардың сөз өнеріндегі атқаратын рөліне ерекше көңіл бөледі. Және олардың әрқайсысының орысша баламасын бере отырып, оның ұлттық ұғымдағы терминологиялық түсінігін дұрыс, дәл тануға бағыт-бағдар береді.

Ұлттық әдебиеттің арналы саласы болып табылатын жанрлық түрлер - батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер деп атап келеді де оларға жататын көркем мәтіндер ретінде: «Қобыланды», «Алпамыс», «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Ер Тарғын» т.б. сияқты жырларды атайды. Бұл жырларда Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың тарихи образдары бейнеленіп, нақты іс-әрекеттері суреттеледі.

«Ал, тарихи өлеңдерде белгілі бір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, әрине көптеген әсірелеу, әспеттеумен бейнеленетін тарихи тұлғалар жырланады», - дей келе оларға Кенесары, Исатай, Бекет және басқаларды жатқызады.

Лиро-эпикалық сипатты көптеген тұрмыстық жырлардың («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан» т.б.) көркемдік табиғатын талдай келіп, оларда көбіне жеке бір адамдардың көңіл-күйі арқау болғанымен жалпы бір ұлттың, халықтың (қазақтардың) тұрмыс-тіршілігі, ой-танымы, сезім күйлері типтендіріліп бейнеленеді деп жанрлық ерекшеліктерді де анықтап көрсетеді.

Халық арасында ерекше құрметке ие жанрлық түр – айтыс. Бұл еңбекте олардың бірнеше түрі аталады. Мәселен, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс, билер арасындағы шешендік өнер сайыстары т.б.

Қазақ халық эпосының үлкен бір саласы – ертегілерді (жануарлар эпосы), мақалдар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар деп бөледі.

«Қазақтардың арасында үлкен қызмет атқаратын ырымдар, жарапазан, боғауыз өлеңдер, діни әдебиет, араб-парсы өмірін көрсететін әдебиет – (қысса)», - деп 46 жанрлық түрге бөлген зерттеуші ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет қазақ халық әдебиетінің классификациясын жасайды.

Осы еңбектің төртінші «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген тарауда Ә.А.Диваев пен Алекторовтың жарық көрген еңбектеріндегі

ауыз әдебиетінің орыс тілінде жарық көрген үлгілерінің тізімі көрсетілген .

Сондай-ақ, халық әдебиеті үлгілері жөніндегі қазақ тілінде басылған жеке кітаптар мен мерзімді басылымдар тізімі де қоса беріледі.

Х.Досмұхамедұлының бұл зерттеуінде «Аруакпен айтысу» деген еңбегі толық жарияланып, көркем мәтіннің үздік үлгісі ретінде Аймандай деген арудың жауда өлген күйеуін жоқтаған айтысының толық нұсқасы жарияланған.

Көрнекті қоғам қайраткері, әдебиетші ғалым,ұлы ағартушы Халел Досмұхамедұлының бұл еңбегі ұлттық әдебиеттану ғылымының көш бастаушысы болумен қатар, оның жанрлық түрлерін анықтаудағы, оларды жүйелеудегі, теориялық тұжырымдарын нақтылау мен көркемдік ерекшеліктерін, әдебиеттегі орнын айқындап берудегі бірден-бір құнды еңбек деп білеміз.

Жалпы ХХ ғасыр басындағы Алаш ардагері, әмбебап маман Халел Досмұхамедұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан қомақты үлесі жоғарыда аталған азғана еңбектермен ғана шектеліп қалмайды. Оның ұлттың рухани құндылықтары жөніндегі баяндамалары мен жеке мақалаларындағы үзік-үзік ойлардың өзі талай талдаулар мен зерттеулерге зәру.

### **Сұрақтар мен тақырыптар:**

1. Х.Досмұхамедұлының әдеби-сын мақалаларына шолу түрінде конспекті жасау.

2. Х.Досмұхамедұлы құрған «Талап»атты қоғамның міндеті мен атқарған істері турасында ізденіп, жеке зерттеу жұмысын жүргізу.

3. Қазақтың ұлттық әдеби тілін, ғылым атауларын т.б қалыптастырудағы зерттеушінің ізденістері қандай?

4. Х.Досмұхамедұлының шығармашылығын зерттеушілердің еңбектеріне талдау жүргізу.

## **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ СЫНШЫЛДЫҚ – ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ**

### **Жоспары:**

1. С.Сейфуллиннің кеңестік кезеңдегі әдеби-сын зерттеулері.
2. Қазақ әдебиеті тарихын жазып, қалыптастырудағы С.Сейфуллиннің еңбегі.

3. Ұлттық мектеп, жоғары оқу орындарына әдебиеттен оқулық жазудағы еңбектері.
4. С.Сейфуллиннің еңбектеріне бүгінгі көзқарас.

**Өмірбаяны:** Сәкен (Сәдуақас) 1894 жылы 15 қарашада қазіргі Қарағанда облысы, Ақадыр ауданы, Қарашілік қыстағында дүниеге келген. 1938 жылы 25 ақпанда қайтыс болған. Жазушы, қоғам қайраткері, Нілдегі орыс-қазақ мектебінде (1905-08), Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1908-10), қалалық училищеде (1910-13), Омбы мұғалімдер семинариясында (1913-16) оқыған.

**Еңбектері:** 1914 жылы «Айқап» журналында «Манап» драмасы туралы мақаласы жарияланды. XX ғасыр басындағы 20-30-жылдары ішіндегі әдебиеттегі формализм мен натурализм туралы әдеби айтысқа белсене араласты. Оның құрастыруымен «Қазақтың ескі әдебиеті нұсқалары» (1931), «Батырлар» жинақтары (1933), Ы.Алтынсариннің, Ақан серінің, Ақмолланың шығармалары (1935), Шәкерім жырлаған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны жарық көрді. Қазақ фольклорының тарихына арналған «Қазақ әдебиеті» кітабы (1932) т.б. жарық көрді.

XX ғасыр басындағы әдеби сында социологиялық схематизм, идеологиялық қыспақ кеңінен өріс алып, сөз өнерінен талап етілер табиғи көркемдік – эстетикалық талғамның төмендегені тарихи шындық. Алайда, әдебиетті сөз өнері деп түсініп, бағалаған әрі оны тек әдебиеттану ғылымының өз категориялары арқылы талдап, зерделеген ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, Х.Досмұхамедов т.б тапшыл әдебиеттің талабын мойындай қоймады. Өздерінің ой-пікір қуатына сенімді ақын-жазушылар әдебиеттің көркемдік сапасы мен әдеби-көркем сынның теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, ұлттық сынның кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, осы орайдағы ғылыми ізденістерге жол ашты.

Соның бірі – С.Сейфуллин. Таптық идеологияны қолдағанымен көркем сөз өнерінің қадір-қасиетін, оған қойылар көркемдік шарттарды шығармашылық тұлға ретінде эстетикалық талғам тұрғысынан тани білетін Сәкен Сейфуллиннің әдеби зерттеушілік еңбегі кейінгі кездері көп жағдайда бір жақты бағаланып жүр. Әрине, өз тұсындағы қоғамдық құбылыстан тыс қалмайтын қайраткер ретінде уақыт талабына сай сөйлеген сөзі, ұсынған ой-пікірлері болғаны айқын. Дегенмен, оларды бүгінгі идеологиядан тыс жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта қарап, ол еңбектердегі таза әдеби-көркем сын пікірлерді, ғылыми теориялық ізденістерді байқар болсақ, С.Сейфуллиннің көркемдік-эстетикалық талғамының жоғары

екендігіне көз жеткіземіз. Оған әдебиетшінің жиырма-отызыншы жылдары жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектері дәлел бола алады. Негізі, С.Сейфуллин сол кезеңдегі жан-жақты білімді, әдебиеттің барлық саласынан хабардар ұлт зиялысы ретінде халыққа өте зәру деген рухани мұқтажықтардың бәріне белсене атсалысып отырған. Жаңадан жаппай білім алуға бет алған жас мемлекеттің оқу ісіндегі олқылықтардың бірі- мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардың жоқтығы еді. Осы олқылықтардың орнын ол күнделікті мерзімді баспасөз беттерінде жариялаған әдеби сын мақалалары мен лекция сипатында жазылған ғылыми зерттеу еңбектері арқылы толықтырып отырған.

С.Сейфуллиннің 4 томдық шығармалар жинағының төртінші томы әдеби- көркем сын мақалалары мен лекция сипатында жазылған ғылыми зерттеу еңбектерінен топтастырылған<sup>1</sup>.

Осы зерттеу еңбектерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік жүйені таныту мәселелері қарастырылған.

«Әдебиет һәм оның бағыттары» атты мақала – 1922-1923 жылдары жазылған. (Бір ескерер жәйт – бұл еңбектерге ғылыми түсініктеме жазылмағандықтан олардың қай баспасөзде жарияланғандары белгісіз. – Г.П.).

Бұл мақалада автор әдебиет деген сөзге ғылыми-теориялық анықтама беріп, оның тегі мен жанрлық түрлеріне, таралу ауқымына жан-жақты күрделі зерттеу жүргізеді. Жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиеттану ғылымына тән терминдік атауларды анықтап, олардың мән-мағынасын қарапайым тілмен түсіндіріп беруге тырысқан бұл еңбек сөз өнері пәнінің алғашқы оқулығы есепті. Әдебиеттің көркемдік бағыт-бағдары, ағымдары, адамзат өмірінде алатын орны мен мақсаты зерттеудің алғашқы тарауында айтылса, екінші тарауда мысал, хикаялар т.б. сынды жанрлық түрлеріне кеңінен тоқталып, олардың тарихы туралы толық ғылыми мәлімет беріледі.

«Әдебиет адам баласы хат жазуды білгеннен кейін туған нәрсе, – деген зерттеуші мұнда көркем, яғни жазба әдебиетті меңзеп отырған сияқты. Және оған өзі мынадай анықтама береді: «Адам баласының тұрмысының түрі, тұрмысқа көзқарасы, өмірінде тіршілік қылу жолында сансыз еңбекпен алған тәжірибе, білімдері халықтың көкірегіне орнаған иманы «Одан әрі автор әдебиеттің жанрлық

---

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. Т.4. Мақалалар мен очерктер. Алматы, Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы. 1962. 392 б.

түрлерін: «өнер, білім туралы әдебиет, шаруашылық, әлеумет, саясат әдебиеті», – деп тақырыпқа топтастырады.

Ал, көркем әдебиетке мынадай ғылыми түсінік береді: «Әр заманның әм әр замандағы халықтың тұрмысы қандай әм тұрмысқа көзқарасы қандай екендігінен анықтап мағлұмат беру үшін жазылған сөздер»<sup>1</sup>.

«... Роман (ұзын хикая), әңгіме, драма, пьеса (театр кітаптары), өлең, жыр – осылар әдебиет» - дейді.

Одан әрі автор сөз өнерінің әуелі Азияда, содан кейін ғана Еуропаға таратылғаны жөнінде айтады: «...Халықтың тұрмысы өзгере бастаса, халықтың көкірегіндегі иманы өзгере бастаса, білімі өзгере бастаса, әдебиеті де өзгере бастайды» - дей келе оның өмір айнасы, заман шежіресі екендігін, әдебиеттің адамды түзейтінін, жас буынды тәрбиелейтін қоғамдағы орнын да осында автор ғылыми негізде нақтылап береді.

Екінші тараушасында әдебиет әлемінде ең алғашқы болып көрінген жанрлық түрлерге, атап айтқанда аңыз, хикаялар, мысалдар, патшалар мен батырлар, ғашықтық жайлы жырларға тоқтала келіп, мұнда көбінде жоғары таптың өкілдері жырланғанын нақты көркем мәтіндерден мысалдар келтіре отырып баяндайды. Әдебиеттің бұл нұсқалары бертін келе Азиядан көшіп Грецияға, Италияға барып, өрісін кеңейтіп, соның негізінде театрдың қалыптасқандығын айтады. Осы ойды қазіргі кезде көрнекті өнертанушы ғалым Сара Әділгерейқызы Күзембаева «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» (Алматы) атты монографиялық зерттеуінде дамытып, батырлар жырындағы опералық категорияларды ғылыми айналымға ендіруі қазақтың дәстүрлі өнерінің бүгінгі биік өркениетте өріс алуын айқындайды<sup>2</sup>.

Қайта жаңғыртылған жанрлық түрге, яғни драмалық шығармалардың шарттары, көркемдік талаптары жайлы арнаулы зерттеу еңбектердің жазылып, әдебиет енді өз категориялары арқылы ғана дамитынын, ол дәуірді, ХҮІІ ғасырды классицизм дәуірі деп, Еуропаның әуелгі зор жазушыларының бәрі осы бағыт үлгісімен жазылғандығын ескертеді.

Үшінші тараушада: «классицизмның (үлгішіл) жолы сол – жазушы жазғанда қылдан таймай белгілі үлгімен жазады. Жазылған

---

<sup>1</sup> Сонда. 209-б.

<sup>2</sup> Күзембаева С.А. Национальные художественные традиции. Монография. Алматы, 2006. 380-б.

сөздің әр мүшесінің қиықтары дәл, түгел келіп отырады. Сөздің әр мүшесі өлшеулі болады,» - деп қатаң талап, тәртіп бойынша жазылатындығын, оның өкілдері деп Гете, Шекспир, Шиллерді т.б атап көрсетеді. Оларға күллі Европа жазушыларының еліктегендеріне нақты мысалдар келтіріп, өзара салыстыра отырып, талдайды.

Зерттеуші ХІІІ ғасырдың соңында көркем шығармалардың кейіпкерлеріне қарапайым халық өкілдерінің ене бастағанын, жазушылардың енді жаңа жол, жаңа бағыт іздей бастағандарын да тілге тиек етеді. Халықтың жаппай сауаттана бастауы, жұмысшы табының пайда болуы, соның нәтижесінде әр елде ұлт сезімдерінің ояна бастауы – ұлт өнерлерін, ұлт тарихы шеберліктерін әдеби майданға шығарта бастады. Шеберлік, көркем сөзге еркіндік, бостандық керегін айта бастады. Не нәрсеге болса да адамның рухы, қиялы ерікті дей бастады. Бұл бағыт романтизмді туғызды. Романтизмнің ең әуелі Германияда туып, содан барлық Европаға таралғанын айтады «... Әрине, әр жаңалыққа ескілік қарсы тұрмай қалған емес. Жаңалық пен ескілік ешбір уақытта тарих жүзінде күреспей, майдандаспай қалған емес, - деп өтпелі дәуірдегі аласапыран кезеңнің себептерін ашып көрсетеді. Бұл тарихтың әдеті әр заманда, әр дәуірде мейлі әдебиет жүзінде болсын, мейлі басқа бір өнер-білім жүзінде болсын жаңалықты алғашында «бұзықтық, әдепсіздік деп санамақ. Бірақ, бірте-бірте ақырында жаңалық, жаңа ой, жаңа жол, жаңа мақсат жеңбек»<sup>1</sup>.

Романтизмнің ХІХ ғасырдың ортасына дейін дәуірлегенін, оның өкілдері – Германияда ағайынды Гриммдер; Францияда Шатовриан, Руссо; Англияда В.Скотт, Байрон; Рустияда Карамзин, Жуковский.

ХІХ ғасырдың басқы кездерінде Европаның жалпы әдебиетінде, сол уақыттағы Европа әлеуметінің тұрмысқа риза еместігі, жалпы қасіреті жазылды.

ХІХ ғасырдың орта кезінен бастап әдебиетте романтизмнің бірте-бірте ескіре бастап, жұмысшы табы (пролетариат) күшейе бастағандықтан халықтың төмен таптарының ауыр тұрмыстары жайында көбірек жазыла бастауы жаңа бағытты талап ете бастады. Соның нәтижесінде «Бұл тұрмыстың екі бетін бірдей көрсететін ережелі әдебиетте реализм деп аталатын бағыт пайда болды», - дейді автор.

«Реализмнің алғашқы бастықтары (өкілдері дегені болуы керек – Г.П.) Францияда: Бальзак, Эмиль Золя, Англияда: Диккенс,

---

<sup>1</sup> Сонда. 215-б.

Руссияда: Пушкин, Гоголь, Толстой, Куприн, Германияда: Гейне, Кауфман, XIX ғасырдың ақырынан XX ғасырдың басынан бері бүгінге шейін бұл романтизм мен реализмнің өздері де түрлі қияпатқа, түрлі формаға, түрлі үлгіге, түрлі ағымға түсіп келді. Ол түрлі ағым дегеніміз мыналар: Модернизм, Декаденство, Символизм, Мистицизм, Натурализм, Футуризм, Иммажинизм һәм басқа да әдеби уақ ағымдар. Бұлардың әрқайсысы туралы келешекте айтармын, - дейді.

Алайда, жинақ құрастырушылардың айтуынша бұл мақаланың жалғасы табылмаған.

Сірә, бұл мақала ма, әлде студенттерге оқылған лекцияның бір үзіндісі ме, қалай дегенмен де сөз өнерін сүйер қауымға осы пәннің мән-маңызын, мақсат-мұратын, оның көптеген ағымдары мен бағыттары, оның өкілдері жайлы толық мағлұмат беретін ғылыми зерттеу мақала. Оның маңыздылығы – осы көп мәліметті қарапайым тілмен оқушысына нақты да қысқаша түрде жеткізе білуінде болса керек.

Әдебиет мәселесіне тікелей қатысты тағы бір мақала – «Асау тұлпар туралы» деп аталады.

Мақала:» Шоттың басын бассаң,

Сабы маңдайыңа соғады!», - деген қазақ мақалын эпиграф етіп алуының өзіндік сыры бар. «Біреуге ор қазам деме, өзің түсерсің» дегендей автор Сәкенді сынаймын деп жүріп өздерінің өрелерін танытып қалған кейбір сыншысымақтарға соққы береді.

С.Сейфуллин баспасөз бостандығын, ой-пікірдің еркіндігін, шығармаға кім, қалай баға берем десе де еркіндік бар екендігін айта келіп: «Әрбір зат егіз, қоспақ қанатты... Әрбір затты мінейін десе мін табылады. Тағы сол затты «мақтайын десе мақтайтын түрлері де табылады».

Тұлпарды да жамандауға болады, көк есекті де мақтауға болады.

Менің жазып шығарған «Асау тұлпар» деген кітапшама кейбір азаматтар «сын жазған, - дейді де оларды санамалап шығады:

1) Қазақстанның аймақтық партия комитетінің орысша шығатын журналдарында жолдас Тоқтыбайұлы сын жазды (журналдың 2-3 санында).

2) Мәскеуде шыққан «Темірқазық» журналының 1-ші санында Төрекұлұлы Нәзір сын жазды.

3) Нәзірдің «сынын» кекетіп «Сынға сын» деп «Қызыл Қазақстан» журналында есім орнына «Сым» деген атпен бір жолдас жазды.

4) «Бостандық туының» 8-ші санында тағы да Нәзірдің «сынын» теріс деп көрсетіп С.М. жолдас «Сынға мін» деп мақала жазды (С.М. – Сәбит Мұқанов – Г.П).

Міне, осылардың ішіндегі Сәкеннің сөз жарыстыра алатындай және сынының сорақылығы, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей жөнсіздігі ақын жүрегін жаралап, нақақтыққа шыдай алмайтынын танытып тек Нәзір Төрешұловтың ғана мақаласына кеңінен тоқтап, жан-жақты әрі асықпай кеңінен талдай отырып, оларға ойлы да мәнді жауап береді: «Ал, өзге, жоғарғы айтылған «сындардың» ішіндегі ең байымды, байсалды, ең түзуірек сын Токтыбайұлыныкі. Ал ең лаққан, ең шатқан «сын» Нәзірдікі. Нәзір «Асау тұлпарды» қалай болса да ақсатуға, ұрып жығуға тырысып, кітапты оқығаннан, қаламды қолына ұстағаннан «Асау тұлпардың» мекірелерін іздеген көрінеді, - дейді<sup>1</sup>.

Автор «Асау тұлпарды» өзінің ғана емес, қаланың қамытын киген қырдың қиялы екендігін, оны «Топ жарған» деп мақтамайтынын айта келіп, Нәзірдің өзін-өзі «әділ сыншымын, қорықпаймын, көңілге қарамаймын» деген бөспе сөздерін сынайды. Негізі бұл сынды тап Нәзірдің өзі жазып отырғанына, қазақша таза тіл білмейтін адамның осынша жөнсіз шатпағына күмән келтіреді. Алайда, Сәкен бұл мақаланың Нәзірдің өз атынан жарияланып, оның тапсырмасымен жазылып отырғандығына сенімді еді.

Дегенмен, автор таза талантқа тән зиялылықпен сында көрсетілген кемшіліктердің оңын қабылдап, мойындаса жөнсіз шатпағына шытынап жаны күйеді. Мәселен, «...Нәзірдің мені мінеген сынында бір-ақ дұрыс жері бар. Ол ысламды білмейді деуі. Рас, менің ысламды Нәзірдей білмейтінім рас шығар. Нәзір ысламның «бесігінде туған адам ғой», - деп ашығын айтады.

Нәзір көбінде Сәкенді сынағанда әйелдерге арналған өлеңдерін өзекке алады. Жұмысшы қыз Маржанның еңбекпен жетілген жұмыр денесін суреттеген өлеңін сынайды. Оған автор мынадай мінәж айтады: ... Сірә, Нәзірдің ойынша жұмыскер әйелге махаббат өлеңдері үйлеспейді, ... жалғыз-ақ көлеңкеде, саяда «жібек көрпенің» үстінде бұралып «үһ, аһ» деп отырған бай қыздарына үйлеседі дейтін көрінеді<sup>2</sup>.

Ал, лирикалық кейіпкердің өзінің сүйген жары жайлы ойларын Сәкенге теліп: сен өз басыңды ғана ойлайсың, революция бір бетімен, сен бір бетіңмен бара жатырсың деп кінәлауы да тым сорақы. Нәзір

---

<sup>1</sup> Сонда. 219-б.

<sup>2</sup> Сонда. 221-б.

мұнда жырдағы сезім-күйдің, тағдырдың бәрін тек авторға теліп қоюының өзі біржақты сын екенін айғақтайды. Және «Жазғы түнде» деген жырдың тек әйелдерге қатысты жолдарын теріп алып, сынағанда: «сен жазғы түнде үйде отырмайды екенсің, жарыңды іздеп қаңғырып жүреді екенсің», - деген сөздері еріксіз күлкі шақырады.

Мұның бәрі автордың өзі айтып отырғанындай: «... Әйтеуір мақсат бір – Сәкен деген «әдепсіз, жүгенсіз бар екен», - деп өзбек ағайын мен татар ағайынның белгілі «тәрбиелілері бір-бір түкірсін» деген шығар деймін. Әйтпесе қазақ тілінде жазылған кішкентай «Асау тұлпардың» не екенін өзбек пен татар қайдан біледі. Ал, білмейтін кітабы туралы Нәзірдің «сыны» оларға неменеге керек... Өзбек газеттері мен татар газеттеріне «сын» жазу мақсат, Қазақстанда бір Сәкен деген «әдепсіз, адасқан адамның бар екенін білдіру емес, ... Нәзір деген жалпы тілдің (қазақтың тілінен басқа) бәріне жетік бір «жақсы, білгіш сыншының» бар екенін паш ету болады. Дұрыс-ақ, кісі өзін мақтау үшін біреуді жамандау керек. Оны газет-газетке жарнамалау керек, сонда атың шығады!», – дейді<sup>1</sup>.

Осының өзі-ақ Нәзірдің ішкі сырын, астарлы ойын әшкерелейді емес пе?!

Одан әрі автор Нәзірдің «Азия» деген өлеңін «талқандап» жамандағандағы мақсаты: «Анау жаман, Марксті білмейді, мен білемін деген демагогия... ...Азияны Европамен «жауластыру» білімсіздік, ақылсыздық», – дейді. Және ол Нәзірдің: «әдебиет митинг емес, біздің міндет Европаның ұсталығын үйретіп, кеңес өкіметін күшейтіп, көркейту... деген сынайлы жөнсіз сындарын қабылдай алмайды. Сондай-ақ, Нәзірдің «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге», «Иван мен Мырзабекке» деген өлеңдерін жамандай келе «Мұндай өлеңдермен кісі революция ақыны бола алмайды», - деп сәуегейлігіне Сәкен қатты шамданып :» Нәзірдің өз шатпақтарын қазақшаға аударса көрер едім, әуселесін, өзінің қандай революция ақыны екенін ,» деп екінші білдіреді.

Сондай-ақ, осы мақаласында Нәзір Төрекұловтың Сәкеннің фарсының ақыны Шейх Сағдидің және жапон ақынынан аударған тәржімелеріне күдік келтіріп, кекетіп: «Шейх Сағдида мұндай өлең жоқ болса керек еді. Және, ол заман да бұл заман түйенің ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ... Ақмоланың түйесі болмаса өзге жердің түйелері ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ», – дейді.

---

<sup>1</sup> Сонда. 223-б.

Бұған Сәкен былайша жауап жазады: «Күйді түйе сезбейді, – деп Нәзір білгіш айтады. Ал өзге жұрт: «хайуандардың бәрі де күйді сезеді», – дейді. Біз, сірә, сол Нәзір білгіштікінен көрі көптің айтқанын алармыз деймін...».

Нәзір күдік келтірген екі өлеңді Мицкевичтен, ал ол Лұқманнан алғанын алға тартады.

1923 жылы жазылған бұл мақала сорақы сынға әділ әрі әдепті жауаптың үлгісін көрсетеді.

С.Сейфуллиннің ендігі көңіл бөлер мақалаларының бірі – «Қазақтың көркем әдебиеті туралы» бір-біріне жалғасқан сериялы еңбектері. Жоғарыда аталған мақалада көркем әдебиет туралы баспа беттерінде түрлі пікірлердің жазылып жүргенін, оның жанадан қалыптасып келе жатқан әдебиетке тән табиғи заңдылық екендігін және әркім әр нәрсеге өз базарының нарқымен баға беретінін айтады. Осы зерттеуінде Сәкен Сейфуллин «әдебиетті әзірге жасап отырған қазақтың оқыған, зиялы қауым өкілдері емес, алашшыл, байшыл-ұлтшылдар жасап отыр», – деп сөгеді. Сәкеннің санасына сіңген тапшыл сана мен идеологияға деген шынайы сенім қазақ әдебиетін, мәдениетін кәсіби тұрғыдан қалыптастыруға қомақты үлес қосқан Алаш зиялыларын мойындауға мұрша бермеді. С.Сейфуллиннің кейінгі ұрпақ тарапынан жиі сынға ұшырауы да тап осы тұстарда қатты байқалып жатады. Дегенмен әр ұрпақ өз заманының перзенті, олардың заман ағымына қарай қателесуі де ғажап емес. Уақыт өз еншісін екшеп алатыны сөзсіз.

«Қазақ әдебиеті қалай туып, қалай өсіп, кімнен үлгі алып келеді» деген тараушасында қазаққа хат үйреткен Мұхаммет діншілері, мұсылман саудагерлер мен ноғай молдалар, өзбек ишандар деп атай отырып, олардың діни кітаптары арқылы араб әрпімен сауат ашқанын, бертін келе 1905 жылғы төңкеріс дүмпуімен қазақ әдебиеті де аздап өзгеріске ұшырап, ұлтшылдық рухымен өсе бастағанын, орыс әдебиетінің өзге ел әдебиеттеріне, өміріне, өнеріне әсер ете бастағанын сөз етеді. Әсіресе, орыстар отарлағаннан кейін оларға бірінші болып жанасқан қазақ би-шонжарлары, ақсүйек дүмділері болғандықтан, орыс әдебиетінен ең алдымен Абай тәрізділер нұсқа алған, қазіргі қазақ әдебиетінің үлгісі – орыстікі, – деп түйін жасайды.

Ал, «...Қазақ әдебиетінде қазір неше саяси бет бар», – деген тараушада автор бірден ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде айқын байқалған екі саяси бет (сірә, бұл әдеби бағыт деген мағынаны білдірсе керек-ті – Г.П.) бар екендігін, олардың бірі – байшыл, ұлтшыл болса, бірі – еңбекшіл, тапшыл деп атап көрсетіп, олардың өкілдерін былай

топтайды: Байшыл, ұлтшыл бетті әдебиетшілер, мәселен: Ақмет, Мыржақып, Мағжан, Әлиқан және басқалар. Еңбекшіл, тапшыл бетті әдебиетшілер, мәселен: Рақметжан, Сәбит, Бейімбет, Сабыр, Самат, сыншы ретінде: Әбдірахман, Қамза, Ғаббас және басқалар.

Және әдебиеттің бұл екі айқын бетті жазушыларының арасында бірен-саран шөре-шөре жазушылар бар, - деп олардың бағыттарын да айқындап көрсетіп береді<sup>1</sup>.

«Қазақ әдебиетінің сыншылары кім, кімге қандай әдебиет ұнайды, қандай бетті әдебиет үстем болып келеді» деген сұрақтарға осы тақырыпшада толық әрі жан-жақты жауап беріледі. Автор қысқа жазылған мақала көлемінде қарастырылып отырған мәселелеріне,әсіресе ғасыр басындағы көркемдік бағыттарға,олардың қазақ әдебиетін дамытудағы атқарған міндеттеріне нақты бағасын береді.

Қазақ әдебиеті тарихының қалыптасып, ғылыми тұрғыдан негізделуіне, әдеби-көркем сынның, ұлттық әдебиеттану ғылымының кәсіби дамуына белсене атсалысқан Алаш зиялылары, атап айтқанда А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы,Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, Ә.Бөкейханұлы, С.Сәдуақасұлы т.б қазақ халқының тағдырына тікелей қатысты рухани мәселелердің барлық саласында аянбай еңбек етті. Олардың өз кезеңінің ғана емес,қай заманның да рухани қажеттілігін өтейтін әдеби көркем мұраларының маңызы мен мәнін тапшыл бағыттағы замандастарының мойындағаны,бағалағаны бүгінде белгілі болып отыр.

«... Қазақ әдебиетінде ұлтшылдық, байшылдық бет зор болып, үстем болып келді. Және оларға кейбір газет, журналдардарымызда («Ақ жол», «Сана», «Шолпан», «Жаңа мектеп», Ысмағұл тұсындағы «Еңбекші қазақ», тағы басқалар) орынды бұрынырақ беріп келді. Әрине, бұлай болды деу үйлеспейтін әңгіме тәрізді. Бірақ, қайтесің! Расында солай болды, - дейді С.Сейфуллин<sup>2</sup>.

Мұндай мойындаулар, сол кезеңнің шындығы кейінгі ұрпақтан аластатылған «ақтақтар» беттері арқылы айқындалғаны ақиқат соңғы жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүрген ХХ ғасыр басындағы әдеби айтыстар ақиқаты, жеке жазушылардың әдеби-публицистикалық еңбектеріндегі пікірлер, кейінгі зерттеушілердің архив қойнауларынан тапқан тарихи деректері біраз сырдың бетін ашқандай. Кейінгі жылдары бір жақты сыналып жүрген

---

<sup>1</sup> Сонда. 324-б.

<sup>2</sup> Сонда. 325-б.

С.Сейфуллиннің өзі біз ойлағандай тым тапшыл емес екен, ол да әдебиеттің сөз өнері ,оның саясатқа тым берілмейтін өзіндік көркемдік шарттары бар екендігінен хабардар талантты өнер тұлғасы ретінде Келесі жолдарға автордың өзі олай болуының мәнісі жайлы комментарий береді: «... Коммунист партиясынан тыс қазақ оқығандары былай тұрсын, ұлтшыл-байшыл бетті әдебиет әуелі коммунист қазақтардың өздеріне ұнап келдің, - деген автор енді соның себеп-салдарын іздей бастайды.

«Неге бұлай. Ән, күй, көркем әдебиет және осындай заттар саясаттың артында жүреді. Адамның құлқын, санасын тарам-тарам қылса, тізбектеп бунақтасак, соның ең алдыңғы бунағында саясат болады да, ең артқы жағында ән, күй, көркем әдебиет, көркем шеберлік болады. Бұл тарихтың тәжірибесінен шыққан қағида»<sup>1</sup>, - дейді.

Әдебиетте, оның өкілдері де өз кезеңінің көркем шежіресі. Қоғамнан тыс болатын әдебиет те, сана да жоқ. Заманына қарай құркылтаы дегендей, Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлтшыл-байшыл беттегі жазушылар сол кезеңнің аса маңызды деген әлеуметтік, мәдени-көркемдік мәселелерді елдің келешегі тұрғысынан талдап, шешуге тырыскандары тапшылдардың науқандық талап-тілегінен шыға қоймағаны белгілі. Сол себепті де олардың ортақ мақсаттарының өзі (түптеп келгенде көркем әдебиеттің мәселесі – Г.П) «... неше түрлі бүркеумен берілгені айқын».

Қазақтың көркем әдебиетінің болашағы кімдікі? деген сауалға С.Сейфуллин былай жауап береді: «Қазақтың көркем әдебиетінің болашағы еңбекші таптікі. Еңбекші тап үкіметі нығайған сайын еңбекші тап партиясына кіруге сұранушы, совет құрылысына қатысушылар көбейіп келеді»<sup>2</sup>, - дейді.

«Міне, сонымен барып, ұлтшыл-байшыл жазушыларды және оларды дәріптеп көтермелеушілерді еңбекші таптың өсіп келе жатқан екпінді күші, жаз таянған сайын іріген қардай ірітіп бітірмек. Еңбекші тап жазушылары әдебиет майданында енді қарсы күшпен тіктеп күресуге жетті. Қазақтың көркем әдебиеті енді еңбекші таптікі болмақ», - деп алдағы болар ақпанның аязындай суық ызғардан бір хабар берсе, өзінің таптық әдебиетке, советтік революцияға деген қалтқысыз сенімін нақтылай түседі.

---

<sup>1</sup> Сонда. 326-б.

<sup>2</sup> Сонда. 327-б.

Ең өкініштісі, осылай фанатикалық сеніммен еңбек етіп, бүкіл жан-дүниесімен берілген идеяның құрбаны болуының өзі қандай қасірет еді десенізші!

Одан әрі автор әдебиет майданында болған үлкен бір әңгіме болған М.Жұмабайұлының «бұқарашыл болдым деп жария салуын, бұрынғы ұлтшылдардың «бұқарашылдығың мен советтің бұқарашылдығының айырмасы, олардың көбі аттарын өзгерткенмен заттарын өзгерте қоймайтынын ескерте отырып, «... әлі талай ердің ерлігін сынайтын кезеңдер келер», - деп ертеңге үміт арта сөйлейді

«Әдебиет майданында» (Пікір алысу ретінде) атты мақаласы 1928 жылы жазылыпты.

Мақалада Қазақстандағы пролетариат – қара шаруа ұйымы Қызылордада да әдебиет журналын шығаруға талап қылғанын, алайда бірнеше себептермен шығара алмай, әдебиет жинағы – «Жыл құсын» шығарғаны және оны екі айда бір шығарып тұру жөнінде хабарлама жасайды. «Жыл құсынан» совет үкіметінің жолына қызмет ететін қаламгерлерге кеңінен орын берілетінін, оған мемлекет баспасының басқармасы қаражат ретінде жәрдем беретінін айтып: «...Міне, осы ретпен, біздің пролетариат – қара шаруа жазушылар ұйымының «Жаңа әдебиет» журналынан да тиісті көрнекті, мол сыбағалы орын алып отырмақ және ұйым өзінің ғана әдебиет шығармасын «Жыл құсынан» дербес шығарып отырмақ, - дей келе, бұл басылымның басты мақсаты – салт-сана, әдебиет майданындағы теріс бағыттармен тынбай күрес жүргізу<sup>1</sup>, - дейді.

Сондай-ақ, С.Сейфуллин әдебиетшілер арасында пікірталас тудырып жүрген Қазақстанда пролетариат бағытында жазушылар ұйымы болуға мүмкін бе, жоқ па деген сауалдарға жауап іздейді. Әдебиеттің тап құралы екендігін, қазір үстемдік құрған пролетариат табының бағытына, түпкі мақсатына әдебиет те, жазушылар ұйымы да қызмет етуі тиіс деген түйін жасайды.

«Екінші бір талас пікір: әдебиет майданындағы «Жолбикелер туралы» дей келе, - бұрындары «алашордашыл, ұлтшыл жазушыларды (оның ішінде әсіресе, Аймауытұлы, Жұмабайұлы т.б. – Г.П.) осылай деп атаса, енді «Еңбекші тап» әдебиетіндегі «жолбикелер» дегендерінің көбі Октябрь төңкерісінде, ұлы майданда пролетариатқа қарсы от атқандар, Октябрь төңкерісіне қарсы шыққандар. Бірде-біреуі Октябрь төңкерісіне ат салыспағандар... Көбі осы күнге шейін ескі тілектерін бүркеп, күркелеп майданға салып келе жатқандар.

---

<sup>1</sup> Сонда. 330-б.

Міне, еңбекші тап әдебиетіндегі «жолбикелерң дегендері осындайлар еді, - деп анықтама береді<sup>1</sup>.

«Әкімшілігін жүргізіп тұрған тапқа құйрығын бұлғандатып жағынушылар әр дәуірде болған. Өзінен шығар ештеңе жоқ, пісіп тұрған даяр майлы асқа кім табылмайды. Үлкен қазанның жылуынан кім қашады, - деп, келешекте бәрібір еңбекші тап әдебиеті жеңетінін барлық қолына қалам ұстағандардың бәрі түптің-түбінде сонда топтасатынын дұрыс топшылап, дұрыс бағыт сілтейді.

«Сұрауға жауап деген 1928 жылғы мақаласында автор өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабының қалай жарыққа шыққанын, содан бері әртүрлі сұрақтар қойған хаттардың келгенін тілге тиек етеді. Ол сұрақтардың көбі басқа губернияларда болған уақиғалар неге түгел, толық жазылмаған, ақтардың, алашордашылардың жауыздықтары неге тиісті жазасын тартпады, Шоқаевтың суреті неге басылмаған, кейбір ақтарға қызмет қылғандар совет үкіметіне тілектес тәрізді болып кітапқа кіріп кеткені қалай т.б. деген мәселелер төңірегінде екендіктерін, сол 12 сауалдың бәріне жеке-жеке жауап жазғандығы жазушының оқырманы алдындағы үлкен жауапкершілігін, өз міндетін кәсіби маман тұрғысынан түсініп, тағлымды тәрбиелік мәні бар үлгі танытып отырғанының тікелей куәсі болса керек.

Және осы мақаланы оқу барысында үлгі аларлық бір жайт – С.Сейфуллиннің сыннан үрікпейтіндігі, керісінше шығарманы оқу барысында байқаған кеміс-кемшіліктер болса газеттерге, «Еңбекші қазаққа не өзіме жазуларыңызды өтінемін деп сұрауы. Бұл әр жазушының халық алдындағы, әсіресе өзінің оқырмандары алдындағы жауапкершілігін танытып, абыройын асырар игілікті іс екендігі сөзсіз. Мақала 1928 жылы жазылған.

«Әдебиетті бағалау және құлық-сананы тексеру» атты мақала екі тараушадан тұрады. Бірінші тараушада Сәкеннің әдебиетті сөз өнері тұрғысынан танымай таптық тұрғыдан ғана бағалайтын біржақты көзқарасы бірден байқалады. Алғашқы мақалаларда жиі кездесетін Сәкеннің принципі: «...Әдебиет – тап құралының бірі. Әр тап өзіне құрал болуға жарайтын әдебиет шығармасын ғана қастерлейді. Әдебиетті әр тап өз базарының нарқымен бағалайдың, - деген тұрақты тіркестерін мұнда да қайталап, өз ойының өзегі етіп отырады. Және осы мақаласында әдебиетші әр тап әдебиетінің көркем сөз өнеріндегі орнын да тап осы тұрғыдан бағалап, тұжырым жасайды. Оқып көрелік: «... ақиқаттық шын жақсы, ең тұрлаулы, жақсы

---

<sup>1</sup> Сонда. 333-б.

пролетариат бағытындағы әдебиет шығармаларың, - деп келеді де «Байлар тобының мақсатына құрал болатын әдебиет шығармаларының жақсы емес екендігі, байлар табының мақсаты жақсы емес, - деп тұрпайы догма жасайды. Және соған бар ақыл-парасатын, талант-тәжірибесін салып бірнеше мысалдар арқылы өз ойын дәлелдеуге тырысады. Тіпті: «... Қайта, пролетариат мақсатына зиянды әдебиет шығармалары неғұрлым көркем сөздермен, шеберлікпен шебер тілмен әдемі жазылса, соғұрлым ондай әдебиет шығармалары жаман, соғұрлым зиянды. Соғұрлым ондай әдебиет шығармаларына әдебиет майданында тас жаудыру керек! - дейді. Міне, солақай сынның түпкі мұраты осы болса керек. Міне, талай таланттың тағдырын тәлкек етіп, шығармаларына шоқ түсіріп жандырып жіберуге себеп болған жаңашыл, тапшыл сынның сиқы, соның үздік үлгісі!

Алайда, автор артынша былай ақтала сөйлейді: «... Менің мұнымнан, - пролетариат, еңбекшілер табының бағытындағы жазушылар байлар табының шебер жазушыларының әдемі жазғандары болса, одан жазу шеберлігін үйренбесін деген сөз шықпайды. Әрине, пролетариат бағытындағы жазушылар кімнен болса да жазу шеберлігін үйрене берсін. Бірақ шебер жазылған әдебиет шығармасының ішкі мазмұны пролетариат бағытына зиянды болса, оны «жақсы шығарма» деп бағалап жүрмесін, - деп нұсқау береді.

С.Сейфуллиннің ұстанып отырған принципі бойынша, әдебиетте шеберліктен, көркемдіктен гөрі ішкі мазмұн, идея, таптық мақсат қана көзделуі керек сияқты. С.Сейфуллин, С.Мұқанов секілді пролетариат әдебиетінің корифейлері бастаған жазушылардың шығармалары науқандық тақырып тасасында қалып қойғандығын бүгінде тарихтың өзі көрсетіп отыр.

Десек те, С.Сейфуллин бұл ойлардың бәрін басқаша бағалайды. Оған көз жеткізу үшін ақынның өзіне сөз берелік: «... Жұмабайұлы Мағжанның пролетариат бағытына қарсы өлеңдерін арам, жұмбақ, шүбәлі, тіпті көркемдігі жоқ ертектерін де дәріптеп, басып шығартып жүрмеді ме? Жүсіпбек Аймауытұлының пролетариат бағытына зиянды, алашордашылық иістері аңқып тұрған «Ел қорғаның тәрізді пьеса кітабын пролетариат бағытына дұрыс деп қазірге шейін мақтап жүрген жоқ па?... «Алашордашылық иісі аңқыған әдебиет шығармаларын қымбат бағалау, - саясат, әлеумет мәселелерінің өзінде де пролетариат партиясының түзу бағытында болмағандық, - деп өз замандастарына сес те танытады. Әдебиет тарихы осынша фанатизммен беріліп, соның сойылын соққанмен өмірдің бір катыгездігіндей сол солақай саясаттың өзінің құрбаны болған есіл ер,

талантты ақын С.Сейфуллиннің шын мәнінде адасқандығын айқындап отыр.

«Сыншы қандай болу керек. Көк шолаққа теріс мінсе, басын көре ала маң, - деген тараушасында автор «әдебиет байыған сайын (яғни көркем шығарма молайған сайын дегені болу керек – Г.П.) әдебиетті сынау да көбейе бермек. Әр заттың тәртіпке (тәжірибелі, жүйеге түскен дегені шығар – Г.П.) қойылған сыны соңында болады, – деуі шындыққа саяды. Сынға объекті болар шығарма көбеймей және оның сапасы өспей өткір сын, сауатты пікір айтылмасы хақ. Осы орайда автор мынадай құнды ой, нағыз талантты сыншыға қойылар талапты дәл айқындап береді: «...Көркем әдебиетші болудан оның сыншысы болу қиын. Сын – мін тағу емес әрине, өзінің қолынан келмеген іске, сырттан қарап тұрып мін тағу оңай ғана нәрсе. Ол әркімнің қолынан келетін «көк шолақ» бірақ, әдебиет шығармасына тіл алғыш ұшқалақ қаламды айдап мін тағу мен негізгі тексеріспен толық сын берудің арасы жер мен көктей нәрсе, - дейді.

Плехановтың: «Бір жазушыны сынау үшін сыншының өзі сол жазушының тексерген, баяндаған нәрсесінің мағыналарына сол жазушыдан гөрі тереңірек түсіну керек», – деген сөзін басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиетінде сын жазып жүргендердің өресі қандай деп өлшеп көреді. «Атының сыры иесіне мәлім дегендей, «сын жазбақ болып жүргендердің бәрі танымал кісілер ғой», – деп олардың әлі сын саласында тәжірибелері жоқ екендіктерін, ал сыншы болу үшін «... керекті құралдарын толық қылып жинап ала біл... Жинап ала білсең құрал бар. Және ол құралды жинап алған соң құралды әбден танып жұмсай біл. Әйтпесе, арзан «көк шолақпен» сыншы бола алмайсың. Ал арзан көк шолақпен, оның үстіне салпаң құлақ көк шолақпен сыншыға сын беру, «қорытынды беру онан да қиын деп!», – деп дәріс береді.

С.Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған біреудің сол кездері әдеби шығармаларға сын жазып жүрген Балқай мен Мұстапаға ақыл айтқандарын, қазіргі сыншылар надан деп сөккенін және өзінің де атына біраз сын айтқанын, олардың дәлелсіз екендіктерін, жазушының не елдің мақаласын дұрыс түсінбегенін, не өзінің пікірін дәлелдей алмағандығын негізгі мәтінмен салыстыра отырып, кеңінен әңгіме етеді.

Мақалада сын мәселесі, оның жанрлық ерекшеліктері мен оған қойылар талап деңгейі жан-жақты сауатты түрде сөз болады.

«Көркем әдебиет туралы білуге тиіс үш нәрсе» деген мақалада әдебиет пәнінің негізгі талаптары мен ғылыми мәселелері деп үш жайды алға тартады. Олар, 1) әдебиет тану, танығанда, әдебиеттің

«пернелерін, түрлерін білу». Әдебиетті сол пернелерінің, түрлерінің ретіне қарай жіктеу.

2) көркем әдебиеттің жазу тәсілдерін білу. Көркем әдебиеттің «көркем болатын себептерін түсіну.

3) көркем әдебиетті қалай бағалауын білу. Қалай сынауын білу.

Бұл әрине, әдебиеттің ережелерін түсіндірсе, одан әрі әдеби шығармалардың тектері мен жанрлық түрлері жайында қысқаша түсінік береді. Жазу тәсілдерінің шарты жөнінде де біраз мағлұматтар берілген.

Қысқасы, жазушы – тіл шебері, сондықтан ол тілдің барлық нақысын білуі керек, – деген қорытынды жасайды. Мұндағы бір байқалатын нәрсе жанрларға анықтама бергенде А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағың кейбір сөздер, теориялық түсініктер кездеседі. Бұл Сәкеннің бұл еңбекпен таныстығы барлығын көрсетсе керек. Мақала 1928 жылы жазылған.

«Тар жол, тайғақ кешу туралы» деген мақалада С.Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінің 296 санында «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір-екі сөз» деген Нәзір Төреқұловтың мақаласы басылып, соған жазған жауабы болса керек. Сәкен десе бір жұлқынбай қоймайтын Нәзір мұнда да пейілі тарылып, Қожанасырдың қонақтарға су әкеліп беріп: бұл суға түген қосса, пәлен қылса, сонда «дегенбай палау болар еді», – деген мысалын ала отырып, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» де сондай дейді. «Мұны тіпті жазбай қойғаны-ақ дұрыс болар еді», – деп кейіді Төреқұлов. «Алашорда министрінің қашқанын несіне жазған деп шамданады», – дей келіп, автор: «... «Тар жол, тайғақ кешудің жазбаса талай «батырдың жанына жағар еді. Алашорда министрлері Тынышпайұлдарының қашқандарын суреттемесе талай «білімпаздарғаң ұнар еді, – деп Сәкен оның сөзін мұқата жалғастырып алып кетеді. Нәзірдің айтайын деп отырған ойын өзі дамытқан дарынды қаламгер С.Сейфуллиннің бұл шығармасы дәл бүгінгі көркем әдебиетке қойылар талапқа толық жауап бермесе де өзінің жанрлық түрінің, яғни автобиографиялық роман талабына сай әрі сол кезеңнің тарихи және көркем шежіресін шынайы бейнелеген көркем проза ретінде өз міндетін атқарып тұрғаны ақиқат.

Қай кезеңде де солақай сындар болған және бола да беретіні сөзсіз. Болымсыз сөзді айтуды өзіне ар санамайтын зиялының бірі – Нәзір Төреқұлов өзінің сынында былай жазыпты: «Бірақ, не керек, ант ұрған жазып шығарған. Қайдағы бір Тәгімовтардың, Дүйсекевтердің, Уғарлардың, Мүкеевтердің, Шәріповтардың және басқалардың ақтармен, алашордамен майдандасқанын айтты. Өзінің төңкеріске

қатынасқанын, өзінің қыздарды көргенін айтыпты, бір жерлерде қымыз ішкенін айтыпты. Өзін мақтапты. Алашорданың қашқанын мазақтай суреттепті», – дейді.

Бұған жауапты Сәкен былай береді: «Тар жол». 421-б. кітап. Соның 4-5 жеріндегі оқиғада кез болған қыздар айтылған. Бұндай сөздер он шақты беттен аспайды<sup>1</sup>.

Одан әрі жазушы Нәзірдің барлық сынына асықпай, жеке-жеке тоқтала отырып, жауап бере келіп, буынсыз жерге пышақ ұрудың бос әурешілік екендігін ескерте отырып: «Жарайды, Төреқұловты қоялық, жауабымның басындағы «бұйымды кімдерге арнасан, соның берер бағасы қымбат» деген сөзімізге оралайық дей отырып, Маркстің: «Өз жазғандарымның кемшіліктерін мен кімнен болса да артық білемін», деген сөзі мен Ахмет Байтұрсыновтың: «Маркс айтты екен деп мен тоқтай алмаймын», - деген сөздеріне сүйене отырып, Ораз Жандосұлының: «Сіз, өлеңнен қарасөзді әдемі жазады екенсіз. Қазақтың бәрі өлең жазуға құмар келеді. Сіз, өлеңнен көрі қара сөзді көбірек жазсаңызшы. Қарасөзді тым шебер жаза алатыныңызды «Тар жолды» оқып білдім. «Тар жолдың» кей жерлері өте көркем суретті (высокохудожественно) жазылған», - деді. Осы сөзін Ораз Крайкомда әдебиет туралы болған кең жиналыста жиырма шақты жауапты қызметкерлердің көзінше айтты.

Жұрт Төреқұловтан Жандосовты көбірек біледі, екеуінің салмақтарының қандай екенін де халық жақсы түсінеді, – деп баспасөзге шыққанның бәрі сын емес, әділ пікірдің, тура сөздің де туатын күні бар екенін, жұрттың кімнің-кім екендігін айыра білетініне сенім артады.

Одан әрмен жақсы лебіз, кемшіліктерімен қоса жақсы жақтарын да айтып хат жолдаған оқырмандардың пікірлеріне орын береді. Мәселен, Ідіріс Мұстанбайұлы «Қызыл Қазақстан» журналындағы мақаласында: «Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» мен «Тар жол, тайғақ кешуіне» заманның қалпымен, ақынның өскен ортасын салыстырып тексеруге бір жеке сын керек. Мұның өзі едәуір үлкен еңбек. Бұлардың жоғары айтқандай кемшіліктері де бар. Бірақ, соңғы жазылып жүрген «Тар жол, тайғақ кешуде» де жақсы жерлері бар, – десе, Ерғали Алдоңғарұлы «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы, 3 декабрьде шыққан санындағы мақаласында: «жазушылардың бірсыпырасы, әсіресе, Сәкен өздерінің қолымен істеп, өз бастарынан кешкенін, өз өмірбаянынан алып жазды. Сәке 3-4 жылдан бері «Тар жол, тайғақ

---

<sup>1</sup> Сонда. 359-б.

кешуді» өзінің төңкерісшіл болып жүрген уақытынан, сондағы жолдастарымен бірге істеген жұмыстарынан, тартыстарынан бастап жазып жүр. Бұлай жазу әдебиет заңында дұрыс нәрсе. Төңкерісші романтизмге (социальная романтика) бұл түгел қосылады. Гәп тарихқа кіретін материалға бояуды тым қоюландыруда», – дейді.

Ал, Көкшетау алашордасының бастығы Сәлім Кәшімұлы түрмеде отырып, «Еңбекші қазақ» арқылы Сәкенге жазған хатында: «Сіздің «Тар жол, тайғақ кешу» деген кітабыңызды оқып шықтым. Қамауда отырған маған көп әсер берді. Жұқартты, қамықтырды, қайрат берді, түрлі күйге салды», - дейді.

Колчак түрмесінде болған, қазір Башқұртстанда білім кеңесінде зор еңбектер істеп жүрген Уәли Қангелдин: «Мен бұл кітапты оқып шығудан өзімді тыя алмадым... Енді осы хат арқылы шын ықыласпен қолыңды қысам. Қазақ халқы арасындағы «тап әрекет эм революция тарихы» турасындағы бұл қызметің үшін, саған жолдастарша, достарша рақмет айтуды өзіме борыш санаймын. Сенің кітабың менің көз алдыма бек қызықты эм ұмытпастық суреттерді тағы да бір қабат келтіріп отыр.

Мен бұл кітапты оқығанда бір сәтте жүректеніп ашуым қозса, енді бір сәтте көзімнен жастар шыққан орындар болды.

Бұл кітаптың жастарды тәрбиелеу үшін мағынасында шексіз зор болашақ, – деп жазылған.

Айта берсек, С.Сейфуллинге келген мұндай хаттар көп-ақ. Олар: Көкшетау ағарту қызметкері Нәсіпа есімді қыздан, Қарақалпақстаннан Рахматуллин деген жігіттен (ол да Колчак түрмесінде болған), Семейден Жүсіпбек Уәлитұлынан, Нілді, Екібастұз заводтарының жұмысшысы Нұрша Бижанұлы, Риддер заводының бастығы Шаймерден Оспанұлы мен жұмыскері Қасым Шынтайұлынан, т.б.

«Бұл хаттар маған «білгірсінгендердің» пікірлерінен әлдеқайда бағалы», – дейді С.Сейфуллин.

Осы орайда С.Сейфуллиннің сын жанрына қатысты мына ойлары мен талаптарды ескермей кетуге тағы болмайды.

«Сынаймын деген адамның аузына ешкім қақпақ бола алмайды. Бірақ сынды былғамай сынасын, сын шын Маркс жолымен жазылған жолдастық сын болсын. Сынның мақсаты кекеу, боқтау емес, кезес (кенес болуы мүмкін – Г.П) жерінде ондай сынға жол жоқ. Арам ойлы

сынды таптық дұшпан ғана қолданады, «естісем көрінермін» деген нашар пиғылды «білімпаздар» істейді<sup>1</sup>.

Бұл сынға қойылып отырған талап. «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген мақалға айналған тіркес осы Сәкеннің сөзі ме дерсің.

Сынға көп шалдыққан С.Сейфуллин оған еті де, өзі де төселіп алған сыңайлы. Көзі қарақты қалың оқырман да Сәкенге кімнің тісі қайраулы екендігінен хабардар секілді.

«Төрекұловтың «сын» деп жазғаны қандай сын екені оқыған жұртқа көрінеді. Төрекұлов тек мені ғана сынамайды. Төрекұловтың мақсаты «доктор тәрізді мені түзеу болса, рақмет: ондай далбаса доктордың маған керегі шамалы. Менен басқа да клиенттері бар шығар. Төрекұлов сынағыш болса Мәскеуде өзі басқарған Күншығыс баспасында «Алаш! Алаш!» деп зарлаған қырғыз ақыны Тыныстанов пен Мағжанды сынап, олардың кітаптарын баспасын Бөкейхановтың мысық құйрық ертектөрін сынасын. Немесе, тіпті өзінің әр кезде жазған «Дәруіш» деп қол қойған «көркем өлең назымдарын» сынасын, – дей келіп, Демьян Бедныйдың айтқанындай: «менің де мінімді түзейтін шын сыншы да, шалдықсам емдейтін докторым да, қате бассам тергеп өзінің түзу жолына салатын әділ, сыншыл сотым да – еңбекші ел, жұмысшы табы.

«... Дұшпанның жаны шыға жамандағанынан сөзімнің тәуір шыққаным білдім», – деп Калинин айтқандай, кейбір әуре «білімпаздардың» талақша тарсия жамандағандарынан кітабым тәуірлеу жазылған-ау деген қорытынды жасадым, – деп бігіреді сөзін С.Сейфуллин, қанша сыналса да мойымайтын тек өз талантына берік сенетін қаламгер. Негізі рухы мықты адамды ешқандай сын да, өткір қару да сындыра алмайтыны өзінің қаламының қуатына сенген сенімнен болса керек. Мақала 1929 жылы жазылған.

Және бір ескерер жайт – осы мақалаға сілтеме ретінде (361 бетте) мынадай сөз беріліпті: «Тар жол» туралы әдебиет ретінде өзіммен пікірлес жолдастардың не дейтінін бұл мақалада жазбаймын. Сәкен. Демек, С.Сейфуллин ол ойларын басқа мақалада жазған, не жазамын деген ойы болған болуы керек. Оны сәкентанушы мамандардан сұрау керек екен.

«Қазақ әдебиеті туралы хатта» С.Сейфуллин (1928 жылдан бері) Алматыда Қазақстанның Мемлекет университеті ашылып, білім дүкенін құрып жатқанын енді ісі қасиетті шаңыраққа ұлтымыздың білім қуған жастарын жинап білім беру үшін қазақ халқының

---

<sup>1</sup> Сонда. 365-б.

тарихынан, мәдениетінен, әдебиетінен, өнерінен дәріс берерлік мол мағлұматтар жинау керек екендігін, жеке кісілерде жиналған кітаптар болса да соларды да ортақ мүдде үшін осы білім шаңырағы қорына жинауды үндеу ретінде ұсыныс жасайды. Халықты ел аузындағы әдеби мұраларды, тарихи шежірелерді, билер сөздерін, батырлар жырын, тақпақтар, ертекттер, коссалар, әдет-ғұрып жырларын жазып жіберулерін сұрайды. Әсіресе, зәру болып отырған Асан қайғы, Бұқар жырау, Шортанбай, Ақмола ақын, Мәшһүр Жүсіп, Ақан сері, Жаяу Мұса т.б. сөздерін жазып, салып жіберулерін сұрайды (Мақала 1929 ж. жазылған).

«Көшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен» деген мақалада сол ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өріс алған хал-ахуалға жалпы шолу жасалған.

С.Сейфуллин өзі әңгімелегелі отырған дәуірге кеңінен тоқталып, мынадай анықтама береді: «Көшпелі дәуір деп төңкерістен бергі, еңбекші тап әкімшілігі орнағаннан бергі дәуірді айтамыз. Одан әрмен автор екі таптың жаңа кезеңді қабылдаудағы түсінбеушілік, тосырқаушылық, жаңалықты жатсыну секілді екіұдай психологияның орын алып, көп адастырушылыққа кезіктіргенін, әйтсе де жаңалықтың көп кедергілерге қарамай ел арасына сыналап еніп, едәуір тың талпыныстардың болғанын толығырақ етіп баяндайды.

Біз олардың тек әдебиетке қатысты тұстарына ғана тоқталуды жөн санап отырмыз.

«Еңбекші тап үкіметінің өзге тығыз істерден қолы босай алмай жатқанын пайдаланып, бүркеніп, боянып советтің кең қолтығына кіріп алған байлардың көсемдері мен сары үрпек балапандарының көбі әдебиетші, газет-журналдарға сөздер жазушы болып кетті. Баяғы «аңқау елге арамза молда» дегендей бәрі «молда», бәрі «жазушы» бола қалды. Газет-журналдарға жазған сөздері арқылы совет үкіметінің істеріне, саясатына ықпалдарын жүргізуге тырыстың, - дейді. С.Сейфуллиннің меңзеп отырған байлар, сірә алаш азаматтары болса керек-ті. Оны ақынның өзі де растайды: «Міне, сол кездегі қазақтың көркем әдебиетіндегі үстем сарын қазақтың сол байларынікі еді. Ал, және ол кезде еңбекші тап туының астында саясат ретінде шындап майдандасып жүрген бірен-саран әдебиетшілердің шығармаларын сол байлар салт-санасының ескіліктің әсерлері көбірек шалатын еді»<sup>1</sup>.

Ақын бұл жерде байшыл-ұлтшылдардың жазып жүргендері ескіні көксеу деп таптық тұрғыдан сөккенімен бүгінгі тарихи мәлімет

---

<sup>1</sup> Сонда. 378-б.

жағынан қарастырар болсақ, олардың көздегені елдің келешегі, өлмес әдеби мұраларды жинау, өздерінің мамандықтарынан гөрі сөз, баспасөз арқылы халық санасын ояту, рухани мұраны жинау, жалпы сауаттандыруға терең мән беру, жаңашылдықтың жөні осы екен деп бар байлығымыздан айрылып қалмау жолындағы жанталас күрестің шын бет-айнасын түсіне тұра түсінгісі келмеу сананың бір ғана тапқа берілгендігінің салдары болса керек-ті. Немесе сол кездің заман ағымы, төңкерісшіл-еңбекшіл тап өкілдерінің бір жақты мақсат-мұраты солай болғандықтан да болар Сәкендей дара тұлға да адаса білді. Басқа білмесе де өзімен замандас қазақ зиялыларының ұлттық мүдде, рухани мұра саласындағы ерен еңбектері мен олардың табиғат сыйлаған таланттарының қасиетін Сәкендей саңлақ ақын білуі, бағалауы, іштей болса да мойындауы тиіс еді. Алайда, керісінше көрініс табуы қандай өкінішті!

Оны Сәкеннің өз сөзі дәлелдейді: «Байлардың шебер көсемдерінің көбі жазушы болып алды. Сары үрпек балапандары қоразданып, «ділмәрсып» алды. Ал, Қалел Досмұқамбетов тәрізді алашорда қу мүйізі, өзінің неше жыл оқып тапқан дәрігерлігін тастап әдебиетші болып, кітаптар жазып шығара бастады. Қазақтың бұрынғы батырлары туралы байлар құлқымен бұрынғы айтылған өлеңдерді жинап, оған тағы да елдегі өлеңшілерге жаңадан өлеңдер қостырып кітаптар шығарды... (Ө.Бөкейхановтың да өз мамандығы шаруашылық, есепшілікті тастап, әдебиетші болғанын, сол кезде Абайдың кітабын екі рет қайтара басқанын, «Алаш үкіметінің тууына» жыр жазып берген Сұлтанмахмұт Торайғырұлының өлеңдерін кітап қылып шығарғанын айта келіп, Еңбекші тап көсемдерін – большевиктерді «доңыздар, қоңыздар!» деп лағнаттаған Мағжан Жұмабаев өлеңдерін бастырып таратты. Таратқанда, жай таратпады: «Міне қазақ еңбекші табы, әдебиет ретінде мынадан үлгі алыңдар! деп таратты, – Тек алаш қана емес қазақ әдебиетінің бағына біткен бір туар дарындарды бұлай жеккөрушілікпен сөгуде Сәкеннің жеке басының емес, сол кездегі заманның ызғарлы лебі жатқаны сөзсіз. Оған Сәкеннің сол көшпелі кезеңге берген мінездемесі біздің көзімізді жеткізе түседі. Октябрь төңкерісіне он бір жыл болғанда саясатты, шаруашылықты, фабрик-заводтарды бір жүйеге келтірген соң «...еңбекші таптың салт-сана майданына шығыңқырап, көркем әдебиет ретінде үн шығара бастады», – дейді автор.

«Газет-журналдардың бастарынан «алашорданың» Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов сықылды белгілі ірі жазушылары кете бастады. Және де іске кірісіп алып, совет үкіметінің ішінен шалмақ

болып жүрген, «сансыз қырлы, сансыз сырлың болмақ болып, кез келген іске қырағылық қылмақ болып өздерінше зар қағып заң айдап жүрген Ысмағұл, Садуақас, Ғаббас, Тоғжан қолдарынан газет-журналдар басқа қолға алынды. «Алашорданың» екінші келкі жазушыларынан Жүсіпбек Аймауытұлдары Совет үкіметінің жоғарғы мекемелерінен ысырылды», – деп қуана, қуаттай хабарлағанымен онымен шаруа бітпесін, олар енді басқа бүркемелген айла-тәсілмен күресетінін айтады.

Енді оларды тақымдап еңбекші тап туының астына, жақсы-жаман болсын біртіндеп жаңа жазушылардың жинала бастағанын, алайда олардың «сандары аз, оқулары аз, тәжірибелері аз болғандықтан және қазақ еңбекшілерінің жалпы сезімдері салт-саналары, екшеліп, айқындалмағандықтан еңбекші тап туының астына әредіктеп қосыла бастаған жазушылар, қазақтың әртүрлі кезде шыққан әртүрлі тәсілді байшыл жазушыларымен біразға шейін белдесіп тіресе алмады. Тағы да оған қосымша: қазақтың байшыл жазушыларының боянған әдебиетін, қазақтың саны көп байшыл оқығандары қуаттап көтермеледі... Сөйтіп жүріп еңбекші тап туралы жазылған шығармаларды аңдып, солардың міндерін іздеп, олардан түймедей мін тапса, түйедей қылып көтеріп жұртқа жар салып жүрді, – деп жаңа жазушылардың қалай қалыптасып келе жатқанынан хабар берсе, енді олардың кімдер екендіктерін атап көрсетеді: Мәселен, Сәбит шықты. Бейімбет келіп қосылды. Самат пен Шолпан шықты. Біраздан соң Өтебай шықты. Елжас пен Ғабит шықты. Мәжит келіп қосылды. Соңғы кездерде Қалмақан, Асқар шықты. Тағы басқалар шыға бастады, - дейді.

Олардың қаламдарының енді қалыптасып келе жатқанын, көш жүре түзелетінін, олардың мақалалары көбіне газеттерге басыла бермейтінін баспасөздердің бастарында алашордашыл қаламгерлердің отырғанынан көреді.

Алашордашыл жазушылардың қуғындала бастағаннан кейін өздерінің амал-тәсілдерін өзгерткенін былайша бейнелейді: «...Біз адасқан екенбіз. Совет үкіметі дұрыс екен. Біз енді түзу қызмет қылуға бел байладық! - дей келіп: «...Газет-журналдарда: Аймауытұлы, Кемеңгерұлы, олардың сыбайластары Совет үкіметіне жолдан қосылған жолдас, «Жолбике» деген сөздер шыға бастады. Тағы да «алашорданың бүркенген ділмарлары қазақтың көркем әдебиетіне «сын» жаза бастады. Аймауытов, Кемеңгеровсыз қазақтың көркем әдебиеті болмайды дегендей күйіске салды. Енді, Мағжаннан үйренбеген адам жазушы емес дегендей сұмдықты еппен айдай

бастады. Қазақтың көркем әдебиетіне сын жазған болып, бұлар, саясатқа «ғылым қағидаларымен», «ғылым дәлелдерімен» бүркеп астарлап жөн айта бастады, – деп ашуға мінеді ақын.

Көшпелі дәуір кезінде кеңінен орын алған солақай сындарға деген Сәкен Сейфуллиннің өз көзқарасы бар: «Бүркенген байлардың, алашордалардың армандарын жырламаған азын-аулақ жазушылардың қия басқандарын аңдып, тымпиған өкіншік «сыншы» болмыстардың караға малынған кір қаламдары сүйреңдеп алды, бүркенген байлардың көксеген жазушылардың шығармаларын сынаған болып және бірінің сынына бірі ырза болып, бірінің сынына қарсы тағы да сын жазған болып, «алашорда» тәсілдерімен бүркенген бай арманын көксеген жазушылардың жасыруға мүмкін болмаған айыптарын айтқан болып, екшеп келгенде нәзік ептермен мақтап, дәріптеп, қалың жұртқа жаятын болды, – дей келіп, олар үш түрлі әдіс қолданып, үш түрлі қосынға жіктелді, – дейді. Сәкен олардың әрқайсына жеке-жеке мінездеме беріп, олардың жүргізіп отырған тәсіл түрлерін анықтауға тырысады.

«1-ші қосынға бөлінгендер – Совет үкіметіне қарсы әрекеттерін айқындап жүргізушілер. Бұлар өздеріне тым қауыпты кездерде ғана бүркеніп, егерде азырақ бойларын жазатындай күйге іліксе бүркенбей-ақ ақырып ұран салып әрекет етушілер көркем әдебиет ретінде бұлардың жыршысы Мағжан Жұмабаевтар еді.

2-ші қосынға бөлінгендер – Совет үкіметіне қарсы әрекеттерін бүркеп, перделеп жүргізушілер. Бүркенуді өндеп, күрес тәсілдерін молайтуға советтің күшін пайдаланып, ебін тауып совет мектептерінен оқытып, «Қазақстанда – социалдық тұрмысын жасауға болмайды» деген ішкі пікірлеріне «ғылым қағидаларынан» «дәлелдер» іздеп табуға тырысушылар... Бұл екінші қосынның көркем әдебиеттегі көрнекті жазушылары: Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кемеңгерұлдары және басқалары.

3-ші қосынға бөлінгендер, жаңағы екінші қосынға бөлінгендерден де анағұрлым икемшілер, ептілер. Бұлар тәсілдерін, әдістерін тіпті әдемілеп өндеп бояй білгендер... Бұлардың жазған сөздерінің сырттары жып-жылмағай, эп-әдемі, тәп-тәтті болып келеді. Бұлар пікірлеріне дәлелді көбінесе маркшыл жазушылардан іздеп құрастырып «табуға» тырысады, – деп мысалдар ала отырып, өз ойын дәлелдеуге тырысады.

Сөз соңында: Әрине, бүркенген байдың көркем әдебиеттегі осы үш қосынының үшеуі де еңбекші тап мақсатын, еңбекші тап басшылығының екпінін айқынырақ суреттеген жазбалардың баспа

жүзінде көрінбеуіне жандарын сала қиналмайды. Ал, ондайлар баспа жүзінде көрінетін болса, қап теесер тышқандарша «тесе қарап, соның міндерін тапқан болып, түймедей кемшілігі болса, түйедей қылып дабырайтып, қазақ жұртшылығына жар салуға асық болады», – деп тұжырым жасайды.

Бұл мақала сол кезеңнің әдеби өмірін, ондағы айтыс-тартыстың мән-жайын, әр түрлі қосындардың айырмашылықтарын, табиғатын тануға мүмкіндік береді.

«Әдебиет – тап құралы» деген 1929 жылы жазылған екі беттік мақалада Сәкеннің бұрыннан айтылып келе жатқан әдебиеттің тап құралы екендігін дәлелдейтін ой-пікірлері тағы да қайталанып, негізделе түседі. Мұнда ұлтшыл әдебиетшілермен (Байтұрсынұлы, Досмұқанбетұлы, Ысмағұл, Ғаббас т.б.) ұстаса отырып, олардың социализм құрылысына көмектесетін жағымды әдебиет жасаймыз деген біздің пікірімізге қарсы келіп, осы мақсатпен жазылған жырларымызды сынап, бетімізді шиелей етеді деп сөгеді. Оның астарын қарапайым «...халық түсінбейді, тұрмыста жоқ, болмаған нәрсені жырладың» деп сандырақтайды. «Сондықтан біз «Отарба», «Советстанды» жырлауымыз керек.

Жаңа жазушылар өсіп жетілген соң ескі түрден озып әдебиетке жаңа түр салады, – деп ой түйеді.

Және өзінің өлеңдерін түсінбей сынаған сыншыларға мынадай ескерту жасайды: «Түйені отарбаға бастырдың деп Дүйсембай ұлы мені кіналайды, ол түйе – қазақтың ескі мәдениеті еді, отарба жаңа мәдениет еді, байлардың ісі сіңген ескі жұртшылығы мен мәдениетін жаңа мәдениетке омыртқасын үздіріп, қанын судай шаштырып едім. Менің оныма Дүйсенбайұлы сыншы түсінбей қалыпты. Ақын сөзді сөйтіп перделемесе өлең кестелі, мағыналы бола ма?! Плеханов «сыншы ақынның терең оймен перделеп жазғанын табатын болсын, сондықтан ақынның білгенін сыншы да білетін болсын», – дейді. Дүйсенбайұлы сияқты сыншыға біздің айтатынымыз, оқы, үйрен, талаптан, сонда ғана жақсы сыншы бола аласың дейміз. Қазіргі сынның бәрі де осы сияқты соқыр сын», – деп аяқтайды.

С.Сейфуллиннің әдебиет мәселесіне арналған мақаларының дені осы 20-30 жылдар аралығында жазылыпты. Сол кезеңнің әдебиеттану ғылымының тарихынан мол мағлұмат беретін бұл мақалалар сол тарихи құжатымен, фактілерімен құнды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы-сәкентануға тоқтала кетсек, өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап Сәкеннің өмірі мен шығармашылығы жайлы жеке монографиялық еңбектер жазыла

бастады. Айталық, С.Қирабаев «Сәкен Сейфуллин» – 1962-66, Е.Ысмайылов «Ақын және революция» – 1964, Т.Кәкішев «Қызыл сұңқар» – 1968, (кейін ол Москвада «Тамаша адамдар өмірі» сериясында «Сәкен Сейфуллин» деген атпен қайта басылды), Т.Жанкелдиннің «Сәкен Сейфуллин» кітабы – 1965 т.б. жарық көрді. Сондай-ақ, С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Қазақ әдебиетінің тарихында» (3-т., 1-кітап), «Қазақ ССР тарихында» (кеңес дәуірі), «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерінде» (1963) арнаулы тараулар бар.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. С.Сейфуллиннің әдеби зерттеулері жинақталған еңбектермен танысып, конспект жасау.
2. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдардың кешегі және бүгінгі көзқарастарындағы айырмашылықтар қандай?
3. Сәкетанушылар С.Қирабаев пен Т.Кәкішевтердің еңбектерін салыстыра отырып, курстық жұмыстар жазу.

## **М.ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АДАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жоспары:

1. М.Әуезовтің әдеби-сын еңбектеріне шолу.
2. Ұлы жазушының психологизм мәселелерін зерттеудегі ізденістері мен құнды ғылыми тұжырымдары.
3. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және «Әдебиет тарихы».

**Өмірбаяны:** М.О.Әуезов Семей облысы, Қасқабұлақ ауылында 1897 жылы дүниеге келген. 1922 жылы Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөлімінде оқыған. Аталмыш оқу орнын Ташкентте жалғастырып, 1928 жылы бітірген. 1961 жылы қайтыс болған.

Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақстанның еңбегі сіңген ғылым қайраткері (1957).

**Еңбектері:** «Абайдың өнері һәм қызметі» («Абай» журналы, 1918), «Абайдан соңғы ақындар», «Әдебиет тарихы» (1927), «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» (1933), «Мәлік Ғабдуллинге жауап хаты» («Қазақ әдебиеті» газеті,

1955), «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» (1950), «Өнер өрінде» (1952), «Абай» романының жазылуы жайынан» (1955), «Өмір мен шығарма» (1956), «Заман шарты» (1960), «Қазіргі роман және оның геройлары» (1961), «Абай» (Трагедия), «Абай» (Тарихи роман), 1-к., 2-к., «Ақын аға», «Абай жолы», «Әр жылдар ойлары», «Мысли разных лет», «Уақыт және әдебиет», «Өскен өркен», «Абай Құнанбаев», «Абайтанудан жарияланбаған материалдар», «Абайтану дәрістері», «Ескермедім, қабылдамадым», Шығ. жин. 6-т., Шығ. жин. 12-т., «Путь Абай», Собр. соч. в 5-томах, 1-5 т., Шығ. жин. 20 т., Шығ. жин. 50 т., т.б.

Көрнекті ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов әдебиеттің тарихына, оның теориялық мәселелеріне, өз кезеңіндегі әрбір көркемдік бағыттар мен құбылыстарға жіті назар аударып, белсене атсалысып отырған.

20-30 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасып, өркендеп-өсуіне негіз болған еңбектің бірі-М.Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты зерттеуі. Кезінде әдебиетке берілген теріс бағалардың салқынынан қапаста жатып, 1991 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметұлының ғылыми түсініктемесімен «Ана тілі» баспасынан жарық көрген болатын. Алғашқы нұсқасымен, толық күйінде жарияланған бұл еңбекте халық ауыз әдебиеті, оның жанрлық түрлері, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселелері қарастырылғанымен ондағы әрбір көркем шығармадағы тұлға, көркем бейне адамтану ғылымы тұрғысынан талданады. Өз кезеңінің рухани сұранысын өтеген бұл оқулық қалың бұқара игілігіне айналып, білім беру саласын дамытуға зор үлес қосқаны да белгілі. Автор өзі көркем сөз шебері болғандықтан да болар талдап отырған әрбір туындыдағы кейіпкер табиғатына, зерттеп отырған кезеңнің көркемдік шежіресіне, адамзаттың рухани дүниесі, жан әлеміндегі сезімдік құбылыстар, санасындағы уақыт салған өзгерістер тұрғысынан қарап, зерттейді, зерделейді. Қазақтың ғылыми-эстетикалық ойлау жүйесі осы халық ауыз әдебиетіндегі көркем дүниелерден бастау алатынын анықтайды. Қай заманның да рухани қажеттілігін өтейтін халықтың әдеби мұраларын қазақ өркениетінің асыл қазынасы ретінде ғылыми айналымға ендіреді.

М.Әуезов «Әдебиет тарихынан» соң да ғылым мен көркем прозаны қатар алып жүрді. Енді Әуезовтің алғашқы ғылыми еңбегіне азғана шолу жасай кетсек, сол кезеңде жарияланған көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті»

атты зерттеуінде халық ауыз әдебиетінің классификациясында халық ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері VI тарауға бөлініп (сыршылдық салт өлеңдері, батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер, ертегі, айтыс өлеңдер, зар заман ақындары, қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп), жеке-жеке қарастырылса, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында» ауызша әдебиет түрлері-сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер), айтыс-тақпақ, ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ деп бөлінеді. Қазақ әдебиеті тарихы жөнінде тұңғыш рет жазылған бұл оқулық ретіндегі зерттеу еңбегінде автор батырлар мен лиро-эпостық жырлардың мазмұнын кара сөз үлгісінде баяндап, өзінің ғылыми ой-пікірлерімен қорытып отырады. Мұнда ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің көркемдік шарттары айқындалып, олардың зерттейтін аудан-аймағы айқындалады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет «зар заман ақындары» деп атау қойып, бір дәуірді енгізген М.Әуезов ол кезеңге мынадай анықтама береді: «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңнің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың бәріне «зар заман» ақындары деп ат қойдық»<sup>1</sup>, - дейді. Ол дәуірдің алғашқы буынын Абылай заманынан бастап, Абайға әкеліп тірейді. Ел қамын сөзбен жоқтаған зар заман ақындарының, оның алғашқы өкілі Асанқайғы шығармашылығы жайлы толығырақ тоқталып, жан-жақты талдау жасайды. Олардың тақырыптық арнасын, көркемдік бағыт-бағдарын, стилдік ерекшеліктерін айқындайды.

Әдебиеттану ғылымына көптеген жаңа көзқарастар, тың пікірлер алып келген М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген тараушасында ғалымның өзі өмір сүрген кезеңдегі сөз өнерінің дәуірлеу мәселесін арнайы зерттей отырып, сол кездегі әдеби ағымдар арнасы, жаңа жазба әдебиеттің қалыптасуы, олардың жанрлық түрлерге әкелген жаңалықтары жөнінен көптеген ғылыми мәліметтер береді.

Зерттеуші бір кездері ауызша әдебиеттің жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығын айта келіп, әр дәуірдің өз әдебиеті, өз рухани өмірі болатындығы жөнінде былай мәлімдейді: «Мұның үстіне жазба әдебиетте классические произведенияларде кездесетін үлгілі мінездер-

---

<sup>1</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы. Ана тілі. 1991. 192-б.

типтер, ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар»<sup>1</sup>. «Мұнда зерттеуші өзі талдап отырған көркем мәтіндегі әр кейіпкерлердің мінез-болмысын, ішкі жан дүниесіндегі сезімдік құбылыстарын талдайды. Мұхтар Әуезовтің талдаулары теориялық деңгейдегі және типологиялық салыстырмалы әдіске сүйенген күрделі еңбек екендігін танытады. Мысалы, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырындағы Қарабайдың мінезін Пушкиннің Скупой Рыцарымен салыстырып, ортақ типтер деп баға берсе, айтыс өнеріндегі жазба әдебиетке кіретін Наурызбай мен Біржан-Сара сияқтыларды екі кісінің айтысуынан, немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелерді ағылшын әдебиетінде өріс алған Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің эпистолярлық роман түріндегі өлеңдермен салыстыра талдайды. **(Ескерту:** Зерттеудегі орысша берілген сөздер М.Әуезовтікі Г.П). Аталған шығармаларды жазба әдебиетке енетін жанрлық түрлерге жатқызады.

Қазақ тұрмысындағы кемшілікті сынау Абайдан бұрынғы Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, һәм Нарманбеттерді қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірінің ақындарына да тән қасиет екендігін ескерте келіп, олардың шығармаларындағы белгіні, сарынды саралай келе, көшпелі деген әдеби түсінік пен дәуірге анықтама береді:». Көшпелі деп ауызшадан жазбаға қарай көшкенін айтады. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерден туған жаңа күйді айтамыз...»<sup>2</sup>.

Автор осы зерттеуінде зар заман өкілдерін және бұл ағымның әдебиеттегі орнын алғаш рет ғылыми тұрғыдан анықтады. «Бұл дәуірде күншығыстың діни дерті-религиозный мистицизм де байқалды, ұлтшылдық та сезілді, болымсыз өнершілдік те көрінді, алайда олар со қиналған күйінде қалып қоя берді. Ол мезгіл ерекшелігімен танылды және жазба әдебиеттің басы болды.

XX ғасыр басындағы өзгерістер, рухани жаңалықтар, баспасөздің көбеюі, оларда кеңінен көрінген ұлтшылдық сарынның, жаппай сауаттандыруға уағыздау т.б секілді жаңалықтарға шолу жасай келе осы жылдардағы әдебиеттің «...беті өзгермесе де түрі көбейе бастады. Қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер жазыла бастады...

«...Ол жаңалық-жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны

---

<sup>1</sup> Сонда. 224-б.

<sup>2</sup> Сонда. 228-б.

көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді. Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны бекіп, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық-романтизм дәуірі болады»<sup>1</sup>, - дейді.

Енді осы жаңа әдебиеттің жаңалығын, өсу жолын көрсететін осынау бағыттар жөніндегі сол кездерде мерзімді баспасөздерде сөз болған мақалаларға шолу жасай кетсек, бұл ағымдардың әдебиетке әкелген жаңалықтары жөнінде хабардар бола аламыз. Бір қатар озық ойлы оқығандар мен ақын-жазушылар, жаңа бағытты дұрыс түсініп, қабылдаған қаламгерлер топтасқан әдеби басылымдар: «Ақ жол» газеті, «Шолпан», «Сана», «Таң», «Абай» журналдарында осы романтизм бағыты жөнінде біраз әңгімелер болды. Айталық, Еңбекші қазақ газетінің 1926жылғы 9 ноябрь күнгі санында Әбдірахман атты автор былай деп жазады: Соңғы жылдарда әдебиет туралы сөз қозғағанда қойылған сұрауға көбінесе қазақ әдебиеті қазір романтизм дәуірінде деген жауап беріліп жүр. Көбінесе бұл жауапты ұлтшылдық бағыттағы оқығандар беріп жүр. Олар әдебиет туралы сөйлегенде романтизмді қайырылулы қаршығасындай қолына қондыра сөйлейтін болып жүр», - десе, «Ақ жол» газетінде 1925, 566 санындағы «Тікен» деген автор: «Сентиментализм, романтизм, реализм секілді бастарындағы қиялдарын өмірге, әдебиетімізге әкеліп жапсырмақшы шығар, тексеріп көруіміз керек», - деп күдік тудырады. Ал «Талқыға» деп жазған «Әдебиет мәселесі деген мақаласында Жүсіпбек Аймауытов былай деп жазады: ...Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде: күйректік /сентиментализм/, сарындамалық /романтизм/, санашылдық /идеализм/, нағыздық /реализм/ дәуірінде ме? Тұрмысқа, заманға қайсысы қатысады? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі болды ма,енді бола ма... Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жақтан уайым, қайғы, торығу кіргізді... Тап ақыны әзір жоқ...Қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған. Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қоюы мүмкін емес. Төңкеріске, коммунизм жолына көрінеу қасақылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды пайдалануға болады... Қожалық құрған, билеп-төстеген үстем таптың әдебиеті мен төменшік, әлсіз, езілген бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиетінен айырмасы бар, һәм болмақ... Әдебиет-өнер. Өнер-азды-көпті еркінді

---

<sup>1</sup> Сонда. 233-б.

тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен не саясат көзімен қарап сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең... Алдыңғыны емес, алысты болджайтын қырағы көз... (Ақ жол, 1951 апрелдегі саны.) Міне осы мақалаға орай 1925 жылы 22 қазанда Енбекші қазақ газетінде «Көркем әдебиет туралы маркшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді. Деген мақала жазып, пікірталас тудырады. Әдебиеттің белгілі тап мүддесін жақтайтыны туралы Л.Троцкийден, А.Луначарскийден пікірлер келтіреді де:... Өнер (оның ішінде көркем әдебиет те бар) дегеніміз қашан болса да, белгілі бір таптың ойын, сезімін көрсетеді..., – деп түйін түйеді. Міне осындай пікірталастар 20 жылдардағы әдеби сынның, әдебиеттану ғылымының қалыптасуына, әдебиет туралы, оның сан алуан мәселелері турасындағы толғақты ойларға жалғасып жатты.

Ендігі бір ескерер жайт – автор осы еңбегінде қарастыра алмаған мәселелерін кемшілік ретінде атап көрсетіп отырады. Айталық, «Жазушыдан деген алғы сөзінде зерттеу жұмысының мақсаты күн тәртібінде тұрғандықтан тездетілгені, алда үлгі боларлық оқулықтың жоқтығынан кеткен кемшіліктердің орын алғандығы турасында былай дейді: «Кітапты тәрбие ғана деп есептегендіктен, көңілдегідей толықтықты іздеуге болмайды... Кемшілікті сын түзейді, көп болып біріккен ой түзейді. Сондықтан бұл кітап «Қазақ әдебиеті деген толық атты аламын деп дәмеленбейді», – деп өзіне сын көзімен қарап, кішілік, ұлылық танытады. Және XIX ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым болған дін қиссаларын, дін сарынымен айтылған үлгі-өсиет өлеңдері де, ақындары да енген жоқ, сондай-ақ осы дәуірге дейін зерттелмей келген Абайдан арғы ақындардың өмірі туралы жиналған мағлұматтар жиналмағандығын, ол екеуі де келешектегі атқарылар міндеттер екендігін ескертеді.

Қорытып айтар болсақ, араға елу жылды еңсертіп барып, жарық көріп ел игілігіне арналған М.Әуезовтің: «Әдебиет тарихы «атты еңбегі ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі үлес деуге болады.

Ендігі бір ерекше тоқталар жәйт – М.Әуезовтің өзі суреткер, адамтану ғылымының үздік білгірі болғандықтан оның ғылыми еңбектерінде психологизм мәселелері жан-жақты әрі терең зерттелген. Тумасынан талантты, адам жанының небір құпия жұмбақ сырларын жетік танитын сұңғыла суреткердің қазақ прозасында алғашқылардың бірі болып психологизм құбылысын тереңдей талдаудың үздік үлгісін көрсеткені ақиқат. Ол жөнінде жазушының замандасы, белгілі

әріптесі, әдебиетші Зейін Шашкиннің берген бағасы күні бүгінге дейін құндылығын жоғалта қойған жоқ. Әсіресе оның:... «Адамның ішкі жан күйін, тебіреніс толқынын беру үшін жазушы айқын образдарды, нақтылы дәлме-дәл сөздерді тапқыр қолданады. Бұл ретте Әуезов өзінің психологиялық суреттеудің нағыз шебері екенін танытты, қазақ прозасындағы психологиялық мектептің шын мәніндегі көш басшысы бола білді»<sup>1</sup>, - деген сөзі суреткердің бүкіл шығармашылығына берілген жоғары баға.

Әрине, қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов әлемі өмірі таусылмайтын арнасы кең асау өзен секілді болмысы мен бітімі бөлек дүние. Сондықтан, оны әр кезең ұрпақтары өзінше көреді, өзінің дәрежесінде бағалайды, таниды. Қалай десек те, М.Әуезов дүниелері шартарапты шарлағалы ширек ғасырдан асса да, оның шығармашылығы жайлы шала-жансар сөз естімеппіз. Бұл, тегінде, таланттың қайда да, қашан да тұлға, нағыз сөз зергері, адам инженері екендігін бүкіл әлемге мойындатқаннан болса керек.

«Мұхтармен кездесулерім» мен «Абай романындағы көркемдік ерекшеліктері» атты шағын ғана естелік мақаласының өзінде бүкіл М.Әуезовтің сөз өнеріндегі өзіндік ерекшелікті, қазақ әдебиетіндегі Мұхтар әлемін қолға қойғандай етіп талдап берген Зейін Шашкиннің сөз қолданысы Ахмет Байтұрсыновтың стилін еске салады. Не артық мақтау-марапаты жоқ, не бос баяндауы жоқ осы екі мақаладағы әрбір айтылған ой кейбір монографиялық зерттеудің жүгін көтеріп тұр десек артық айтқандық емес.

М.Әуезовтің шығармаларындағы психологизм мәселелеріне қатысты құнды ой-пікір білдірген З.Ахметов, З.Қабдолов, Б.Уахатов, Б.Майтанов т.б сынды зерттеушілер де суреткердің адам жанын, оның ішкі иірімдерін тереңдей талдаудағы стильдік ерекшеліктерін тани білді. Осынау мол еңбектердің теориялық тұжырымдары бізді жазушы шеберлігінің тың қалтарыстарына назар салуға себеп болды.

Тегінде, жаңашылдық, түр, тәсіл т.б. іздеуде түрлі сынақтарға бару, творчестволық ізденістерге түсу әдеби дәстүрді жүдету емес, керісінше байыту екені белгілі.

М.Әуезов те адам жанын зерттеуде көптеген көркемдік ізденістерге барып, оның қыр-сырына қаныққаны мәлім. З.Шашкиннің жоғарыда аталған мақаласында айтылып өткендей қазақтың қисапсыз қазынасы – тіл байлығын мың құлпырта түрлендіре пайдаланудың нәтижесінде «...сиреп бара жатқан заттанған етістіктерге қайта жан

---

<sup>1</sup> Шашкин З. Таңдамалы шығармалары. VI томдық. Т.6. Алматы, Жазушы. 1975. 328-б.

бігіріп, қазақ тіліне етістіксіз сөйлемдер әкеліп» адамның жан жүйесін зерттеуге жаңа жолдар ашқан-ды.

Қазақ әдебиетіндегі психологизм жүйесінің көш бастаушылары Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаевтардың даралық шеберліктері қазақтың көркем прозасына тың леп, әсіресе кейіпкердің рухани әлемінің ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана-сезімдегі сан алуан қайшылықтағы сапалық қақтығыстар шындығын әкелгені кәдік.

Психологизм поэтикасын құрайтын күрделі психологиялық бейнелеу құралдары М.Әуезов шығармаларында кеңінен қолданылады. Атап айтар болсақ, суреткердің кейіпкер толғаныстары мен ішкі монологтары, портрет, пейзаж, сыртқы қимыл-қозғалыстар, заттық әлем т.б сияқты көркемдік компоненттерді қолданудағы шеберлігі мен адам психологиясын ашудағы даралық сипаты ерекше. Қорғансыз жетім баланың тағдырына ортақтасқыңыз келсе, «Қорғансыздың күнін» оқыңыз, жесірдің жан жарасы мен жүрегіндегі салмақты сезінгізіз келсе («Қаралы сұлу») тағы да М.Әуезовті оқыңыз. Адалдыққа, пәктікке, тазалыққа бір сәт сыйынғыңыз келсе де («Көксерек») М.Әуезовпен сырласуға тура келеді. Жалғыздықтың азабын тартыңыз келсе де еріксіз Мұхтармен мұңдасасыз («Кінәмшіл бойжеткен»), ақын болып, бүкіл бір халықтың тағдырын, дәуірдің жауапкершілігін, творчествоның азабы мен ләззатын татқыңыз келсе («Абай жолы») тағы да Әуезовке жүгінуге тура келеді. Несін айтасыз әлемдегі әр қауымның, әр жыныстың, әр таптың, әр органың жан дүниесін, олардың жұмбақ жаратылысын, мың қатпарлы сезімдік құбылыстарын әр кезең ұрпақтары Әуезов әлемі арқылы тереңдей танитыны табиғи шындық.

М.Әуезов шығармашылығындағы психологизм мәселесінде ең басты атап айтар жайт – суреткердің күрделі психологиялық жағдай мен адам санасындағы арпалысқан ой ағысын, пікір қайшылығын тап басып, дәл де нанымды бейнелеу білуі. Екіншіден, кейіпкердің жан әлемінде жиі болатын рухани тоқырау мен сәт сайын құбылатын сезім құбылыстарын қалт жібермей, өзі айтқандай «қазбалай, қазымырлана» әрбір бөлшегіне дейін талдап беруге терең мән беруі дер едік. Адамзат баласына тән табиғи, биологиялық, физиологиялық, психологиялық атмосфераны бейнелеудегі жазушының тілі қашан да құнарлы әрі тұңғыық терең, бай. Оған жазушының «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» сияқты алғашқы психологиялық әңгімелерінен бастап «Абай жолына» дейінгі көркем шығармалары куә.

Жалпы, М.Әуезовке дейінгі қазақ прозасында жеке адамның ішкі жан дүниесіндегі сезім құбылыстары мен психологиялық процестер көбінде автордың баяндауында берілсе, Әуезовтен бастап олар кең тыныстап, ішкі монолог арқылы түпсіз ойларға берілетін болды. Сондай-ақ, Әуезовке дейінгі көркем шығармаларда көбіне эпизодтық ретте көрінетін ішкі сөз, ішкі толғаныстар шын мәніндегі күрделі көркемдік, психологиялық талдау дәрежесіне ие болды.

Сондай-ақ, М.Әуезовтің кейіпкердің ішкі дүниесіне тереңдей енудің бірден-бір тәсілі – психологиялық портретті шешен сөзбен сала білуі. Себебі, М.Әуезов портретке де бір-біріне мүлдем ұқсамайтын өз кейіпкерлерінің ішкі әлемі секілді аса сақтықпен, асқан зергерлікпен қарайды. Суреткер көркем шығармаға кейіпкерді кірістірмес бұрын ол ең алдымен пішін-парқын, сыртқы келбетіне тән өзіндік болмысын, жекелеген портреттік детальдарды ұтымды пайдаланып отырады. Ал, кейіпкердің тек өзіне ғана тән портреттік пішіні бірден беріле салмайды, ол көбіне біртіндеп, ұзақ процесс арқылы ашылады. Осынау психологиялық портрет арқылы суреткер кейіпкердің жұмбақ жаратылысын, құпия сезімдік құбылыстарын тереңдей талдайды.

Түйіндеп айтар болсақ, М.Әуезовтің шығармашылығында психологизмнің неше түрлі шұрайлы сәттеріне, бай психологиялық бейнелеу құралдарына, оларды қолданудағы даралық қасиетіне, суреткерлік шеберлігіне куә боламыз.

Алайда, М.Әуезовтің көркемдік әлеміне үңілген сайын оның шығармаларында әлі де бет қақпағы ашылмай жатқан қаншама құнды көркемдік қасиеттердің барлығына қаныға түсесің. Әсіресе, М.Әуезов әлеміндегі психологизм мәселелері, оның әрбір факторлары, психологиялық талдаудың арнайы бейнелеу құралдарының кейіпкер бейнесін ашудағы көркемдік міндеттері әлі де тереңдей талдап, зерттелмегендей көңілді күпті етеді. Ғасырлардан-ғасырларға ұласып халықтың рухани сұранысына ие болар М.Әуезовтің көркемдік әлеміндегі психологизм мәселелері, оның ерекшеліктері әлі де ұшан-теңіз зерттеулерге дәнекер болары сөзсіз.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. XX ғасыр басындағы әдеби айтыстар кезіндегі М.Әуезовтің пікірлері туралы не білесіздер?
2. «Әдебиет тарихы» оқулығының тәуелсіздік кезеңіндегі тағдыры, оны жарыққа шығарушы ғалым М.Мырзахметұлының еңбегі жайлы түсініктер.

3. М.Әуезовтің әдебиеттегі адамтану мәселесіне қатысты ойларына шолу түрінде конспекті жасау.

### **БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІ ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жоспары:

1. Әдебиетті дәуірлеу мәселесі және Б.Кенжебаев.
2. Б.Кенжебаев қалыптастырған мектеп, оның ізбасарлары.
3. Зерттеушінің әдебиетке қатысты еңбектері.

**Өмірбаяны:** Б.Кенжебаев Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Шымкент облысы), Бөген селосында 4.10.1904 жылы туылып, 17.7.1987 жылы Алматыда қайтыс болған. 1925 ж. Шығыс Қазақстан еңбекшілерінің коммунистік университетін бітіріп, «Лениншіл жас», Социалистік Қазақстан» газеттерінде бас редактор қызметтерінде болған. Советтердің бүкілроссиялық VIII съезіне аудармашы ретінде атсалысқан. 1941 ж. қазақ республикалық баспалар бірлестігінде бас редактор қызметін атқарған. 1942 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетін сырттай оқып бітіреді. 1944 ж. университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі әрі 1947-1953 ж. Қаз. ССР ҒА Әдебиет және өнер секторының меңгерушісі болған. 1946 ж. «Сұлтанмахмұт Торайғыров творчествосы» деген тақырыпта кандидаттық, 1959 ж. «XX ғ. басындағы қазақтың ағартушы-демократтары» деген монография бойынша докторлық диссертация қорғаған. Ленин ордені және медальдармен наградталған.

**Ғылыми еңбектері:** Сұлтанмахмұт және оның творчествосы. «СССР ҒА Қаз.филиалының хабарлары». Тіл және әдебиет сериясы, 1944, N1; Абай – қазақтың ұлы ақыны (орыс-қазақ тілдерінде М.Әуезовпен бірге жазылған), Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, А.1945; Қазақ совет әдебиеті тарихының қысқаша нұсқасы (М.И. Ритман-Фетисовпен бірге). Қаз. ССР ҒА-ның баспасы, 1947; Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы. Қаз. ССР ҒА-ның баспасы, А. 1949; Творчество Султанмахмута Торайғырова.А.А.1955, Қазақ баспасөзі тарихынан деректер. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956; Мұхамеджан Сералин –журналист. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957; XX ғ. басындағы қазақтың демократ ақын-жазушылары. Қазақтың мемлекеттік көркем-әдебиет баспасы, 1958; Сұлтанмахмұт Торайғыров (критико-

библиографический очерк). «Казгослитиздат», 1958; 1920 ж. Қазақ совет әдебиеті. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961; Қазақ совет баспасөзінің тарихынан (Т.Қожакеевпен бірге). КазГУ, 1962; XX ғ. Қазақ әдебиеті (октябрь алдындағы кезең) (Ә.Нарымбетовпен бірге), «Ғылым», 1970; Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. «Ғылым», 1973; «Қазақ халқының жалынды ақыны» 1973, «Сөз туралы сөз» (Т.Қожакеевпен бірге). КазГУ, 1982.

Зерттеушінің «Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1958), «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары», (1958), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1976, 1993), «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері» (1974), «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986), «Асау жүрек» (1975) т.б да көптеген іргелі зерттеулері мен оқулықтары әдебиет тарихын оқыту мен зерттеуде аса құнды еңбектер болды.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (2 бас. 1976) оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялаған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеу ісімен үзбей айналысқан ғалым», «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), «Жамбыл Жабаев-қазақ халқының жыршысы» (1955), «Біржан сал мен Сараның айтысқаны» (1955) т.б. зерттеулерін жазған. «Тымпи» (1943, 1981), «Көңіл ашар» (1971) сатиралық фольклор мұраларын бастырды.

Көрнекті зерттеуші Бейсенбай Кенжебаевтың әдебиеттану ғылымындағы ең алғашқы қадамы ұлы Абайды танудан басталады. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егеменді Қазақстан») газетінің 1925 жылғы 28-29 тамыз күндеріндегі сандарында жарияланған мақаласында ғалым Абайдың шығармашылығын ұлт әдебиетіндегі көркемдік деңгейі жоғары классикалық стилде жазылған көркем мәтін ретінде талдау жасайды. Ол мақаланың ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес өзінің жеке басы үшін де бағалы екендігін зерттеуші: «...мен де творчестволық жолымның бастауында ұлы ақын мұрасының тұрғанын мақтан етемін... Қайта қарауға, жиырма бір жас қаппыма қиянат жасап алармын деп қорықтым...»<sup>1</sup>, - деп ризашылықпен еске алатыны бар.

Кейбір ғалымдарымыздың уақыт, тарих сынына жауап бермей науқандық ғылым, кезеңдік «кемеңгерлікке» бой алдыратын пікіріне тойтарыс берерлік үлгі болса керек, бұл. Бірінші мақаласында-ақ ұлы

---

<sup>1</sup> Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, Жазушы. 1986. «Кемеңгерлік кепілі» атты үшінші тараушасында. 97-б.

ақынның шығармашылығын таптық идеяға, нақандық саясатқа салмай сөз өнерін мәңгілік рухани құндылық тұрғысынан танып, бағалап, талдаған зерттеуші өмір бойына өзінің ғылыми тұжырымынан айнымай адалдық танытқаны ақиқат. Оған нақты дәлел ғалымның Абай шығармашылығына жиі оралып, уақыт аясына сыймайтын ұлы дарынның ұлт поэзиясының көркемдік аясын кеңейтудегі орнын анықтаудағы ойларымен бөлісуі еді.

1922-25 жылдары XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының бірі, тұңғыш комсомол көсемі болған Ғани Мұратбаевтың көмегімен Москвадағы Күншығыс еңбекшілері университетінен тарихи және филологиялық білім алған Б.Кенжебаев өз замандастары С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин, С.Торайғыров т.б. сынды ұлы тұлғалармен еңбек етумен бірге олардың шығармашылықтары жөнінде тұрақты түрде ой қозғап, шынайы пікір, ащы ақиқатты да ашып айта білді. Оның 1958 жылы жарияланған «Жиырмамыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті» атты еңбегінде аталған ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары көркем мәтін ретінде жан-жақты талданады. Осы бағыттағы ізденісін тынымсыз еңбегі арқылы дамытып отырған ол, әсіресе, өз кезеңінде дұрыс бағаланбай жүрген талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына жете көңіл бөлді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі үдеріс мәселесін сол кезеңдегі сөз өнері өкілдерінің шығармашылығымен тұтастандыра қарастырған зерттеушінің ғылыми жұмысының негізгі арнасы болғаны белгілі. С.Торайғыровтың ақындығы жөніндегі диссертациялық жұмыстың 40-жылдары басталуы оның кейінгі ғылыми жұмыстарының жүйеленуіне алып келді.

Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы өркендеуі мен совет әдебиетінің алғашқы дәуірі әлеуметтік ұлы өзгерістерге байланысты талай өнерпаздық қиын асулардан асқаны әмбеге аян. Бұл кезеңдердің бар сырын жыға түсіну үшін әлі де көптеген зерттеулер жасау қажет. Бұған Б.Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» деген атпен 1958 жылы шыққан кітабы мұрындық болды. Демократ ақын-жазушылар жөніндегі монографиялық очерктерін XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдайға, әдебиеттің дамуына бейімдей баяндап, әлі де зерттей түсетін мәселелердің бетін ашты. Ғылыми зерттеудің кейінгі кездегі табыстары мен жетістіктерін ескере отырып, Ә.Дербісалин бұл кезеңнің ең жетекші тенденциясын өз алдына дербес тексеріп, «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиетінің» (1966)

даму жолдарына назар аударды. Сондай-ақ, қазақ совет әдебиетінің жиырмамыншы жылдардағы идеялық-творчестволық проблемалары бірқыдыру монографияларда әңгімеленді.

Қазақ әдебиетінің жанрлық өркендеуі, көркемдік шеберліктің биігіне көтеру процестері, әдебиеттердің бір-біріне әсер-ықпал етуі, бір тілден екінші тілге аудару мәселелері Б.Сахариеттің «Уақыт тынысы» (1964), «Күрескер тұлғасы» (1979), М.Базарбаевтың «Әдебиет және дәуір», С.Қирабаевтың «Революция және әдебиет», Е.Лизунованың «Қазіргі қазақ романы» (1965), Ш.Ахметовтың «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» (1965), Ш.Елеуқеновтің «Қазіргі кезең және роман» (1968), «Замандас парасаты», Р.Бердібаевтың «Заман және роман» (1969), Е.Ғабдіровтің «М.Горький және қазақ совет әдебиеті», Ә.Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» (1965), С.Талжановтың «Көркем аударма туралы» (1962), «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975), Ш.Сәтпаеваның «Әдеби байланыстар», М.Әлімбаев «Қалам қайраты», Х.Сүйіншәлиев «Ізденіс іздері», Б.Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері», Н.Ғабдуллин «Шығарма арқауы – шындық», «Замандас келбеті», тағы басқа авторлардың көптеген еңбектерінде зерттелінді.

Қазақ әдебиеттануының бұдан былайғы өркендеу барысында монографиялық зерттеулердің ұлғая берері хақ. Өйткені әдебиет дамуының түйінді де келелі мәселелерін жеңіл-желпі шешуге, сөз арасында баяндай салуға болмайтыны барған сайын анықталып келеді. Кейбір жарияланған еңбектерге қайта оралып, толықтырып шығару қажеттігі де сезілуде. Қазақ әдебиеттануы күн өткен сайын өзінің жанрлық өркендеуін күшейтіп, ішкі түрлерін молайта берері сөзсіз.

Қазақтың әдеби сыны мен ғылымын өркендету саласында еңбек етіп келе жатқан дарындар ішінде филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаевтың еңбегін ерекше атап өткен орынды. Б.Кенжебаев қазақ әдебиетіне 1925 жылы келді. Сол жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Абай» атты көлемді де проблемалы мақаласы жарияланды. Ол Москвада оқып жатқан қазақ жастарының әдеби бірлестігінің мәжілісінде талқылаудан өткен, көпшіліктің ой-пікірін ескере отырып жазылған мақала болатын. Абайды халық ақыны деген тұжырым көркемдік және әлеуметтік жағынан толық дәлелденбей жатқанымен, қазақ әдебиетіне еңбекқор дарынның келе жатқаны және ой-пікірін жасқанбай айта алатыны аңғарылған еді. Кейінгі жылдары «Сын түзелсін» (1928) деген ұсыныспен әдебиеттің ең бір жауынгер саласына бел шеше кірісті де, 30-жылдары Өтебай

Тұрманжановтың «Таң сыры», Бейімбет Майлиннің жазушылық қызметінің 20-жылдығы, С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» туралы, М.Әуезов сахнаға шығарған «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Талпақ танауы» жөнінде, Қорқыт жайлы, қазақтың халық эпосы, ертегілері, Қобыланды батыр туралы, Сұлтанмахмұт творчествосын зерттеу, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселелері жайында Б.Кенжебаев арғы-бергі және бүгінгі әдебиетіміздің даму, өркендеу барысындағы творчестволық проблемаларға назар аударып отырды.

Б.Кенжебаевтың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуы жолдарына көз салғанда, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кездерде көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармаларына сын жазғанымен, оның негізгі арқауы әдебиеттану саласында жатқанын байқаймыз. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчествосын зерттеудің алғашқы кезеңінде «бірыңғай ағым» теориясына ептеп бой алдырғаны, шөлкешалыс басқаны ҚКП Орталық Комитетінің 1947 жылғы қаулысында аталып көрсетілген де болатын. Алайда «Сұлтанмахмұттың ақындығы» атты монографиясы (1949) Б.Кенжебаевтың өнерпаздық бетін бүгіндей ғылым саласына бұрған еңбек болумен қатар, XX ғасырдың бас кезіндегі көркемдік дамуды ыждаһаттай зерттейтін оқымыстының қолтаңбасын танытты. Индете, құштарлана зерттеудің арқасында «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) атты монографиясы дүниеге келді. Мұнда автор шолу-портреттік зерттеу принципін қолданып, қазақ әдебиеті тарихындағы ең бір қиын, дау-дамайы көп, талай айқыш-ұйқыш пікірлер айтылған кезеңді сөз етеді де көркемдік дамудың даңғыл бағытына түскен, оны Абайдан кейін жанрлық, идеялық, тақырыптық жағынан да, өнерпаздық-творчестволық жағынан да ілгері өркендеткен ағартушылық-демократ ақын-жазушылардың шығармаларын кең көлемде, мәнді бағытта зерттеп берді. Архивтерде жұмыс істеп, әдебиетке қатысты деректерді іздеу, революциядан бұрын жарияланған көптеген кітаптардың, әсіресе, көркем шығармалардың қадір-қасиетіне жету, осы кезеңде қалам ұстаған дарындардың көзқарасына, дүние танымына жіті назар аудару, оңтайлы шешім ұсыну, өзінің ғылыми топшылаулары мен күдіктерін ашық айтып отыру осы еңбектің ұнамды жақтары. Сондай-ақ, кем пішілген, қанатсыз пайымдалған, жаңсақ тұжырымдалған сәттер де кездеспейді емес. Алайда XX ғасыр басындағы әдебиетіміздің ағартушы-демократиялық бағытпен өркендеу, даму барысын ғылыми негізінде баяндау арқылы Б.Кенжебаев 1966 ж. жоғары оқу орындарының

студенттеріне «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын жасап беріп, қазақ әдебиеттану ғылымына өзінің үлкен үлесін қосты.

Қазақ совет әдебиетінің туу, өркендеу процесін «20-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1961) деген шолуында «Шындық және шеберлік» атты сын мақалалар жинағында бірқыдыру әңгімелейді.

Б.Кенжебаевтың творчестволық ізденістерінде сонау 30-жылдардан бері желісі үзілмей келе жатқан бір күрделі проблема – қазақ әдебиетінің көне дәуірінің идеялық-творчестволық мәселелері. 1933 жылы С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты оқулығына сын жазғанда, Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің ертедегі дәуірін зерттеу қажеттілігі жөнінде 20-жылдары Сәкен, Мұхтар айтқан пікірлерді қайтадан жандандыратын тұжырымды ойлар түйді. Соны кейінгі еңбектерінде үлкен бір арнаға айналдыруға талаптанды. 1941 жылы Оқу халық комиссариаты мұғалімдер съезінде қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесін талқыламақ болған. Сол съезде баяндама жасауға даярланған Б.Кенжебаев «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» пікір алысу мақаласын «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде 1941 жылы 10 шілдесінде жариялады. Оның толық мәтіні «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мәселелері» деген (1941) кітапшада басылды. Осы еңбектерінде Б.Кенжебаев: «Біздіңше, қазақтың жазба әдебиетінің тарихын шамамен мынадай дәуірлерге бөлуге болатын сияқты:

1. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет, яғни XV ғасырдың ортасынан бастап, XVIII ғасырдың ақырына дейінгі әдебиет.

2. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

3. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

4. XX ғасырдың алғашқы 20 жылындағы әдебиет

5. Совет әдебиеті», - деді.

Осы дәуірдің бірінші бабынан басқасы түгелдей ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, практикада қолданып келе жатыр. Ал, бірінші дәуірді терең зерттеп, қоштап кетушілер аз екендігін аңғарған автор: «Кейбір жолдастар Асанқайғы мен Сыпыра жырау тарихта болмаған, халық ойдан шығарған, әдебиетіміздің тарихын олардан бастамай, тарихта болғаны ақиқат Бұқар жыраудан – XVIII ғасырдан бастауымыз керек», - дейді. Бұл дұрыс емес, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргендік болады», - деп ескертпе жасады.

Алайда: «Жазба әдебиет деп, әдетте, жазу-сызудың шығуы мен жазылған мұралардың мәлім болуынан бастайды. Бұл жағынан алып қарағанда, ислам дінінің Орта Азияға жайылуы XI-XII ғасырдан басталады. Олардың дінімен байланысты мұралар жоқ, болса, даулы.

Ал, XVIII ғасырдың екінші жарымы, XIX ғасырдың бас кезінен бері қарай тарихта бірінші рет аты мәлім, шығармалары да бірінші рет өзінің атымен сақталған ақын – Бұқар жырау. Қазақ жазба әдебиетінің, әдебиет тарихының басы – Бұқар жырау. Қазақ әдебиетінің тарихы бар. Қазақ әдебиет тарихының басы – Бұқар жырау дейміз», -деген пікірді Қ.Жұмалиев 1948 жылғы «Қазақ әдебиеті оқулығында түйіндей баяндады. Осы тұжырымды «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» деген еңбегінде, қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған 1959 жылғы ғылыми-теориялық конференцияда жасаған баяндамасында қайталап, жүйелі көзқарасқа, ғылыми конференцияға айналдыра сөйледі.

Бұл конференцияға қарсы шыққан Б.Кенжебаев талай тарихи - ғылыми қисындар айта келіп, «VIII-IX ғасырлардан бері қазақ жерінде, сонымен шектес жерлерде, кейбірін қазақ халқы құрамына енген рулар өкілдері, кейбірін қазақ жерін жайлаған басқа рулар мен халықтар өкілдері жасаған, қай-қайсысы болсын, бүгінгі қазаққа не түсінікті болған, қазақ қолданған тілдерде жасалған жазу-сызуларды, жазба әдебиет нұсқаларын қазақтыкі деп айтуымызға, қазақ жазба әдебиетінің тарихына енгізуге әбден болады.

Атап айтқанда, VIII-IX ғасырлардағы Талас-Шу бойында жасалған кітаптар – «Құдатғу білік», «Лұғат түрік», тағы басқалар; X-XI ғасырларда Каспий теңізі жағалауларында жарыққа шыққан кітаптар -»Кодекс куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі»), «Қисса сүләнбия», тағы басқалар; XI-XII ғасырларда қазақ жерінде жасаған Қожахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани шығармалары – «Дивани Хикмет», «Хакім ата», «Бақырғани кітабы», «Ақырзаман», тағы басқалар, Алтын Орда тұсында Сырдария бойында, Арал маңында жасалған әдеби шығармалар -»Мухаббатнаме», «Қобызнама», «Саяхатнама», «Жұмжұма», тағы басқалар қазақ халқының ертедегі жазба әдебиет нұсқалары деп есептеліп, қазақ әдебиеті тарихында тексерілуге тиісті» («Әдеби мұра және оны зерттеу», 298-б, 1961), -деп пікір өрбітіп, бұл кезеңдегі әдеби мұралардың түркі тілдес әдебиеттердің бәріне ортақ екенін ескертті.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. XX ғасыр басындағы әдеби үрдіске, әсіресе абайтануға қосқан үлесі.
2. Б.Кенжебаевтың қалыптастырған мектебінің мәні мен маңызы
3. Б.Кенжебаевтың ғылыми тұжырымдары нәтижесінде

ашылған ежелгі дәуір әдебиетінің бүгінгі күнде зерттелу барысы.

4. М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов т.б сынды зерттеушілердің Б.Кенжебаевтың мектебін қалыптастырып, дамытуға қосқан үлестері.

## **Ғ.ТОҒЖАНОВ – КӘСІБИ СЫНШЫ**

Жоспары:

1. Ғ.Тоғжановтың XX ғасыр басындағы әдеби айтыста айқындалған таптық көзқарастары. Оның шығармашылығына деген сыни көзқарастар.

2. Ғ.Тоғжанов-кәсіби сыншы, «Абай» монографиясының авторы.

**Өмірбаяны:** Ғаббас Тоғжанов 1900 қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы Жарқын деген ауылда дүниеге келген. Омбы гимназиясында 1915-1917 жылдары оқып, «Бірлік», «Жас азамат» атты қазақ жастары ұйымдарының жұмыстарына араласқан. 1919 жылы РКСМ-нің Сібір бюросы жанындағы қазақ-татар секциясының секретары, «Еңбекшіл жастар» газетінің редакторы қызметін атқарды. 1920 жылдан КПСС мүшесі. 1920-22 жылдары Ақмола губерниясының төтенше комиссиясының әуелі секретары, сосын бөлім бастығы, коллегия мүшесі. 1922 жылы Орта Азия университетінде оқи жүріп «Жас алаш» (қазір де солай аталады) газетінің жауапты редакторының орынбасары қызметін атқарады. 1923-1924 жылдары Москвадағы В.Г.Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтында оқи жүріп, Орталық Күншығыс баспасы қазақ секциясының секретары, 1924-26 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің баспасөз бөлімінде нұсқаушы болды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі (1926-1928), «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы (1926-1932), Қазақстан Жазушылар одағының председателі (1935-1936), Қазақ ССР Халық комиссарлары жанындағы көркемөнер істері жөніндегі басқарма бастығының бірінші орынбасары, кейіннен бастығы (1936-1937) қызметін атқарды. 1937 жылы атылып кетті.

**Еңбектері:** Оның «Абай (1845-1904)» атты ғылыми еңбегі (Алматы: Қазмембасп, 1935. - 163 бет), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929, 191-бет) деген тақырыпта Қызылорда қаласынан шыққан әдеби мақалалар жинағы, «Жүсіпбектің сыны. Мағжанның

ақындығы туралы» (1926, 72 б) еңбегі және І.Жансүгірұлымен бірігіп жазған «Қазақтың театр өнері туралы» (1933, 81 б) және т.б. бірнеше зерттеулері бар.

«Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екендігін бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Дайсыз хақиқат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, түзу-терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз»<sup>1</sup>, - деген қыршын жас М.Әуезовтің «Қазақ қалам қайраткерлеріне жазған» (Ашық хатындағы) сөзі әлі де өз құндылығын жоя қойған жоқ. Өйткені, бейне бір ХХ ғасыр басындағы тарихты, ондағы өтпелі кезеңмен қайта қауышып отырғандай хал кешкен қазақ халқы үшін бүгінгі баспасөз де сол, ежелгі міндеті - халықтың көзі, жаны, рухы екендігін естен шығармаса керек-ті.

Ендеше, әдебиеттің өзі осы баспасөз бетіндегі әдеби сын-пікірден бастау алатынын ескерсек, ХХ ғасырдың басындағы әдеби айтыстардың қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында алар орны ерекше. Әсіресе, 20-30 жылдары осы әдеби процеске, әдеби сынға белсене араласқан сыншы, әдебиетші Ғаббас Тоғжановтың болғаны белгілі. Қазақ әдебиеті мен сыны тарихында өзіндік орны бар сыншының әдебиет жөніндегі оң да, теріс те көзқарастары болды. Әсіресе, еліміздің егемендікке ие болып, жариялылық пен демократияның тұщы дәмін татқан қазіргі кезде тарихты қайта бір сүзгіден өткізіп, әдебиетке жаңа, бүгінгі көзқарастар тұрғысынан талдап-бағалауға мүмкіндік туған шақта Ғаббас Тоғжановтың өз қатарлас қазақ қаламгерлеріне жасаған қастандығы жөнінде оның есімі аталған жерде міндетті түрде бір айтылып қалып та жүр. Кезінде бір кеменгердің «өз заманынан, ортасынан тыс адам тағдыры жоқ», - деген сөзіне сүйенер болсақ, кім де болса өз заманының перзенті. Сондықтан да болар, өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы аласапыран кезде әдебиет әлеміне енді кіріскен жас қазақ зиялыларының көбі тапшылдық деген жалған ұранға ұрынып, адасқаны ақиқат. Бұл жөнінде «Қазақ әдебиеті тарихының» үшінші томының бірінші кітабында Ғ.Тоғжановтың атқарған әлеуметтік ісі мен жазған сындарына әділ баға беріліп, қателікке ұрынуының екі түрлі себебі атап көрсетілген: «Бірі – осы кезде кең өріс алған сынаржақ

---

<sup>1</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.3. Алматы, Ғылым. 1998. 7-б.

Қазақ әдебиеті тарихы.

социологиялық сынның әсері, екіншісі – Ғ.Тоғжановтың әдеби жікке араласуы болды»<sup>1</sup>, – деп анық жазылған. Бұл жайлардың шындығы С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаевтың Ғ.Тоғжанов жайында айтқан, жазған сыни пікірлерінің мәні мен мағынасы жоғары тұжырымынан өрбиді, әркілы деңгейде түйінделеді»<sup>2</sup>, – деп ой түйеді осы кезеңнің білгір маманы, әдебиетші, ғалым Т. Кәкішев. Әдебиетті сөз өнері тұрғысынан қарап, талдаудың орнына неше түрлі «измдердің» шылауындағы социологиялық-эстетикалық содырлы сын майданына енген Ғ.Тоғжанов қазақтың қаймағы бұзылмаған таза әдеби туындыларын ескі, байшыл және жана, тапшыл әдебиет деп талан-таражға салып, ту-талақайын шығарған солақай сынның бастаушысы болғаны белгілі. Сол кездегі саяси ахуал қаламгерлер арасына да от салғандай еді. Оның бірден-бір куәсі - С.Сейфуллин десе бір сайтаны қозбай қоймайтын Н.Төрөкұловтың қазымыр сыны мен осы Ғ.Тоғжановтың Мағжан мен Жүсіпбек дегенде шабыты ойнап, бір-бір кітап жазып тастайтындығы.

Осы кезең туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Тоқтар Бейісқұлов былай дейді: «...Республика басшылығына Ф.Голощекин келгеннен соң сол үркіншіліктің жалыны лапылдап, от тілдері жалаңдап, өрттей қаулап кете берді. Соның шоқ қызуының ыстық лебімен жанталасқан қаламгерлер айтыс-тартыстың «қызығына» белшесінен бата түсті. Идеялық-шығармашылық деңгей үшін пікірталастырған болып көрінген айтыста бірінен-бірі асқан «ақылды» екендігін білдіруге, тілдерін түйреп мұқатуға немесе кемшілік-қателерін бүркеп қорғануға, ал кейбірі басын арашалауға бой алдырды. О баста бір-біріне жамандық ойламаған пікір таласы орыны толмас ауыр қайғы-қасыретке жетелеп бара жатқанын ешбірі сезбеген де сияқты. Бірақ бара-бара жанға түскен жара ұлғая келе үлкен дертке, ақыры көптеген зиялылар жалғанның құрбаны болу қасіретіне әкеп соқты. У-шу науқан кезінде бұрынғы жасалған жақсы істер мансұқ етіліп, ұмытылып, түкке керексіз боп қалды<sup>3</sup>, - деген сөзінің тарихи куәсі де осы Ғ.Тоғжановтың тағдыры еді. Сол қазаққа қырғидай тиген қызыл большевик Ф.Голощекиннің оң қолы есебіндегі саяси сойылы болған Ғ.Тоғжанов ақырында сол өзінің қанды қолымен жеткен қызыл империяның құрбаны болғаны белгілі. Ж.Аймауытовтың шығармашылығы туралы жазған «Көркем әдебиет туралы

---

<sup>1</sup> Сонда. 110-б.

<sup>2</sup> Кәкішев Т. Оңаша отау атты монографиялық еңбегінде. Алматы, Жазушы. 1982. 117-б.

<sup>3</sup> Аласапыранда. // Жұлдыз. 2003. 8 саны. 182-б.

марксистдер не дейді, Жүсіпбек не дейді» деген мақаласындағы: «...Өртенген ақын болса, біз өртемейміз, заман өртейді, тарих өртейді, өзін-өзі өртейді»<sup>1</sup>, - деген сөзі бүгінде тап өзіне арналғандай таңдандырады. Осындайда қазақтың «біреуге ор қазба өзін түсерсің» деген даналығы еске түседі. Дегенмен де әдеби мұраға деген әділ көзқарас, әрбір кезеңнің тарихи шындығына көз жіберер болсақ, сонша қылмысы бола тұра оны ақтар ғылыми ақпараттар да бар екен. Ол - Ғ.Тоғжанов қазақ әдебиеті сынында тек баспасөздегі науқандық мақалалары мен ғана шектелген әдебиетші ғана емес, ол қазақ әдеби сынында алғашқы профессионал сыншы болған және сыни еңбектерін, алғаш кітап етіп шығарған маман екен. Және Абай туралы алғашқы ғылыми монографияның да авторы. Сол кезеңдегі әдеби процеске белсене атсалысып, сол саяси содырлы сынның тасасында да таза әдебиетке қатысты сыни-ғылыми пікірлерінде маман ретінде білдіріп отырған бірден-бір әдебиетші. Оны кінәлау біздің міндетіміз емес, ол тарих еншісіндегі міндет.

Ғ.Тоғжанов – әдебиеттің келешегіне көз жіберіп, асқан жанашырлық танытып, мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген әдебиет мәселесіне қатысты барлық сын-мақалаларға, көркем шығармаларға, ғылыми еңбектерге дер кезінде пікір білдіріп, әдеби сынның қалыптасуына әдеуір үлес қосқан қаламгердің бірі.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдардың эстетикалық-сыншылық белестері жайлы сөз болған жерде міндетті түрде Ғ.Тоғжановтың есімі аталады. Өйткені, сол кезеңнің уақыт талабы сондай болды ма, әлде сын жанры міндетті түрде біреуді мінеу қажетті деп есептелінді ме, әйтеуір Ғ.Тоғжановтың мақалалары көбіне кемшілікке құрылды. Оның басты себебі, Т.Кәкішевтің айтуынша «совет әдебиеті» деген термин қалыптаспағандықтан, («пролетариат, кара шаруа әдебиеті, бұқарашыл, халықшыл, еңбекшілер әдебиеті, төңкерісшіл әдебиет» деген) осы атаулардың бәрі де түгелдей аталып, олардың мән-мағынасын әрқилы қисындармен дәлелдеген теориялар көп болды (Оңаша отау. Сын және сыншы деген тарауында 118-б). Қысқасы, Ғаббас пролетариат ақын-жазушысы деген атақ-дәрежені емкімге қимаған, бар ақын-жазушыны кара шаруа әдебиетінің өкілі деп білген. Тіпті, жаңа өмірге тез бейімделген Сәкеннің өзін: «...Сәкен – Сәбит, Бейімбеттерге қарағанда, қалаға жақын ақын. Қаланың аэропланына, экспресіне, автомобиліне Сәкен өзге ақындардан бұрын мінді, бұрын

---

<sup>1</sup> Жұлдыз журналы. 2003. 10 саны. 196-б.

жырлады. Бірақ бұларымен Сәкен пролетариат ақыны бола алған жоқ. Сәкеннің де түп қазығы ауылда жатыр<sup>1</sup>, - деп жазды бір мақаласында.

Әйтсе де ол өз замандастарының ішінде сынды өзінің негізгі кәсіби саласы деп санап, өз еңбектерімен қазақтың профессионал сын жанрын қалыптастырып, дамытуға, оның жанрлық, көркемдік жағынан өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосқан қаламгер.

Сол кездегі баспасөздегі әдеби айтыс-тартыстарда саясаттың сойылын соғып, төңкерісші табындағы белсенді сыншы болған Ғ.Тоғжанов «Советская степь» газетінің 1928 жылғы 12 сәуірдегі санында жарияланған «Против национализма, обывальщины и комчанства в казахской литературе и критике» деген мақаласы арқылы Ф.И.Голощекиннің «Октябрь төңкерісі Қазақстанды жанап өтті,бізге кішкене Октябрь қажет», Партия ұйымын большевиктендіруіміз керек, - дейтін аса қауіпті пікірлерін қуаттап, оның қазақ халқы үшін жемісті екендігіне шын ниетімен сеніп, дәлелдемек болады.

Ғаббас ол мақаласында Голошекин келгенше қазақ әдебиеті түгіл,бүкіл идеология саласында ұлтшылдыққа қарсы күрес жүргізілмегендігін, тіпті осы төңкерісшіл әдебиеттің табанды күрескерлері саналған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Байділдиндерден де саяси қате тауып, қазақ жазушыларын жолбикелерге жатқызып, талайдың жынын қоздырды. Міне, осындай орашолақ ойлары немесе тым белсенділігі үшін оны замандастары да тарих та жазалауы жарасымды сияқты. Тіпті бүкіл саналы ғұмырын осы жаңа үкіметтің жолында құрбан еткен С.Сейфуллиннің өзін пролетариат жазушы деп мойындамаймын дегені төңкерісші жазушылардың араздығын тудырып,бірлікті бұзды.

Міне, Ғ.Тоғжанов бастаған сыншылдық ой-пікір осылай саясаттың қол шоқпары болып, алашордашыл ақын-жазушылармен айтысы үдей түсті .

Оның мақаласына Ә.Байділдин «За марксистскую критику («Советская степь. 21.05.1928) мен С.Сейфуллин «Неонационализм и его наступление на идеологическом фронте деген мақаласы арқылы жауап берді.Екі автор да Ғ.Тоғжановтың қате әрі қауіпті пікірлерін сынай отырып, әдебиет-адам жанының сан алуан психологиялық құбылыстарын зерттейтін сала екендігін,оны өркендету үшін тек саясатпен шектеліп қалмай,сөз өнерінің өзіндік сипаты мен ерекшелігін мықтап ұстану керек деген пікірлерді ортаға салады.

---

<sup>1</sup> Сонда. 45-б.

Осы айтыс арқылы Ғаббастың теріс қисындарының беті ашылып, өзінің кім екендігін ашық байқатады. Ақыры, бұл айтыс Ташкентте шығартын «За партию деген журналда С.Сейфуллиннің «Неонационализм под красной маской» мақаласымен жалғасып, Ғ.Тоғжановтың «Ответ моим критикам деген жауабымен аяқталады.

Ғ.Тоғжановтың «Еңбекші Қазақ газетінің редакторы болып қызмет еткен кездерінде басқаның қолымен от көсеу, демократия жолы осы деп жөнсіз тиісу тәсілдері көптеп қолданылады. Ол жөніндегі көптеген тарихи құжаттар мен мәліметтер Т.Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы»<sup>1</sup> атты монографиялық еңбегінде жан-жақты айтылады. Сондықтан оны қайталап жатпай енді Ғ.Тоғжановтың қазақ әдеби сынына не қосты деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Кейін Ғ.Тоғжанов өзінің қатесін түзету мақсатында «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық туралы деген мақала жазып, бұрыннан айтып келген ой-пікірлерінен айнып шыға келеді.

Ғ.Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері»<sup>2</sup>, - деген еңбегі не туралы екені оның мазмұнын бір шолып шыққан-ақ белгілі болады. Сондықтан біз кітап мазмұнын толық келтіруді дұрыс санадық.

1. Екінші бірі акын бола ма? (Сәбит пен «Екеудің» қате пікірлері).

а) Қалай сынауымыз керек? (Әмина, Смағұл және Жәнімбет қателері).

2. Қандай әдебиет үстем болмақ, қандай әдебиетіміз бар. (Әмина, «Екеу», Қошкелердің теріс пікірлері, кейбір коммунист сыншылардың қателері)

3. Төңкерісшіл ақындарымыздың кемшіліктері

а) Түр кемшіліктері. Мысалдар: Жаңа талап, Жұмабай, Сәбит өлеңдерінен.

б) Пікір, мазмұн кемшіліктері: Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілияс. Жас жазушылар деп Асқар, Шұғаны атайды.

4. Жолбике жазушылар туралы. Әбдірахман, Смағұл, Бейімбет, Сәкен қателері. Жолбикелер кім? Кім жолбике бола алады?

5. Жүсіпбек қандай жазушы?

6. Байшыл жазушылар: Мұхтар, Мағжан, т.б туралы.

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, Санат.1994. 448-б.

<sup>2</sup> Тоғжанов Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. 1929. 182-б.

7. Әдебиет мұрасы, үйрену т.б туралы (VII әдебиет мұрасы, үлгі алу, үйрену т.б туралы.). (Сәкен, Сәбит т.б қателері. Кімнен үлгі аламыз, қалай үйренеміз? Орыс марксистдердің пікірлері).

8.Сөз аяғы.Әбдірахманға жауап.Кітап мақсаты.

Осы кітаптың Әдебиет мұрасы, үлгі алу деген тарауында 20 жылдары қазақ композиторларының сол кезеңге сай әндері туа қоймағандықтан ескі ән-күйлердің мақамдарын сақтай отырып,сөзін өзгерту, оған таптық мақсат беру керек деген сыңаржақ пікірге, жалған реформаторларға қарсы болып,былай дейді: «Бізде әлі де болса ескі ән мен ескі өлеңдердің айтылуы ақын-жазушылардың, әншілеріміздің жұртқа олардан артық жақсы өлең, әндерді тауып бере алмағандығынан деу керек. Халық аузындағы ескі өлеңдерді бұйрықпен жоюға болмайды, олардың орнына жұртқа түсінікті, қызықты жаңа әндерді шығарып берумен ғана жоюға болады.

Осы кітап жөнінде Ғ.Мүсірепов «Әдебиет айтысына деген («ЕҚ, 04.08.1929) мақаласында: «...пролетариат әдебиеті бар ма деп сұрақ қоюының өзі дұрыс емес. Егер Ғаббастың кітабын 29-жылы ұлтшылдардың бірі жазса,оған жарасып тұрар еді. Керек болса, ашықтан-ашық айтуға оның тілі де күрмелер еді, ұрлап айтар еді, - дейді. Бұл дәрекі социолог сыншылардың осыншама күш алуын көрсетер еді.

Қазақтың ұлттық театрының туу кезеңін және даму бағытын қорытындылаған еңбектің бірі – І.Жансүгіров пен Ғ.Тоғжановтың «Қазақтың театр өнері туралы 1933 жылы шығарған кітабы. Бұл еңбектің алғашқы тарауында драматургиялық шығармалардың мазмұны көбірек әңгімеленді. «Пьессаларымыздың көркемдік жағы», Театр ойнауының жалпы кемшіліктері деген тарауларында біраз толымды-толымсыз ойлар айтылса да, қазақтың театр өнрін профессионалдық арнамен өркендету жайы, ұйымдастыру шаралары орынды әңгіме болады.

1937 жылдың екінші жартысындағы сталиндік-голощекиндік індет /1931-1929/қазақ әдебиетінің шаңырағын құлатуға сәл-ақ қалды. Қазақ халқының қаймақтары, зиялылары, дарынды ақын-жазушылары осы жолы шөпке тиген қауғадй жанып кетті. Соның ішінде Ғ.Тоғжанов та болды. Бұлардың әдебиеттен аластатылуы мәдениетті, өнерді, әдебиетті дағдарысқа ұшыратты.

Ғ.Тоғжановтың «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы еңбегінде мынадай мәселелер қарастырылған.

1. Көркем әдебиетті,ақынды қалай ұғынамыз, қалай тексереміз?

2. Көркем әдебиет туралы марксистдер не дейді, Жүсіпбек не дейді?

3. Ақынның өзге жұрттан өзгешелігі не?

4. Мағжан февраль төңкерісіне дейін.

5. Мағжан февраль төңкерісінен кейін.

6. Мағжан Совет тұсында

7. Мағжанның әйелге көзқарасы

8. Мағжанның жақсысынан біз безбейміз.

Міне, осы тараушалардың аттары-ақ еңбекте нендей мәселелер қаралды,оның мән-маңызы қандай деген сауалдарға жауап береді. Әрине, барлық дүниеден тек кемшілікті көре білетін және олардан тек таптық көзқарасты іздейтін сыншының талдау, көркем дүниені тану дәрежесі өз деңгейінде ғана екені де елге аян.

Ғ.Тоғжановтың «Абай монографиясы (1935, қайда, қашан) қазақ сыны мен ғылымының жанр ретінде қалыптасуына көп көмегі тиді.

1937 жылдары Жазушылар одағының 1935-36 жылдардағы төрағасы,1936 жылдың шілдесінен Халық комиссарлары кеңесі жанындағы көркемөнер басқармасының бастығы Ғ.Тоғжанов Жазушылар одағының хатшысы Қадыр Қуанышевтар, Мәскеудегі Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақовтармен бірге ұсталып, түрмеге жабылған болатын.

1937 жылы 7 қыркүйекте Алматы қалалсындағы ақын-жазушылардың «Ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы деген тақырыпта жалпы жиналысы болды.Осы жиналыста баяндама жасаған М.Қаратаев: «әдебиеттегі ұлтшыл-фашист элементтер осы күнде көп жерден табылып жатыр. Қазақстан елінде де, әдебиет майданында да ұлтшыл фашистердің агенттері бар. Байділдин, Тоғжанов секілді адамдар әдебиетімізге зияндық жасады. Ол өзіне Жансүгіров, Тайшықов сияқты күшіктерін ертіп, әдебиетті бүлдірді. Жансүгіров Қоңыратбаев деген бұзылғанды алды.Біз олардың зиянкестік жаман істерін көрмедік, бәйғам болдық. Тоғжанов Қуанышевты хатшы қылып алып, жазушылар үйін тамақ қылды.Ола жазушыларды ірітпек болды, бір-біріне атыстырды. Сәкен он жыл отырамын десе отыр деді.36-жылдың ішінде Тоғжанов, Қуанышевтар газет-журналдарға есе бермеді...., деп қатты сынға алды. (Республиканың орталық архиві фонд, 1778, 43-іс, 23-24беттер). «..Біреуге ор қазба.өзің түсердің кері келіп, төңкерісшіл жазушылардан бастап қазақтың бір тума талантты ақын-жазушыларын да сыбай шетінен сынап, Голошекиннің қол шоқпары болған Ғ.Тоғжанов та ақыры сол солақай саясаттың құрбаны

болды. Алайда, ол өзінің оңды-солды пікірлерімен баспасөз бетіндегі әдеби айтыстарды қыздырып, талай тың да жаңа пікірлер айтуға мәжбүр болды. Ол айтыстар арқылы ақиқаттың ауылы жақындай түсті, қазақ әдебиетінің шаңырағына. Сол кемшіліктері де оның еңбектері қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орын алады.

«Әдебиет майданы» журналының Абай шығармашылығына арналған арнайы санында ...Әзімбай Лекеровтің «Абай және оның дәуірі, Әмина Мәметованың «Абай-кезеңнің дана ақыны, Ғаббас Тоғжановтың «Абайды әлі толық білгеніміз жоқ атты мақалаларыно ортақ желі-Абай заманы, оның сыр-сипаты. Сондықтан Абай заманын олардың әрқайсысы өз тарапынан талдап, әр қилы пікір айтады.

Ғ.Тоғжанов Абай шығармашылығын түсіну үшін оның заманын жыға білуіміз керек, айтпегенде қатеден көз аша алмаймыз. Менің байқауымша, «екі қате пікір бар» деп табады да, әрқайсысы жөнінде өз ойын айтады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында капитализм орнайды, бұдан бұрын үстем болып келген ру тұрмысының іргесі сөгіледі, ру ішіне жік түседі (38-б), - деген пікірдің тарихи шындыққа жанаспайтынына көптеген дәлелдер келтіреді. Ескі бай, жаңа бай деп екіге бөліп, оларды екі тап деу қате. Өйткені, қазақ байы бір-ақ тап-феодалдықтан буржуазиялыққа бет алған тап... Қазақ елінде феодализм мен капитализмнің күресі болған жоқ<sup>1</sup>, - деп ой түйеді.

Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту жөніндегі үкімет қаулысынан қанаттанған ғылыми ой-пікірлер одан кейін де жаңғыртылып 10-15, 1940 жылы 150-ге тарта мақала зерттеулер жазылды. Осы салада Ғ.Тоғжановтың 1935 жылы жазылған «Абай атты зерттеуі үлкен үлес қосты. Алайда, оны ғылыми эстетикалық еңбектен гөрі социологиялық арқауы басым монографиялық очерк деп атаған жөн. Өйткені, бұл еңбек алғашқы тәжірибе болса, екінші абайтанудың революцияға және революциядан кейінгі жан-күйіне шолу жасалып, көп мәселелер жайында автордың өз ой-пікірі айтылады. Абайдың заманы, оның туып-өскен ортасы, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге көзқарасы туралы автор көп тоқталады және бәріне де таптық тұрғыдан жауап іздейді, сөйтіп социологияға белшесінен батады<sup>2</sup>, - дейді Т.Кәкішев.

Ғаббас: «біздің көбіміз (бәріміз десек те өтірікші бола қойман) қазір универсалмыз. Көп білгендіктен универсал емеспіз, көп міндет

---

<sup>1</sup> Сонда. 93-б.

<sup>2</sup> Кәкішев Т. 439-б.

жүктелгендіктен, амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жұртшылық алдына түспей, білінбей қараңғы, тұйық жатқан мәселелр көп. Соларды ашқың келеді, түсінгің келеді» («Абай».10-б) деп уәж айтпақ болады. Сонда да әдеби талдау, эстетикалық көзқарастан гөрі социологиялық арнаға бейімекені байқалады.

Ғаббас осы еңбегінде «қандай ақын болса да таптан бөлектеніп кете алмайды, - дегенді айта келіп: «...Бірақ біз Абай тап ақыны дегеннен оны өзге қазаққа керегі жоқ ақын, не ұлт ақыны деген сөз шықпайды. Мұндай сөзді қыңыр-қияңқы, содырлы солшылдар ғана айтады. Абай тап ақыны болып отырса да, ол ұлт ақыны болды дейміз. Ұлт ішінде капиталдаса бастаған байдың жыршысы болып отырса да, оның өлендерінде қазақтың жалпы бұқарасын ілгері бастайтын сөздері, өсиеттері болды дейміз. Абайдың ұлт ақыны болуы оның тап ақыны екендігін бөгет болмайды, қайта толықтырады, анықтай түседі. Біздің Сәкен, Илияс, Бейімбеттеріміз де ұлт ақындары, бірақ сонымен бірге бұлар тап ақындары-қазақтың қалың бұқарасының пролетариат жыршылары, (82 б.) деп абай жөнінде ой түйеді.

Осы монографияның социологиялық негізде жазылған бөлімдерінен гөрі негізгі үш тарауына «Абайдың реализмі», Абайға орыс культурасының қандай әсері болды және «Абайдың ақындығы» деген тарауларында автор өзінің эстетикалық таным-білігін ғана емес, ғалымдық тұлғасын датанытады, көптеген творчестволық мәселелрдің бетін ашады, өзінің ой-пікірін жүйелей баяндайды.

«Абай реализмін» сөз еткенде Ғаббас «сыншыл реализм» деген терминді қолданбағанымен оның негізгі сын-сипатының негізгі айшықтарын атап, мәселенің ішіне еніп, тың бақылау, тың тыюлдаулар жасайды. Абайдың «Жұрт ақыны болып, халық қамын қайғырғаны, өзі көрген әлеуметінің кем-кетігін жамауға тырысқаны, жаманды түземек болғаны, кейінгі жасқа үлгі берем дегені, бар ақындығын осыған жұмсағаны – бұ, әрине, Абайдың өзінен бұрынғы қазақтың феодал ақындарынан анағұрлым артықтығы (55 б.) деп, өмір шындығын суреттеген туынды ғана ғұмырлы екендігін ескертеді автор. «Біз бүгін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз тұсындағы көргенін, өткір тілмен жасырмай, жасқанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз тұсының айнасы, көзі ашық үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз (55 б.) деп табады да, осы ойын «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды?» деген тарауында жалғастырып, дамытады.

«Ұлы ақынның жаңалығы неде?» деген сауал төңірегінде ой өрбітіп, өз ойын жүйелі түрде баяндайды.

«Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген зор жаңалығы-көркем сөзді, поэзияны өнер деп тануында дей келе: «Ескі көзқарарсқа Абай өзгеріс жасады. Абай өлеңнің үлкен өнер екенін білді. Ақындықты талантпен байланыстырды, екіншісі бірі ақын бола алмайтынын анықтады. Ақын болу қорлық, кемдік емес, үлкен өнер, өзгеден артық, жан байлығы деп ұғынды» (121 б.) деп Абайдың жаңа эстетикалық бағдарын айқындады.

Осындай ерен жаңалықпен қазақ әдебиетіне келген Абайдың екінші жаңалығы – «қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас болғаны (123 б.) атасы болғаны, 3-ші жаңалығы-орыс әдебиетінің өрісті үлгілерін алуы, «қазақ әдебиетіне жаңа пікір, жаңа өлең түрлерін кіргізуі, сөйтіп қазақ әдебиетін өнерлі елдің әдебиетімен жақындастыруы, байланыстыруы (24 б.), яғни профессионалдық әдебиет арнасын айқындауы, 4-ші жаңалығы-«жаңа әдебиеттің тіл байлығын үдесі білуі, қазақтың жабайы тілі Абайдың өлеңдері арқылы көркем әдеби тілге айналуы, (125 б.), 5-ші жаңалығы-«жаңа әдебиет түрлерін жасауы, (120 б.) – деп Абайдың қазақ сөз өнеріне алып келген жаңалықтарын, өлең құрылысын құбылтудағы, түрлендірудегі тың өрнектерін, қазақ поэзиясына поэтикалық қуатпен бірге парасаттылық, философиялық тереңдікті де алып келгендігін атап көрсетеді.

Алайда автор «Абай 16 өлең өрнегін жасады», – деп тапқанымен, олардың әрқайсысына жеке-жеке талдау жасамайды. Абай жаңалықтарының екі түрлі өзгешеліктерін былай атап көрсетеді: «бірі – Абайдың сөз ырғағы, дыбыс ұйқастығы, өлеңнің жалпы кестесі әнге өзі тартып тұрады, ән болып оқылады (131 б), екінші өзгешелігі – әнге арналмаған өлеңдері, өлең кестесі, сөз ырғағы, сөз қисыны мазмұнына бағынады. Абайдың мұндай өлеңдерінде терең ой, толғаулы, сабақты сөз кездеседі. Әндетіп, сыдыртып оқи алмайсың, көбіне талдап, саралап, тоқтап оқисың, (132 б) деп көп сыншылардың Абай өлеңінің кемістігі деп табатынын Ғаббас алғаш рет түсіне баяндады.

Абайдың «Сегіз аяғын» талдаған уақытта оған бауырлас түрлердің мән-мағынасын, өлеңдік кестесін атап көрсетеді. Ал Абай аллитерациясын әңгімелегенде тек дыбыс әрпіне емес, буынына назар аудару қажеттігін ескертеді де, Абай ақындығы таусылмайтын бұлақтай екенін түсіндіреді, жаңа түр жасаудың үлгі-өнегесін Абайдан үйрену керек деп ой түйеді.

Абай лирикасына тоқтаған уақытта оның «бір ұшы қазақтың ескі әдебиетінде, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Абай екеуін де қоса біледі. Абай лирикасында жеке адамның мұны мен әлеумет тілегі араласып жатады. Абай қарар басын сол көп

үшін, жұрт үшін жылатады, өлеңмен өлердегі сырын айтады. Абай сыры-жүрек, сезім, сананы түгел аралайды. Адамның ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан қарағанда терең сырлы, ішкі сырды қопаратын лирика қазақта Абайдан басталды деуге болады (136 б.) деген мәнді бақылаулар жасайды. Абай неге кесек поэма, үлкен шығармалар жазуға ден қоймаған деген мәселелерді көлденең тарта отырып, оған ойлы да дәлелді жауаптарды да айта алған, автор.

Ғ.Тоғжанов монографиялық еңбегін «Абай сықылды үлкен талантты ақынды қазақ еңбекшілері өткен өмірдің бізге тастап кеткен үлкен байлығы, асыл мұрасы деп бағалайды (142 б.), оны миллиондаған қалың бұқара оқып, білуге тиісті», – деген тұжырыммен аяқтайды.

«Абай» қазақ әдебиеті тарихындағы жеке шығармашылық тұлғаның өмірі мен өнері жайлы тұңғыш монография болуымен ғана емес, ондағы қайшылықты ой-пікірлер, түйіндерімен де құнды. Ақиқатында бұл зерттеу Абайды ғылыми жолмен танудың белесті бір шығармасы болды. Ғ.Тоғжановтың ұлы Абайды ұлт ақыны деп тануы мен жалпы оқырманға танытуы келешектегі көп ізденістер мен зерттеулерге бағыт берді.

«Абай мұрасын тұрпайы социологиялық таным тұрғысынан қараған топтың көрнекті өкілі Ғ.Тоғжанов (оның пікірлестері Ілияс Қабылов, Ыдырыс Мұстамбаев, Әзімбай Лекеров, С.Аспандияров, Әмина Мәметова т.б.) тың бұл монографиясы: Абай мұрасының елеулі жақтарын зерттеу объектісіне алып, кейбір архив мағлұматтарына сүйенгенімен, бұл кітап бастан-аяқ тұрпайы социологиялық рухтың негізінде жазылғандықтан Абай мұрасын теріс танып бағалайтын бір кездерде үстем болған жалған танымның көрінісі болып қала беретін еңбек»<sup>1</sup>, – дейді абайтанушы М.Мырзахметұлы.

Қай кезде де уақыт – қатал сыншы, ол өз кезегінде бағасын береді. Дегенмен бүгінгі егемендік алған рухани еркіндікке ие болған кезеңде кешегі көптің назарынан таса болып келген тарихымыздың шынайы беттерін ашып, осы кезге дейін біржақты бағаланып келген тұлғаларымыздың халық үшін еткен еңбектерін уақыт таразысына салып, салмақтап, саралап, көрсек, талай ақиқаттың ашылары хақ. Тарихтың толқынында жалғыз емес, топпен бірге кеткен қайраткердің бірі – Ғаббас Тоғжановтың қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш кәсіби маман екендігін, оның да озық ойлы, танымды талдаулары бар ғылыми, әдеби-көркем сын зерттеулері бар екендігін бүгін айтпасақ,

---

<sup>1</sup> Мырзахметұлы М. Абайтану тарихы. Алматы, Ана тілі. 1994. 97-б.

қашан айтпақпыз. Оның әлі күнге дейін жарық көрмеген, зерттелмеген ғылыми еңбектері Ғ.Тоғжановтың кәсіби сыншы, білгір әдебиетші екендігін келешекте дәлелдері хақ. Біз қолда бармен малдануға мәжбүр болдық.

### **Сурақтар мен тапсырмалар:**

1. Ғ.Тоғжанов кім? Т.Кәкішев, Т.Бейісқұлов, Ж.Смағұлов еңбектеріндегі пікірлерге шолу ретінде крнспекті жасау.
2. Ақтаңдақтар арқылы ашылған тарихи шындықтарға бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға беру.

## **Т.ШОНАНҰЛЫ – ӘДІСКЕР, ӘДЕБИЕТШІ, ҒАЛЫМ**

Жоспары:

1. Т.Шонанұлы –әдебиетші, әдіскер, ғалым.
2. А.Байтұрсынұлының шығармашылығы жайлы жазылған мақаласының құндылығы.

**Өмірбаяны:** Көрнекті ғалым-әдіскер, қоғам қайраткері, Телжан Шонанұлы 1894 жылы 17 желтоқсанда Торғай облысы, Ырғыз оязы, Аманкөл болысы, 4-ауылда (Қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ұ.Құлымбетов атындағы кеңшар, Аманкөл ауылы) дүниеге келген.

Ол 1908-1932 ж. Ырғыздағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде, Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер институтында білім алады.

Ол 1935 жылы 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл Фараби атындағы) ашылған күннен бастап, сонда қазақ тілінен доцент болып жұмыс істейді.

Т.Шонанұлы заңсыздық құрбаны болып, Алматыда 1938 жылы 27 ақпанда ату жазасына бұйырылды.

**Еңбектері:** А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» сияқты еңбектерінің жалғасы ретінде жазылған «Жаңалыққа жетекші», «Диаграмма – графиктер қандай болады» деген методикалық еңбектері. Және ол өзі «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқудың әдісі» т.б. тәрізді тәрбиелік мәні зор мақалалар жазған. 1935 жылы көрнекті әдіскер Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаевпен бірлесіп ол «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі атты көлемді еңбегін жарыққа шығарды. Сын жанрындағы «Абай кітабын бастыру керек», «Ахмет Байтұрсынұлы оқу-ағарту және әдебиет саласында», «Сәкеннің тілі

туралы», «Өлең өнері» т.б. және әр түрлі тақырыптарды қамтитын зерттеу еңбектерін, сонымен бірге кезінде «Ақжол», «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріндегі, «Қызыл Қазақстан», «Литературный Казахстан», «Жаңа мектеп» журналдарындағы тағы да басқа мерзімдік басылымдардағы материалдар.

Т.Шонанұлының кітаптары кезінде мындаған таралыммен шығып, бүкіл қазақ арасына, алыстағы ауылдарға тараған және 1922-1937 жылдар аралығында олар халық сұранысына сай қайта-қайта жанартылып жарық көріп тұрды. Т.Шонанұлы, негізінен, оқулықтарды бастауыш сыныптарға, жаңа сауаттанып жүрген ересектерге және 1923 жылдан кейінгі қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқи бастаған басқа ұлт өкілдеріне арнап жазды. Ол бастауыш сынып педагогикасы мен әдістемесін қатар меңгерген тәжірибелі маман еді. Оған қоса емле, тіл дамыту, хрестоматия, қазақ тілін оқыту методикасы сияқты әр түрлі салаларды тең қамтыған әдіскер. Олай болса, Т.Шонанұлын қазақ бастауыш мектебінің практикалық негізін қаласқан тәлімгер ұстаз деуімізге әбден болады.

Т.Шонанұлы педагогика, тіл білімі саласында өзіне ұстаз тұтып, әркез қатарлас болған Ахмет Байтұрсынұлымен бірлесіп, 1926 жылы мектеп оқушыларына арналған 412 беттік «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырған. 1927 жылы ҚазПИдің доценті Молдағали Жолдыбаевпен бірге «Жаңа арна» оқулығын шығарған.

Ал, Т.Шонанұлының қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы әрі көлемді зерттеуі – өзінің ұстазы, теориялық ғалым А.Байтұрсынұлының туғанына 50 жыл толу мерейтойына арнап жазған «Ахмет Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы» деген орыс тіліндегі мақаласы. А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласындағы қыруар еңбегін арнайы зерттеп, жан-жақты талдаған баяндама ХХ ғасыр басындағы ана тіліміздің ахуалы, тіл тазалығы, қазақ сөз өнерінің көкейкесті мәселелері туралы толғақты ойлар айтылды.

Ана тілінің қамқоршысы, жанашыры болған Т.Шонанұлының: «Ғалымдардың салиқалы байыптауынша, тіл мәдени дамуымен халықты сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып саналады. Тіл білімі болмаса халық, біріншіден, өзінің ұлттық бейнесін жоғалтуға, екіншіден, мәдени құлдырауға ұшырайды, – деген мағынасы терең сөздері оның ұстанған принципін ғана емес, бүкіл өмірінің рухани өзегі болғандығын дәлелдейді. Т.Шонанұлының бірде шет тілдерден енген бөгде сөздерден тілдің шұбарланғанын мәлім етіп, бірде жазуы дүлдәмәл сөздерді реттеуді, жастардың тілді дұрыс колданбауы т.б.

сияқты толғақты мәселелерді сөз етуі де тілге деген жанашырлығын танытады. Сондай-ақ, ол араб жазуынан латын жазуына көшу науқанының да басы-қасында жүрді. Жаңа әліпбидің қазақстандық комитетінің мүшесі болды, жаңа алфавиттің Бүкілодақтық комитетінің ІҮ-пленумында комитет мүшесі ретінде хабарлама жасады. Сол пленумда Т.Шонанұлы професорлар Қ.Жұбанов, С.Аспендияровпен бірге, академик А.Смаиловичтің ұсынысы бойынша мүшелікке сайланды. Ол Ораз Жандосовпен бірігіп, барлық латын комитеттері мен латыншыларға арнап ашық хат жариялады. Ғалым сондай-ақ, күнделікті баспасөз бетінде туыстас түркі халықтарының емле жаңалықтарымен оқушыларды үнемі таныстырып отырды «Татар жаңа емлесі, «Ұйғыр емле конференциясының қорытындысы, «Орта Азияда латын әліппесі, «Түрікте жаңа әліппе» сияқты мақалалары сол кезде жарияланған).

Т.Шонанұлының қазақ әдебиеті саласындағы еңбектері де әртүрлі тақырыптар мен жанрларды қамтитын сан қырлылығымен ерекшеленеді. Оны мақалалардың атынан-ақ байқауға болады: «Сәкеннің тілі», «Халық ауыз әдебиеті», «Евгений Онегиннің аудармасы» тағы басқа да сын-мақалалары. Телжанның әдебиеттің әр алуан жанрлары, ондағы шығармалардың әдеби тілі, сөз қолданыстары сынды толғақты мәселелер төңірегіндегі мақалалары, сыни ой-пікірлері кезінде мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып қана қоймай, ауыз әдебиетін, басқа әдеби шығармаларды әр түрлі оқулықтар мен хрестоматияларға көркем мәтін енгізу үшін де қажет болды.

1923 жылы жазылған «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты еңбек ұлы тұлға шығармашылығының алуан қырларын ашып көрсетуге арналған. Автор оның қайраткерлік, ұстаздық іргелі еңбектерімен қатар, поэзиясына үлкен баға бере отырып: «Ахметтің шығармаларының, музыкасының негізгі мәні – құр ой-қиялдан емес, қоғамның құрылысына, патша өкіметі құрылымына деген көңіл толмаушылықтан туған тебіреністер. Жарқын болашаққа, білімге, жарық өмірге құштарлыққа толы жігерлі толғаныстар. Ол халыққа қызмет етуден кеткен жаңсақтық пен қастандықты танып ашудан, оны түзетуде әшкерелеушілікті мақсат еткен ақын шығармашылығының сыншылдық, жол ашушылық сипаты күшті», – деп ақындық тұлғасын да дәл танып көрсетеді.

Қайраткер қаламгердің Бейімбеттің «От басында» атты өлеңі туралы жазылған мақаласын 1920-жылдардағы салмақты сын еңбектердің қатарына қосуға болады.

Жекеленген ақын-жазушылардың шығармашылығымен бірге Т.Шонанұлы аударма мәселесін де арнайы көңіл бөліп, «Көркем аударма туралы» және «Пушкин шығармаларының аудармасы туралы» сынды мақалалар жазып, оларды «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған. Алғашқы мақаласында аударма жанрының бірнеше зәру жайттарын саралайды. Мәселен, тәржіманың түпнұсқасы мен сәйкестігі, дәлдігі, әр тіл табиғатының ескерілмеуі, тым әдеміленуі, шеттен тыс безендірілуі, мағынаның, стильдің, шығарма құрылысының бұзылуы т.б. Мақалада діни қиссалардың, кітаптардың аударылуы, сондай-ақ орыс әдебиеті өкілдері Крылов, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Тургенов, Некрасов, Чехов, Горкий туындыларының ана тілімізге аударылу жайы мен ерекшеліктері туралы кеңінен айтылған.

Келесі мақала А.С.Пушкин шығармаларының қазақ әдебиетіне аударылу жолдарына арналған. Автор орыс ақыны шығармаларының қазақ әдебиетіне аударылу дәстүрінің басында Абай тұрғанын айта келіп былай дейді: «Абай аудармаларында ерекше бір жаңалық сезіледі. Ол жаңалық Абайдан бұрынғы аудармаларымыз тарихында болған жоқ-ты. Жаңалық дегеніміз – Пушкиннің өз ырғағын қазақ поэзиясында бұрын болмаған, түрді сақтап аударуы. Абайдың бұл бағыты әсіресе Татьяна мен Онегин хаттарынан көрініп тұр. Біздің ойымызша Татьянаның алғашқы хаты, Онегиннің соңғы хаты, Татьянаның соңғы сөзі, «Евгений Онегин» операсындағы әндерге келіп қалады. Поэзиялық шығармаларды аудару барысында түпнұсқадағы мазмұнның сақталуымен бірге, оны аударғанда өлең сөздің ырғақтық-саздық пішінінің сақталуына да көңіл бөлінеді. Себебі, прозадағыдай емес, поэзиялық туындыны басқа тілге тәржімалауда аталған заңдылық есепке алынбаса, онда шығарма түпнұсқасының дұрыс, дәл берілуіне нұқсан келеді. Т.Шонанұлы Абайдың аудармашылық шеберлігіндегі осындай мәнді мәселені танып, Абай дарынының осы қырына ерекше көңіл бөлген. Сондай-ақ, Абай аудармасының әуезділігін ерекше бөліп атауда – Пушкин романына жазылған операны да еске алып, қазақ ақыны тілінің саздылығына мән берген. Сыни еңбекте Шәкәрімнің «Дубровскийді» аударғаны және оның мазмұндық, әсіресе, пішіндік тұрғыдан еркін аударылғанын атап өтеді.

Телжанның көркем аудармаға арналған екі мақаласы тәржіме табиғатының ерекше қырларын аңғартумен де бағалы. Жалпы бұл мақалалар қаламгердің сыни еңбектерінің ішінде әдеби талдаудың тереңдігімен, эстетикалық ойдың өткірлігімен ерекшеленеді.

Сөйгіп, Телжан аудармашыларға талап қоя білді және аудармаға байланысты салықалы пікір айтып, талдау жұмыстарын жасай отырып, тағы да білімді де білікті әдебиетші екендігін дәлелдей түсті.

Телжан аудармашы ретінде де көрнекті жұмыстар атқарды. Ол А.Богдановтың «Курс политэкономии» деген кітабын 1924 жылы қазақша шығарып, оқушыларға пән терминін түсіндіру мақсатында аударымға тұңғыш орысша-қазақша сөздігін қоса берді. Бұдан басқа Н.Крупскаяның «Ауыл арасындағы сыни-ағарту жұмыс» (1925), Каминскийдің «Ауылдағы кооперация туралы» (1924), «Маркстіл тіл білімінің негіздері» (1933) сияқты әр жанрдағы кітаптарды аударып, Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» (1934) жинағына енген ұйғыршадан орысшаға тәржімалаған екен.

Т.Шонанұлының география пәніне кітап, оны оқыту туралы әдістемелік мақала жазып, өлкетану жұмысын ұйымдастыруға да араласып, Қазақстандағы зерттеу қоғамының мүшесі болғанын, энциклопедист-ғалым атанғанын да айту керек.

Т.Шонанұлының тағы бір жаңа қыры – оның тарихшылдылығы. Оған куә – Телжан Шонанұлының 1923 жылы жазылып, 1926 жылы Қызылордада 3 мың таралыммен шыққан «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты 224 бет араб әрпімен жазылған еңбегі.

Т.Шонанұлының өзіне тән өткір теңеулерге толы бай тілі, сонымен қатар тарихи деректерге талдау жасаудағы методологиялық шеберлігін оның еңбектерінен жақсы танылады. Мәселен, «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген ұстаз А.Байтұрсыновтың өмірлік тұғырнамасын өзіне де өнеге тұтқан Т.Шонанұлы халықтың бай сөз өнерін, оның мол әдеби мұрасын этнопсихология мен этнопедагогикаға кеңінен пайдаланып отырған.

Осы ретте 1927 жылы Қызылорда ҚССР-інің мемлекеттік баспанасынан жарық көрген (5000 дана, 26 баспа табақ) ұстаз Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп жазған «Оқу құралы» үлгі бола алмақ.

Оқулықтың тілі соншалық қарапайым, бала ұғымына лайық жазылғанымен ғылыми мәліметтері де мол. Бұл еңбектің құндылығы сонда, әр ғылым саласындағы әлемдік ақпараттар таза қазақи танымға тән түсінікпен берілген. Мұнда география, зоология, биология, тарих, психология т.б. ғылым салалары бойынша жан-жақты мәліметтер ұлттық сөз өнерінің үлгілерімен мүсінделіп, халық тұрмыс-тіршілігіндегі мысалдармен нақтылана отырып, әлеуметтік, экономикалық, танымдық әңгімелер арқылы айшықталған. Жинақтап айтар болсақ, қазақ тарихы, әдебиеті мен қазақ тілі мен география, шаруа-кәсіп, жаратылыстану т.б. ғылым салалары бойынша сан алуан

мағлұматтар беретін хрестоматиялық еңбек «Әдебиет, тұрмыс, еңбек», «Ғылым», «Дүние» деген үш бөлімнен тұрады. Әдістемелік тәсілі мен тілі ұлттық дүниетанымға лайықталып жазылған еңбек ғылымының сан саласы бойынша мол мағлұматтар береді.

Кешегі Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасын» (1922) алсаңыз да, Халел Досмұхамедовтің «Қазақ тілінің сингармонизм заңын» (1924) алсаңыз да, Жүсіпбек Аймауытовтың «Психологиясын» (1926) алсаңыз да бәрі-бәрі ұлттық педагогикадан бастау алып жатқанын көресіз, олардың бәрі де мысалды да, оқулықтың әдістемесін де ұлттық тәрбиеге әкеліп тіреп, содан өрбітіп отырады.

«Ел болам десең бесігіңді түзе» деген М.Өуезовтің сөзіне сүйенер болсақ, жоғарыда аталған оқулықтармен қоса Т.Шонанұлының да «Оқу құралын» мектеп бағдарламасына енгізсе нұр үстіне нұр болар еді.

Т.Шонанұлының осы кезге дейін белгісіз болып келген әлі де қаншама еңбектері бар, біз оның тек әдістемелік және әдебиеттанушылық қырын ғана шолып отырмыз. Оның өзінде әдіскер ғалымның толық шығармалар жинағы немесе әдістемелік еңбектері жүйеленіп жарық көрген жоқ. Әзірге оқырманның қолында бары әр жерде үздік-үздік жарияланып жүрген мақалалары ғана. Сондықтан Т.Шонанұлын тану – тарихымызды тану деген сөз. Ол келешектің шаруасы.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Т.Шонанұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы толық мәлімет беретін еңбектерге шолу жасау.

2. А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерей тойына арнап жазған еңбегін оқып,талдау.

3. А.Байтұрсынұлымен бірігіп жазған «Оқу құралының » бүгінгі ұрпаққа да қажетті еңбек екендігін ескере отырып, оның маңызы мен мәні туралы курстық жұмыс жазу.

### **Оқу-әдістемелік кешен**

Оқу бағдарламасында «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеттануы» пәнінің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттері көрсетілген.

Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең болған XX ғасырдың басындағы әдеби процесс, кенестік саясат кезінде репрессияға ұшыраған ұлы тұлғалардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары, олардың ұлттық сөз өнеріне қосқан орасан зор үлестері тек тәуелсіздік алған соңғы жиырма жыл бедерінде ғана қолға алынып, тереңдетіле зерттеле бастады. Қазақ әдебиетінің сол кезеңдердегі даму заңдылықтары мен көркемдік құндылықтары осы пән бойынша студенттерге жан-жақты оқытып, таныстыру міндеті тұр.

### **ТИПТІК БАҒДАРЛАМА АЛҒЫ СӨЗ**

Қазақ әдебиетінің даму тарихындағы «алтын ғасыр» атанған бұл кезең әдебиеті жоғарыда аталған пән аясында студент-жастарға өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы ең бір қайшылықты, күрделі дәуірдің әдеби процесінен жан-жақты мәлімет береді. Кезінде қытымыр саясаттың кесірінен еріксіз ел назарынан алынып тасталып, өздері мен қоса шығармалары да саяси репрессияға ұшыраған ұлт зиялыларының әдеби мұралары қайта қаралып, жаңаша жазыла бастады. Еліміздің егемендікке ие болуы қазақ әдебиетін түбірінен түбегейлі өзгерістерге ұшыратып, өз ұлтымызға тиесілі мәдени, тарихи құндылықтарымызды қайтаруға қол жеткіздірді. Әдетте қазақ әдебиетінің тарихын да, оның дәуірлеуін де ұлттық тарихымыздың даму кезеңдері анықтары ақиқат. Қазіргі ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымызды түгендеп, оларды қайта ой елегінен өткізіп, рухани жаңғыруға бет алған тәуелсіздік кезеңі дәуірінде біз тамырымызға тереңдей ене бастадық. Әдебиетімізді дәуірлеу мәселесі қайта қаралды. Осы кезеңге дейін қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мектебін қалыптастыруға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың

жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізген бір топ ғалымдар Мырзатай Жолдасбеков (Орхон-Енисей жазулары), Мұхтар Мағауин (ХҮ ғасырдағы жыраулар поэзиясы), Алма Қыраубаева, Немат Келімбетовтер (ежелгі дәуір әдебиеті) қазақ әдебиеті тарихын көне дәуірден бастағаны белгілі. Жалпы түркі халықтарына ортақ мұраларда қазақтың сөз өнерінің төркіні, түп-тамыры жатқандығы бүгінде ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, арнайы зерттеу, монографиялар жазылып, солардың теориялық тұжырымдарының нәтижесінде оқулықтар жазылды. Сондай әдебиетіміздің соны беттерінің бірі – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Ақтандақтар арқылы әдеби айналымға түскен Алаш әдебиеті. Сондықтан да болар бүгінгі таңда өркендеп келе жатқан ұлттық әдебиеттану пәнінің өзекті мәселелерін, әсіресе бұрыннан қалыптасқан рухани құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта жазу қажеттілігі туып, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, болашақ әдебиетші мамандарға осы ақтандақ кезеңдегі жаңа әдебиет туралы толық тарихи, ғылыми мәліметтер беру үшін сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайын кеңірек әңгіме ететін мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалаларға, әдеби айтыстарға көбірек көңіл аударып, уақыт тынысын тап басып аңғаруға талпыныс жасалды, бұл оқу құралында.

Қазақ әдебиеті тарихында тақырыптық, идеялық, жанрлық, көркемдік жағынан ерекше көзге түскен кезең ретінде жоғары бағаланатын XX ғасыр басындағы әдеби процесс арнайы зерттеуге зәру екендігі аян. Әдебиеттің барлық жанрларында жаңашыл сипаттағы тың тынысты шығармаларды өмірге әкелген және аса талантты тарихи тұлғаларды халыққа таныстырған «алтын ғасыр» әдебиеті «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы» атты арнаулы оқу құралында жан-жақты қарастырылады.

Бағдарлама негізінде ұсынылып отырған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» және «Әдебиет теориясы» атты пәндердің құрамдас бір бөлігі болып табылатын аталған оқу құралы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған.

Бағдарлама бойынша өтілетін теориялық курс ауқымында өтілетін бұл еңбекте XX ғасыр басындағы әдеби процеске, сол кезеңдегі әдебиеттің даму ерекшеліктеріне, белгілі сөз зергерлерінің шығармаларына теориялық талдау жасалады. Алаш қайраткерлері қалыптастырған жаңа әдебиеттің сол кезеңдегі жай-күйі мен өркендеу жолы, даму заңдылықтары жан-жақты қарастырылады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шынайы рухы, ұлт азаттығы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы өзекті мәселелері патшалық Ресейдің отаршылдығы тұсында да, кеңестік саясат кезінде де ашылмай, айтылмай келген еді. Ұлттық әдебиеттің ұлы тұлғалары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Смағұл Сәдуақасұлының әдебиетке қатысты туындылары арнайы қарастырылып, теориялық тұрғыдан жанаша көзқарас бойынша сарапталады. Тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны дұрыс бағаланбай жүрген өзге де бірқатар қалам қайраткерлерінің шығармалары әдеби құндылық тұрғысынан қарастырылып, талданады.

Ұсынылып отырған жаңа бағдарламада бұл пәннің философия, тарих, психология, педагогика сияқты гуманитарлық ғылымдармен байланысына назар аударды.

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ КІРІСПЕ

XX ғасыр басындағы әдеби процесс, әдебиеттегі көркем бағыттар мен әдістер, сол кездегі сөз өнерінің ірі өкілдерінің шығармашылығы ұлттық әдебиеттану ғылымының басты зерттеу нысаны және пәні ретінде.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ө.Бөкейханов, М.Жұмабаев т.б. шығармаларын талдау негізінде жүзеге асырылды. Алаш әдебиеттануының өзекті мәселелері. Мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби айтыстар. Ондағы көтеріліген мәселелердің шығармашылық тұлғалардың тағдырына әсері.

Қазақ әдебиеттануының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында алатын орны, өзге ғылым салаларымен байланысы осы оқу құралында басты зерттеу нысанасына алынған.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы» атты оқу құралын пайдалану барысында студенттерге сол кезеңдегі тұтас әдеби процесс, ондағы түрлі әдеби ағымдар мен көркемдік бағыттар, көркем әдебиеттің әр түрлі мәселелері төңірегіндегі дұрыс және қайшы пікірлер, түрлі пайымдаулар төңірегіндегі талдаулар ұсынылады, сондай-ақ XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербеген осынау күрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың әдеби-сын мақалалары мен

ғылыми зерттеулері, жалпы әдеби мұралары жөнінде кеңінен мағлұматтар беріледі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып дамуына дәнекер болған іргелі ғылыми еңбектердің авторы, әдебиет теориясының басты терминдері мен түсініктерін ең алғаш анықтап берген А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбегі талданып, сөз өнерінің барлық тектері мен жанрлық түрлері, олардың анықтамалары мен әдеби түсініктері, көркемдік категориялары, пән сөздері, қазақша баламалары осы еңбекте қарастырылғандығы камтылады.

Белгілі қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтың еңбектерінде халық мұраларын әдебиеттанудың негізгі бір саласы ретінде жинау, жүйелеу жұмыстарын басты міндет етіп қойғандығын, әдеби процестің өз заңдылығын ескере отырып, фольклордың да, авторлық әдебиеттің де нәтижесін елдің рухани игілігіне айналдыруды мұрат тұтқандығы туралы барынша қарастырылады.

XX ғасыр басындағы талантты қаламгер, әдебиетші ғалым, қоғам қайраткері Ж.Аймауытовтың оқу-ағарту, ел мен жер, ұлт пен ұрпақ келешегін көкसेген қоғамдық-саяси және мәдени-әдеби өмірдегі ең көкейкесті, зәру мәселелер баспасөз беттерінде жарияланған зерттеу еңбектері зерделенеді. Сондай-ақ, XX ғасырдың 20-30 аралығындағы әдеби процеске белсене ат салысқан атақты ақын М.Жұмабаевтың әдеби мұралардың жанрлық түрлері, стильдік ерекшеліктері, жеке ақындардың шығармашылық зертханасы, тілдік қолданыстары, қаламгерлік қасиеттері, әдеби тілдің тазалығы сияқты әдебиеттану ғылымының күрделі мәселелерін қарастырған зерттеу еңбектері талданады.

С.Сәдуақасұлы мен Х.Досмұхамедұлының әдебиеттануға, жалпы әдебиет, руханият мәселелеріне арналған мақалалары мен зерттеулері де назардан тыс қалмады. Көркем сөз өнерінің қадір-қасиетін, оған қойылар көркемдік шарттарды шығармашылық тұлға ретінде эстетикалық талғам тұрғысынан тани білетін С.Сейфуллиннің әдеби-зерттеушілік еңбектері жаңаша көзқараспен сараланады.

Қазақ әдебиетінің тарихына, оның теориялық мәселелеріне өз кезеңіндегі әрбір көркемдік бағыттар мен құбылыстарға жете назар аударушы М.О.Әуезовтің 20-30 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасып дамуына негіз болған еңбектері кеңінен қарастырылады.

Оқу құралын пайдалану барысында әдебиет теориясы, әдебиеттануға кіріспе, мәдениеттану, эстетика, психология пәндеріне,

сондай-ақ баспа және баспасөз ісі мәселелеріне қатысты деректерді молынан пайдаланып отыру қажеттігі ескерілуге тиіс.

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы» атты оқу құралы «050117-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2004 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес жасалды.

### СИЛЛАБУС

1. Оқытылатын пән

Пәннің атауы – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы.

Кредит саны – 1.

2. Оқу жоспарынан көшірме

Курс	Семестр	Кредит	Дәріс	СӨӨЖ	СӨЖ	Барлығы	Бақылау түрі
3	5	1	15	15	15	45	Емтихан

**3.Пререквизит:** XX ғасыр әдебиеті, XIX ғасыр әдебиеті, Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы т.б. арнайы әдебиет пәндері.

**4.Постреквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазіргі дәуір әдебиеті, Әдеби процесс, Қазақ әдебиеті сынының тарихы, Мәдениеттану, Психология т.б. пәндер.

#### **Курстың қысқаша сипаттамасы**

#### **Курстың мақсаты:**

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының қазақ сөз өнері, оның ішінде әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми-теориялық ой-пікірлерін, кәсіби көркем сынды дамытудағы сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қайта зерделеп, жаңаша пайымдай отырып оқыту. Алаш зиялылары қалыптастырған жаңа әдебиеттің сол кездегі жай-күйі мен даму заңдылықтарын жан-жақты қарастыру.

#### **Курстың міндеттері:**

-Алаш қайраткерлерінің зерттеу еңбектерінің маңыздылығын, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуына қосқан үлесін айқындау;

-Ұлт зиялыларының ғылыми-публицистикалық еңбектерінің ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді танып-білудегі, ұлттық сананы оятудағы құндылығын зерделеу;

- ХХ ғасырдың басындағы жаңа әдебиет туралы тың тарихи, ғылыми мәліметтерді меңгерту;

- ХХ ғасырдың басындағы әдеби айналымға түскен Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылық қызметін кеңінен қарастыру;

- ХХ ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалалар, әдеби айтыстармен таныстыру;

### **Оқу бағдарламасында студенттер игеретін білімдер:**

- Студенттер Алаш зиялыларының әдебиетке қатысты зерттеу еңбектерін оқи отырып, жаңа әдебиеттің сол уақыттағы бағыт-бағдарынан мол мағлұмат алады;

- ХХ ғасыр басындағы ұлт әдебиеті өкілдерінің шығармашылық өмірімен жан-жақты таныса отырып, мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби айтыстардың салмағын өздігінен бағалай білуге машықтанады;

- ХХ ғасыр басындағы әдеби процесс, яғни көркем әдебиеттің әр түрлі мәселелері төңірегіндегі дұрыс және бұрыс пікірлер, тұжырымдар мен пайымдаулардың талдамасын меңгере отырып, көркем шығармаға деген таным-талғамын қалыптастырады;

- ұлттық әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін меңгереді.

### Курстың тақырыптық жоспары

Р/с	Тақырыптардың атауы	Сабақтың түрлеріне қарай сағаттың бөлінуі				
		Лекция	Тәжір.сабақ	Лаб.сабақ	СӨЖ	СӨЖ
1.	Кіріспе. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының қарастыратын мәселелері	1			1	1
2.	XX ғасыр басындағы әдеби процесс	1			1	1
3.	А.Байтұрсынұлы және бүгінгі ұлттық әдебиеттану	1			1	1
4.	«Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теориялық еңбек					
5.	Ө.Бөкейхановтың әдеби-эстетикалық көзқарастары	1			1	1
6.	Ж.Аймауытов – әдебиеттанушы	1			1	1
7.	М.Жұмабаевтың әдеби-философиялық ұстанымдары	1			1	1
8.	С.Сәдуақасұлы – руханият жанашыры	1			1	1
9.	Х. Досмұхамедұлы – әдебиет зерттеушісі	1			1	1
10.	С.Сейфуллиннің сыншылдық-эстетикалық ізденістері	1			1	1
11.	М.Әуезов зерттеулеріндегі адамтану мәселелері	1			1	1
12.	Б.Кенжебаев еңбектеріндегі әдебиетті дәуірлеу мәселелері	1			1	1
13.	Ғ.Тоғжанов –кәсіби сыншы,	1			1	1

	әдебиетші					
14.	Т.Шонанұлы – әдіскер, әдебиеттанушы, ғалым	1			1	1
15.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттанушының қазіргі әдебиеттану ғылымындағы орны	1			1	1
	<b>Барлығы:</b>	<b>15</b>			<b>15</b>	<b>15</b>

**Пән бойынша берілетін жұмыстар мен олардың орындалуы туралы кесте**

р /с	Сабак кестесі	СӨЖ-ге арналған тапсырмалар	Ұсынылатын әдебиеттер	Бақылау түрі	Тапсыру Мерзімі	Ұпай саны
1.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану мәселелері	Ауызша сұраққа дайындалу	1, 10	Ағымдық	1 апта	
2.	XX ғасыр басындағы әдеби бағыттар	Реферат	18-20,	Ағымдық	2 апта	
3.	А.Байтұрсынұлы-әдебиеттанушы	Әдеби-сын мақалаларды талдау	1, 2, 3	Үй жұмысы	3 апта	
4.	«Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теориялық еңбек	Әдеби-теориялық талдау	1, 20	Ағымдық	4 апта	
5.	Ә.Бөкейхановтың әдеби-сын мақалалары	Ауызша сұраққа дайындалу	4, 20	Ағымдық	5 апта	
6.	Ж.Аймауытов – қазақ әдебиеті сынын қалыптастырушылардың бірі	Сұрақ-жауап	5, 8, 16	Үй жұмысы	6 апта	

7.	М.Жұмбаевтың әдебиеттануға арналған зерттеу еңбектері	Жазушы шығармаларына шолу жасау	6, 20, 7	Ағымдық	7 апта	
8.	С.Сәдуақасұлы және әдебиеттану	Ауызша сұраққа дайындалу	7, 8, 20	Аралық	8 апта	
9.	Х.Досмұхамедұлы – фольклортанушы	Сұрақ-жауап	9, 18-20	Аралық	9 апта	
10.	С.Сейфуллин және әдеби айтыс	Әдеби-сын мақалаларын талдау	10, 11, 20, 2	Аралық	10 апта	
11.	М.Әуезовтің ғылыми зерттеу еңбектері	Сұрақ-жауап	12, 12, 4, 13-15	Үй жұмысы	11 апта	
12.	Б.Кенжебаев және қазақ әдебиет тарихы	Ауызша сұраққа дайындалу	14-16, 12	Аралық	12 апта	
13.	Ғ.Тоғжанов – кәсіби сыншы, әдебиетші	Реферат	19, 20, 1, 2	Аралық	13 апта	
14.	Т.Шонанұлы – әдіскер, әдебиеттанушы ғалым	Жазушы шығармаларын талдау	19, 20, 9, 10	Аралық	14 апта	
15.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының қазіргі әдебиеттану ғылымындағы орны	Емтиханға дайындық	1-20, 1-16	Қорытынды	15 апта	
	Барлығы					

**Тест сұрақтары**

1. «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу», – деген пікірді  
А. Х.Досмахамбетұлы  
В. М.Дулатұлы  
С. Қ. Кеменгерұлы  
D. Ә.Бөкейханұлы  
E. С.Сәдуақасұлы
2. Ж. Аймауытов « Абайдың өнері һәм қызметі» атты зерттеу мақаласын кіммен бірігіп жазды?  
А. М.Жұмабаевпен  
В. Ә.Бөкейханұлымен  
С. М.Әуезовпен  
D. М.Дулатовпен  
E. X. Досмұхамедұлымен
3. «Ақан сері» деп аталатын ғылыми зерттеуінде М.Жұмабаев Ақанның шығармашылығын мазмұндық жағынан неше түрге бөліп қарастырады?  
А. төрт  
В. бес  
С. алты  
D. үш  
E. екі
4. А.Байтұрсынұлының «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, ісін сөзбен келістіріп айту... сөз өнері болады» деген анықтамасын қай еңбегінен кездестіреміз?  
А. «Оқу құралы»  
В. «Тіл – құрал»  
С. «Тіл жұмсар»  
D. «Баяншы»  
E. «Әдебиет танытқыш»
5. Теориялық еңбегінде ауыз әдебиетін екі түрге: сауықтама және зауықтама деп бөліп, топтастыра қарастырушы ғалым  
А. А.Байтұрсынұлы  
В. М.Әуезов  
С. Ә.Қоңыратбаев  
D. Қ.Жұмалиев  
E. З.Қабдолов

6. Ташкентте ұлт зиялылары бірігіп, «Талап» атты қоғамды қай жылы құрған?
- A. 1921
  - B. 1923
  - C. 1920
  - D. 1922
  - E. 1925
7. Н.Төреқұлов С.Сейфуллин шығармаларын сынға алғанда көбіне қандай өлеңдеріне тоқталған?
- A. жұмысшыларға арналған
  - B. табиғат туралы
  - C. махаббат туралы
  - D. әйелдерге арналған
  - E. жеке адамдарға арналған
8. М.Әуезовтің қай еңбегінде ауызша әдебиет түрлері – сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдері (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер), айтыс-тақпақ, ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ деп бөлінген?
- A. «Уақыт және әдебиет»
  - B. «Абайтану дәрістері»
  - C. «Әдебиет тарихы»
  - D. «Әр жылдар ойлары»
  - E. «Өнер өрінде»
9. «Әдебиеттің бір сүйенетін дінгегі газет-журнал... Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, түзетерісін көрсететін айна, ойы мен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз»-деген ой-тұжырымдар иесі
- A. М.Әуезов
  - B. Ж.Аймауытов
  - C. Б.Кенжебаев
  - D. Ғ.Тоғжанов
  - E. М.Дулатов
10. Ғ. Тоғжановтың айтуынша, Абай қанша өлең өрнегін жасады?
- A. он
  - B. он жеті
  - C. сегіз
  - D. он бір
  - E. он алты
11. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты зерттеу еңбектің авторы
- A. Ә. Бөкейханұлы

В. А. Байтұрсынұлы

С. Ш. Уәлиханов

Д. Ғ. Тоғжанов

Е. М. Әуезов

12. «Қазақ халқының надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесін бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһанды өртеуге құдай жіберген хақайтың ұшқыны Абай туды», - деген пікірді қай мақаладан кездестіреміз?

А. «Абайдың өнері һәм қызметі»

В. «Абайдың өмірі мен қызметі »

С. «Көркем әдебиет туралы»

Д. «Абайдан кейінгі ақындар»

Е. «Көркем әдебиетті саралау»

13. Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы алғаш рет Орынборда жарық көрген зерттеу еңбегі

А. «Сауатты бол»

В. «Педагогика»

С. «Алтын хакім Абайға»

Д. «Ақан сері»

Е. «Таңдамалы»

14. А. Байтұрсынұлының айтуынша, сөз өнеріне жұмсалатын басты құрал-

А. тіл

В. сөз

С. әуезе

Д. байымдау

Е. мазмұн

15. С. Сәдуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» деген мақаласындағы шығармалары аталып, талданған жазушылар саны

А. сегіз

В. жеті

С. он

Д. тоғыз

Е. алты

16. Х. Досмұхамедұлының «Шолпан» журналының 1923 жылғы 67-санында жарияланған мақаласы

А. «Диуани лұғат ат түрік»

В. «Адамның тән тірлігі»

С. «Қазақ халық әдебиеті, қысқаша очерк»

- D. «Шернияз шешен»  
E. «Мұрат ақынның сөздері»
17. С. Сейфуллиннің «Сұраққа жауап» деген 1928 жылғы мақаласында қанша сауалға жауап берілген?  
A. 10  
B. 6  
C. 8  
D. 7  
E. 12
18. М. Әуезовтың жесірдің жан жарасы мен жүрегіндегі салмақты сездіретін көркем туындысы  
A. «Қорғансыздың күні»  
B. «Қаралы сұлу»  
C. «Көксерек»  
D. «Кінәмшіл бойжеткен»  
E. «Жетім»
19. «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық туралы» деген мақаласының авторы  
A. Сейфуллин С.  
B. Төрекұлов Н.  
C. Тоғжанов Ғ  
D. Жансүгіров І  
E. Аймауытов Ж.
20. 1926 жылы А. Байтұрсынұлымен бірігіп мектеп оқушыларына арналған 412 беттік «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырушы  
A. М. Жұмабаев  
B. Т. Шонанұлы  
C. Ғ. Тоғжанов  
D. Ә. Бөкейханұлы  
E. С. Көбеев
21. Ж. Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» атты ғылыми мақаласы «Лениншіл жаста» қай жылы жарияланды?  
A. 1921  
B. 1923  
C. 1925  
D. 1913  
E. 1914
22. «Абайдан соңғы ақындар» атты мақалада авторлар өз кезеңіндегі өлең жазушылардың күрт көбейіп отырғандығының неше себебін сөз етеді?

- A. екі
- B. бес
- C. алты
- D. төрт
- E. үш

23. «... Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал», - деген пікір айтқан тіл жанашыры

- A. М. Жұмабаев
- B. М. Дулатов
- C. С. Торайғыров
- D. Ж. Аймауытұлы
- E. А. Байтұрсынұлы

24. «Әдебиет танытқышта» арнаудың қанша түрі қарастырылған?

- A. екіге
- B. үш
- C. төрт
- D. бір
- E. бес

25. Жазба әдебиеттің тарихын –діндар мен ділмәр деп екі дәуірге бөліп қарастырушы ғалым

- A. М. Әуезов
- B. Ә. Қоңыратбаев
- C. Қ. Жұмалиев
- D. А. Байтұрсынұлы
- E. З. Қабдолов

26. «Сана» журналында /1924, №2-3/ «Аруақтармен айтысу» деген ауыз әдебиетінің сирек кездесетін үлгісін жариялаушы

- A. С. Сәдуақасұлы
- B. С. Сейфуллин
- C. В. Радлов
- D. Ә. Диваев
- E. Х. Досмұхамедұлы

27. С. Сейфуллиннің «Әдебиетті бағалау және құлық-сананы тексеру» атты мақаласы неше тараушадан тұрады?

- A. үш
- B. екі

С. төрт

Д. бес

Е. алты

28. Қазақ әдебиетіндегі психологизм жүйесінің көшбастаушыларының бірі:

А. А.Байтұрсынұлы

В. Х.Досмұхамедұлы

С. М.Әуезов

Д. Ш.Құдайбердиев

Е. С.Садуақасұлы

29. Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) деген кітабының мазмұны қанша бөліктен құралған?

А. алты

В. сегіз

С. бес

Д. төрт

Е. жеті

30. «А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» (1923) атты еңбектің авторы:

А. М.Әуезов

В. М.Жұмабаев

С. Т.Шонанұлы

Д. Ғ.Тоғжанов

Е. Б.Кенжебаев

31. «Дала уалаятының газетінде» (1889 жылғы №24 санында) «Қыр баласы» деген бүркеніш атпен жарияланған хаттың иесі:

А. Х.Досмұхамедұлы

В. Қ.Кемеңгерұлы

С. Ә.Бөкейханұлы

Д. С.Садуақасұлы

Е. А.Құнанбаев

32. Ж.Аймауытовтың қай мақаласы алғаш рет Ташкенттегі қазақ студенттеріне жасалған баяндамасы болды?

А. «Абайдан кейінгі ақындар»

В. «Көркем әдебиет туралы»

С. «С.Торайғыров»

Д. «Мағжанның ақындығы туралы»

Е. «Мәшһүр аға»

33. М.Жұмабаевтың «Ақан сері» деп аталатын ғылыми зерттеуі неше бөлімнен тұрады?

- A. екі
- B. төрт
- C. бір
- D. үш
- E. бес

34. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі «Сөз өнері» деген тарауда мазмұн түрлерін мынадай үшке бөледі:

- A. Тақырып, жоспар, түр
- B. Тақырып, түр, байымдау
- C. Байымдау, түр, жоспар
- D. Әліптеу, түр, жоспар
- E. Әуезе, әліптеу, байымдау

35. С.Садуақасұлының «Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады... Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр», - деген пікірін қай мақаласынан кездестіреміз?

- A. «Әдебиет әңгімелері»
- B. «Әдебиеттерді қалай сынау керек»
- C. «Қазақ әдебиеті»
- D. «Мәдениет тәрбиесі»
- E. «Қазақстанда баспасөздің міндеті»

36. Ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері жіктелген «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты еңбектің авторы:

- A. С.Сейфуллин
- B. X.Досмұхамедұлы
- C. В.Радлов
- D. Ә.Диваев
- E. М.Әуезов

37. С.Сейфуллиннің «классицизмнің (үлгішіл) жолы сол – жазушы жазғанда қылдан таймай белгілі үлгімен жазады...» деген пікірі «Әдебиет һәм оның бағыттары» атты мақаласының қай тараушасында кездеседі?

- A. үшінші
- B. бірінші
- C. екінші
- D. төртінші
- E. бесінші

38. Ұлы суреткерге «...Әуезов өзінің психологиялық суреттеудің нағыз шебері екенін танытты, қазақ прозасындағы психологиялық мектептің шын мәніндегі көш басшысы бола білді», -баға берген:

- A. Н.Төрекұлов

В. М.Мырзахметұлы

С. З.Қабдолов

Д. З.Ахметов

Е. З.Шашкин

39. «Қазақтың театр өнері туралы» (1933) деген еңбектің қай тарауында драматургиялық шығармалардың мазмұны көбірек әңгімеленген?

А. Соңғы тарауында

В. Алғашқы тарауында

С. «Театр ойнауының жалпы кемшіліктері»

Д. «Пьесаларымыздың көркемдік жағы»

Е. Үшінші тарауында

40. «Абай аудармаларында ерекше бір жаңалық сезіледі.. Жаңалық дегеніміз – Пушкиннің өз ырғағын қазақ поэзиясында болмаған түрді сақтап аударуы...»- деп пікір айтқан

А. Х.Досмұхамедұлы

В. Т.Шонанұлы

С. Ғ.Тоғжанов

Д. С.Сәдуақасұлы

Е. М.Әуезов

41. Ә.Бөкейханұлы 1915 жылы «Қазақ» газетінің 126-129- сандарында жарияланған «Қара қыпшақ Қобыланды» атты мақаласын Абайдың қай өлеңінен бастайды?

А. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»

В. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы»

С. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол»

Д. «Құлақтан кіріп бойды алар»

Е. «Әсемпаз болма әрнеге»

42. Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласындағы бірінші топқа жататын ақындар:

А. Мағжан, Міржақып, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім

В. Сұлтанмахмұт, Ахмет Мәметов, Сәбит Дөнентаев

С. Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Ахмет Мәметов

Д. Ғұмар Қарашев, Мағжан, Бекет Өтетілеуов

Е. Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім, Мағжан

43. М.Жұмабаевтың «Ақан сері» атты ғылыми зерттеуінде Ақанның өмір сүрген кезеңі, ортасы, мекені, ол жөніндегі ел арасындағы аңыз әңгімелер жайында сөз етілетін бөлім:

А. үшінші

В. бірінші

- С. екінші  
D. төртінші  
E. бесінші
44. А.Құнанбайұлының шығармашылығы тұңғыш рет теориялық тұрғыдан талданған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаланың авторы:  
A. М.Әуезов  
B. М.Жұмабаев  
C. А.Байтұрсынұлы  
D. Ғ.Тоғжанұлы  
E. Ә.Бөкейханұлы
45. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көрнек өнерін нешеге бөліп қарастырады?  
A. екіге  
B. үшке  
C. беске  
D. төртке  
E. алтыға
46. «Сағындық», «Күміс қоңырау», «Күлпәш» т.б. әңгімелердің авторы:  
A. Б.Майлин  
B. Ж.Аймауытов  
C. М.Жұмабаев  
D. С.Сәдуақасұлы  
E. М.Дулатов
47. X.Досмұхамедұлының «Қазақ әдебиеті» деп аталатын зерттеу еңбегі неше бөлімнен тұрады?  
A. үш  
B. екі  
C. төрт  
D. алты  
E. жеті
48. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу туралы» атты мақаласы кімге жазған жауабы?  
A. С.Садуақасұлы  
B. С.Мұқанов  
C. М.Жұмабаев  
D. Н.Төреқұлов  
E. Ж.Аймауытов
49. Қазақ прозасында жеке адамның ішкі жан дүниесіндегі сезім құбылыстары мен психологиялық процестері автордың баяндауынан

емес, кейіпкердің ішкі монологы арқылы берілуі қай жазушыдан бастау алады?

- A. М.Әуезов
- B. Ж.Аймауытов
- C. Б.Майлин
- D. М.Дулатов
- E. С.Сейфуллин

50. Ғ.Тоғжановтың «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы» туралы еңбегі қанша тараушадан тұрады?

- A. бес
- B. төрт
- C. үш
- D. алты
- E. сегіз

51. А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліпби астары», «Нұсқаушы» сияқты еңбектерінің жалғасы ретінде жазылған «Жаңалыққа жетекші», «Диagramдар – графиктер қандай болады» деген методикалық еңбектердің авторы

- A. М.Жұмабаев
- B. Ж.Аймауытов
- C. Т.Шонанұлы
- D. Ғ.Тоғжанов
- E. С.Көбеев

52. Ә.Бөкейхановтың «Қара қыпшақ Қобыланды» атты сын мақаласы қанша бөліктен құралған?

- A. бес
- B. алты
- C. жеті
- D. екі
- E. үш

53. Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласындағы екінші жіктің өлеңшілері:

- A. Мағжан, Міржақып, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім
- B. Сұлтанмахмұт, Ахмет Мәметов, Сәбит Дөнентаев
- C. Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Ахмет Мәметов
- D. Ғұмар Қарашев, Мағжан, Бекет Өтетілеуов
- E. С.Дөнентаев, Шәкәрім, Б.Өтетілеуов, А.Байтұрсынов

54. М.Жұмабаев «Ақан сері» атты ғылыми зерттеуінде

...Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа,

Іш-бауырың ғашық отпен тілмеленген,- деген үзінді өлең жолдарын ақынның қай өлеңінен келтіреді?

- A. «Ақ көйлек»
- B. «Жамал»
- C. «Нұрила»
- D. «Ұрқия»
- E. «Қыз сипаты»

55. А.Байтұрсыновтың айтуынша, сөз, тілден түзелген шығарма тілі нешеге бөлінеді?

- A. екіге
- B. үшке
- C. төртке
- D. алтыға
- E. беске

56. «...Бейімбет бір басқан ізін қайта баспайды. Бейімбет ілгері өрлеп, өсіп келе жатқан ақын»,- деп Б.Майлиннің шығармашылығына алғаш ден қоюшының бірі

- A. Ш.Аймауытов
- B. С.Садуақасов
- C. М.Әуезов
- D. Қ.Жұмалиев
- E. С.Қирабаев

57. Х.Досмұхамедұлы «Қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбегінің қай тарауында Ә.А.Диваев пен Алекторовтың жарық көрген еңбектеріндегі ауыз әдебиетінің орыс тілінде жарық көрген үлгілерінің тізімі көрсетілген?

- A. «Қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілері»
- B. «Халық әдебиетінің мазмұны»
- C. «Алғысөз»
- D. «Қазақ әдебиеті»
- E. «Қазақ халық әдебиеті»

58. С.Сейфуллиннің «Әдебиет майданында» атты мақаласы қай жылы жазылды?

- A. 1930
- B. 1928
- C. 1921
- D. 1929
- E. 1931

59. 1958 жылы жарияланған «Жиырмамыншы жылдардағы қазақ-совет әдебиеті» атты еңбектің авторы:

А. С.Мұқанов

В. Б.Кенжебаев

С. М.Әуезов

Д. С.Сейфуллин

Е. Ғ.Тоғжанов

60. Ғ.Тоғжановтың «Абай» атты зерттеу еңбегінен Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген қанша жаңалығын кездестіреміз?

А. бір

В. екі

С. төрт

Д. бес

Е. үш

61. «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесаларымен танылған дарынды драматург

А. М.Әуезов

В. Б.Майлин

С. Ж.Аймауытов

Д. С.Мұқанов

Е. С.Сейфуллин

62. Ә.Бөкейханұлының «Қара қыпшақ Қобыланды» атты сын мақаласында қарастырылған бесінші бөлік

А. стиль туралы

В. батыр суреті туралы

С. көркемдік жетістіктер мен кемшіліктер туралы

Д. «Сал-сал», «Зарқұм» өлеңдері туралы

Е. Жыр мазмұны туралы

63. М.Жұмабаевтың ақындық шеберлігіне «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиуін» Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ...» деп баға беруші

А. Ж.Аймауытов

В. С.Сейфуллин

С. А.Байтұрсынұлы

Д. М.Әуезов

Е. Ғ.Тоғжанов

64. Ж.Аймауытовтың қай мақаласында сол кездегі баспасөз беттерінде басылған әдеби айтыстар туралы ой-тұжырымдары берілген?

А. «Әдебиет мұралары»

В. «Әдебиет мәселесі»

- С. «Көркем әдебиет туралы»  
D. «Көркем әдебиетті саралау»  
E. «Аударма туралы»
65. «Әдебиет танытқышта» әсірелеудің қанша түрі қарастырылған?  
A. үш  
B. екі  
C. төрт  
D. жеті  
E. алты
66. «Әдебиеттерді қалай сынау керек» атты мақаласында «Әдебиетке дұрыс сын бере білетін, жазушыларға дұрыс бағыт көрсететін – үйірме сыны. Міне, осы үйірменің жұмысын жандандырса қазақ әдебиетінде сын жанры жанданар еді», - деген тың ойды айтушы  
A. С.Садуақасұлы  
B. М.Әуезов  
C. Қ.Жұмалиев  
D. Б.Кенжебаев  
E. М.Қаратаев
67. Ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет қазақ халық әдебиетінің классификациясын жасаған зерттеуші  
A. Ә.Диваев  
B. Ә.Марғұлан  
C. С.Сейфуллин  
D. Ә.Қоңыратбаев  
E. X.Досмұхамедұлы
68. С.Сейфуллин «Сұраққа жауап» деген 1928 жылғы мақаласында өзінің қай кітабы туралы сөз етеді?  
A. «Қазақ әдебиеті»  
B. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары»  
C. «Батырлар»  
D. «Тар жол, тайғақ кешу»  
E. «Жемістер»
69. «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) т.б. зерттеу еңбектерінің авторы  
A. М.Әуезов  
B. Б.Кенжебаев  
C. С.Сейфуллин  
D. X.Досмұхамедұлы  
E. С.Мұқанов
70. «Абай» атты монографиясын (1935) жазған

А. М.Әуезов

В. Ғ.Тоғжанов

С. С.Садуақасов

Д. М.Жұмабаев

Е. Ә.Бөкейханұлы

71. Ә.Бөкейханов қай жырдың қазақ тілінде тұңғыш басылған нұсқасына жан-жақты талдау жасайды?

А. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

В. «Қобыланды»

С. «Алпамыс батыр»

Д. «Қамбар»

Е. «Қыз Жібек»

72. Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін орыс тілі арқылы әлем халқына алғаш танытушы

А. М.Әуезов

В. Ә.Бөкейханұлы

С. М.Ж.Көпеев

Д. Х.Досмұхамедов

Е. М.Дулатұлы

73. Ж.Аймауытовтың «...Өлең мен жарамазан, өнер мен жаман-жасқай араласып, әдебиетті қорқытып жібермес үшін газет-журналдар, баспа бетіне түскен сөздерді саралап, қылшықтап, тазалап отырғаны жөн болар еді», - деген ұсыныс-талабы қай мақаласында берілген?

А. «Әдебиет мұралары»

В. «Әдебиет мәселесі»

С. «Көркем әдебиет туралы»

Д. «Көркем әдебиетті саралау»

Е. «Аударма туралы»

74. «Атақты ақын, сөзі алтын һәкім Абайға» (1912) деген өлеңнің авторы

А. А.Байтұрсынов

В. С.Торайғыров

С. М.Дулатов

Д. М.Жұмабаев

Е. Б.Өтетілеуов

75. А.Байтұрсынов сөздің әуезді, ұнамды болуы үшін қанша шарт қояды!

А. екі түрлі

В. үш түрлі

С. бес түрлі

D. төрт түрлі

E. алты түрлі

76. «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен...»- деп Абайдың ақындық кәсіби шеберлігінің сырын алғаш танытушы

A. М.Әуезов

B. М.Жұмабаев

C. А.Байтұрсынов

D. Ғ.Тоғжанов

E. Ә.Бөкейханұлы

77. С.Садуақасовтың қандай еңбегінде Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің пьесалары туралы пікір білдіреді?

A. «Ұлт театрына бір жыл»

B. «Ұлт театры туралы»

C. «Қазақша пьесаға бәйге»

D. «Бәйбіше-тоқал»

E. «Артист»

78. Көркем әдебиет туралы «Әр заманның әм әр замандағы халықтың тұрмысы қандай әм тұрмысқа көзқарасы қандай екендігінен анықтап мағлұмат беру үшін жазылған сөздер»- деп ғылыми түсінік беруші

A. М.Әуезов

B. С.Сейфуллин

C. X.Досмұхамедұлы

D. Ж.Аймауытов

E. А.Байтұрсынұлы

79. 20-30 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасып, өркендеуіне негіз болған еңбектің бірі – М.Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген қай зерттеуі?

A. «Әдебиет тарихы»

B. «Уақыт және әдебиет»

C. «Абайтану дәрістері»

D. «Әр жылдар ойлары»

E. «Ескермедім, қабылдамадым»

80. «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары» (1958), «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы» (1955), «Біржан сал мен Сараның айтысқаны» (1955) т.б. зерттеу еңбектердің авторы

A. С.Сейфуллин

B. М.Жұмабаев

C. Ж.Аймауытов

D. Б.Кенжебаев

E. Ғ.Тоғжанов

81. «Қазақтың театр өнері туралы» (1933) деген зерттеуді І.Жансүгіровпен бірігіп жазушы

A. С.Сейфуллин

B. М.Жұмабаев

C. Ж.Аймауытов

D. Б.Кенжебаев

E. Ғ.Тоғжанов

82. Абайдың аудармашылық, пәлсафашылдық, түршілдік қасиеттеріне жеке-жеке тоқталып, әрқайсысына ғылыми тұрғыдан теориялық талдаулар жасаған қос ғалымның мақаласы

A. «Абайдың өнер, һәм қызметі»

B. «Абайдан кейінгі ақындар»

C. «Аударма туралы»

D. «Әдебиет мәселесі»

E. «Көркем әдебиет туралы»

83. Ж.Аймауытұлы «Әдебиет мұралары» атты мақаласында әдеби мұраларды жинау жөнінде оқу комиссариатының атына ірі де нақты неше ұсыныс жасаған?

A. төрт

B. бес

C. екі

D. алты

E. үш

84. Б.Күлеевтің ақындық табиғатын «...Ұшқын бетінде жарыққа шыққан жас Бернияз әдебиетіміздің сол табиғи жолымен шықты. Бірақ екпін тым күшті еді. Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалған еді. Екпіні зор еді» - деп бағалаушы

A. Ж.Аймауытұлы

B. М.Дулатов

C. М.Жұмабаев

D. X.Досмұхамедұлы

E. М.Әуезов

85. Ә.Бөкейханұлының Абай досы Е.П.Михаэлис қайтыс болған да жазылған мақаласы қай басылымда жарық көрді?

A. «Дала уалаятының газеті» (1902, №2)

B. «Айқап» (1913, №44)

C. «Айқап» (1912, №14)

D. «Қазақ» (1911, №4)

Е. «Абай» (1918, №2)

86. «Бернияз Күлеевтің шығармашылығы туралы» атты зерттеу еңбектің авторы

А. Х.Досмұхамедұлы

В. М.Әуезов

С. М.Жұмабаев

Д. А.Байтұрсынов

Е. С.Мұқанов

87. С.Сейфуллиннің «Шоттың басын бассаң, Сабы мандайыңа соғады!», - деген қазақ мақалын эпиграф етіп алған әдебиет мәселесіне тікелей қатысты мақаласы

А. «Асау тұлпар туралы»

В. «Әдебиет, һәм оның бағыттары»

С. «Қазақтың көркем әдебиеті туралы»

Д. «Әдебиет майданында»

Е. «Әдебиетті бағалау және құлық-сананы тексеру»

88. «Базар жырау», «Әбубәкір ақсақал Диваев» сынды әдеби-зерттеу мақалалардың авторы

А. Х.Досмұхамедұлы

В. М.Әуезов

С. С.Мұқанов

Д. А.Байтұрсынов

Е. М.Жұмабаев

89. С.Сейфуллиннің 4 томдық шығармалар жинағының нешінші томы әдеби- көркем, сын мақалалары мен дәріс сипатында жазылған ғылыми-зерттеу еңбектерінен топтастырылған?

А. бірінші

В. екінші

С. үшінші

Д. төртінші

Е. бірінші, үшінші

90. «Ұлт театры және Алғашқы тәжірибелер», «Ұлт театрына бір жыл» деген зерттеу еңбектердің авторы

А. М.Әуезов

В. Ғ.Тоғжанов

С. М.Жұмабаев

Д. С.Садуақасов

Е. Ә.Бөкейханұлы

91. Ә.Бөкейхановтың «Қара қыпшақ Қобыланды» атты сын мақаласында кітап мұқабасында басылған батыр және оның серігі Тайбурыл суретінің кемшілігі туралы қамтылған бөлік
- A. екінші
  - B. жетінші
  - C. бесінші
  - D. төртінші
  - E. алтыншы
92. Оралдың мен ақиық сыр аң-дағы  
Сен, сәуле-қызыл түлкі қыр аң-дағы.  
Қия тас қиынына кетсең-дағы  
Қамшылап қанатымды бұрам-дағы,- деген өлең жолдары
- A. Абайдікі
  - B. Шәкәрімдікі
  - C. Ақан серінікі
  - D. Сәкендікі
  - E. Мағжандікі
93. Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген зор жаңалығы – көркем сөзді, поэзияны өнер деп тануында,-деп ой қатқан
- A. М.Әуезов
  - B. А.Байтұрсынов
  - C. Ә.Бөкейханов
  - D. Т.Шонанов
  - E. Ғ.Тоғжанов
94. С.Садуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» деген мақаласында «Ең атақты, ең даулы ақынымыз туралы да сыншылар әлі күнге дейін әділ пікірін айтқан жоқ»,- деп қай ақынды мезгеп отыр?
- A. Абай
  - B. Міржақып
  - C. Ахмет
  - D. Мағжан
  - E. Сұлтанмахмұт
95. М.Жұмабаевтың «Ақан сері» атты ғылыми зерттеуінің қай бөлімінде ақын шығармаларына талдау жасаған?
- A. бірінші
  - B. екінші
  - C. үшінші
  - D. «Ақынның өмірі»
  - E. «Сөздері»
96. Дүние, бір толқыттың, бір қорқыттың

Айрылып аждаһадай ақыр жұттын.  
Болғанда бізге жолдас сертің қайда?

Достықты құшақтасқан неге ұмыттың?.. – деген өлең жолдарының иесі

A. Шәкәрім

B. Базар жырау

C. Абай

D. Сұлтанмахмұт

E. Міржақып

97. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» атты еңбектің авторы

A. Б.Кенжебаев

B. X.Сүйіншәлиев

C. C.Сейфуллин

D. Ж.Аймауытов

E. M.Әуезов

98. Б.Кенжебаев «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» мақаласында қазақ әдебиетінің тарихын қанша дәуірге бөліп қарастырады?

A. үш

B. екі

C. төрт

D. алты

E. бес

99. Қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет «зар заман ақындары» деп атау қойып бір дәуірді енгізген ғалым

A. C.Сейфуллин

B. Ж.Аймауытов

C. M.Жұмабаев

D. Б.Кенжебаев

E. M.Әуезов

100. Б.Кенжебаевтың «Еңбекші қазақ» газетінде (1925) жарияланған алғашқы мақаласы

A. «Абай»

B. «Сұлтанмахмұт Торайғыров»

C. «Асау жүрек»

D. «Әдебиет белестері»

E. «Жылдар жемісі»

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы: Қазақстан, 1994.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1997.
4. Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы: Білім, 1996.
5. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003.
6. Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасов А, 1995.
7. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.
8. Сейфуллин С. Шығармалар. 4-том. Мақалалар мен очерктер. Алматы: ҚазМем Көркем әдебиет, 1962.
9. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991.
11. Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1997.
12. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986.
13. Кенжебаев Б. Шындық пен шеберлік. Алматы: Жазушы, 1966.
14. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958.
15. Шонанов Т. Ахмет Байтұрсынұлы оқу-ағарту және әдебиет саласында. /Жұлдыз, 1992. № 2.
16. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994.
17. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері Алматы: Білім, 1995.
18. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 7-8-томдар. Алматы: ҚазАқпарат, 2004.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті А, 1997.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005.
3. Кеменгерұлы Қ. Шығармалар. Алматы: Тұлға, 1995.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары А, 1959.
5. Кәкішев Т. Сын сапары. Алматы: Жазушы, 1971.
6. Кәкішев Т. Оңаша отау. Алматы: Жазушы, 1982.
7. Кәкішев Т. Мағжан-Сәкен А, 1999.
8. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов А, 1993.
9. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001.

10. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті А, 1998.
11. Бес арыс. Алматы: Жалын, 1995.
12. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: мектеп, 1976.
13. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер А, 1996.
14. Дәдебаев Ж. Мұхтар Әуезов А, 1991.
15. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш А, 1997.
16. Тұрысбек Р. Ж. Аймауытұлы және 20-жылдардағы қазақ прозасы А., 1998.
17. Тұрсынжан Шапай. Шын жүрек-бір жүрек. Эссе. Әдеби сын Зерттеу. Алматы: Жазушы. 200-256 б.
18. Мырзахметұлы М. «Түркістан Тараз арасы». Астана: Білге, 2002. - 432 бет.
19. «Дружные ребята» газеті. «Читательский формуляр». Абая. 4 шілде. 2006 жыл.
20. «Ұлттық рухтың ұлы тіні» Ғылыми мақалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерінде). - Алматы. Ғылым. 1999.-568 б.
21. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алғы сөз. Алматы, 1998.
22. Нұрғали Р. Алып бәйтерек. Ахмет Байтұрсынов. «Ақ жол». /Құрастырушы. Р. Нұрғали./ Алматы. Жалын. 1991. - 464 б.
23. Бахтин М. Тетрология. М.: Лабиринт, 1998, -608 б.
24. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. Алматы: Ана тілі, 1993.-224
25. Ысқақұлы Д. Сын өнері. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. -304 б.
26. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. Астана: Фолиант, 2004. -304 б.
27. Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. Алматы: Санат, 1999. -204 б.
28. Бейісқұлов Т. Қилы заман азабы. Алматы: Ғылым, 2003. -320 б.
29. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1999.-432 б.

## МАЗМҰНЫ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ .....	3
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ .....	28
Ж.АЙМАУЫТОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ .....	38
М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ .....	62
С.СӘДУАҚАСҰЛЫ – РУХАНИЯТ ЖАНАШЫРЫ.....	71
Х. ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ .....	85
СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ СЫНШЫЛДЫҚ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ .....	93
М.ӨУЕЗОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АДАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	116
БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІ ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	124
Ғ.ТОҒЖАНОВ – КӘСІБИ СЫНШЫ.....	131
Т.ШОНАНҰЛЫ – ӘДІСКЕР, ӘДЕБИЕТШІ, ҒАЛЫМ.....	143